

902/904

Б 17

**Досбол БАЙГУНАКОВ**

**ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН КЕЗЕҢІН  
ЗЕРТТЕГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ  
ЭКСПЕДИЦИЯЛАР:  
ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН  
НӘТИЖЕЛЕРІ**

Баспаға Ө.А.Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясының Ғылыми кеңесі ұсынған  
(№3 хаттама, 23 қыркүйек 2014 жыл)

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор *М.Елеуов*  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент *Н.Қ.Байғабатова*

Редакторы:

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент *Г.Е.Сабденова*

Б 17 **Байгунаков Д.С.** Ежелгі Қазақстан кезеңін зерттеген археологиялық экспедициялар: жетістіктері мен нәтижелері. – Алматы: «Credos LTD C» баспасы, 2015. - 268 б.

ISBN 978-601-7114-26-8

Еңбекте ежелгі Қазақстан тарихын зерттеуге сүбелі үлес қосқан археологиялық экспедициялар тарихы бір ізге түсіріледі. Олардың негізгі жетістіктері, қол жеткізген табыстары, алынған нәтижелердің ғылымды дамытудағы өзіндік орны көрсетіледі. Тас, энеолит, қола, ерте темір дәуірлері археологиялық ескерткіштерін зерттеген мамандардың пайымдаулары мен тұжырымдамалары сараланып, ғылыми дамудың негізгі көкжиектері айқындалынады. Басылым археолог, этнолог, музеолог, шығыстанушы, т.б. мамандарға, өлкетанушыларға, сондай-ақ ғылымға қызығушылық танытушы көпшілік қауымға арналған.

УДК 902/904  
ББК 63.4

ISBN 978-601-7114-26-8

© Д.С.Байгунаков, 2015  
© ТОО «Credos LTD C», 2015

## МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	4
---------------	---

### I-БӨЛІМ.

#### ТАС ДӘУІРІН ЗЕРТТЕГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯЛАР ТАРИХЫ: ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ

1.1. Мәселенің тарихнамасы.....	8
1.2. Палеолит дәуірі ескерткіштерінің зерттелуі.....	18
1.3. Мезолит дәуірі нысандарын зерттеу тарихы.....	70
1.4. Неолит дәуірі ескерткіштерінің зерделенуі.....	89

### II-БӨЛІМ.

#### ПАЛЕОМЕТАЛЛ ЖӘНЕ ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯЛАР ТАРИХЫ.

2.1. Мәселенің тарихнамасына қысқаша шолу.....	124
2.2. Энеолит және қола дәуірлері ескерткіштерінің зерттелу барысы.....	127
2.3. Ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеу тарихы: негізгі жетістіктері мен қорытындылары.....	169

ҚОРЫТЫНДЫ.....	204
----------------	-----

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР.....	216
--------------------------	-----

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ.....	217
------------------------------------	-----

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан аумағында далалық зерттеулер жүргізген археологиялық экспедициялар тарихы осы уақытқа дейін толымды түрде жүйелене қойған жоқ. Мұның өзі көтеріліп отырған тақырыптың өзектілігін біршама айқындай түссе керек.

Қазіргі таңда әлемнің барлық жерінде археологиялық экспедициялар ұйымдастырылып, өткен тарихтың қойнауларына қатысты тың мәліметтер көптеп алынууда. Бұл заманауи көштен отандық археологтар да кенде қалмай бірнеше ондаған жылдардан бері далалық зерттеулерін жүргізіп келуде. Патшалық Ресей тұсында басталып, кеңестік заманда толығымен қалыптасқан отандық археологияға мемлекет тарапынан да қолдау көрсетіліп жатыр. Оның айғағы ретінде бірегей «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасын, «Тарих толқынындағы халық» сынды бағдарламаларды атап кетуге болады. Бұл бағдарламалар аясында өзге қоғамтану ғылымдарымен қатар Қазақстан археологиясы да дамып, өзіндік шынайы келбетін көрсете алды. Нәтижесінде қазақ халқының өткені мен мәдени мұрасының ұзын сонар тарихы хатталып, шешімін таппай жатқан алуан түрлі қырлары айқындалды. Әрбір мәдени-тарихи кезеңнің көкейкесті сауалдары таразыланып, күрделі ой-пікірлерге нақты тарихи пайымдамалар жасалынды. Бұл, әрине, бірден бола қойған дүние емес. Ол – ұзақ жылдарға созылған далалық ізденістер барысында алынған, археологтардың қажырлы еңбектерінің арқасында қол жеткізілген нәтижелердің жемісі. Сол себепті де еліміздің аумағында зерттеу жүргізген отандық археологиялық экспедициялардың тарихын бір ізге түсіру, оларға тарихнамалық шолу жасау күн тәртібіне қойылып отыр.

Айта кету керек, ежелгі Қазақстан тарихы басқа дәуірлерге қарағанда, негізінен, археологиялық материалдар бойынша ғана толымды түрде өрбітіліп келеді. Сол себепті де зерттеудің деректік негізін Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты мұрағатының қорлары және ғылыми басылымдарда жарияланған бірқатар археологиялық экспедициялар мүшелерінің еңбектері


құрайтындығын айта кету керек. Осы орайда өткен ғасырдың алғашқы жартысынан бастап Қазақстан аумағында далалық ізденістер жүргізген археологиялық экспедицияларды атап кетуге болады: Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (С.С.Черников); Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы. Жетісу археологиялық экспедициясы (А.Н.Бернштам, Е.И.Агеева); Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (әр жылдардағы жетекшілері Ә.Х.Марғұлан, М.Қ.Қадырбаев, Ж.К.Құрманқұлов); Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (С.П.Толстов, т.б.); Қаратау палеолит отряды (Х.А.Алпысбаев); Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (Г.Б.Зданович, В.Ф.Зайберт); геологтар А.Г.Медоев, М.Н.Клапчук, Б.Ж.Аубекеров қатысқан экспедициялар (Солтүстік Балқаш геологиялық; Шу-Іле геологиялық-геоморфологиялық; Орталық Қазақстан геология басқармасының Сокур отряды, т.б.); Солтүстік Қазақстан, Жетісу және Іле археологиялық экспедициялары (К.А.Ақышев); Отырар археологиялық экспедициясы, Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (К.А.Ақышев, К.М.Байпақов); Петропавл және Орал-Қазақстан археологиялық экспедициялары (Г.Б.Зданович, т.б.); Шардара археологиялық экспедициясы (А.Г.Максимова); Қостанай және Торғай археологиялық экспедициялары (В.Н.Логвин, т.б.); Шүлбі археологиялық экспедициясы (А.Г.Максимова, С.М.Ақынжанов, т.б.); Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (З.С.Самашев); Целиноград археологиялық экспедициясы (В.С.Волошин); Павлодар археологиялық экспедициясы (В.К.Мерц), т.б. Сондай-ақ республика аумағындағы Алматы, Шымкент, Қарағанды, Орал, Өскемен, Қостанай, Ақтөбе, т.б. қалаларда орналасқан педагогикалық институттар, университеттер, облыстық музейлер жасақтаған археологиялық экспедициялар (А.Г.Кушаев, Ә.М.Оразбаев, В.В.Евдокимов, А.Н.Подушкин, И.И.Копылов, А.Н.Марьяшев, Ф.Х.Арсланова, З.С.Самашев, Ә.Т.Төлеубаев, т.б.) жетекшілері мен мүшелері жариялаған материалдар да зерттеу жұмысының деректік негізін құрайды. Қазақстан аумағында кеңестік дәуірде зерттеу жүргізген Астрахань (А.Н.Мелентьев), Еділ-Жайық (Л.Л.Галкин), Хакас, т.б. экспедициялардың да материалдары біз үшін маңызды.

Тәуелсіздік жылдарында да Қазақстан археологиясын әлемге таныта түскен бірқатар экспедициялардың жарияланған материалдары да зерттеу жұмысының деректік негізін құрап отыр. Олардың арасынан Есіл археологиялық экспедициясы (К.А.Ақышев), Берел археологиялық экспедициясы (З.С.Самашев), Шілікті археологиялық экспедициясы (Ә.Т.Төлеубаев), Орал кешенді археологиялық экспедициясы (К.М.Байпаков), Шірік-Рабат археологиялық экспедициясы (Ж.К.Құрманқұлов), Сарыарқа археологиялық экспедициясы (А.З.Бейсенов), сондай-ақ облыстар бойынша құрылған Тарих және мәдениет ескерткіштер жинағының экспедицияларын, т.б. атап кетуге болады. Сонымен қатар соңғы жылдары нәтижелі жұмыс істеген халықаралық археологиялық экспедициялар (қазақ-итальян, қазақ-француз, Қазақстан-Ресей, т.б.) мүшелері жарыққа шығарған мағлұматтар да осы зерттеу жұмысының деректік негізін құрады.

Сайып келгенде, археологиялық экспедициялар тарихын зерделеу ғылымның даму көкжиектерін нақтылау, өткенді екшеу, болашақ ізденістерге жол ашу міндеттерінен туындап отыр. Айта кету керек, еңбекте 2010 жылдарға дейінгі ғана археологиялық экспедициялар тарихына нұюлу жасалған. Одан бергі кезең болашақтың еншісіне калуда.

Әрине, бірқатар мамандардың белгілі бір мәдени-тарихи аймақтағы далалық зерттеулерінде не болмаса мәдени-тарихи кезең салалары бойынша жазылған ғылыми ізденістерінде археологиялық экспедициялар тарихы ішінара болса да көтерілді. Дегенмен сол үзік-жарық дүниелерді жүйелеп, алуан түрлі ғылыми ізденістерді толымды түрде қамтыған еңбектер некен-саяқ. Сол себепті біздің тарапымыздан бұл шара азды-көпті қолға алынып отыр.





**I-БӨЛІМ.**

**ТАС ДӘУІРІН ЗЕРТТЕГЕН  
АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ  
ЭКСПЕДИЦИЯЛАР  
ТАРИХЫ:  
ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН  
НӘТИЖЕЛЕРІ**

## 1.1. МӘСЕЛЕНІҢ ТАРИХНАМАСЫ

Шығысында Ертістен, Алтай тауларынан, батысы - Еділ өзенінің төменгі ағысынан Каспийге дейін, солтүстігі - Батыс Сібір жазығынан оңтүстіктегі Тянь-Шань таулы жоталарын алып жатқан республика аумағында тас ғасыры ескерткіштері соңғы жылдары біршама жүйелі түрде зерттелін келеді. Оларды зерттеудің қалыптасуы мен даму жолдарын айқындау, тас ғасыры проблемаларына ғалымдар көзқарастарының эволюциясын ашып керсету, әрбір дәуірдің индустриялар генезисін жүйелеу еліміздің тарихындағы аса өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осы дерек көздерінен төл тарихымыздың бастаулары жөнінде аса құнды мағлұмат алуға болатындығы да тақырыптың өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Тас ғасырының зерттелу тарихына және негізгі мәселелеріне арналған бұл жұмыс ежелгі адамдар өміріндегі аңшылық пен терімшілік, балық аулаушылықтың рөлі, өнім өндіру шаруашылығына көшу, қоныстар мен тұрақ жайлардың орналасуы және өзіндік ерекшелігі, алғашқы қауымдық идеологияның қалыптасуы және оның мазмұны мен сипаты, тас құралдардың жетілдірілуі және шаруашылық мақсаттағы қызметтері, ерте дәуірдегі өнер, тіпті табиғи ортаның адам санасына ықпалы секілді ауқымды тақырыптарды қамтиды. Бұл көтерілген сауалдар жөнінде тарихи шындыққа қол жеткізу өз тарапында ежелгі тарихымыздың басқа да бірқатар проблемаларын ашуға септігін тигізеді. Бір де бір ғылым саласы өзінің өткен жолдарын, даму сатыларын, жетістіктері мен кемшіліктерін жүйелі түрде зерделеп отырмай, болашағын дәл анықтай алмайды. Сондықтан да авторлар оқырман қауым тас дәуіріне қажетті көптеген ақпараттар легін осы ғылыми басылымнан табады деген сенімде.

Ұсынылып отырған бұл ғылыми ізденіс ХІХ ғасыр ортасынан ХХІ ғасыр басына дейінгі аралықта атқарылған археологиялық зерттеу жұмыстарын қамтиды. Бұл кезеңде Қазақстандағы археология ғылымы күрделі жағдайларды басынан кешірді. Оның өзіндік ұзақ сонар тарихы бар. Айталық, біз қарастырып

отырған тас дәуірін зерделеу соңғы 40 жылда болмаса, оған дейін жүйелі түрде жүргізіле қойған жоқ. Одан бұрынғы жүргізілген далалық жұмыстарды жүйелеу де кезек күттірмес мәселелердің бірі болып табылады. Мұның өзі көпшілік талқысына беріліп отырған бұл еңбектің тас дәуіріне келгенде әмбебаптығын нақтылайды.

Сонымен қатар көпшілік назарына ұсынылған бұл ғылыми басылымның бірінші бөлімінде республика аумағындағы ежелгі палеолиттен неолит дәуірінің соңғы кезіне дейінгі уақыт шеңберінде, яғни б.з.б. 1 млн. жылдардан б.з.б. 3 мыңжылдықтар аралығында өмір кешкен байырғы тұрғындар мәдениеті сөз болады. Яғни, аталмыш монографияның хронологиялық шеңбері өте ұзақ мерзімді қамтиды.

Жалпы алғанда, алғашқы қоғам дәуірін зерттеуде отандық археология ғылымы елеулі табыстарға жетіп, алыс-жақын елдерге кеңінен танымал болып отыр. Бұл табыстарға жету оңай жолмен келе қойған жоқ. Отандық археологияның қалыптасуы ұзақ та, күрделі үрдістерді басынан кешірді. Оған, әсіресе республика табиғи байлықтарын патшалық және кеңестік Ресей тұсында игеру, кеңестік дәуірде үстемдік құрған тар таптық мағынадағы методология, маркстік мәдени теориялар, Одақ көлемінде жүргізілген екпінді құрылыстарды салу әр қырынан белгілі бір уақыттарда археология ғылымының дамуына өз әсерін тигізген болатын. Бұл тақырыпқа ұқсас ізденістер әлемдік тарихнамада бұрын-сонды ішінара жазылғанымен, республикада тас дәуірін бүтіндей қамтыған қазақ тіліндегі ғылыми еңбектер жоқ екендігі белгілі. Осы тақырыптың зерттелу деңгейіне байланысты шолуымыз бен талдауымызды аттары бұрынғы КСРО-да кеңінен мәлім болған авторлардан бастағанымыз жөн секілді. Себебі осы дәуірдегі ізденістерде археологиялық деректерді зерттеудің методологиялық сауалдары, тарихи тұғырнамаларға талдау мен түрлі буржуазиялық теориялар олқылықтарын ашып көрсету көбіне тас дәуірі археологиясы тарихына қатысты жұмыстарда да қамтылған еді.

Батыс Еуропа елдеріндегі археология ғылымының қалыптасуы, оның даму тарихы, басты бағыттары мен проблемаларына, алынған нәтижелеріне және жеткен жетістіктеріне А.Л.Монгайт «Археология Западной Европы. Каменный век»

деген еңбегінде мейлінше толық тоқталған [1]. Онда зерттеуші археология ғылымындағы түрлі әдістерге, хронология, кезеңдеу сауалдарына және де әлемдік өркениеттегі ғылыми маңызы жоғары археологиялық мәдениеттер мен ескерткіштердің ашылу тарихына шолу жасады.

Сондай-ақ, кеңестік археология тарихы, тарихнамасы арнайы зерттеу нысанына айналып, оған қатысты біршама іргелі еңбектер жарияланғаны мәлім. Арасынан негізгі жұмыстар ретінде А.А.Формозовтың «Очерки по истории русской археологии» [2], В.Ф.Генингтің «Очерки по истории советской археологии» [3], А.И.Мартыновтың «Историография археологии Сибири» [4], А.Д.Пряхиннің «История советской археологии» [5], Г.Р.Каримованың «Археологическое изучения Афганистана и проблемы каменного века Афгано-Таджикской депрессии» [6], В.В.Бобровтың «Историография и современное состояния изучение социальной организации древних обществ в археологии» [7] сынды ізденістерін атап кетуге болады. Бұл археологтардың ғылыми жұмыстарында археологиялық зерттеулердің ұйымдастырылуы, кейінгі кездерге дейінгі даму тарихы, әр аймақтарда археологиямен айналысатын қоғамдар мен музейлердің ашылуы, өлкелерде археология ғылымының қалыптасуы, маркстік идеология принциптерінің осы ғылымға енгізілуі, қазба жұмыстары жүргізілген ескерткіштер тарихы бір жүйеге салынды.

Соңғы жылдары жарыққа шыққан іргелі еңбектерде Қазақстан тас дәуірінің сан алуан проблемалары да көтерілді. Жаңа мағлұматтар алынып, белгілі бір өңірлердің тас дәуірі толымды түрде зерттелді [8; 9; 10]. Жыл сайын шоғырланған деректік қор әлі де шешімін таппай жатқан мәселелердің бар екендігін көрсетіп берді. Сондықтан да осы еңбектің авторлары түйіні түйіткіялді мәселелерге ғалымдар назарын аударуға да ұмтылды.

Археология тарихы, осы ғылымның бір бөлімі ретінде тек нақты-тарихи ескерткіштер мен мәдениеттерді, дәуірлерді немесе тарихи-мәдени өңірлерді зерттеген ғылыми жұмыстарда айтылған кейбір проблемаларға шолу жасауды ғана қамтып қоймайды. Ол сонымен қатар археологиялық ізденістердің даму кезеңдеріндегі ғылыми көзқарастар эволюциясын, әдістердің

жетіле түсуін, теория мен пайымдаулардың жалпы бағытын ашып береді. Жалпы алғанда, әлемдік тарихнамада археология тарихына, оның ішінде нақты бір тарихи дәуірлерге қатысты жарияланған еңбектер айтарлықтай көп. Мұны археологтардың ғылымды одан ары дамыту үшін жалпы мәселелерді де, нақты проблемаларды да үнемі өз назарларында ұстап отырғандығынан хабар береді дей аламыз.

Мұндай жұмыстар отандық археология ғылымында да өткен ғасырдың 40-50-ші жылдарында жүргізіле бастайды. Оған дейін Қазақстанның әр түкпірлерінен көптеген көне дүние ескерткіштері ашылып, республика аумағындағы байырғы тарихи процестер жөніндегі нақты мәліметтер шоғырлана түскен еді. Оларды бір ізге түсіру ішінара болса да жасала бастады.

Еліміздегі археологиялық ескерткіштер тұңғыш рет 1960 жылы жарық көрген «Археологическая карта Казахстана» атты ұжымдық жұмыста жүйеленді [11]. Аталмыш карта ұзақ уақытқа созылған барлық дәуірге қатысты археологиялық ізденістерді қорытындылады да, оның келешекте арнайы зерттеу нысандарына айналатын мәселелерін айқындады. Картаға 200-ден астам тас ғасыры нысандары, кездейсоқ табылған материалдар енгізілген болатын. Отандық археология жетістіктері, табыстары мен кемшіліктері картадағы кіріспелік «Қазақстанның археологиялық зерттеу жұмыстары очеркі» атты бөлімде сөз болып, оны жазған авторлар (Е.И.Агеева, А.Г.Максимова) тас ғасырына жататын көне деректер мен осы тарихи-мәдени кезең проблемаларымен айналысқан ғалымдар ізденістеріне ғылыми шолу жүргізді.

Тас дәуірі академик Ә.Х.Марғұланның да зерттеу нысандарының бірі болып, ғалым болашақта зерттеу жүргізу қажет өңірлерді әрдайым анықтап отырды [12]. Ә.Х.Марғұлан басқарған және жасақтаған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы Сарыарқа жерінде неолит пен энеолит дәуірлерінің тұрақтарын, жерлеу орындарын тауып, қазба жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар Ә.Х.Марғұланмен Е.И.Агеева жазған «Археологические работы и находки на территории Казахстана» деген мақалада, 1926-1946 жылдар аралығында Қазақстанның әрбір облысынан табылған байырғы дерек көздері мен қазба жұмыстары нәтижелерімен қатар, кездейсоқ әрі жекелеген тас бұйымдарының табылуы жөнінде де құнды мағлұматтар, пікірлер білдірді [13].

Одан бергі уақытта отандық археология ғылымы іргесі бекіп, оның зерттеу әдіс-тәсілдері жетілді. Аталмыш жұмысты басқа дәуір мұраларымен бірге тас ғасыры ескерткіштерінің зерттелу тарихына да қатысты жазылған, оның маңызын көрсеткен алғашқы ізденістің бірі деуге болады.

Ал, мұндай тас дәуірі ескерткіштерінің зерттелуін арнайы қарастырған іргелі еңбектер бұрынғы Одақтық республикаларда жарияланғандығын да осы жерде айтып өткіміз келеді. Мұндай жұмыстар археологиялық қазба істерінде біршама жүйелілік орнағандығын көрсетсе керек. Айталық, 1947 жылы барлық ғылыми нәтижелерді қорытындылаған В.Т.Илларионов өзінің «Опыт историографии палеолита СССР» атты еңбегін жазып шықты [14]. Онда автор төңкеріске (революцияға) дейінгі және одан кейінгі зерттеушілер жұмыстарына тоқтап өтеді де, келешектегі әрбір мақала немесе зерттеуде тарихнамалық шолу кеңінен қолданылуы тиіс деп қорытындылады.

Сондай-ақ өткен ғасырдың 80-ші жылдары А.А.Формозовтың «Начало изучения каменного века в России» деген монографиясы жарық көрді [15]. Зерттеуші XVIII-XIX ғасырлардағы палеолит-неолит ескерткіштерін ашқан геолог, зоолог, палеонтолог, географ, биолог, т.б. мамандардың жүргізген істерін жүйелеп қана қоймай, олар қалдырған мәліметтер қазіргі күнгі археология үшін өте маңызды екендігін дәлелдеп берді.

Сонымен қатар Орталық Азия республикаларында да тас дәуірі зерттелу тарихын жеке қарастырған ғылыми еңбектер де жеткілікті. Оған байланысты 1960 жылдардағы М.Д.Джуракулов ізденісін атап өткен жөн.[16] Автор жұмысында Орта Азиядағы ГВС ғасырын зерттеудің қалыптасуын, дамуын және әрбір тарихи өлкенің археология үшін орны мен рөлін айқындады. Алайда, Орталық Азиядағы тас ғасырының зерттелу тарихын арнайы көтерген бұл автор ізденісінде Қазақстан көне дәуірі ескерткіштерін жүйелеу мардымсыз қарастырылды. Тіпті одан алшақ жатты десе де болады.

Әлемдік археология тарихнамасында тізе берсе авторлар қарастырған тақырыпқа ұқсас жазылған еңбектер көп-ақ. Әйтсе де бүгінгі күнгі археологиялық тың мағлұматтардың көбеюі, барлау мен қазба жұмыстарының барысында соны нәтижелердің алынуы бізді осы мәселені арнайы зерттеуге жетеледі.

Өткен ғасырдың 50-ші жылдар ортасындағы Қазақстанда ежелгі палеолит ескерткіштерінің ашылуы археологияның назар аударарлық жаңалықтарының бірі болды. Олардың бірнеше орындарын Г.Я.Ярмак пен Х.А.Алпысбаев Қаратаудан тапқаннан бастап отандық археологияда палеолиттанудың негізі қаланды. Соңғы аталған ғалымның «Некоторые вопросы изучения памятников каменного века в Казахстане» атты мақаласында революцияға дейінгі және кеңестік дәуір кезіндегі тұрақтардың зерттелу тарихы қысқаша баяндалды [17]. Сонымен қатар бұл археологтың 1979 жылы жарық көрген «Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана» деп аталатын монографиясында әлемге танымал Бөріқазған, Тәңірқазған, Кемер, т.б. тұрақтардың материалдары зерттелді әрі жан-жақты қарастырылды [18]. Еңбектің алғашқы тарауында Қазақстанда палеолит ескерткіштерінің зерттелу тарихы, Орта Азиядағы аталмыш дәуірге жататын маңызды тұрақтардың ашылуы (Тесіктас, т.б.), басқа сала мамандарының палеолит орындарын іздестірудегі қол жеткізген жетістіктері сараланған. Х.А.Алпысбаевтың отандық палеолиттануға қосқан үлесі Д.М.Костина мен Т.В.Савельева өздерінің «Археологические исследования в Южном Казахстане (1970-1980)» деген еңбектерінде жоғары бағалады [19]. Онда Х.А.Алпысбаевтың 1970 жылдары жүргізген қазба жұмыстарына шолу жасалып, Қазақстан жеріндегі ерте палеолиттің әлемдік палеолит мәдениеттерінің ажырамас бөлігі ретінде қорытынды жасалынды.

Осы уақыттардағы геолог әрі археолог А.Г.Медоевтың Маңғыстау, Солтүстік Балқаш өңірінде жүргізген археологиялық жұмыстарыныңда палеолит тарихнамасында алатын орны ерекше [20]. Бұл зерттеушінің «Геохронология палеолита Казахстана» атты еңбегі қазақстандық палеолиттануға қосылған қомақты үлес еді. Ол еңбекте азды-кемді әр жылдары археологиялық экспедициялардың жұмыстарына қысқаша сипаттама берілген. Сарыарқада сол жылдары А.Г.Медоевпен бір уақыттарда М.Н.Клапчук та бірқатар палеолит орындарын тапты. А.Г.Медоев пен М.Н.Клапчуктың осы өңірде атқарған жұмыстарына В.С.Волошин өзінің «Из истории изучения палеолита Сары-Арки» атты мақаласында тоқталды. Ол аталмыш ғалымдардың ғылыми жаңалықтарын Қазақстан палеолитіне қосылған орасан

зор үлес екендігі туралы дәлелді тұжырымға келді [21]. Сондай-ақ автор өзі ашқан тұрақтардың зерттелу тарихына да ішінара тоқталды. Бұл ғалымдардың еңбектері Қазақстан аумағында алғашқы қауым адамы мәдениеті жөнінде жаңа пайымдаулар жасауға жағдай туғызды. Нәтижеде ежелгі адам қоныстарының уақыты мен орналасуы, тас құралдар генезисі туралы мәселені жаңа қырынан қоюға мүмкіндіктер ашылды.

Одан бергі уақытта палеолитпен В.С.Волошин, Б.Ж.Аубекеров, О.А.Артюхова, Ж.Қ.Таймағамбетов және т.б. археологтар жүйелі зерттеулер жүргізіп Қазақстанның түрлі түкпірлерінен байырғы тұрғындардың мәдени орындарын тапты да, еңбек құралдарына салыстырмалы-типологиялық сипаттама және әрбір ескерткіш тас индустриясын талдау жасады. Ж.Таймағамбетовтың осы тақырыпқа арналған еңбегінде 80-ші жылдар бас кезіне дейінгі ғылыми айналымға енген басты-басты археологиялық нысандар материалдарына талдау жасалынып, олардың орналасуы, тас индустриясының даму заңдылықтары талданды. Ә.Х.Марғұлан, Х.А.Алпысбаев, А.Г.Медоев, А.П.Окладников, М.Н.Клапчук, В.С.Волошин, т.б. мамандардың Қазақстанда палеолитті зерттеудің қалыптасуы мен даму жолын көрсетуге талпыныстар жасалынды [22].

Айта кететін бір жайт, ғалымдардың тұрақты назарында болып келген археологиялық жұмыстардың даму тарихы «Археологическая карта Казахстана» жинағында нақтыланып, хронологиялық тұрғыдан ол екі кезеңге (революцияға дейінгі және кеңестік), дәуірлерге бөлінді [23]. Ал, Х.А.Алпысбаев Қазақстанда тас ғасыры тарихының зерттелу хронологиясын өткен ғасырдың 40-шы жылдар аяғы мен 50-ші жылдар басын меже ретінде алып, екі кезеңге жіктеді [24]. Оның пікірінше, алғашқысына кездейсоқ табылған олжалармен қатар тұрақтардың да ашылуы, кейінгісіне жүйелі түрде жұмыстардың жолға қойылуы тән. Бұл пайымдауды алғашқыда Ж.Қ.Таймағамбетов [25; 26] те қолдаған. Бірақ кейінірек ол Қазақстанда палеолит ескерткіштері зерттелген мерзімді үш кезеңге бөлді. Бұл ғалымның тұжырымдауынша, бірінші кезең - ХХ ғасырдың басынан - 50-ші жылдар аралығындағы археологиялық материалдардың алғашқы шоғырлануымен сипатталынады. Екінші кезең - 50-80-ші жылдардағы уақытты қамтиды да, ол кезде оған академиялық мекемелер тас ғасыры

саласына бағытталған ізденістер жүргізеді. Үшіншісі - 80-ші жылдардан бергі уақыт, бұл кезде проблемалар кең ауқымда қойылған және кешендік жұмыстарға негізделгендігімен ерекшеленеді [27].

Қазақстан КСРО-н бөлініп тәуелсіздік алғаннан кейін тас дәуірін зерттеу республикада жаңаша қарқынмен дамыды. Әсіресе, Қазақстан-Ресей біріккен археологиялық экспедициясы (басшысы - т.ғ.д., академик А.П.Деревянко) жүргізген қазба жұмыстары нәтижесінде ғылыми жаңалықтарға көптеп қол жеткізілді. Экспедиция отрядтарының еліміздің шығыс, оңтүстік, батыс өңірлерінде атқарған зерттеу жұмыстарының нәтижесінде тас дәуіріне қатысты мол мағлұматтар жинақталды [28; 29]. Семізбұғы [30; 31] мен Мұғалжар [32] тауларындағы және Қошқорған-Шоқтас (Оңтүстік Қазақстан) кешендеріндегі [33] палеолит дәуірі жөнінде сүбелі еңбектер жарияланды. Аталмыш ескерткіштерде А.Г.Медоев, Б.Ж.Аубекеров, О.А.Артюхова, т.б. археологтар ізденістерінің, қазба жұмыстарының зерттелу тарихы, әр жылдары алынған нәтижелер сараланды. Экспедиция жұмысына геолог, палеонтолог, палинолог, палеопедолог, гидролог, т.б. мамандар да қызу араласып, бұрынырақтағы бұл ғылым салалары өкілдерінің көзқарастары қайта пайымдалды.

Сондай-ақ, Қазақстан аумағындағы палеолит жөнінде З.А.Абрамова [34; 35], Л.Б.Вишняцкий [36], У.И.Исламов пен К.А.Крахмаль [37], М.Р.Касымов [38], А.П.Окладников [39], У.И.Исламов құрметіне өткізілген конференцияда баяндама жасаған зерттеушілер [40], В.А.Ранов пен А.Е.Додонов [41] сияқты авторлардың еңбектерінің де маңызы ерекше. Бұл археологтардың ғылыми ізденістерінде республика жеріндегі палеолит тарихи мәселелері көршілес региондармен түрлі проблемалар бойынша ұштастырыла қарастырылды. Олардың ғылыми ізденістерінде Х.А.Алпысбаев, А.Г.Медоев, Ж.Қ.Таймағамбетов, В.С.Волошин, О.А.Артюхова, Б.Ж.Аубекеров сынды ғалымдар ашқан ескерткіш материалдары азын-аулақ талдау жасалынды.

Отандық археология тарихнамасында мезолит дәуірі әлі тыңғылықты зерттелмеген тақырып санатына жатады. Алғашқы мезолиттік ескерткіштер ХХ ғасырдың 60-70-ші жылдары

оңтүстікте Х.А.Алпысбаев, батыста А.Г.Медоев, солтүстікте Г.Б.Зданович, В.Ф.Зайберт, В.Н.Логвин сынды археологтардың жоспарлы түрде жүргізген жұмыстарының нәтижесінде ашылған болатын. Олардың жұмыстарын Г.Ф.Коробкова «Мезолит Средней Азии и Казахстана» деген еңбегінде [42] жүйелеп, мезолиттің негізгі проблемаларына сипаттама берді. Жоғарыда аталған ғалымдар ісін Ж.Қ.Таймағамбетов, О.А.Артюхова, В.С.Волошин, А.Ю.Чиндин, В.К.Мерц, Ғ.Бексейітов, Ғ.Ысқақов, т.б. жалғастырды. Нәтижесінде ескерткіштер саны көбейіп, қазір мезолит индустриясына сәл де болса анығырақ талдау жасауға ғылыми негіз қаланды.

Неолит дәуірі жөнінде әртүрлі ізденістердің жарық көргенімен, олар тарихнамалық тұрғыдан зерделенген жоқ еді деуге болады. Тек 1970 жылы жарық көрген Л.А.Чалаяның «Некоторые вопросы истории изучения неолита Казахстана» атты мақаласын ғана атауға болады [43]. Автор жаңа тас ғасыры ескерткіштерінің зерттелу тарихына үстіртін шолу жасаумен шектелді. Ол негізгі-негізгі ескерткіштерге тоқталып, А.А.Формозов, С.С.Черников, В.Н.Чернецов, П.П.Ефименко, А.П.Окладников, А.Г.Медоев, Л.Я.Крижевская, А.В.Виноградов сынды ғалымдардың неолитке қатысты ғылыми көзқарастарына тоқталды. Орталық Қазақстандағы қола дәуірі мәдениетінің қайнар бұлағын іздестірген Ә.Х.Марғұлан да неолит дәуіріне зор мән берді. Ол жазылған еңбектер мен архив материалдарын қамти отырып Солтүстік-Шығыс Қазақстан, Баянауыл, Қарқаралы, Солтүстік Балқаш төңірегінде, Бетпақдалада, Сарысу өзені алабында, Қарағанды мен Жезқазған өңірінде неолит дәуіріне зерттеулер жүргізген ғалымдар еңбектерін бір ізге түсірді [44]. Сондай-ақ В.Ф.Зайберт [45], В.Н.Логвин [46], Ж.Қ.Таймағамбетов пен Т.И.Нохрина [47] сынды ғалымдардың іргелі еңбектерінде де неолит ескерткіштерінің зерттелу тарихына біршама орын берілген. Алғашқы зерттеушінің «Атбасарская культура» атты 1992 жылы жарық көрген еңбегінде Солтүстік Қазақстандағы В.Д.Солочинский, К.А.Ақышев, С.М.Мұхамеджанов, Г.Б.Зданович, т.б. ғалымдардың тас дәуірі археологиялық материалдарды жинауы сөз болды [48, 13-24]. Соңғы зерттеушілер монографиясында Х.А.Алпысбаевтың Қараүңгірде 1959, 1973 жылдарда жүргізген қазба жұмыстарына, 1992 жылы Қазақстан-

Ресей археологиялық экспедициясы атқарған зерттеулер тарихы баяндалып барлық артефактыларға ғылыми деңгейде талдау жасалынды. Ескерткіш материалдары Орталық Азиядағы тұрақ коллекцияларымен салыстырылып, соны тұжырымдар айтылды. Дегенмен, қай дәуір болмасын жетекші ғалымдар өз ізденістерінде зерттелу тарихына көп тоқтамай әрдайым әрбір археологиялық нысанның коллекциясын оздігінше сипаттауға, тас бұйымдардың техникалық-типологиялық сараптамасын жасауға, ескерткіш хронологиясы мен оның қай кезеңге жататындығын анықтауға басты назар аударды.

Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың С.С.Черников [49], Л.А.Чалая [50], Л.Б.Вишняцкий [51], О.А.Артюхова [52], А.Ю.Чиндин [53], В.К.Мерц [54], В.Н.Логвин [55], И.Вилкова [56], Ғ.Т.Бексейітовтің [57], Ғ.Ысқаков ғылыми еңбектері мен диссертациялық жұмыстарында Қазақстан тас дәуірі проблемалары біршама қарастырылды. Бұл зерттеушілердің еңбектерінде де азды-кемді тарихнамалық мәселелер көтерілген.

Сөйтіп, кіріспеде тақырыптың қысқаша тарихнамасын аяқтай келе, еліміздің территориясын мекендеген байырғы тұрғындардың тас дәуірі кезіндегі тарихи үрдісін зерделеу тарихына ғылыми-методологиялық негізде жан-жақты талдана берілген арнайы еңбек жоқ деуге толық негіз бар.



## 1.2. ПАЛЕОЛИТ ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Республика территориясы Орталық Азия, Сібір, Қытай секілді тарихи-мәдени региондармен шектеседі. Осы өлкелерде соңғы жылдары жүргізілген археологиялық ізденістер барысы еліміздің аумағындағы тас дәуірі ескерткіштерінің ғылыми маңызын арттырып қана қоймай, отандық археологтарға тас индустриясының даму динамикасын, негізгі заңдылықтарын, объектілер хронологиясы мен өзара байланыстылығын ашып көрсету сынды өзекті проблемаларды шешуді жүктеп отыр. Осындай және одан өзге күрделі де өзекті мәселелерді нақтылауда ең алдымен тас ғасыры ескерткіштерінің зерттелу тарихына тоқтап, қолдағы мағлұматтарға терең талдау жүргізуіміз қажет.

Еліміздің жерінде палеолит ескерткіштері шоғырланған бірнеше аймақтар (ареал) бар. Солардағы ескерткіштердің зерттелу тарихына, оларды зерттеген археологтардың көзқарас ерекшеліктеріне және барлығын біріктіретін ортақ пайымдауларға тоқталайық.

Палеолит ескерткіштері ең көп табылған аймақ - Қаратау. Ол - Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстік батысында орналасқан тау жотасы. Оның оңтүстік-батысын Сырдария, солтүстік-шығысын Талас өзендері алаптары алып жатыр. Жота қатарласа жатқан Кіші (Шығыс) және Үлкен (Оңтүстік-Батыс) Қаратаудан тұрады. Өзендері - Боралдай, Бөген, Шаян, Арыстанды, т.б. Кіші Қаратау негізінен протерозойлық тақтатас және құмтастарынан, Үлкен Қаратау карбонның әктас, құмтас, конгломераттардан және девонның жанаргаутекті жыныстарынан түзілген. Қаратаудың сілемдеріне көптеген геолог ғалымдар (В.Н.Вебер, М.С.Волкова, К.Н.Галлицкий, Г.П.Герасимов, П.И.Чихаев, Қ.И.Сәтбаев, т.б.) зерттеулер жүргізгенді.

Қазақ КСР Геология министрлігінің Оңтүстік Қазақстан Геологиялық басқармасы мен Ғылым академиясының Қаратау экспедициясы Қаратау сілемдерінен палеолиттік және неолиттік шақпақ тас бұйымдарын кездестірген [58]. Кешенді геологиялық

жұмыстарға академик Қ.И.Сәтбаев [59] жетекшілік етіп, бастама көтерген еді. Геологиялық зерттеулер барысында еліміздің көп өңірлерінен тас дәуіріне жататын объектілер ашылды. 1945 жылы Оңтүстік Қазақстан геологиялық экспедициясының мүшесі Р.В.Смирнов мустье дәуірінің артефактыларын Піскем өзенінің үшінші саты-жазығынан (террасса) ұшырастырған [18, 10;22,24].

1956 жылы Кіші Қаратау жотасының оңтүстік-шығыс шетінің солтүстік-шығыс бөлігінен Н.В.Седов пен Г.А.Ярмак геологиялық жұмыстар атқара жүріп 6 орыннан түрлі палеолиттік құралдар теріп алады [60]. Оларды анықтау А.Г.Максимова мен К.А.Ақышевқа тапсырылады, кейінірек С.П.Толстов, А.П.Окладников, М.П.Грязнов та қарап шығып барлығы палеолит дәуірімен кезеңдейді. Жиналған 30-дан астам құралдардың кейбіреулерін А.П.Окладников кейінгі ашель немесе ерте мустье уақытына жатқызған.

1957 жылы ҚазКСР ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты Кіші, Үлкен Қаратауды (Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының басқа территорияларын қоса отырып) зерттеу мақсатында тас ғасыры ескерткіштерін зерттеу отрядын құрды. Оған Х.А.Алпысбаев басшылық жасады. Палеолит дәуіріне деген қажеттілік 1957 жылы шыққан «Қазақ ССР тарихы» деген ұжымдық еңбектің 1-томында көрінген болатын [61]. Томда палеолит пен неолит дәуірлерінің бірлі-жарымды ескерткіштері ғана аталып өтті.

Қазақстан палеолиттану ғылымының іргетасын Х.А.Алпысбаев қалады деуге толық негіз бар. Оған 1998 жылы күзде Түркістан қаласында өткен «Каменный век Казахстана и сопредельных территорий» атты Х.А.Алпысбаевтың туылғанына 70 жыл толуына арналған халықаралық конференция материалдары да дәлел. Конференцияда ғалымның өмірі мен ғылыми қызметі жайлы, археологияға қосқан үлесі жөнінде Ж.Қ.Таймағамбетовтың «Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев», О.Смағұлұлының «Хасан Алпысбаев төл тарихымыздың «қақпасын» қалады», А.Г.Максимованың «Хасанның соңғы күндері», Н.О.Алдабергеновтың «Тасты таңдап сөйлеткен», Н.Г.Панның «Көне дүниенің қажымас зерттеушісі» және басқа да ғалымдар баяндамалары мен естеліктері тыңдалды [62]. Сөз

сөйлеушілердің барлығы палеолит көшін бастаушының дүниеден ерте кетуіне байланысты көп пайымдауларын негіздеуге үлгере алмағандығына және оның мұрағатын зерттеу керектігіне, қазіргі тас ғасыры проблемаларының басты бағыттары мен жай-күйіне назар аударды. Палеолиттанушы жазған «Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана» атты еңбектің ғылыми маңыздылығына қатысты әсіресе О.Смағұлұлы айтып өткен пікірі ден қоюға тұрарлық деп есептеуге болады. Сарабдал ғалым: «Автор еңбегінде Қазақстан өте ерте кезде адамның мекен-жайы болғандығын дәлелдеді, екіншіден Қазақстанның тас дәуірі Кіндік Азияның көне тас заманымен бір тұтастықта болғанын көрсетті, үшіншіден Африкадағы олдувей мәдениетімен бірдей уақытта болғандығын көрсете алды», - деп жазған еді [62, 19-20].

Конференция материалдарына пікір жазған көрнекті археолог В.А.Ранов [63] қазақстандық әрбір әріптесінің мақалаларын терең талдайды да, олардың ғылыми құндылықтары мен кемшіліктерін әділ бағалай келіп, қазіргі таңда елімізде тас ғасырын зерттеудің өзіндік бір ерекше мектебі қалыптасқандығы туралы қорытынды жасады.

Жалпы, Х.А.Алпысбаев Қаратау өлкесінен 200-ден астам тас дәуіріне жататын орындарды ашып, ғылыми айналымға енгізді. Ол әрбір тұрақ материалдарына жіті ден қойып, іргелес өлкелердегі басты-басты ескерткіш коллекцияларымен салыстырып, байыппен қарастырған. Өмірінің соңында жарияланған еңбегінде кейбір тұрақ материалдарын (Дегерез, т.б.) ой елегінен ұзақ уақыт өткізіп, маңызды қорытындылар жасауы соған дәлел бола алады.

Жоғарыда аталған отряд 1957 жылы барлау жұмыстарының нәтижесінде Токалы-1, 2, 3 секілді тұрақтардан теменгі палеолиттік ашель-мустьеге тән құралдар тұрпатын тапса, келесі жылғы жұмыстар кезінде көптеген құралдар сақталған шелль-ашель орындарын анықтады. Олардан басқа Кіші Қаратаудан ашылған мустье, кейінгі палеолит ескерткіштері де бар. Токалы-1, 2, 3 орындары Көктал өзенінен 5 шақырым шығыста [64; 65] орналасқан [18, 12; 22, 27].

Келесі маусымда әлемге әйгілі болған шелль-ашель кезінің тұрақтары - Бөріқазған мен Тәңірқазған ашылған еді. Бұлар Жамбыл облысы Талас ауданындағы Кемер тауының оңтүстік

шеткейінен табылған. Бұл объектілерден алынған құралдарды Х.А.Алпысбаев төртке бөледі: 1) екі немесе бір жақты шабатын қарулар; 2) шапқылар; 3) көне шомбал тас жаңқалары; 4) тұрпатсыз ірі томпақ-өзектастар. Бұл тұрақтарды кезеңдеу геологиялық қатпар ауыспағандықпен де расталынады [66; 67]. Тоқалы-1-ден 200 дана, Тоқалы-2-ден 78 дана, Тоқалы-3-тен 57 данатас бұйымдары терілсе, Беріқазғаннан 442 зат, Тәңірқазғаннан 300-ден астам құралдар жиналған болатын. Бұл жылы аталмыш кезеңге жататын Шабакты-1 ескерткіші Жамбыл облысындағы Байқадам ауылынан 20 шақырым оңтүстік-батыстан табылады [18, 12; 22, 27].

Қаратау палеолит отряды осы жылы күзде Арыстанды-Боралдай (Оңтүстік Қазақстан) өзен алаптарында жаңа палеолит орындары ашты: Шақпақ, Үсіктас, Қарасу, Алғабас, Кеңестөбе, Боралдай мекендерінен әр дәуірді камтитын оннан астам объектілер барлау жұмыстары нәтижесінде белгілі болды [68]. Шолақтау қаласынан солтүстік-батысқа қарай 36 шақырым жерде 6 мустьелік, Байқадам ауылынан 22 шақырым оңтүстік-шығыста Шабакты 2, Қаратау қаласынан 35 шақырым солтүстікке қарай Ұзынбұлақ-1, 2 және Бүркітті стансасынан 4 шақырым шығысқа қарай Бүркітті-1, 2, 3 секілді тас дәуірінің объектілері де осы маусымда ашылған еді [17,237]. Аталған тұрақтар арасынан Боралдай кешендерін Х.А.Алпысбаев Тәжікстандағы Гиссар аңғарының палеолитімен жақындастырады. Бүркітті кешендері кейінгі кездері ерте голоценге немесе мезолит дәуіріне жатқызылып жүргендігін де айта кеткен жөн [37, 169].

Қазақстанда палеолит ескерткіштері арасында алғашқыда Қарасу, кейінірек Ш.Ш. Уәлиханов есімі берілген тұрақ материалдары өзінің көп мәдени қабаттылығымен (*in situ*), мерзімділік жайымен, тас құралдарының сақталу жағдайымен ерекшеленеді [69]. Сол қалпында сақталған тас құралдар жиынтығы оның басқа жерлердегі палеолит орындарымен арақатынастылығын білу үшін, сондай-ақ Қазақстан палеолитінің көп проблемаларын шешу үшін орасан зор маңызы бар. Ескерткіштен жинастырылған материалдар саны бірнеше мың. Объектінің екінші және үшінші мәдени қабаттарынан алынған тас құралдары (тас жаңқа, тілік, т.б.) жасалуы жағынан Ертіс жағалауындағы Қойтас, Батыс Қазақстандағы Шалқар,

Родники [70; 71] материалдарына ұқсас сияқты. Ескерткіш коллекциясы бірінші кезекте отандық тас дәуірі объектілерімен байланыстырыла қарастырылып отырылса өте келелі істер жүргізуге болады. Себебі қазба жұмысына А.В.Вислогузова [72; 73; 74], Н.Н.Костенко [75] сынды геолог мамандардың араласуы Қаратаудағы ширектік дәуірі антропогендік шөгінділерінің жас мөлшерін анықтауға жағдай туғызды. Олардың мағлұматтары тұрақ материалдарымен ғылыми тұрғыда ұштастырылды. Тұрақтан дөңгелек өзектас және бұлардан жарып алынған ұшбұрыш пішінді тас жаңқа, қырнауыш, қырғыш, т.б. жинастырылды [18, 14; 22, 28].

Х.А.Алпысбаев өмірден ерте кетуіне байланысты аталмыш тұрақ материалдарын ғылыми талдаудан толық өткізе алмаған еді.

Оның зерттеулерін 1983 жылы Ж.Қ.Таймағамбетов қайта жандандырды [76; 77; 78]. Жұмыс қорытындылары толығымен 1990 жылы баспадан жарыққа шыққан «Палеолитическая стоянка им. Ч.Ч.Валиханова» атты монографияда жарияланған болатын [23]. Онда Ш.Уәлиханов атындағы тұрақ материалдарының негізінде Қаратау жотасындағы палеолит ескерткіштерінің де коллекциялары ыждахаттылықпен талданып, жүйеленді. Қазіргі уақытта тұрақтан алты мәдени кабат аршылып, алғашқы аңшылардың өмірі туралы жаңа мағлұматтар алынып отыр. Мәдени кабаттар 2,3 метрден 7,2 метрге дейінгі тереңдікте орналасқандықтан оны қазу да оңай емес еді. Автор адамдар тұрақты мұстьеден соңғы палеолитке дейін үздіксіз мекендеген деп санайды. Әзірше бұл - Қазақстандағы тас бұйымдары мен мәдени-тұрмыстық қалдықтары бастапқы күйінде сақталған бірден-бір тұрақ. Оның материалдары мұстьелік Тешік-Таш, Көлбұлақ, Ходжекент, Ильск, Молдова-5 тұрақтарымен салыстырылып, ұқсастықтары мен ерекшеліктері анықталды. Тұрақтан Х.А. Алпысбаев бес мәдени кабат ашса, алтыншысын осы жылдары Ж.Қ. Таймағамбетов ашып еді. 2002 жылы бұл тұрақтағы жұмыстарды біріккен Қазақстан-Ресей археологиялық экспедициясы қайта жалғастырған болатын. 2003 жылдан бастап қатарынан бірнеше жыл бұл ескерткіште Қазақстан тас ғасырын зерттеумен шұғылданатын археологиялық экспедиция (жетекшісі - Ж.Қ.Таймағамбетов, отряд басшысы - Д.С.Байгунаков,

Ғ.Т.Бексейітов) зерттеулер жүргізіп келеді. Бүгінгі таңда алынған мағлұматтар толығып, бұрынғы пайымдаулар қайта жаңғыртылды.

1958 жылы ашылып, ұзақ уақыт материалдары жарық көрмеген ескерткіштер де бар. Олар: Дегерез, Дарбаза, Сүлейменсай, Дәуренбек. Бәрі - Қаратау жотасының солтүстік-шығысында. Дегерез Жарғымбай төбешігінде орналасқан. Бұл жерден екі шеті өңделген шабатын қарулар, өзектас секілді бұйымдар, екінші рет өңделген тас жаңқалары. өңделген тас жаңқалары, өңделмеген тас жаңқалары мен шой балғалар жиналған. Дегерез материалдарына Дарбаза ауылынан 8 шақырым солтүстік-шығыста жатқан Дарбаза-3 материалдары ұқсас. Дегерезден 118 дана бұйым шықса, Дарбаза-3-тен шыққандарының саны — 111 дана. Екеуінің кейбір заттары ашель-мустье уақытына келіңкіреді. Х.А.Алпысбаев бұл дәуірге Сүлейменсай-1, 4, 31-34 орындарын да жатқызады. Құралдардың көбі дефляцияға ұшыраған. Алғашқы екеуінен 66, соңғы төртеуінен 139 (19 дана, 31 дана, 52 дана, 37 дана) тас бұйым шыққан. Дәуренбек-12,1 объектілері осы ескерткішпен аттас бұлақтан 1,5 және 3,5 шақырым солтүстік-батыста орналасқан. Мұндағы жинастырылған тас бұйымдар да дефляцияға ұшыраған [18].

Тәңірқазғанның шығысында 1961 жылы жүргізілген археологиялық барлау барысында төменгі палеолиттік Ақкөл, Кемер-1, 2, 3 ескерткіштері ашылған. Олармен қатар осы далалық зерттеу барысында кейінгі уақытқа жататын Қызылрысбек ескерткіші де белгілі болған. Х.А.Алпысбаевтың Шудың төменгі тұсынан, Бетпақдаладан тапқан Қазанғап төменгі палеолиттік тұрағы назар аударарлық. Өйткені осы тұрақ арқылы Х.А.Алпысбаев Қаратау палеолиттік кешендерін Бетпақдаламен, одан ары Сарыарқа тас ғасырымен байланыстыруға тырысқан еді. Енді осы аталған ескерткіштерге жеке-жеке тоқталып өтелік.

Ақкөл тұрағы Жамбыл қаласынан (қазіргі Тараз - Д.Б.) 170 шақырым солтүстік-батыста. 20x10 м алаңқайдан ежелгі адам жасаған 117 тас бұйым жиналған. Тас құралдары топтамасы арасында ірі тас жаңқалары көп. Ақкөлден алынған бұйымдарды Х.А.Алпысбаев типологиялық жағынан былайша топтастырады: екі жақты шапқы құралдар (18 дана); унифастар (5 дана); кол шапқылар (2 дана); тас жаңқасынан жасалынған құралдар

(5 дана); өңдеу іздері жоқ тас жаңқалар (86 дана). Осы бұйымдарды зерттеуші талдай келе, объектіні шелль-ашель уақытымен кезеңдеген [18, 27-34]. Аталмыш уақытқа Қаратау қаласынан 25 шақырым солтүстік-шығыста жатқан Кемер шатқалындағы аралары бір-бірінен 600-700 м шамасында Кемер-1, 2, 3 палеолит кешендері де жатқызылады. Кемер-1 пунктiнен табылған 218 тас бұйым 7 топқа бөлінеді: екі жағы өңделген дөрекі шапқы құралдар (22 дана); кол шапқылар (бифастар) (5 дана); унифастар (6 дана); қырғыштар (тас жаңқа құралдары) (8 дана); тас жаңқадан жасалған құралдар (3 дана); өзектастар (10 дана); тас жаңқалары (168 дана). Кемер-2 археологиялық әдебиеттерде Кәкіш деп те аталады. Одан жинастырылған заттар типологиясы: екі шеті өңделген шабатын құралдар (20 дана); дөңгелек бұйымдар (9 дана); кол шапқылар (2 дана); өзектас тәріздес бұйымдар (12 дана); унифастар (3 дана); тас жаңқа құралдары (12 дана); екінші рет өңделмеген тас жаңқалары (37 дана). Ал Кемер-3 топтамасы мынадай: екі шеті өңделген шабатын құралдар (25 дана); диск тәріздес бұйымдар (7 дана); кол шапқылар (2 дана); өзектас тәріздес тұрпаттар (5 дана); тас жаңқалы бұйымдар (8 дана); екінші рет өңделмеген тас жаңқалары (32 дана). Бұлар Кәкішке қарағанда Кемер-1-ге хронологиялық тұрғыда жақын келеді [18, 66-92].

Қызылрысбек - Жамбыл облысындағы Ақкөл ауылынан 18 шақырым оңтүстікте орналасқан. Типологиялық жағынан Қызылрысбек бұйымдары төмендегідей басты-басты топқа жіктеледі: екі жағы өңделген чоппинг-тул (7 дана); диск тәріздес құралдар (4 дана); өзектас тәріздес бұйымдар (3 дана); унифастар (2 дана); тас жаңқадан жасалған құралдар (қырғыштар) (3 дана); тас жаңқалар (81 дана). Оларды Х.А.Алпысбаев ашель-мустье уақытымен мерзімдейді [18, 142-149].

Қазанғап ескерткіші болса Тараз қаласынан төтелеп жүргенде 280 шақырым солтүстік-батыста орналасқан [75]. Бір маусымда бұл жерден ғана жиылған құралдар саны 300-дей. Олар: екі шетті шабатын құралдар (11 дана); бір шетті шабатын құралдар (3 дана); қырғыштар (6 дана); өзектас тұрпатты шабатын құралдар (5 дана); кол шапқылар (4 дана); өзектастар (5 дана) және басқа құрал тұрпаттары (10 дана); тас жаңқалары (242). Соңғы құралдардың 215 данасы клектон типіне жақындау

келеді. Леваллуа тас тіліктері - 15 дана. Тұрақ жайлы ой өрбіткен авторлардың (Н.Н.Костенко, Х.А.Алпысбаев) жіберген азды-кемді кемшіліктері де бар сияқты. Мақалада тас құралдар кескіні айқын суреттелмеген деуге болады. Қазанғаптың тарихи маңызы сонда, оның Оңтүстік пен Орталық Қазақстан палеолиттік ескерткіштерін өзара байланыстыруында. Отандық палеолиттануда мұндай құралдары бар ескерткіштер Ертіс алабында да кездеседі [79]. Ертіс пен Алтай, Сібір, Сарыарқа жерлерінің тас ғасыры корреляциясын жасауда Қазанғап секілді палеолиттік нысандардың зор маңызы бар десек артық айтпаған болар едік.

Х.А.Алпысбаев 1957 жылы ашқан Тұрлан асуынан табылған палеолит орнына онымен бірге кейінірек Н.Н.Костенко мен А.К.Бойко да зерттеулер жүргізеді [80; 81]. Бұл орынан жиналған негізгі құралдар: ұсақ қырғыш, қашау тәріздес құралдар, сүйіртастар, призма секілді өзектастар. Авторлар еңбектерінде олардың жалпы саны көрсетілмеуі, біздің тарапымыздан тұрақ материалдарына талдау жасауға көп мүмкіншілік бере қоймады.

1969 - 1970 жылдары Х.А.Алпысбаев Оңтүстік Қазақстанда ежелгі адам мекендерін арнайы тек үңгірлерден іздестірді [82]. Өгем өзенінің сол жақ тармағы - Азартекенің орта ағысында Қалыпты (16x4x2,5м) және Азартеке (16x10x3м) үңгірлерінен мустье тас жаңқалары ұшырасқан. Паршакөл маңынан 5 үңгір табылған. Макпалсай көлі төңірегінде үңгір қасынан мустье құралдары Қаржантаудан, Өгем өзені аңғарына түскен жерде ашельдік шомбал тас жаңқалары мен тілікшелі тас жаңқалары теріліп алынған. Өгемнің сол тармағы - Бесағаш өзенінің жоғарғы тұсынан табылған үңгірлер саны 20-дан астам. Өзеннен 2 шақырым шығысқа қарай биік жартас түбіндегі кірер аузы оңтүстікке қараған үңгірге (11x4,5x2м) тікқазба (шурф) түсірілген кезде одан тістік және ойықтық ізі бар құралдар алынады, Созақ ауылынан 10 шақырым солтүстік-батыста жатқан Алтынсай үңгіріне (15x16x10м) тікқазба түсірілгенде одан 1,2 м тереңдіктен тас бұйымдары шығады. Шымкент қаласынан 78 шақырыш солтүстік-шығыста - Құрсай өзеніндегі Ақмешітке де тікқазба түсіріліп, одан неолиттік құралдар жиналған тұстан ашель-мустье дәуірлеріне жататын, тіпті одан да ертеректегі уақыттағы бұйымдар шыққан. Кіші Қаратауда Ақтоғай өзені аңғарындағы

осы аттас орыннан I палеолит бұйымы, түз андарының сүйек қалдықтары байқалған. Елімізде мұндай үңгірлік объектілердің зерттелуі мардымсыз. Олардың көбіне қайтадан арнайы қазба жұмыстарын жүргізу қажет-ақ.

1971 жылы ашылған үңгірлік тұрақ - Сарыүңгір. Ол Өгемнің жоғарғы ағысында. Х.А.Алпысбаев [83] тұрақты мустье дәуіріне жатқызады. Онда қызыл және қара қоңыр бояумен салынған суреттер де байқалған. Сондай-ақ Темірлан, Шұбар, Коммунизм (қазіргі Ынтылы - Д.Б.) ауылдарының төңірегінен де бірлі-жарымды ежелгі адам құралдары табылған.

1973-1974 жылдары Х.А.Алпысбаев көптеген ескерткіш орындарын ашып, зерттеді. Олардың арасынан Жамбыл облысы Талас ауданындағы Қызылкіндік, Жаңатас, Көктал, Байқадам ескерткіштерін атап көрсетуге болады [84]. Алғашқысынан 228 дана бұйым шықты. Типологиялық тұрғыдан барлығы былайша бөлінеді: екі шеті өңделген шабатын құралдар, қол шапқылар, өзектас тәрізді бұйымдар, қырғыштар, тас жаңқалары. Мерзімі - шелль-ашель. Бұл Іркітті өзенінің оң жағалауындағы Жаңатас -ашель-мустьемен мерзімделеді. Жиналған 429 дана тас бұйымдары жасалуы жағынан Құлбулақ (Өзбекстан) материалдарына өте ұқсас болып келеді. Көкталдан бірнеше дана ғана зат табылған. Сондықтан оның тас дәуіріндегі нақты орнын анықтау да қиын. Суреттерге қарап Байқадам құралдары (47 дана) Жаңатасқа жақын деген Х.А. Алпысбаев пікірімен келісуге болады.

«О находках индустрии каменного века в Каржантау и Караоба» деген мақаласында Х.А.Алпысбаев Сусыңген, Жалпақсу - I 2, 3, Жалғызарша-1, 2, Қияқты, Өгем (Талдысай), Қаржантау, Жаужүрек, Шағалысай, Жиенқұм, Қызылжар, Жүзімдік-Арыстанды, Жаңатас III, Майтөбе, Шалқия-1 (неолит), т.б. мәдени орындар жайлы сөз өрбіте келе соңғы тұраққа Қатысты «Орталық Қазақстанның неолит мәдениеті кейінгі палеолит дәуірінің тас индустриясымен генетикалық байланыста» деген қорытындыға келеді [85]. Бірақ автор тас индустриясының генезисін нақты ашып көрсетпеген. Енді осы аталған ескерткіштерге жеке-жеке тоқталып өтелік. Оңтүстік Қазақстан облысы Ленин (қазіргі Қазығұрт - Д.Б.) ауданындағы Сусыңген өзенінің (Өгемнің сол тармағы) шығыс жағалауынан

3 қолшапқы, 1 тас жаңқа табылған. Оларды ғалым ежелгі ашельмен мерзімдейді. Ашель-мустье уақытына жататын орындар - Жиенқұм, Қызылжар. 13 тас жаңқа, 1 өзектас құралдары жинастырылған алдыңғысы Шаян өзенінің Арыс - Түркістан каналына құяр жерінде, соңғысы Қызылжар ауылынан (Ордабасы ауданы) 12 шақырым солтүстік-шығыста орналасқан. Қызылжардан екі орыннан төменгі палеолит бұйымдары жинастырылған. Осы уақытқа жататын Жалғызарша-1, 2 материалдары Жалпақсу жонынан, Жігергеннен 23 шақырым оңтүстік-шығыстан табылған. Ескерткіш құралдарының саны жайлы мәлімет жоқ. Зерттеуші тоқтап өткен тек леваллуалық өзектас қана.

Қаржантау мен Қараоба өңірінде мустье дәуіріне жататын ескерткіштер де көп. Х.А.Алпысбаев анықтаған Жалпақсу-1, 2, Қияқты, Қаржантау, Жаужүрек орындары мен Шаян өзенінің бойынан табылған тас ғасыры құралдарының көлемі аз, әрі мустье дәуірінен толыққанды мағлұмат береді дей қою да екіталай. Бұл жерлер қайтадан зерттеуді қажет етеді деп санаймыз. Бірінші аталған орындар Оңтүстік Қазақстан, Қазығұрт ауданындағы Абай ауылынан 18 шақырым түстікте жатыр. 1961 жылы бұл жерден Х.А.Алпысбаев дөңгелек өзектас, порфириттен жасалған бірнеше тас жаңқаларын тапқан болатын. 1973 жылы да осындай заттар теріліп алынған. 1960 жылғы барлау жұмыстарының барысында Өгем аңғарынан үшбұрышты тас тіліктері табылғанды. 1973 жылы аңғардағы Талдысай елді мекенінен тікбұрыштылау келген дөңгелек өзектастар, үш тас жаңқа шыққан. Осындай көлемде тас бұйымдар алынған объект - Қаржантау. Ол да Өгем аңғарында. Қияқты ескерткіштері Жігерген ауылынан 25 және 27 шақырымда орналасқан. Олардан тілікшелі тас жаңқалар, т.б. бұйымдар терілген. Автордың өзектастарды суреттеуі мақаласында анық шықпаған. Өгем мен Сусіңген өзендерінің қиылысар тұсынан 11 шақырым оңтүстік-шығыстан үшбұрыш тұрпатындағы тас жаңқалары жинастырылған. Ол орын Жаужүрек деп белгіленген. Қ.Спатаев атындағы және Октябрь (қазіргі Қарақұм ауылы - Д.Б.) кеңшарлары шекарасындағы Шаян өзенінің палеозой конгломераттарынан палеолит дәуіріне жататын от орындары анықталған. Халцедоннан дайындалған одан алынған бұйымдар

саны - 29 дана. Жалпақсу-3 заттары да осы жердің материалдарына ұқсас. Дегенмен, кейбір бұйымдардың суреттелуі болмаса, олардың жалпы саны туралы мәлімет жоқ. Шағалысай өзеніндегі Дарбаза - Құдық - Шағалысай орындарынан шыққан негізгі заттар ұсақ тас жаңқалары мен қабыршақтары, бір үшбұрышты симметриялы сүйірүш. Ал Оңтүстік Қазақстандағы Алғабас (қазіргі Бәйдібек - ДБ.) ауданындағы Жүзімдік ауылынан 11 шақырым түстікте, Арыстанды өзенінің оң жағасынан шыққан 13 төменгі палеолит тас жаңқаларында шағылып алынған жарықшак іздері бар. Археологиялық әдебиеттерде Жүзімдік-Арыстанды деп аталатын бұл орыннан табылған тас жаңқалар тұрпатын (формасын) тікбұрышты, сопақша және үшбұрышты деп бөлуге болады.

Кейінгі палеолитке Жаңатас қаласының оңтүстік шығысындағы Жаңатас-3 және Жамбыл (Тараз - Д.Б.) қаласынан 50 шақырым батыста орналасқан Майтөбе орындары жатады. Екеуінен де теріс-призмалық өзектастар мен олардың жарықшақтары, тас жаңқалары, тас тіліктері жиналған. Материалдары типологиялық жағынан Бүркітті өзені маңындағы Көктас тұрағының құрал-саймандарына жақын. Шикізат көзі ретінде де қызғыш халцедон пайдаланылған [85].

Жалпы алғанда, Х.А.Алпысбаевтың ғылыми ізденістерін қорытындылайтын болсақ, ол Қазақстан жеріндегі ежелгі адам бұдан шамамен 800 мың жылдай бұрын мекендеген дейтін тұжырымға келеді. Оның жинаған материалдары, ғылыми пікірлері Евразия тас ғасыры мәдениеттерінің бел ортасынан орын алары анық. Зерттеуші ғылыми жұмыстарында еліміздің жерінен ашылған объектілер материалдары Еуразия және Африкадағы Олдувей, Магадевия, Соан мәдениеттерімен бір уақытта болғандығын көрсетті. Ғалымның өз ойын негіздеуге арналған бұған қатысты ғылыми еңбектерінде жетерлік [86; 87; 88; 89; 90; 91; 92; 93]. Оның дүниеден ерте кетуіне байланысты ғылыми мұрасын жүйелеу, экспедициялық ғылыми есептерін жариялау және де барлық пайымдауларын кешенді түрде зерттеу қажет деп санаймыз.

Артында өшпес мұра қалдырған Х.А.Алпысбаев Қаратау тас ғасырының көптеген проблемаларын айқындап беріп кетті. Зерттеуші тапқан Бөріқазған, Тәңірқазған сынды бүкіл әлемге

танымал ескерткіштер қатары соңғы жылдардағы ізденістер нәтижесінде көбеюде [94]. Қазіргі таңда ол барлау жүргізген Соркөл [95], Үшбас [86], т.б. ескерткіштер жайлы мәліметтер толықтырылып жатыр. Ж.Қ.Таймағамбетов, О.А.Артюхова, В.Ф.Зайберт, Б.Ж.Аубекеров, В.С.Волошин, Ғ.Т.Бексейітов, Ғ.Т.Исқаков және басқа ла отандық археологтар еңбектерінде бұрын Хасан Алпысбаев бастаған тас дәуірінің ғылыми ізденіс көші бүгінгі күні өзінің ерекше жалғасын табуда. Әсіресе Қазақстан - Ресей біріккен археологиялық кешенді экспедициясы жоғары деңгейде республика аумағында жұмыс жүргізуде. Экспедиция 1992 жылы Ресей Ғылым академиясының Сібір бөлімшесінің (Новосібір) Археология және этнография институты мен ҚР ҒА Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті археология және этнология кафедрасы (2000 жылдан бері) негізінде құрылған болатын. Экспедиция отрядтары 2003 жылға дейін Қазақстанның түрлі аудандарында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданды. Оның басшысы - академик А.П.Деревянко. Қазақстан жағынан отрядқа Ж.Қ.Таймағамбетов жетекшілік етті. Экспедиция Қаратаудан плейстоцен, голоцен дәуірлерінің бірқатар ескерткіштерін зерттеді. Олар зерттеген объектілер арасынан әсіресе Қошқорған-1, 2, Шоктас-1, 2, 3 (Түркістан маңы) травертиналық ескерткіштері әлемге танымал болып отыр. Мұндай ескерткіштер Еуропада, Қытайда, Жапонияда бұрыннан мәлім. Біздің елімізде тұңғыш рет ашылып, зерттеліп отыр. Аталмыш ескерткіштер материалдарына қатысты бірқатар іргелі еңбектер, ғылыми мақалалар жарияланды. Қошқорған кешені геолог, палеозоолог т.б. мамандар тарапынан азды-кемді қарастырылған. Ал Қошқорған тас құралдарын алғаш тауып зерттеген археолог О.А.Артюхова [96] еді. Ол 1986 жылы қазба нәтижесінде алынған артефактылардың көлемі кіші екендігін ескеріп «шағын индустрия» деп ажыратып көрсетуге тырысты. О.А.Артюхова тереңдігі 4 м, ауданы 2х1 м тікқазбадан ірі жануарлар сүйектерімен бірге 2219 дана палеолит құралдарын жинастырады. Мұнда Ф.Борд саралаған құралдардың 48 түрі кездеседі. Олар зерттеуші пікірінше былайша топталады: левалдуалық -12,5%; мустьелік- 53,3%; кейінгі палеолит-2,6%; тісті (зубчатая - 6,5%. Қырғыштар басқаларына карағанда көбірек

ұшырасады. Технологиялық, типологиялық көрсеткіштер негізінде Қошқорған мустье дәуіріне жатқызылады. Ал коллекцияның келесі бір бөлігін кейінірек ғылыми талдаудан В.С.Волошин [97] өткізеді де, О.А.Артюхова тұжырымдарының дұрыстығын мақұлдайды.

Қазақстан-Ресей біріккен археологиялық экспедициясы көптеген басқа сала мамандарын (геолог, палеонтолог, палинолог, палеопедолог, гидролог) дала жұмыстарына тарта отырып 1993-2000 жылдары Түркістан төңірегіндегі Қошқорғанда. Қошқорған-2 және Шоқтас-1, 2, 3 ескерткіштерінде кең көлемді археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді [98; 99; 100; 101; 102; 103; 104; 105; 106; 107; 108; 109]. Нәтижесінде ерте плейстоцен кезіндегі бұл өңірдің палеогеографиялық жағдайы қайта жаңғыртылды. Кешендер материалдарына техникалық-типологиялық сипаттама жасалып, Еуразия ежелгі палеолитінің шағын индустриясындағы осы ескерткіштер орны анықталды. Қоныстарға немесе тұрақ-шеберханаларға тән техникалық-типологиялық ерекшеліктері (Қошқорған-1, Шоқтас-1) мұндағы қошқорған-шоқтастық ежелгі палеолит шағын индустриясын жеке бөліп қарастыруға мүмкіндік берді. оның негізгі белгісі - бұйымдар көлемінің шығындығы (орташа көлемі - 3 - 5 см). Артефактыларды дайындауда негізінен кішігірім жұмыртастар пайдаланылуы бұл кешенде өзіндік технологиялық дәстүр болғандығын көрсететін секілді. Ежелгі адам еңбек құралдары төменгі плейстоцен кезінде өмір сүрген хайуанаттар сүйектерімен бірге травертиналарда қатып-семіп жатыр. Сондықтан да мұндай ескерткіш материалдары ежелгі адам баласының өміріндегі аңшылық, күнделікті тіршілік үшін дайындалған еңбек құралдарының эволюциялық дамуын көрсететіндіктен, отандық палеолиттануда зор маңызы бар. Қошқорған-1-де 1993 - 1994 жылдары 3436 дана артефактылар жиналған. Негізі шикізат көзі - кварц [102]. Одан дайындалған құрал саны - 1564 дана (46%). 1631 дана жарқыншақтар мен олардың қалдықтарын, жұмыстар мен олардың сынықтарын, тас кабыршақтарын қоспағанда алғашқы жарықшақтанумен 1805 бұйым сипатталынады. Өзектас секілді бұйымдар -191, еңбек құралдарының жиынтығы - 428 дана. Ал 1997 жылы жинастырылған коллекцияда 226 дана артефакт бар. Алғашқы

жаңқалануға 152 артефакт жатқызылып, бәрі ғылыми талдаудан өткен. Өзектас секілді бұйымдар - 33, құралдар жиынтығы - 19 дана. Жалпы, бұл объектіден жинастырылған барлығы 5144 артефакт ғылыми ой елегінен өткізілген. Қалғандарына (жарықшак, сынықтар, кабыршак. 1 см-ден кіші тас жаңқалары) талдау ісі кең көлемде жүргізіле қойған жоқ [104].

Қошқорған-2 ескерткіші Қошқорған-1 ескерткішінен 2,4 шақырым солтүстік-шығыста орналасқан. 1997-1998 жылдары алынған материалдар саны - 44, олардың 26 данасы қазба кезінде алынса, 18-і жер бетінен жиналған. 1999 жылы 13 дана ғана қосымша артефакт алынады [110]. Археологиялық қазба жұмыстары травертинаның сыртынан жүргізіледі. Зерттеушілер екі ескерткіш материалдарын, яғни травертина ішкі жағы мен сыртынан алынған коллекцияларды бір-бірімен салыстыра зерделеді [110]. Әрі бұл нысандардың хронологиясын нақтылауға мүмкіндік жасалды. Түрлі геологиялық қиындылардан алынған артефактылар ескерткіш мерзімділік ауқымын көрсетіп қана қоймай, мұнда ежелгі адамның бірнеше рет мекендегенін де айғақтайды.

Шоктас-1 материалдарының мерзімі Қошқорған ескерткіштерімен ұқсас. Ол Қошқорған ауылынан 12,7 шақырым солтүстік-шығыста орналасқан. Басқа травертиндік нысандарға (объектілерге) қарағанда қазба жұмысының ұзақ жүруі, мұндай ескерткіштерге қатысты көптеген проблемаларды шешуге жағдай жасады. Мәдени қалдықтарды өз құрамында сақтаған травертиндер екі түрге - литоид (төменгі), дендрит (жоғарғы) болып бөлінеді. Қошқорған мен Шоктас травертин шөгінділерінің қалыптасуында бес кезең анықталған. ЭПР әдісімен алынған алты дата: бұдан бұрынғы 500х70 мыңжылдықтар мен 40х12 мыңжылдықтар аралығында [28]. Сүйек қалдықтарының датасы: бұдан бұрынғы 501х23, 487х20, 470х35, 427х48 мыңжылдықтар. Шоктас 1-де ені 1,5 м, ұзындығы 5 м траншея қазылып, травертиндік дөңгелектің ішкі-сыртқы жақтары қамтылады. 2000 жылы бұл траншея солтүстік шығысқа қарай (ені 2 м) 11 м-ге ұзартылады. 3,1 м тереңдіктен су шыққан соң жұмыс тоқтатылады. Алынған материалдар бұрынғы мәліметтерге еш өзгеріс әкелген жоқ. Сондай-ақ 5 жерден түрлі көлемде тікқазба түсірілген. Шартты түрде бөлінген мәдени қабаттардан

алынған №1 коллекцияда-410 дана, №2 коллекцияда - 1928 дана, №3 коллекцияда - 1479 дана, №4 коллекцияда - 336 дана, №5 коллекцияда- 280 дана, №6 коллекцияда 14 дана артефактылар бар. Олар техникалық-типологиялық жағынан Қошқорған бұйымдарына жақын [110].

Осы ескерткіштен 800 м түстікте Шоқтас-2 орналасқан. Жер бетінен 178 дана артефактылар жиналған. Шикізат көзінің үлес салмағы, алғашқы жаңқалану мен құралдар жиынтығының пайыздары жоғарыдағы ескерткіштер материалдарына, әсіресе №2 коллекцияға ұқсас. Бұдан 1,44 шақырым солтүстікте жатқан Шоқтас-3 материалдары (155 дана) да осы №2 коллекциямен сәйкес келеді [28]. 2004 жылдан бастап Қошқорған - Шоқтас кешендері Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша қайта зерттеле бастады. Онда қазба жұмыстарын жүргізіп жатқан Қазақстан тас ғасырын зерттеумен шұғылданатын археологиялық экспедиция (жетекшісі Ж.Қ. Таймағамбетов). Нәтижесінде бірнеше жүз тас бұйымдары алынды. Бұрынғы тұжырымдар нақтыланды.

Бұл ескерткіштердің айқын немесе әрқилы бейнелі деректері Қазақстандағы палеолит мәдениеті эволюциясын түсінуге, осы өңірде тіршілік еткен ежелгі тұрғындардың шаруашылық жүйелерін қалпына келтіруге көп жәрдемін тигізді. Ескерткіштердің бірінші ерекшелігі сыртқы құрылысында болса, екіншісі тас құралдарының жасалу әдісінде (шағын индустрия). Осы экспедиция зерттеген өзінің маңыздылығы жағынан жоғарыдағы ескерткіштерден кем түспейтін палеолиттік тұрғын жайдың бірі - Қызылтау-1. Ол Қаратау қаласынан солтүстікке қарай 20-22 шақырым жерде орналасқан [94; 111]. 1994 - 1996 жылдары зерттеу барысында алынған құралдар саны 17,5 мың данаға жуық. Олардың бес мыңы сол жерде ғылыми талдаудан өткен. Бұдан басқа бірнеше орындар белгіленгенімен, материалдары әлі жарияланған жоқ. Қызылтау-1 материалдары алғашқы жаңқалану мен құралдар жиынтығы секілді екі негізгі белгілері бойынша ең алдымен Бөріқазған, Тәңірқазған ескерткіштеріне ұқсас болып келеді. Дефляциясына қарай құралдар индустриясын өте қатты, орташа, әлсіз (дефляциялы) түскен деп үш топқа жіктеуге болады. Мұндағы құралдардағы алғашқы жаңқалану леваллуа технологиясымен сипатталынады.

Экспедицияның барлау отряды Шудың орта ағысындағы Тас-өткел су қоймасын зерттеу барысында 70 м-дей жазықтықтан 45 дана тас құралдарын теріп алады [112]. Олар: алғытұрпат (преформа) - 5 дана, өзектас - 5 дана, өзектас секілді тұрпат — 1 дана, жарықшақты жұмыртас - 1 дана, dejetе сияқты құрал - 1 дана, кырғыш - 3 дана, ойық ізді құрал - 1 дана, леваллуа үшкірі - 2 дана, түзетілген тас тілігі - 1 дана, тас жаңқа - 24 дана, кішігірім тас тілікшенің медиаль бөлігі - 1 дана. Dejete түріндегі қарулар Алтай ескерткіштерінде көп кездеседі. Соған қарап зерттеушілер Тасөткел коллекциясын осы мәдени-тарихи өңірдегі стратиграфиялы тұрақ материалдарына ұқсас деп табады да, алынған құралдарды кейінгі мустье уақытына жатқызды.

Сонымен Қаратау өңірінің палеолит жөніндегі зерттеу жұмыстарын қорытындылай келе айтарымыз, аймақ соңғы 50 жылда ғана зерттелді. Арасында үзілістер көп болып тұрды. Айта кету керек палеолит дәуіріне қатысты көптеген проблемаларды шешуге осы уақытқа дейін жиналған тас құралдары жеткілікті. Әсіресе республика палеолитін кезеңдеу мен хронологиясын жасауда біршама жұмыстар жүргізілген. Бұл Мәселелер жөніндегі ғалымдар пайымдауларына келесі параграфта кеңінен тоқталып өтпекпіз. Айта кететін бір жайт, мустье кешендерінің материалдары басқа дәуірлерге қарағанда бұл өңірде өте көп ұшырасады.

Республикада мустье сипатын археологиялық қазба деректері негізінде нақтылаған зерттеушілердің бірі - О.А.Артюхова. Ол мустье нұсқалары жайлы мынадай ой өрбітеді: «Қазақстан мустьесі төмендегідей нұсқалардан (мәдениет, фация) тұрады: мустье леваллуа (Ақтоғай); типті мустье (Қошқорған); мустье-соан (Мұзбел); тісті (зубчатое) мустье; леваллуа фациясындағы (нұсқасындағы) ашель дәстүрі сақталған мустье (Сары-Арқа өңіріндегі ескерткіштер)» [113]. Мустьемен қатар Қазақстанда леваллуа-ашель мәдениеті байқалатындығы да айтылады.

Отандық палеолит кешендерінің, әсіресе кейінгі палеолит хронологиясын анықтау - күрделі Мәселелердің бірі болып табылады. Оны шешуге біріншіден - өлкеміздің жеріндегі тас дәуірі объектілерінің әлі тыңғылықты зерттелмеуі, екіншіден - тас артефактыларының жер бетінде ашық жатуы, үшіншіден - геоморфологиялық жағдайды талдауға геологтардың өз

араларындағы пікірлерінің алшақтығы кедергі болып отыр. Қазақстан палеолит музейіндегі тас құралдар қорымен танысу барысында біз Қаратаудағы (Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тұрақ, Қызылрысбек, Байқадам, т.б.), Солтүстік Балқаш төңірегіндегі (Хантау, Жамбыл, т.б.) ескерткіш материалдарында кейінгі палеолитке жататын дефляциялы қарулардың басқаларына қарағанда басым екендігін байқадық.

Қаратау аймағын зерттеушілердің алдында тұрған міндеттердің бірі - регионда шоғырланған ескерткіштер орналасуын шағын аудандарға бөлу арқылы ескірткіштердің негізгі жеке және ортақ ерекшеліктерін айқындай түсу. Мұны жасауға алғашқыда Х.А. Алпысбаев талпынған еді. Зерттеуші Қаржантау мен Қараоба өңірін жеке мәдени шағын аумаққа бөлгісі келді. Алынған мағлұматтар іргелес өңір материалдарымен байланыстырыла қарастырылған еді. Мұндай шаруа еңбек құралдарының тек типологиялық-техникалық белгілеріне ғана емес кешендік зерделеулерге негізделуі керек. Яғни, қарулардың қолданыстағы қызметін, экологиялық жағдай, алғашқыда тандап алынған материалдардың тас құралдар тұрпатына тигізген әсерін, тас құралдарының сапасын, тұрақ сипатын, егер бірнеше мәдени қабатты ескерткіш болса, онда әр мәдени қабатының индустриясын бөліп көрсеткен жөн.

Қаратаудан кейін маңызы жағынан ғалымдар (А.Г.Медоев) назарына іліккен Каспий теңізі мен Үстірт аралығындағы Маңғыстау болып табылады. Өлке солтүстігінде Комсомол шығанағымен және Өлі Қолтық сорымен, оңтүстігінде Қарабұғазкөл шығанағымен шектесіп жатыр. Түбектің орталығындағы Маңғыстау таулары Ақтау және Қаратау жоталарына бөлінеді. Жоталар пермь, юра, триас және бор дәуірлерінің құмтас, бор жыныстарынан түзілген. Мұндағы көптеген құрғақ ойыстар Маңғыстау жер бедерін күрделендіре түседі. Өңірдің тас ғасыры туралы А.Г.Медоев 1967 жылы 7 мамырда КСРО ҒА Сібір бөлімінің тарих, филология және философия институты Археология секторы кеңейтілген мәжілісінде өзі теріп алған тас индустриясы үлгілерін көрсете отырып баяндама жасап, кемшіліктің ықпалын аймақ тас дәуіріне аударған болатын.

Аймақта А.Г.Медоев 1966-1969 жылдары кептеген объектілер ашып, зерттеді. Бір өкініштісі солардың ешқайсысы да толығымен

жарияланған жоқ. Қазіргі таңда А.Г.Медоев пен оның ширектік геология мен геоморфология секторындағы әріптестері 1960-1979 жылдар аралығында жинаған (Қазақстанның әр түкпірінен) 200 мың тас кұралдары, әсіресе Маңғыстаудан алынған заттар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археология лабораториясында жинақталған. Оларды зерттеу болашақтың еншісіне қалып отыр.

1967 - 1969 жылдары КСРО ҒА Ленинград бөлімшесі Археология институтының Астрахань экспедициясы (жетекшісі - А.Н.Мелентьев) Батыс Қазақстанда археологиялық ескерткіштерге барлау жүргізеді [114]. Экспедиция Маңғыстаудан, дәлірек айтсақ, осы өңірдегі Түйесу құмдарының оңтүстік жиегінен Сенек ауылының жанынан жоғарғы палеолит уақытының тұрағын ашты. Мұнда шақпақтастан дайындалған тас тіліктері, өзектастар мен бұйымдар, тас жаңқалары табылды.

Одан кейін 1985 жылы Маңғыстау тарихи-өлкетану мұражайы мен Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих. археология және этнография институтының тас ғасыры ескерткіштерін зерттеу отряды (жетекшісі - Ж.Қ.Таймағамбетов) Сарыташ шығанағы төңірегінен палеолиттік Өнежек-1, 2 тұрақтарын ашты [115]. Ауданда шақпақтас жыныстары көп ұшырасады. Ескерткіштен жиналған материалдар типологиялық жағынан әркелкі болып келеді. Топтама арасында өзектастар мен олардың тұрпат-дайындамасы (заготовка), симметриялық тас тіліктері бар [22, 38]. Екінші рет өңделген бұйымдар аз. Ж.Қ.Таймағамбетовтің бұл өңірде жүргізген жұмыстары А.Г.Медоевтың ерте тас дәуіріне қатысты пайымдауларын айқындай түсті. Өнежек кешендерінен алынған тас жаңқасынан жасалған кливерлер, колундар олдувай мәдениетімен үндеседі. Бұл Қазақстан аумағы, оның ішінде Маңғыстау жері Ескі Дүниеге кіретіндігін тағы да дәлелдей түседі.

1998 жылы Қазақстан-Ресей біріккен археологиялық экспедициясы Маңғыстауда археологиялық жұмыстар жүргізді. Барлау кезінде артефактылары жер бетінде ашық жатқан 6 палеолиттік орын белгіленді. Бұл орындардан алынған коллекциядағы материалдар морфологиялық нышандары бойынша әркелкі. Кешендерде бифас секілді өңделген бұйымдар да бар. 1999 жылы осы экспедиция Маңғыстауды Үстірттен

беліп тұрған ойыста, Үстірттің бағыс кертпешінде, Бостан құмдарында, Құланды кертпешінде, Қарашек тұзды көлі территориясында жұмыс жүргізу нәтижесінде 11 жаңа палеолит орындарын ашты [116]. Зерттеушілер көл маңындағы 9-шы және 13-пункттерді болашақта жүргізілетін қазба жұмыстарындағы маңызы зор орындар деп есептеп отыр.

Кезінде А.Г.Медоев Маңғыстауда адам баласы кейінгі плиоценде өмір сүрді деген пікір айтқан. Ғалым Маңғыстаудағы тас ғасыры мәдениеттерін былайша бір ізге салды: протолеваллуа-ашель, леваллуа-ашель-1, 2, шақбақата-1 (кейінгі палеолит), шақ-бақата-2 (эпипалеолит), шағын қалақшалы неолит индустриясы [117]. Оның тұжырымы кейінгі зерттеушілер тарапынан одан әрі дамытылды [62]. Археолог өз пайымдауларын геология, геоморфология, неотектоника, палеогеография, топография мағлұматтарына сай ұштастырғандықтан, зерттеушінің соны пікірлері әлі өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Маңғыстаумен шекаралас жатқан Үстіртте плейстоценге қарағанда ерте голоцен дәуірінің ескерткіштеріне бай. Неолиттен бастап кейінгі ортағасырлар ескерткіштерін осында өткен ғасыр ортасында С.П.Толстов басқарған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы ұзақ уақыт бойы зерттегені белгілі. Мұнда кейінірек Е.Бижанов палеолит ескерткіштерін ашып, зерттеген. Н.З.Настюков пен Н.Д.Праслов Үстірттің батыс бөлігінен ерте және орта голоцендік бірнеше тұрақтар (1970 жылдары) ашты. Арасындағы Қызылсай ылдиынан 42 шақырым солтүстік-шығыстағы Қарын-Жарық орнынан [118] зерттеушілер мустьелік тас жаңқаларын, бифас, екі жағы өңделген құралдар жинаған. Көлемі 50x40 м алаңқайдан 500 данаға жуық еңбек құралдары шыққан. Коллекциядағы нобайы призма тәрізді тас тіліктеріне және өзектастар сынықтарына қарап ғалымдар тұрақты кейінгі палеолитке жатқызды. Біздің ойымызша бұл нысан тиянақты түрде зерттелмеген сияқты. Өлкедегі оның орны, құралдардың үлес салмағы, қоршаған орта сипаты, т.б. Мәселелер нақты анықталмағандығы байқалады.

Үстірттің шығыс Шетінде, Тұран ойпатының шөлді белдеуіндегі Арал теңізі көне замандардан белгілі. Оған түрлі дәуірге жататын археологиялық ескерткіштер, антикалық заман авторларының жазбалары дәлел бола алады. Соңғы жылдардағы

ізденістер Арал ойысы жоғарғы плиоценде жер қыртысының төменге майысу нәтижесінде қалыптасқанын көрсетіп отыр. XIX ғасыр ортасынан бастап ғылыми тұрғыдан зерттеле бастағанына қарамай, ұзақ уақыттар бойы Арал теңізі голоцен дәуірінде пайда болған деген пайымдау үстем болды [119]. С.П.Толстов басқарған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедиция мүшелерінің зерттеулері неолиттен ары аса алмаған еді. Экспедиция материалдарына сүйенген геолог, геоморфолог, географ мамандар Әмудария мен Сырдарияның ежелгі арналарын тапса да, Аралдың ежелгі дәуіріне қатысты салыхалы қорытындылар жасай алған жоқ.

Сондықтан да О.А.Артюхованың «Солтүстік-Шығыс Арал маңындағы палеолиттік тұрақ-шеберханалар» баяндамасы - ҚазКСР Географиялық қоғамының 1985 жылы болған II съезінде және 1986 жылы Кишинев қаласында өткен VI Бүкілодақтық ширектік кезеңді зерттеуге арналған жиында ғалымдар тарапынан сын көзбен, сенімсіз түрде қарсы алынды [120]. Ғалым өз баяндамасын ҚазКСР ҒА ГҒИ қызметкерлері Б.Ж.Аубекеровтің Арал қаласы маңынан, Ж.М.Кулумбаевтың Кіші Борсықты құмдарынан 1979 жылы тапқан материалдарына және де 1983-1984 жылдары Д.П.Позднышеваның, өзінің, А.А.Словарьдың Арал қаласы, Ағеспе ауылы, Аққыр төбешігі төңірегінен ұшырастырған палеолит орындарына негіздеген еді. Баяндамасы күмәнмен тыңдалып, талқыланғаннан соң О.А.Артюхова ұзақ уақыт Арал палеолиті мәселесін қайта көтерген жоқ.

1998 - 1999 жылдары Қазақстан - Ресей - Өзбекстан археологиялық экспедициясы (басшысы - А.П.Деревянко) Орталық Азияның біраз бөлігінен палеолит ескерткіштерін іздестірді. Жұмыс барысында экспедиция Аралдың солтүстігінен бірнеше жерден палеолит ескерткіштерін ашты [121]. Алғашқы жылы Бутаков шығанағының шығысынан, Аққұдық жанынан екі палеолит (Арал-1, 2) орны анықталды. Бұл ескерткіштердегі шикізат көзі - ақшыл-сұр құмтас болып табылады. Алынған материалдар мустье дәуірімен мерзімделген. Келесі жылы Сырдарияның солтүстігін бойлай жүріп, Қамыслыбас (Қамыстыбас) көлінің солтүстігінен бес жерден (Арал-4-8) палеолиттің түрлі дәуірлеріне жататын орындар белгіленді. Арал-

б орнынан ашельдік бифас сынығының табылуы археологтарға жұмыстарын одан ары құлшына жалғастыруға мүмкіндік берді. Сөйтіп, Арал-2-ден 12 шақырым оңтүстікке қарай Арал А, В, С пункттері ашылады. Бифас бұйымдары Арал А-дан көбірек шыққан. Археологтар Аралда көп мәдени-қабатты объектілер де бар деп жобалап отыр.

Экспедицияның аталмыш өңірдегі ғылыми жұмыс нәтижелерін қорытындыласақ, Арал өңірін ежелгі адам баласы плейстоценде мекен еткен деуге болады. Бірақ авторлар тас құралдарының саны, қоршаған орта туралы нақты мәліметтер бермей, басты-басты артефактыларды ғана сипаттаумен шектелген. Экспедиция материалдары Арал теңізі голоценде қалыптасқан деген стереотипті түбегейлі бұзды да, аталмыш өлкені Қазақстан палеолит мәдениетінің таралу кеңістіктері қатарына қосты. Республиканың басқа өңірлерінен де осы тұрақтар материалдарына ұқсас заттар табылып отыр [122].

Оған дейін Үстірт палеолиті және Арал теңізінің голоценге дейінгі геологиялық тарихы жөніндегі еңбектер жарияланған болатын [123].

Осы жұмыстардан кейін ғана О.А.Артюхова өткен ғасырдың 70-80-ші жылдарында теріліп алынған материалдарды толыққанды жариялай бастады. Енді осы объектілерге тоқталып өтелік.

Арал-1-3 тұрақ-шеберханаларында ежелгі бұйымдарға қарағанда кейінгі палеолит тұрпаттары басым [124]. О.А.Артюхова тек техникалық-типологиялық жағынан ғана Арал-3 орнын - ежелгі, Арал-2 - кейінгі және ежелгі (аздап неолит дәуірінің бұйымдары қамтылған), Арал-1-де ежелгі палеолит бұйымдары басымырақ деп есептейді. Оларға қатысты негізгі археологиялық талаптардың жүргізілмеуі дәуірлеу, хронология секілді Мәселелерді ашып беруді қиындатуда. Зерттеуші коллекцияларды кезінде А.Г. Медоев көріп, леваллуа-ашельге жатқызды деп жазады. Бірақ Арал-1-3 кешендерінің басқа аймақтардағы ашельдік немесе мустьелік ескерткіштермен өзара байланыстылығы анықталмаған.

Осындай жайттарды Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 180 шақырым жерде орналасқан Акқыр-1, 2, 3, 4 тұрақ-шеберханаларынан да байқаймыз [125; 126]. Топтамаға

техникалық-типологиялық талдау жасаған О.А.Артюхова объектілердің бәрін ежелгі палеолитпен мерзімдейді.

Жалпы алғанда, Арал аймағындағы палеолит орындарында археологиялық жұмыстар енді ғана басталып, деректік қор шоғырлануда. Келешектегі ізденістер ең алдымен Арал теңізінің ерте плейстоцендегі жиегінде немесе ежелгі жағасында жүргізілуі керек. Әрине оны дәл таба қою оңай шаруа емес. Ширектік дәуірдің әр кезеңінде теңіз суы әрқелкі болып тұрса керек. Соңғы плейстоцендік мұздық уақытында Арал қазаншұңқыры қазіргіге қарағанда әлдеқайда үлкен болған сияқты. Оны көптеген мустье дәуіріне және кейінгі палеолитке жататын ескерткіштер де нақтылай түседі. Арал палеолиті әсіресе теңіздің батыс жағалауында және шығыс Үстіртте көп шоғырланғандығы мәлім [122]. Палеолит ескерткіштері көбіне денудациялы және денудациялы-эрозиялық биік террасалардан табылған. Мұның өзі қазіргі уақытта шөлге айналған бірқатар аумақты су басып жатқандығын көрсетеді. Болашақтағы ізденістерде осы жайтты ескеріп отырған жөн.

Аралдың солтүстік тұсында тағы бір палеолит мәдениеттері көп табылған аймақ бар. Ол - Оралдың жалғасы болып табылатын, оңтүстік және солтүстік бөліктерге бөлінетін Мұғалжар таулары. Тау жыныстарының петрографиялық құрамы әрқелкі. Өңірде шөгінді шакпактас жыныстары мен судың (Ембі, Ырғыз, Орал, Ор, т.б.) мол болуы ежелгі адамға тұз аңдарын аулауда дұрыс жағдай туғызған болса керек.

Мұғалжар палеолиті Б.Ж.Аубекеров (1979 жылы), одан кейін (1999-2001 жылдардағы) Қазақстан - Ресей біріккен археологиялық экспедициясының ізденістерінен соң ғылыми айналымға толыққанды енгізілді. Мұнда Ембі өзені алабынан палеолит дәуірінің түрлі кезеңдеріне жататын 40 шақты орындар анықталды да, ежелгі адам тас индустриясына қатысты көптеген мәліметтер алынды. Алғашқы жылы (1999) барлау кезінде Мұғалжар-1-6 ескерткіштері ашылып, зерттелді [127]. Көбі Ембі ауылының төңірегінде орналасқан. Ескерткіштерден екі жағы өңделген бұйымдар, шапқылар, ұзынша келген бифастар, қырғыштар жиналды. Бұйымдары ең аз орын - Мұғалжар-2 (16 дана), ең көп ескерткіш - Мұғалжар-4 (295 дана). Соңғысында құралдар саны көп болғандықтан зерттеушілер оны қоныс деп

анықтап отыр. Келесі жылы 30 шақты ескерткіш (Мұғалжар 7-30) зерттелген [128]. Жалпылама түрде алғанда, 1999-2001 жылдар аралығында бұл экспедицияның отрядтары Мұғалжардан 59 ескерткіш орнын ашты [79]. Табылған ескерткіштердің басым бөлігі кейінгі палеолит дәуіріне жатады. Мұғалжар-31-59 соңғы жылғы барлау барысында анықталған. Ембінің жоғары ағысындағы бұл объектілерді ғылыми талдаудан өткізген ғалымдар барлық кезеңдердің (ерте-кейінгі палеолит) индустриясын бір даму жолымен жүрді деген қорытындыға келеді. Мұғалжар тас индустриясының кешендерін зерттеген ғалымдар оның Оңтүстік Қазақстан кешендерінен айырмасы бар деп есептейді. Ескерткіштер Солтүстік Балқаш (Семізбұғы) және Ертіс маңындағы (Қарасор, Күдайкөл) кешендерге ұқсас деп тұжырымдалды.

Әрине, Мұғалжар палеолиті жөнінде барлық мәліметтер біраз уақыт толық жарияланған жоқ. 2001 жылы Новосібір қаласынан Мұғалжар ашель кешендеріне арналған еңбек баспадан жарық көрді [27]. Онда алты объект тас құралдарына сипаттама берілген. Кітапта Орта Азия мен Қазақстан ерте палеолитінің төрт даму сызығы негізінде дәуірлеу проблемасы айтылады. Ол жолдар: а) қаратаулық жұмыртас (Оби-Мазар-6, Қаратау, Лахути); б) мөлтек индустриялы (Күлдара, Қошқорған, Шоқтас); в) тісті (Күлбұлақ, Селүнгір); г) бифасты мұғалжарлық ашель (Мұғалжар, Шақбақ-ата, Тәңірқазған, Бөріқазған). Авторлар пікірінше, соңғы жолдың бірнеше нұсқалары болуы да мүмкін [27, 30]. Кейіннен Мұғалжар археологиялық пункттерінің (31-59) материалдары біршама толыққанды ғылыми талдаудан өтті [8, 61-88]. Жинастырылған соңғы материалдар да ғалымдардың пайымдауының бұрынғы ойының дұрыстығын нақтылады. Бұл орындар негізінен шеберхана ретінде анықталды. Әйтсе де, кейбір ескерткіштердің нақты мерзімі коллекция аздығынан немесе құралдардың айқын еместігінен дәл анықтала қойған жоқ.

Қалай болғанда да, Мұғалжар палеолиті Торғай даласынан, Орал төңірегінен де ежелгі тас дәуірі ескерткіштерін көптеп табу мүмкіндігін айқындап беріп отыр. Бұл аймақтар палеолиті тек соңғы жылдары ғана бірлі-жарымды зерттеле бастады. Олар жөнінде төменде тоқтап кетеміз.

Қазақстан палеолиттануында Ертіс өңірі де айрықша орын алады. Қытайдағы моңғолдық Алтайдан бастау алатын бұл өзен алабы Алтай тауларының оңтүстік-батыс жағын, Тарбағатайдың солтүстік-батыс баурайын, Сарыарқаның бүкіл солтүстік-шығысын, Ресей жерінде Батыс Сібір жазығы мен Шығыс Орал етегін қамтиды. Өлкенің табиғи жағдайы ежелгі адамдарды ертеден-ақ қызықтырғандығына археологиялық ізденістер де дәлел бола алады.

Өткен ғасырдың алғашқы жартысында Қазақстан территориясында палеолит ескерткіштері бар ма деген сұрақ туындағанда, белгілі археолог Г.П.Сосновский [129] Ертіс аңғарынан кездейсоқ ұшырастырылған тас құралдарды алға тарта отырып, бұл өңірде археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет екендігін атап көрсетті. Ол 1928 жылы Ертіс-Аягөз су айрығынан Түркістан-Сібір темір жолын салу барысында 2 м тереңдіктен табылған өзектас (ұзындығы - 26 см, ені - 10,5 см) жайлы жаза келе, палеофауна қалдықтарына да баса назар аударды.

Г.П.Сосновский сөздерінің дәйекті екендігін Ертіс маңында XX ғасырдың 50-ші жылдары С.С.Черников басқарған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының жұмыстары да көрсетті. Ертісте Бұқтарма ГЭС-ін салу барысында жүргізілген жұмыстар нәтижесінде кейінгі голоцендік ескерткіштермен қатар палеолиттік Қанай, Свинчатка, Пещера, Новоникольское тұрақтары да ашылды [130; 131; 132]. Тас дәуірі ескерткіштерін іздестіруде Э.Р.Рыгдылон, И.И.Гохман, А.А.Крылова секілді экспедиция мүшелері көп жұмыс атқарды. Жоғарыдағы және басқа орындарда атқарылған жұмыс қорытындылары бірсыпыра жинақтарда, басылымдарда жарық көрді [85; 133]. Аталмыш экспедиция еліміздің тас ғасырын зерттеуге елеулі үлес қосты [22, 25]. А.А.Крылованың 1955 жылы ашқан Нарым ескерткіші де жоғарыдағы палеолит орындарына құралдары техникалық-типологиялық жағынан ұқсас болып келеді. Қазба кезінде (Пещера) Ертіс бойын мекендеген 15 түрлі жан-жануар (жылқы, бизон, архар, мамонт, мүйізтұмсық, құлан, жайран, т.б.) сүйектері анықталды. Экспедиция зерттеген кейбір ескерткіш орындарынан ежелгі адам еңбек құралдары аз кездеседі. Оларды суреттеуде жалпыламалық басым. Мәдени қабаттар археологиялық жұмыстар барысында нақты анықтала қоймаған.

Осы жұмыстардан кейін Ертіс өңіріндегі тас ғасыры біраз уақытқа дейін зерттелген жоқ. Ертістің сол жақ беткейін А.Г.Медоев алғаш рет жеке палеолит аймағы деп қарастырған еді. Бұл жер Сарыарқа даласына кіргенімен, табиғи жағдай мен табылған құралдар сипатына қарай біздіңше оны Ертіс өңіріне жатқызған дұрыс секілді. 1960 жылдар ортасында Б.Ж.Аубекеров Ертіс-Қарағанды каналы аймағындағы бірнеше орыннан 3000 мыңдай тас үлгілерін жинап алып А.Г.Медоевқа тапсырады. Бұйымдар А.Г.Медоев пікірінше ежелгі палеолиттен бастап қарасор (гиссар фациясы) мәдениеті аралығындағы мерзімдік шекті қамтиды. Ол Бігеу (64, 6, 36, 15, 2, 6, 57, 7, 14) және Керегетас (34, 3, 16, 62) сайларынан алынған (алғашқысынан - 207, кейінгісінен - 115 бұйым шыққан) үлгілерді «Стоянка-мастерская у озера Кудайколь» деген мақаласында талдап, басым бөлігін леваллуа-ашель мәдениетіне жатқызады [134]. Ал қалған материалдар сол күйі жарияланған жоқ. Соңғы еңбегінде А.Г.Медоев Қарасор көлі маңында шоғырланған пункттерге (7, 8, 11, 16, 23, 28) қарап палеолиттік «Қарасор мәдениетін» бөліп қарастырады [20, 27]. Екі көл төңірегінен теріліп алынған ежелгі өзектастар, бифастар, жарықшақтар төртінші террасадан, кейінгі дәуірлерге жататын бұйымдар төменгі террасалардан шығуына қарап А.Г.Медоев аталмыш мәдениеті бөлген еді. Бірақ тас құралдар эволюциясы мықты суреттелініп көрсетілмегендіктен, әрі онымен іргелес кешендер материалдарымен өзара байланыстылық мәселесі көтерілмегендіктен отандық палеолиттануда бұл мәдениеттің орны әлі анық емес күйде қалуда.

Осы жылдары М.Н.Клапчук Екібастұздан шығысқа қарай 60 шақырым биік төбедегі Тасқұдық-1 кейінгі палеолиттік шеберханасынан арасында дөңгелек өзектастар, 50 шақты жапырақ тәрізді құралдар, бірен-саран қырғыштар бар 500-дей бұйымды тауып жинастырды [135; 136]. Одан түстікке қарай 26 шақырым жерде Ангренсор-2 орны ашылды [136]. Алынған 1088 дана материал арасында түрлі өзектастар, тас жаңқалар, тас тілікшелер, жапырақ тәрізді құралдар, кескіштер, қырғыштар бар. Құрамында жоғарғы плейстоцен мен ерте голоцен дәуірлерінің материалдары кездеседі. М.Н.Клапчуктің шәкірті В.С.Волошин осы Ангренсор көлі маңынан 80-ші жылдар ортасында Ангренсор-3-7 ескерткіштерін ашты [137]. Археологиялық

әдебиеттерде олар туралы тиянақты ештеңе әлі айтылмай келеді. Алынған тас құралдарының нақты саны, негізгі ерекшеліктері, суреттемесі, сипаттамасы толыққанды жарияланбаған. В.С. Волошиннің кейбір мақалаларында олардың хронологиялық шегі ғана аталып отырады.

1977 жылы Ертістегі ФЭС құрылысына байланысты ҚазКСР ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты Шүлбі археологиялық экспедициясын ұйымдастырды. Экспедицияның палеолит отряды (жетекшісі Х.А.Алпысбаев) тас дәуірінің жиырмадай орындарын белгіледі [138]. Жұмыстар Шүлбі, Оба, Осиха, Қызылсу өзендерінің алаптарында жүргізілді. Тас ғасыры объектілерін ашуға отряд мүшесі Ж.Қ.Таймағамбетов те көп еңбек сіңірді. Ол кейінірек 1980-1983 жылдары осы аймақтан бірқатар тас ғасыры объектілерін тауып, жариялады [139; 140; 141]. Палеолиттен неолитке дейінгі уақыттарды қамтитын бірқатар объектілерде (Қарашат, Бодене-1, Азово, Қайыңды, Қызылсу, Арман, Қойтас, т.б.) қазба жұмыстары жеткілікті дәрежеде жүргізілген жоқ. Құралдар саны, сипаттары кейде тіпті айтылмайды [22, 34]. Мұны далалық ізденістердің жүйелі түрде атқарылмағандығымен түсіндіруге болады.

Есесіне Шүлбі тұрағынан 5000-нан астам тас бұйымдар алынды [142; 143; 144]. Екі мәдени қабаттан тұратын бұл нысаннан өзен малтатастарынан соғылған ошақ орындары аршылды. Шүлбі тұрағындағы тас индустриясының үш кешені Ертіс өзені аңғарында палеолит мәдениетінің бірқалыпты дамуын мустье дәуірінен бастап плейстоцен аяғы мен голоцен басына дейінгі кезеңді көрсетеді. Мұндағы мустье кешені 70 мың жылдан аспайды. Шүлбі кейінгі кешені 45-43 мың жылға, соңғы кешен (кейінгі плейстоцен немесе ерте голоцендік кешен) палеолит-мезолиттік заманға жатады. Қазіргі таңда бұл ескерткіш мейлінше толыққанды зерттелген тас ғасыры нысандарының бірі болып табылады.

Осы жылдары Павлодардан 60 шақырым шығысқа қарай Маралды көлі маңынан Маралды-1-2 орындарынан Л.Л.Гайдученко көптеген тас бұйымдар ұшырастырады да, материалдарға Ж.Қ.Таймағамбетов екеуі техникалық-типологиялық талдау жүргізіп «Палеолитические местонахождения на озере Маралды

в Северо-Восточном Казахстане» атты мақалада жариялады [145]. Зерттеушілер коллекцияны орта палеолит уақытына жатқыза отырып, төменгі палеолит техникасының белгілері де бар екендігін айтады [22, 35]. 1972 жылы Павлодар қаласында Ертіс жағалауындағы жырадан Л.Л.Гайдученко тас жаңқаларын, мамонттық фауна қалдықтарын тапқан болатын. Уақытында зерттелмегендіктен қазір бұл жерқұрылыс астында қалды. Сойтіп, Павлодар өңіріндегі Ертіс алабында палеолит ескерткіштері толық зерттелмей және алынған материалдар жарияланбай жатты. Осы олқылықтарды толықтыру мақсатында 1995 жылы Павлодар облыстық музейінің қызметкерлері В.К.Мерц пен А.Н.Селиверстов Ертіс маңайынан стратиграфиялы палеолит объектілерін іздестірді. Жұмыстары нәтижелі болып олар екі жерден жаңа палеолит орындарын ашты [146]. Алғашқысы - Жамбыл кеңшарынан солтүстік-батысқа қарай 2,5 шақырым жердегі Қаратерек сайынан табылды. Одан 9 тас қару шықты. Кейінгісі - Лебяжье ауылынан 3 шақырым түстікте орналасқан. Одан екі құрал және палеолиттік фауна қалдықтары шыққан. Зерттеушілер топырақ қабатына, фауна (ірі жылқы) қалдықтарына қарап бұл орындарды орта плейстоцен кезеңіне жатқызады. Авторлардың жинақтағы берілген мақаласындағы суреттер нашар салынған, әрі тұз аңдарының сүйек қалдықтарын арнайы білімі бар маман қарамаған, яғни қай жануардың сүйегі екендігі белгісіз.

Ертіс өңірінде ежелгі уақытқа жататын ескерткіштердің бірі Қозыбай. Ол Күршім ауданындағы Қаратоғай ауылының батыс жағында 2 шақырым жерде орналасқан. Тұрақты зерттеген Ж.Қ.Таймағамбетов өзектастар арасындағы көлемді леваллуа тасөзегін Қазақстанның өзге аймақтарындағы (Қаратау, Балқаш) ерте палеолиттік орындарынан да ұшырасады дейді [147, 26-27].

1989 жылы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының Новостроечная экспедициясының құрамындағы Павлодар археологиялық экспедициясының отряды (жетекшісі - В.К.Мерц) Екібастұз-18 тұрақ-шеберханасында зерттеу жұмыстарын жүргізеді [47, 10]. 1992 жылы осы Павлодар археологиялық экспедициясы Құдайкөл көлінің күнгей тұсынан 30-дан астам тас дәуірінің тұрақтарын ашқан [47, 12]. Олардың бірқатарының материалдары араға жылдар салынып, ой елегінен өткізіліп барып жариялайды.

Ендігібір кешен-Екібастұз-20. Оны 1990 жылы В.К. Мерцосы аттас көлден солтүстік-шығысқа қарай 1,5 шақырым жерден тапқан. Археологиялық әдебиеттерде Екібастұздың басқа да палеолиттік орындары айтылғанымен, көбі жариялана қойған жоқ. 1994 - 1996 жылдары қазба жүргізілген Екібастұз-20-да 350 шаршы м аршылып, В.К. Мерц материалдарға (мөлшері айтылмаған) талдау жасайды да, аталмыш объектіні тұрақ-шеберхана деп белгілейді [148]. Зерттеуші барлық бұйымдарды үш хронологиялық серияға бөледі. Біріншісі - ерте ашель (олар Құрама, Құдайкөл-1 материалдарына жақын); екіншісі - орта плейстоцен (Құдайкөл-2, Вишиевка 3-4, Мизар ескерткіштеріне ұқсас); үшіншісінің басқа орындармен тікелей ұқсастығы жоқ әрі тыңғылықты зерттелмеген. Тас құралдарын сипаттаудағы автордың зерттеу әдісіне В.С. Волошин ықпалы аңғарылады. Бірінші хронологиялық серия бұйымдарына Павлодар археологиялық экспедициясы ашқан жаңа Акбидайық-1-3 материалдары да ұқсас деген хабарлама айтылды. Әзірге аталмыш кешендер жайлы толыққанды мағлұмат жоқ.

1999 жылы біріккен Қазақстан-Ресей археологиялық экспедициясы еліміздің шығыс өңірінде археологиялық жұмыстар жүргізді. Зайсан көлі маңында, Бұқтарма мен Шұлбі және Шар су қоймалары төңірегіндегі ізденістер нәтижесінде бірқатар тас ғасыры объектілері ашылды [8; 149]. Бұқтарма шығыс жағалауындағы Большенарым мен Алтай ауылдарының аралығындағы 5 орыннан (Бұқтарма 1-5) аз көлемде болса да мустье тас құралдары табылды. Күршім өзенінің оң жақ сағасынан 10 дана тас зат шыққан. 1982-1983 жылдары қазба жұмысы жүргізілген Шұлбі жоғарғы палеолит тұрағынан қайтадан 71 бұйым теріліп алынды. Үбі өзені сағасы аймағындағы Шұлбі-2 тұрағынан жиналған тас жаңқалары онша анық емес. Оған қарағанда типологиялық талдау жүргізілген Шар-1 ескерткішінен жиылған артефактылар (125 дана) көлемі көп. Зайсан-1-3 орындарынан жинастырылған құралдарды зерттеушілер мустьеге дейінгі кезден, мустье және кейінгі палеолитпен мерзімдеген [149, 83].

Осы жылы экспедиция мүшелері Лениногор қаласы маңын зерттеу барысында, Быструха өзені аңғарындағы екі пункттен мустье дәуіріне жататын заттар ұшырастырған [150].

Алғашқысынан 27, кейінгісінен 14 бұйым алынды. Зерттеушілер бұл ескерткіштер материалдары Алтайдағы Денисов, Ануй-1-3, Кара-Бом, Кара-Тенеш секілді тұрақтар коллекциясымен арақатынысы бар деп есептейді [150, 88].

2001 жылы осы экспедиция Құдайкөл мен Қарасор көлдері жағалауында барлау жүргізіп, Құдайкөл-1-5 ескерткіштерін ашты [122]. Жинастырылған тас коллекция көлемі 30-50 шамасында. Оларды археологтар мерзімі жағынан кейінгі палеолиттен ары аспайды деп есептеп отыр. Құдайкөл-3-5 объектілеріндегі үлкен көлемді жарықшақтарға қарап, оларды өзектастар дайындалған шеберхана деп жорамалдайды [122, 97].

Сөзімізді қорытындылар болсақ, Ертіс өңірінің тас ғасырын зерттеуде үзілістер көп болды. Жұмыстар жүйелі түрде атқарылмай, бұл өлкедегі тас ғасырының көптеген проблемалары ұзақ уақыт шешілмей жатты. Өңір ескерткіштерін зерттеушілер тарапынан көбіне Алтай мен Сібір нысандарымен ғана байланыстыру белең алған. Тек Ж.Қ.Таймағамбетов қана Қозыбайды Қазақстанның басқа өлкелерімен (Қаратау, Балқаш маңы) қатысы бар тұрақ деп есеттейді. Кезінде А.Г. Медоев Ертістің сол жағалауындағы тас ғасырын былайша бір жүйеге салған: леваллуа-ашель-1; леваллуа-ашель-2; Құдайкөл-1, 2 (кейінгі палеолит); Құдайкөл-3 (кейінгі палеолиттің ақыры) [20, 35]. Ғалым тұжырымының дұрыстығын В.К. Мерц зерттеулері де көрсетіп отыр [47]. А.Г. Медоевтың бұл пайымдауы бүкіл Шығыс Қазақстанға жарайды. О.А. Артюхова, Б.Ж. Аубекеров, Ж.Қ. Таймағамбетов секілді ғалымдар осы пайымдау негізінде Шығыс Қазақстандағы мына ескерткіштерді атайды: а) Қозыбай; б) Қанай, Нарым, Бөдене-1; в) Қанай, Пещера, Свинчатка, Новоникольское. Хайрузовка, Шүлбі [151]. Жоғарғы Ертістегі бұл кешендердің хронологиясын, басқалармен арақатыстығын қазіргі кездегі ізденістермен дәл айту қиын. Оған жүйелі түрде археологиялық жұмыс жүргізілмеуі, өңірді әр жылдары зерттеген ғалымдар пікірлерінің іркелкілігі де себеп болуда деген ойдамыз.

Сарыарқа жері де археологиялық көне мұраларға бай. Ол солтүстігінде Батыс Сібір ойпатынан басталып, оңтүстікте Бетпақ-дала шөлді үстірті мен Балқаш көліне, батыста Торғай үстіртіне ұласады. Сарыарқаның шығыс шекарасы Балқаш

келінін солтүстігінен басталып, Тарбағатай бөктерлерін, Зайсан қазан шұңқырының шетін, Ертіс алабын басып өтеді. Осынау кең территорияда палеолит мәдениеті шоғырланған бірнеше аймақтар бар. Ертіс алабына жақын орналасқан тобына жоғарыда тоқталып өттік. Ендігі сөз етпегіміз палеолиттік ескерткіштер біршама көптеп табылған Балқаштың солтүстігі болып табылады.

Алғаш рет бұл өңірден 1950-1951 жылдары ҚазКСР ҒА ГҒИ қызметкерлері С.М.Бандалетов пен М.Ф.Никитин тас құралдар жинастырған еді. Екеуі Семізбұғы тауынан солтүстік-шығысқа қарай 10 шақырым жердегі Өлеңті өзенінің оң жағалауынан, сондай-ақ Павлодар облысындағы Күртөзек өзені және Целиноград (қазіргі Акмола - Д.Б.) облысындағы Қарасу өзені аңғарларынан теріп алған ежелгі еңбек құралдарын А.Г.Максимоваға тапсырады. Материалдарды караған ол коллекцияны Ново-Никольское, Пещера тұрақтарының коллекциясына ұқсас деп табады да, барлық орындарды жоғарғы палеолитпен дәуірлейді [152]. Қазақстанда малеолит дәуірі ескерткіштері ашылмай жатқан кезде ғалымның оларды шығыс өңірмен байланыстыруы занды құбылыс еді. Бірақ қазір ғалымдар (А.Г.Медоев, О.А.Артюхова, Ж.Қ.Таймағамбетов) Балқаш солтүстігіндегі тұрақ-шеберханалардың өзіндік ерекшеліктері бар екендігін айтуда.

1960 жылы Геология ғылымдары институтының геоморфология мен ширектік геология секторы және Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының Археология бөлімі бірігіп Солтүстік Балқаш экспедициясының (жетекшісі - Г.М.Козловский) құрамында палеолит отрядын (жетекшісі - А.Г.Медоев) жасақтады. Алғашқы жылы отряд Тұранға өзені аңғарында палеолит-неолит дәуірінің бірқатар орындарын ашты [153]. Геологтармен бірігіп жұмыс жүргізген бұл палеолит отряды тұңғыш рет өлке тарихының тамыры тереңде екендігін дәлелдеді. Келесі маусымда (1961 жылы) Т.Н.Жұрқашев, Б.Ж.Аубекеров, А.С.Сарсеков, Ш.З.Қауланбаев, Г.М.Козловский және басқа геологтар жәрдемімен жұмыс ауқымы кеңейтілді. Солтүстік Балқаштан басқа, көлдің солтүстік-батысында, Шыңғыс тауының жотасында атқарылған ғылыми

ізденістер нәтижесінде Орталық Қазақстан антропоген қалдықтары жайлы палеолиттанушы үшін де аса қажет біршама тың мағлұматтар алынды. Алғашқы мақалада жарияланған 5 орын және келесі жылғы материалдар маңыздылығы жағынан Қаратау жотасындағы ежелгі палеолиттік бұйымдардан кем түскен жок.

Семізбұғы тауындағы тұрақ-шеберханаларға А.Г. Медоев ерекше назар аударған. Ашық жатқан орындардан 10000-нан астам шақпақ тастан жасалған түрлі бұйымдар (шапқылар, бифастар, үшкір тас, тас жаңқалар, тас тіліктері т.б.) алынған. Ежелгі палеолиттен (ашель, мустье) кейін мұнда Солтүстік Азиядағы кейінгі палеолит мәдениет фациялары сібір-қытай (С.Н.Замятнин) немесе сібір-моңғолдық (А.П.Окладников) тас индустриясының нұсқалары сақталған [154]. Одан кейінгі жұмыстар барысында Семізбұғы тауының оңтүстік-батыс бөлігінен де палеолит бұйымдары табылып, ашель, мустье және саяқ мәдениеттерінің үлгілер 20000-нан асты, Семізбұғы тауынан табылған материалдарды басты-басты он бір негізгі орынға бөлуге болады.

Семізбұғы тауларынан, Тұранға мен Қызыл-Қайнар аңғарларындағы тұрақтардан жинастырылған барлығы 100 мыңдай тас бұйымдардың 1961-1962 жылдары тек 20 мыңдайы ғана лабораторияға әкелінеді. Келесі жылдары ол толықтырылып отырды. А.Г.Медоев 1965 жылы Шу-Іле геологиялық-геоморфологиялық экспедициясының және 1966-1968 жылдары Маңғыстау кешенді экспедициясының палеолит отрядтарында, 1969 жылы Түпқараған палеолит экспедициясының құрамында қызмет еткен. Жинастырған материалдарын ғылыми талдаудан өткізу мақсатында 1990 жылдар басында РҒА СБ Археология және этнография институты мен Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтындағы тас ғасырымен шұғылданатын топ бірлесіп бағдарлама жасады. Бағдарламада деректемелік артефактыларды жарыққа шығару көзделді. 1993 жылы «Палеолит Северного Прибалхашья» деген іргелі ғылыми еңбек жарық көрді [25]. Онда Семізбұғы 2 тас бұйымдар түріне талдау жасалынған, Семізбұғы 2-ден алынған материалдар (1611 дана) мерзімі төменгі палеолит пен кейінгі палеолит аралығында. Мұнда

бифас, леваллуа өзектастары, тісті-ойықты құралдар бар. Ал 2001 жылы Семізбұлғы палеолит кешендеріндегі 4 пункт коллекциясы (ерте, орта, кейінгі палеолит) ғылыми талдаудан өтіп, басылып шықты [26]. Мұнда қатты дефляциялы (470 дана), орташа дефляциялы (53 құрал, 74 өндіріс қалдықтары) артефактылар бар. Өте қатты дефляцияға ұшыраған артефактылар - 32 дана. Авторлар әсіресе леваллуа технологиясына, басқа да құралдарға барынша тоқтап өтеді де, Солтүстік Балқаш төңірегіндегі палеолит мәдениеті автохтонды екендігін нақтылайды.

Балқаштың оңтүстік-батысындағы палеолит орындарының ішінен тас индустриясының саны 10 мыңнан асатын Хантау тұрақ-шеберханасын атауға болады. Мустье уақытына жататын бұл кешенде леваллуа фациясындағы ашель дәстүрі сақталған. Жарықшақтардың біразы екінші рет өңделген. Хантаудан солтүстік-батыста жатқан Жамбыл тауындағы жағдай да осыған ұқсас [155]. Хантаудан леваллуа техникасындағы өзектастар, бифас, үшкір тас, қырғыш, т.б. заттар табылған. А.Г. Медоев еңбектерінде аталмыш объектілер коллекциясына типологиялық-статистикалық талдаулар жүргізілмеді.

Балқаш көлінің солтүстік-батыс тұсындағы Бәле тауынан алынған заттарды кезінде А.Г. Медоев ашель, мустье уақыттарына жатқызған болатын. Олардың материалдары жайында тарихнамада азды-кемді айтылған. Алынған мағлұматтар балқаштық тас индустриясынан біршама хабар береді.

1963 жылы Солтүстік Балқаш геологиялық-геоморфологиялық экспедициясының (жетекшісі - А.С. Сарсеков) құрамындағы палеолит отряды (орындаушы - А.Г. Медоев) Балқаш-Ертіс өңірінен немесе Басты су айрығынан ашық жатқан 73 тас ғасыры орнын белгіледі [156]. Олардың 13-і палеолитке, қалғандары бұлаққа негізделген микролиттік дәуірге жатқызылады. Басты су айрығының шығыс бөлігіндегі алғашқы қауымдық мәдениеттер эволюциясының тізбесі А.Г. Медоев пікірінше «шелль-ашель, ашель, мустье (мустье-леваллуа), кейінгі палеолит, шағын тас қалақшалар немесе мөлтек тас (микролит) дәуірі» болып табылады. Автор тұрақтар мен тұрақ-шеберханаларды картаға түсірген. Дегенмен, бірлі-жарымды айқын құралдар суреті, автордың негізгі тұжырымы болмаса нақты ешқандай ескерткіш құралдары, олардың саны, үлес салмағы айтылмайды, Сары-

Арқа палеолитіне қатысты А.Г.Медоев пайымдаулары көбіне таңдап алынған тас құралдар коллекциясына ғана негізделетін секілді [157].

Ғалымның жұмыстарын әрі қарай тек 1990 жылдар аяғында Қазақстан-Ресей біріккен археологиялық экспедициясы жалғастырған болатын. Шығыс және Солтүстік Балқаш төңірегіндегі 1999 жылғы барлау барысында Балқаш-1-б, Саяк-1-б пункттері ашылды [158]. Соңғыларынан тас бұйымдарының аз шығуы, нақты типологиялық тұрпаттардың болмауы олардың уақытын айқындауға мүмкіндік бермейді. Балқаш-1, 4 мустье, қалғандарының дені соңғы палеолитпен мерзімделінеді. Артефактылардың орташа саны - 30-40. Археологтар назарына ерекшелініп отырған ескерткіш - Саяк-1 [159]. Оған біріншіден артефактылардың үлкен көлемділігі, екіншіден кезінде А.Г.Медоев енгізген «саяк» мәдениеті проблемаларын айқындай түсу қажеттілігі себеп болса керек. Саяк-1 ауылдан (Саяк) 9 шақырым солтүстік-батыста орналасқан. Аумағы 6 шаршы метр болатын Саяк-1а пунктінен 6 мыңнан астам және көлемі 15 шаршы метрлі Саяк-1б пункт алаңқайынан 10 мыңнан астам тас заттары жинастырылып, оларға статистикалық және техникалық-типологиялық талдау жүргізілген. Алғашқысында ұсақ қарулар басым. Өзектастар мен олардың қалдықтары да жеткілікті. Кейінгі пункт одан бірнеше метр ғана қашықтықта жатқанымен, Саяк-1 а-дан өзгешелігі - барлық бұйымдар дефляцияға ұшыраған және ондағы ірі бұйымдар үлес салмағы мол. Құралдар морфологиялық жағынан анық. Олардың арасынан призма тұрпатты өзектастар да ептеп кездеседі. Сайып келгенде Саяк-1 пунктін шеберхана болып табылады. Зерттеу кезінде алынған артефактылар дефляциясының әркелкілігі бұл шеберхананың ұзақ уақыт бойы алғашқы адамдар тарапынан пайдаланылғандығын көрсетеді. Ғалымдар ескерткіш уақытын дәлме-дәл анықтай (аралас кешен болғандықтан) қойған жоқ. Бірақ суреттерге карағанда коллекцияның бір бөлігі кейінгі палеолитке жататыны анық. О.А.Артюхова Семізбұғы-4 ескерткішіндегі дефляцияға аздап қана ұшыраған немесе тіпті ұшырамаған артефактылар сериясын сипаттай отырып, кейінгі палеолиттік «саяк» мәдениетін жоғарыдағы экспедиция мүшелерінің жұмыстарына карағанда тереңірек айқындап берген [160].

Зерттеуші еңбегінде аталмыш индустрия Евразиядағы кейінгі палеолиттік басқа мәдениеттермен салыстырыла қарастырылады да, оның негізгі белгілері, өзгешеліктері де көрсетіледі.

Экспедицияның жинастырған материалдары Новосібір қаласындағы РҒА СБ Археология және этнография институты палеолит секторының тас ғасыры қорында сақтаулы. «Саяқ» мәдениетіне қатысты А.Г.Медоев ғылыми тұғырнамасына тереңірек үңілу үшін осы Балқаш-1-6, Саяқ-1-6 материалдарын салыстыра зерделеу керек сияқты. Бұл шаруа соңғы жылдардағы еңбектерде біршама көтерілгенімен, оның коллекциясының сипаттамасында біршама асығыстық бар секілді [8]. Өйткені осы жерде көп уақыт зерттеулер жүргізген О.А.Артюхова сынды ғалымдардың да пайымдаулары ескеріле қоймаған. Негізінен алғанда, аталмыш кешендер материалдарын толыққанды ғылыми зерттеуден өткізу Қаратау, Жетісу өңірлеріндегі палеолит проблемаларын дәлірек әрі мұқият қарастыруға да жәрдемдесер еді.

А.Г. Медоев кезінде Балқаштың солтүстік төңірегін Сарыарқа палеолитімен тығыз байланыста қарастырды да, Орталық Қазақстан палеолитінен ашель мен мустье секілді екі негізгі эволюциялық жолды көрді. Нәтижесінде, осылардың негізінде автохтонды «саяқ» мәдениеті қалыптасты деп есептеді [20,19]. Қазақстан шөлді және шөлейтті (аридтік) облыстарындағы мустье индустрияларын дәуірлеген О.А.Артюхованың ойынша орта палеолиттік индустриялар өз кезегінде былайша жіктеледі: «леваллуа-мустье (Семізбұғы, Хантау, Ақтоғай), леваллуа емес ашель дәстүріндегі мустье фациясы (Семізбұғы 10А), кәдуілгі мустье (Қошқорған) және тісті мустье (Бұрма, т.б.)» [161]. Бұл ғалымдар пікірін Ж.Қ.Таймағамбетов дамыта келе кезінде «Қазақстан палеолит тұрақтарының басты белгісі ашель, мустье, кейінгі палеолит ескерткіштері бір террасада орналасады және олардың арасында хронологиялық үзіліс жоқ» деп көрсеткен болатын [162]. Жалпы алғанда, Балқаштың солтүстік төңірегіндегі соңғы кездегі ізденістерден (Семізбұғы-2, 4, 10А) осы жоғарыда аталған кезендердегі алғашқы жаңқалануда леваллуа техникасы үстем болғандығын көреміз. Леваллуа өзектастарынан тасбақа тәріздес жарықшақ, одан басқа призма түріндегі өзектас пен бірқатар тұрпаттар да алынған. Балқаш

төңірегінде зерттелген ескерткіштер көршілес өлкелермен (Қаратау, Ертіс өңірі, Орталық Қазақстан) ғана емес, алыстау жатқан территориялармен де тығыз байланыста дамуы ықтимал. Оны Қытай (Нихэвань, Сихоуду, Юаньмоу), Орталық Азия (Кульдара, Қаратау, Лахути) мен Кавказ (Сатани-Дар, Яштух, т.б.) аймақтарындағы палеолит нысандары мен материалдары да айқын аңғартса керек.

Сайып келгенде, кең аумақты алып жатқан Сарыарканың ежелгі тас дәуірі қазіргі таңда алыс-жақын елдерге кеңінен танымал. Оның өзін бірнеше аумақтарға бөліп қарастыруға да болады. Жоғарыда аталған мәдени-тарихи өңірмен Сарыарқа орталық аудандарының да ертеден байланысы болғандығын мол археологиялық мәліметтер де растап отыр. Мұнда кезінде палеолит кезеңімен айналысушы А.Г.Медоев, М.Н.Клапчук, Ж.К.Таймағамбетов, Б.Ж.Аубекеров, О.А.Артюхова, В.С.Волошин, т.б. археологтар қажырлы еңбек етіп, көне мәдениет ошақтарын Сарысу, Нұра, Есіл, т.б. өзен аңғарларынан кептеп тапты. Сондай-ақ Сарыарқа басқа өңірлерге қарағанда біршама жүйелі түрде зерттеліп келеді деуге де болады.

Палеолит жөніндегі алғашқы хабарлар өткен ғасырдың 40-50 жылдары келіп түсе бастағандығын Ә.Х.Марғұлан, А.Г.Максимова, К.А.Ақышев, Л.С.Симутин, В.С.Панцыров еңбектерінде жазылған. Ә.Х.Марғұланның 1946 жылы ұйымдастырған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы Нұра, Сарысу мен Жиделі өзендері жағасынан бірқатар тас дәуірі орындарын белілеуі [163] болашақ ізденістерге бастама болғанымен, Орталық Қазақстанда палеолит ескерткіштерін зерттеу 60-шы жылдардан ғана басталады. 1960 жылы Л.С.Симутин Сарысу алабындағы Жамантау баурайынан, В.С.Танцюра Кенжебай сайынан палеолит бұйымдарын теріп алды. Нәтижесінде бұл өңір палеолитін зерттеу қолға алына бастады. 1962 жылы В.С.Танцюра Ертістің РОЛ жақ жағалауынан Қойтас-4 тұрғын жайынан жинастырған палеолиттік материалдарды 40 жылдан соң В.С.Волошин ғылыми өңдеуден өткізіп, жарыққа шығарды. Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында бұл ескерткіш коллекциясы 86 заттан тұрады. Терең ғылыми өңдеуден бұл бұйымдарды өткізген В.С.Волошин бұл материалдарды ресс-

вюрм уақытына жатқызады [71]. Негізінен алғанда, Сарыарқа палеолитін жүйелеуде В.С.Волошин көп еңбек сіңірді. Оның ізденістері біздің Сарыарқа палеолитіне қатысты шолу жұмысымызда басты бағдар болғандығын айта кетуіміз керек.

Сарыарқа палеолитін зерттеуге (әсіресе жоғарыда аталған өзен бойларында) М.Н.Клапчук зор үлес қосты. Ол 1960 жылы Кенжебайсай-7, Сарысу (Қосмола) нысандарын қарап шығып, оны орта палеолит заманына жатқызды. Қызылжар-3-тен екі жақты дөңгелек өзектас табылды. Бұйымдардың типологиялық ерекшелігі және оларды жауып тұрған споралы-тозаңдар (спорово-пыльцевой) кешені өз кезегінде ғалымға бұл орынды да орта палеолитпен мерзімдеуге бағыт-бағдар береді. Ал Жамантаудағы құралдар арасынан призмалық өзектас, тас тіліктері мен қырғыштарға қарап М.Н.Клапчук бұл тұрақты кейінгі палеолитпен мерзімдейді [164]. 1963 жылы Батпак маңынан табылған Батпак-8-ді М.Н.Клапчук палеолиттің ақырына жатқызады. Одан көптеген тас жаңқа, жарықшақ және қырғыш, тескіш табылған [22, 29].

Ғалымның 1964 - 1968 жылдардағы ізденістері нәтижесінде отандық тарихнамадан айрықша орын алған бірқатар ескерткіштер ғылыми айналымға енді. 1964 жылы - Жаман-Айбат-3-4 пен Передержка (Ақайдар), 1967 жылы - Обалысан (кейбір әдебиеттерде Обалысай деп те беріледі; біз «Советская археология» журналындағы алғашқы атауды қолдандық), Мұзбел-1 және Айдарлы-2, 1968 жылы Қосқұдық, Сорқұдық ашылды. Егер 1960 жылы Қарағанды облысының археологиялық картасында тас ғасырының 57 объектісі белгілі болса, олардың саны 7-8 жыл ішінде 300-ге жетті [165]. 1958-1966 жылдары М.Н.Клапчук тапқан Батпак-7-12; Қарабас-3; Ангренсор-2, Қызыл-Жар-3; Передержка-2, Жаман-Айбат-5, Қосмола секілді орындарды да ерекше атауға болады, оларға біз де бірқыдыру тоқталып кетейік деген ойдамыз [22, 30].

Сарысу алабындағы басты ескерткіштің бірі – Жаман Айбат-4 [166]. Ол Жезқазған қаласының оңтүстік-шығысына қарай 150 шақырым жерде орналасқан. Ескерткіштен 1964-1968 жылдар аралығында жинастырылған 800-ден астам бұйымдарды М.Н.Клапчук талдай келе, олардың 70%-ын жарықшақтар, 10 пайызын өзектастар мен екінші рет өңделген бұйымдар,

қалғандарын өндіріс қалдықтары құрайды деп есептейді. Сонымен қатар олардың арасындағы дөңгелек және жалғыз алаңқайлы, көп алаңқайлы өзектастарға, ірі жарықшақтар мен тас жаңқаларына, шапқыларға, түрлі қырғыштардың сипатына байланысты бұл қазбаларды Жаман-Айбат-4-ті кейінгі ашель уақытына жатқызады. Осы секілді бұдан басқа 1964 жылы Жаман-Айбат жотасынан анықталған 10 ескерткіштің арасынан Жаман-Айбат-5 материалдары да осы кезеңге жақын деп тұжырымдайды [167].

Обалысан-1 материалдары да ежелгі дәуірге жатады [168]. Жезді ауданындағы Жетіқоңыр кеңшарының оңтүстік-батысына қарай 4 шақырым жерде жатқан малтатастан дайындалған шапқы қару мен екі өзектас Қаратау (Бөріқазған, Тәңірқазған) жотасындағы қазбаларға ұқсас екендігін де айта кету қажет. Осыларға қарап М.Н.Клапчук ескерткіш жасы төменгі плейстоценнің соңы мен орта плейстоценнің бас кезі деген мерзімді ұсынады. Бірақ табылған коллекцияның аздығы бұл тұжырымға күмән туғызады. Бұл ретте зерттеуші осы маңайда болған Н.Л.Габай деген геологтың ауызша айтқан геологиялық тұжырымдарын негізге алған тәрізді.

Одан басқа малта тас өндірісін М.Н.Клапчук 1967 жылы Мүзбел-1 қазба орнынан кездестірген [169; 170]. Сарысу мен Талдысай өзендерінің қиылысар тұсынан ғалым 114 бұйым (чоппер, чоппинг, дөңгелек өзектастар, т.б.) жинастырған. Ескерткіш уақытын осыларға қарап жоғарғы плейстоценнің бас кезіне жатқызылған. Алайда жұмыртас құралдары бірлі-жарымды өңдеуден өтуіне қарағанда Мүзбел-1 одан да ерте уақытқа жатуы ықтимал екендігін ескерген дұрыс.

Бұларға қарағанда Жаман-Айбаттан 50 шақырым солтүстік-Шығыста орналасқан Айдарлы-2 бұйымдары өзгешелеу. Яшмадан жасалған 500-ден астам коллекцияны саралай келе одан шыққан негізгі материалдарды М.Н.Клапчук «леваллуа-мустье сипатында» деп есептейді [171]. Артефактылардың құрамы (30 дөңгелек және 13 бір алаңқайлы бір жақты өзектастар, леваллуа жарықшақтары, 4 шапқыш, 10 бифас) да әркелкі. Ал Сарысу алабындағы (М.Н.Клапчук мустьеге жатқызған) Қызыл-Жар-3-і с 1,25 м тереңдіктен бар болғаны екі-ақ (дөңгелек өзектас, тас жаңқа) зат шығуы көңілге күдік ұялатады.

1966 жылғы қазба жұмысында М.Н.Клапчук басқарған Орталық Қазақстандық геологиялық басқарманың Сокур отряды Передержжа-1, Қарабас-3, Батпақ-12 ескерткіштерін де ашады [172]. Алғашқысынан шыққан 2136 затта тас қарулардың бірнеше түрін байқауға болады. Передержжаны М.Н.Клапчук мустьеге жатқызғанмен кейбір материалдары одан кейінгі уақытқа жатқызылуы да мүмкін. Ал Қарабас-3 палеолиттік шеберхана болып табылады. Порфирит пайдаланылған бұл ескерткіштегі негізгі (бұйымдар (172 дана) түрі - тас жаңқалары мен бифастар. Сондай-ақ, жарықшақ, екі дөңгелек өзектас, сындырылып алынған ізі қалған алты ұра тас, үш добал қалақ, шапқы құрал және сүңгі ұшының сынығы бар. Батпақ-12 тұрағынан 1038 зат шыққан. Оның 807 данасы аморфты тас жаңқалары, пышақ тәріздес және үш бұрышты тас тіліктер (30 дана), монофас, дөңгелек өзектас қалдығы, т.б. [22, 30-31].

Батпақ-7 мустьелік ескерткіштің қасындағы бірінші тұрақта қалың мәдени қабат бар. Еңбек құралдарынан басқа ондағы сүтқоректілердің сүйектерін палеозоолог Б.С.Қожамқұлова мамонт фаунасына жататындығын анықтады. Табылған заттардың ішінен үшбұрышты және трапеция тәрізді болып шығатын екі ірі тас тілігі, қырғыш және екі жағынан жұқартылып жасалған жапырақ тәрізді найза ұшы ерекше көзге түседі.

В.С.Волошин басқарған Целиноград археологиялық экспедициясы 1985-1988 жылдары Батпақ кешендерінде, соның ішінде Батпақ-7 тұрағында қайтадан кең аумақты жұмыс жүргізді [173; 174]. Кезінде М.Н.Клапчук соңғы палеолитке жатқызған кешендер енді мустьемен мерзімделді. 520 шаршы метрге, тереңдігі 7-8 метрге жеткен қазба алаңқайдан 218 тас артефактылар және сүтқоректілер фаунасы жинастырылған. 1987 жылы Л.Л.Гайдученко сүтқоректілердің қалдықтарынан ежелгі батпақтықтар зубр, жылқы, мамонт, эласмотерий, жүнді мүйіз тұмсық, құлан, түйе аулағандығын анықтады. Ал тас құралдары туф, алевролиттен дайындалған. В.С.Волошиннің Батпақты «мустье I», «мустье II», «мустье III» деген хронологиялық топтарға бөлуінің негізсіз екендігін, Ресей Ғылым академиясы Сібір бөлімінің маманы Л.А.Орлованың мамонт сүйектерін  $C_{14}$  әдісімен  $24650 \pm 305$  жыл деп белгілеуі тас құралдары мен фауна уақыттарының арасындағы алшақтықты көрсетеді.

Сондай-ақ кезінде М.Н.Клапчук Батпақ-7-дегі жоғарғы плейстоцен шөгінділерінде бір тереңдіктен (6,3 м тапқан бифас пен жүнді мүйізтұмсық және мамонт қалдықта рының радиокөміртекті мерзімін жасаған Е.И.Нурмамбетов пе Ф.Ж.Акияновалар мәдени қалдықтар жасын  $12570 \pm 500$  жыл де анықтап отыр [175]. Демек, М.Н.Клапчук тұжырымы В.С.Волошин пайымдауына карағанда біршама дұрыс. Әйтсе де Батпақ-7 нің орта-кейінгі палеолитке жатқызылуы әлі де айқындай түсуді қажет ететін секілді.

М.Н.Клапчук басқарған отряд 1968 жылы кейінгі палеолитті: Қосқұдық-7 шеберханасын табады [176]. Одан 10 бір алаңқайлы бір шетті өзектас, 6 дөңгелек өзектас, 6 призма тәріздес өзектас. 45 аморфты өзектас қалдықтары және 170 жарықшақ сынықтары алынған. Павлодар облысындағы Екібастұз қаласынан 60 шақырым шығыста жатқан Тасқұдық-1 кейінгі палеолит шеберханасынан да осыларға ұқсас өзектастар, жапырақ тәріздес 55 найза ұшының қалдықтары, 4 қырғыш, 18 тас тіліктері, 245 тас жаңқалары, 120 жарықшақ сынықтары теріліп алынған. Ғалымның ғылыми мақалаларында Ағайдар, Қанайбек секілді Сарысу алабындағы палеолиттік орындар жайлы айтылғанымен, жоғарыда аталып кеткен ескерткіштер сияқты жалпылама болса да матери-алдары суреттелінбеген. Сірә, зерттеуші оларды толық сипаттап үлгермесе керек.

Сарыарқа палеолиті туралы, археологиялық заттардың стратиграфиялық маңызы жөнінде, палеоклиматтық жағдайлар жайлы, өңірдегі ескерткіштердің корреляциясы туралы М.Н.Клапчук [176; 177; 178; 179] ғылыми маңызын әлі күнге дейін жоймаған бірқатар пайымдаулар айтқан. Ол Сарыарқа кейінгі палеолитінен Ағайдар мен Батпақ мәдениеттерін бөліп көрсетуге ұмтылды. Ағайдар мәдениетін ғалым кейінгі палеолиттің ерте тұсына жатқызса, алғашқыда Ағайдар-1 (Передержка-1, 2) кейінгі леваллуа-мустье уакытына жатқызылған болатын. Ол Ағайдар-1 мен Оби-Рахматтың жоғарғы қабаттарын үндестіре отырып, екеуі Орта Азия мен Қазақстандағы кельтеминар мәдениетінің қалыптасуына ықпал тигізген деп есептейді. Ал «батпақ мәдениетіне» Батпақ-7, Қарабас-3, Ангрensor-2, Тасқұдық-1, Құдайкөл ескерткіштері жатқызылған. Оны айқындайтын индустрияның негізгі сипаттамасы: дөңгелек және

алаңқайлы өзектастар, клектон және леваллуа тас жаңқалары ірі шапқы-бифастар және қырғыштар, екі жақты жапырақ тәрізді құралдар. Ал Ағайдарға леваллуа-мустье жарықшағы (сына тәріздес өзектастан басқалары), сүйірұштар (остроконечники), тісті-түзетілген тас тіліктері, т.б. тән.

Дегенмен, бұл мәдениеттер жөніндегі ғалымның пікірі толық дәйектелмеді деуге болады. Оған біріншіден, М.Н.Клапчуктың дүниеден ерте кетуі, екіншіден, материалдарды Х.Мовиус тұжырымдамасына сай түсінуі кедергі келтірсе керек. Батпақ-7, Ағайдар-1, т.б. ескерткіштердің Есіл, Ертіс, Балқаш алаптарындағы палеолиттік орындармен байланысы толық айкындалмаған. Соңғы жылдарда атқарылған археологиялық жұмыстар Орталық Қазақстан палеолитін одан сайын күрделілендірін, зерттеушілер алдына тың проблемалар қою үстінде.

1984 жылы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының тас ғасырын зерттеу отряды (жетекшісі - Ж.Қ.Таймағамбетов) Сарысудың жоғарғы тұсынан төменгі палеолиттік Өгізтау-1, 2 тұрақтарын ашады [180; 181; 182]. Мұнда тас бұйымдар бұлақ жанындағы аласатөбе баурайынан жинастырылады. Өгізтау-1 тұрағынан алынған 252 артефакт арасында өзектастар, қырғыштар, екі жағы өңделген құралдар және тас жаңқалары бар. Өгізтау-2 (біріншісінен 600 м солтүстікте) бұйымдар саны - 79 дана. Арасында дөңгелек протопризмалық өзектастардың және шеті симметриялы үшбұрышты келген тас жаңқалардың кездесетіндігіне карап Ж.Қ.Таймағамбетов бұл ескерткіш коллекциясын ерте мустье, тіпті ашель уакытына да жатуы ықтимал деп топшылайды. Келесі жылы Ж.Қ.Таймағамбетов Ағадыр және Жаңа-Арқа аудандарынан 30 шақты палеолит пен неолит орындарын анықтады. Сондай-ақ Үлкен Ақмая, Кіші Ақмая, Қойшоқты тауларынан және Темір өзені бойынан бұлаққа негізделген палеолиттік тұрақтар да ашылады [183]. Бұйымдар арасында өзектас, қырғыш, ойықты құрал, тас жаңқалары бар. Тұрақтардың бірінен ұзынша келген бифасты Ж.Қ.Таймағамбетов ашель дәуірінікі деген ой айтады.

М.Н.Клапчук ізденістерін Сарыарқа жерінде ары қарай жүйелі түрде жалғастырған В.С.Волошин 1968-1971 жылдары Есіл алабынан, Целиноград қаласынан (қазіргі Астана қаласы

– Д.Б.) 60 шақырым оңтүстік-шығыстан Вишневка-1, 3, 4 орындарын ашып, 1975-1980 жылдары қазба жұмыстарын жүргізеді де, бірқатар кешендердің бірнеше мәдени қабаттардан тұратындығын анықтайды [184; 185]. Ең көрнектілері - Вишневка-1, 4, 6. Вишневка-4-тен 2000-дай тас бұйым алынып, олар екі хронологиялық кешенге бөлінеді. Вишневка-3-тен алынған ашель бифастары жөнінде зерттеуші еңбектерінде жазылғанын да айта кеткен жөн. Бірақ В.С.Волошин ізденістерінде әр кезеңнің индустриясын нақты көрсетпейді, құралдардың морфологиялық өзгерістерге ұшырауын көбіне тиянақты түрде қарастырмайды.

1970 жылы В.С.Волошин Сарысу-Теңіз су айрығынан - Түйемойнақ-1, Нұра өзенінің жоғарғы тұсындағы Ақсары тауынан және оның қасынан Досан-1, Целиноградтан (Астана) 150 шақырымдай солтүстік-шығыста жатқан Ильинка, Тасты-Торғай өзеніндегі Мирное, Түйемойнақ разьезі төңірегінен жаңа палеолит тұрақ-орындарын табады [186]. Түйемойнақ-1-ден 2 мың зат (тас жаңқа, өзектас, тас тілік, қырғыш, шапқы, кескіш, т.б.) және Досан-1-ден 200-ден астам бұйымдар жиналған. Қалғандарынан да түрлі палеолит құралдары жиыстырылғанымен, олардың саны нақты көрсетілмеген.

В.С.Волошин басқарған Целиноград (Ақмола) облыстық музейінің экспедициясы 1976 жылы 16 жаңа палеолит пунктін (Жиделі-1, 2; Садовое-5, 6, 7; Садовое-2; Үлкен Құндызды, т.б.) тапқан болатын [187]. Бұл орындар жайлы зерттеуші тарапынан ұзақ уақыт ештеңе айтыла қойған жоқ. Тек соңғы жылдары ғана Үлкен Құндызды ежелгі палеолиттік орны жайында мәліметтер жарияланды [188]. Аталмыш ескерткіштен жиналған археологиялық материал саны - 38 және оларды зерттеуші екі хронологиялық серияға бөледі. Ерте кезіне 21, соңғысына 17 «жаңа» заттар кіреді. Біздіңше, автор айтып отырған коллекцияның барлығы (өзектас, чоппер, сүйірұш, тас жаңқа) ежелгі палеолит өндірісін (индустриясын) қамтиды деп айта қою қиын. В.С.Волошин кейбір чоппер Ақ-Қошқар-1, 6 ерте ашель кешендерінікіне, қырғыштар жоғарғы есілдік кешендерге ұқсас дейді. Материалдың көбі сонымен қатар Ертіс бойындағы Құрома-14, 15 және Құдайкөл серияларына да ұқсас екендігі айтылады. Дегенмен, бұл индустриялар дәл анықтауды

кажет етеді. Себебі Үлкен Құндызды материалдарының біразы (тас жаңқа, сүйіруш) кейінгі палеолит ескерткіштерінде (Ш.Ш. Уәлиханов, Шүлбі, т.б.) де кездеседі.

Сарысу алабынан В.С.Волошин 1970 жылы Түйемойнақ-1 және Талдықараша пунктін табады. Келесі далалық жұмыстарында осы төңіректен бірқатар палеолиттік орындар анықтаған. Айталық, 1977, 1982 және 1991 жылдары ол Мүзбел-1, 2, Обалысан-1, Жаман-Айбат-4, 5, Түйемойнақ-1 тұрақтарында археологиялық жұмыстар жүргізілуімен қатар жаңа орындар да тауып отырған. 1977 жылы Мүзбел-3, Шілік-Құдық, Сарыөзен-6, ал 1991 жылы Азат-1, Қазбек-1, 2, Сарысу-4, 5, 6, 8, 9 және Обалысан-2 ескерткіштері белгілі болады. Түйемойнақтан порфириттен дайындалған 2043 заттар арасындағы 218 өзектас, 891 тас жаңқа, 80 түзетілген құралдарды өте көлемді деуге болады. Бұйымдар зерттеуші тарапынан бірнеше хронологиялық серияларға бөлінген [188].

В.С.Волошин тапқан кейбір тұрақтары туралы көбіне қысқаша ғана хабарламалардан басқа мәліметтер бере қоймайды. Айталық, кейбір ізденістеріндегі Жиделі-1, 2, Сарыөзен-1, 5, Канбөбек-5, Ақ-Қошқар-6 және Қызылтаудан табылған үш тұрақ жайлы мағлұматтары тым мардымсыз берілген [189; 190]. 1985 жылы ашылған ашель заманына Мизар (Батпақ өзені маңы) мен Ангресор-3-7 нысандары туралы да берген деректері мардымсыз [191]. Соған байлаиысты кей жағдайда Каменка, Құрома-14-15, Мишневка-3-6 ескерткіштеріндегі төменгі палеолитпен мерзімделуі де күмән туғызады. Зерттеуші құралдардың техникалық-типологиялық көрсеткішін, негізгі құралдар суреті мен сипаттамасын жасамағандықтан ескерткіштердің мерзімдік шегін «сырттан» анықтауға толық мүмкіндік жоқ.

В.С.Волошин зерттеген алғашқыда археологиялық әдебиеттерде Окушар, кейін Ақ-Қошқар деп аталған тұрақтар Қыпшақ пен Керей өзендерінің айрығында орналасқан [192; 193; 194]. Мұндағы №1, 6 және 8 тұрақтардан жинастырылған бірнеше мың артефактылар арасында өзектастар, жарықшақтар көп. Кварцитті құмтас және аздап болса да порфирит жыныстарын ежелгі тұрғындар қару жасауға кеңінен қолданылған. Топтамада ірі бифастар, үшкіртас (остроконечник), тісті-ойықты бұйымдар да бар. Ақ-Қошқар кешендері түрлі археологиялық уақыттарды камтиды.

Палеолит тарихнамасында «Ақтасты-1, 2 индустрияларын аймақтағы палеолиттің ежелгі фациясы» деп В.С.Волошин аталмыш кешендерді әрдайым жеке бөліп қарастырады [195]. Онда қарапайым жаңқалау техникасы, тас жаңқалары, кішігірім жарықшақтармен екінші рет өңдеу және толық түзетуі түсе қоймаған бұйымдар бар. Ерте индустриясы төменгі-орта апшерон, кейінгісі жоғарғы апшерон (гюнц) кезіне жатады. В.С.Волошин алғашқысын Қаратаудағы Арыстандымен, соңғысын Оңтүстік Тәжікстандағы Күлдарамемен салыстыра қарастырады.

1980 жылы В.С.Волошин Теңіз даласынан Баршын-3 ескерткішін ашып, зерттеді [196]. Аумағы 80x70 м алаңқайдан бұл маусымда типологиялық жағынан әркелкі, жалпы саны 622 бұйым теріліп алынады. Автор оларды суреттеуде кейде өз-өзіне қарсы шығып отыратын секілді. Өйткені Баршын кешенін «жас мөлшері белгісіз» немесе «түсініксіз жаңа мәдениет» деп қарауға тырысатындығы да аңғарылып қалады.

Одан бергі уақытта В.С.Волошин бірқатар құнды ғылыми еңбектер жариялады. Вишневка-4, 6, Түйемойнақ-1, Батпақ-7 нысандарынан алынған найза ұштарын зерделей келе, оларды дайындау техникасынан мынадай белгілер анықтайды: а) құрал дайындауда тегістеу келген жыныс сынықтары қолданылған; б) өңдеу бифас жасау әдісімен жүргізілген; в) құралдың төменгі тұсы кең әрі жалпақ етілген; г) жоғарғы тұсы төменгі жағымен бара-бар, үшбұрышты немесе ромб тәрізді келген [197; 198]. Зерттеушінің жоғарғы Есіл төңірегіндегі ескерткіштерде ірі бифасты жапырақ тәрізді найза ұштары басым, Түйемойнақ-1-де мұндай құралдар тұрпаты кішілеу деген оң пікірін білдіреді.

В.С.Волошин 1998 жылы Түркістан қаласында өткен «Қазақстан және онымен іргелес территориялар тас ғасыры» деп аталатын ғылыми конференциядағы «Сарысу алабындағы жаңа палеолиттік ескерткіштер» атты баяндамасында ХХ ғасырдың 90-шы жылдар басында белгілі болған орындар жайлы сөз қозғады. Мақалада ол Обалысан-1, Азат-1, Мүзбел-3 индустриясына техникалық-типологиялық талдау жасап, Қазбек-1-2, Сарысу-8-9 және басқа да Сарысу алабымен шекаралас өңірлер тұрақтарымен ара-қатынасын анықтаған еді [199]. Ғалым Обалысан-1-ден шыққан 27 бұйымды 3 серияға, Азат-1 материалдарын (98 зат) 4

серияға және Мүзбел-3-тен 1981 жылы жиналып артефактыларды 4 серияға бөліп қарастырған. Құралдар арасында бифас, тас тіліктері, қырғыш, пышақ, тас жаңқалары бар. Азат-1 қазба орны Бетпақдаланың солтүстік бөлігіндегі Азат тауынан 8 шақырым солтүстік-батыста орналасқан. Біраз құралдары жасалуына қарай Мүзбел-3 кешеніне ұқсас. Біздіңше, Азат-1 тұрақ-шеберханаға жатуы ықтимал. Озектастар, тас жақаларының көп болуы, біз жоғарыдағы бірінші бөлімде келтірген зерттеушілердің тұрақ-шеберханаға берген анықтамасына ұқсауы осыған меңзейді.

Орталық Қазақстан палеолитін зерделеуге ат салысқан археологтардың бірі О.А.Артюхова Қазақстандағы мустье дәуірін леваллуа-мустье, ашель дәстүріндегі мустье, кәдуілгі мустье және тісті мустье деп жіктейді. Ең соңғысына, оның ойынша, 1980-1990 жылдары археологиялық жұмыстар жүргізілген кезде мәлім болған барлық құралдардың 40,2%-ын тісті құралдар құрайтын Бұрма тұрағы кіреді [45]. Коллекцияда тас тіліктеріне қарағанда призмалық жүйедегі өзектастар басымырақ. Автордың байқауынша Бұрма индустриясы Көлбұлақ пен Қотырбұлақ (Орта Азия) және Ябруда-1 тоғызыншы мәдени қабатындағы (Жерорта теңізінің шығысы) индустрияларымен ұқсастау болып келеді.

Сарыарқа палеолиті Мәселелері туралы сөз қозғалғанда бірқатар ғалымдар (М.Н.Клапчук, В.С.Волошин) көбіне Сарысу, Нұра. Есіл өзендері алабындағы, енді біреулері (А.Г.Медоев, О.А.Артюхова, Ж.Қ.Таймағамбетов) Солтүстік Балқаш төңірегіндегі материалдарға сүйенеді. Сондықтан да үлкен аумақты алып жатқан Сарыарқа палеолитіне қатысты сан алуан пікірлер бар. Хронология, кезендеу, басқа территориялармен өзара байланыс проблемалары әлі де зерттеле түсетіні анық.

Ал, Орталық Қазақстан палеолитін кезендеген В.С.Волошин схемасы төмендегідей: «Ақтасты-1, 2; ерте ашель (жұмыртас индустриясы, Ақ-Қошқар кешені); дамыған ашель» [200]. Одан кейін мустье I, мустье II, мустье III негізінде Батпақ мустье кешені мен Орталық Қазақстан солтүстігіндегі бифастық дәстүр қатарласа жүрген, Барлық мәдениеттер Баршын кешенінде, Ертiс сол жағалауындағы эпипалеолитте, Екібастұз кешенінде, Талдыөзек кешенінде тоғысқан. Бірінші (Баршын) кешен

мен дамыған палеолит арасында жоғарғы палеолит, кейінгі мустье, ерте мустье, кейінгі ашель тұр. Екінші мен үшінші Ангренсор кейінгі палеолит, кешені арқылы мустьемен (III, II, I) жалғасса, соңғысы Вишневка-4 төртінші сериясы мен Құдайкөл бесінші сериясымен және Вишневка-4 үшінші сериясы мен Құдайкөл төртінші сериясы, содан соң Вишневка-3-4 екінші сериясы мен Құдайкөл-4 сериясымен байланысады. Әлбетте, автор тұжырымы археологиялық зерттеулерге негізделгендігіне шүбә жоқ. Бірақ біздің ойымызша дамыған ашельден кейінгі кезең арасы автордың еңбегінде аздап үзіліңкіреп немесе байланыспай тұрған сияқты.

Бұл олқылықтарды О.А.Артюхованың «Корреляция мустьерских индустрий Казахстана» деген мақаласы біршама толықтырады [201]. Онда бірқатар ескерткіштерден (Шыңғыс. Қошқорған, Ақтоғай, Семізбұғы-10, Хантау, Бұрма) алынған техникалық және типологиялық көрсеткіштер негізінде Қазақстан мустье индустриясы - леваллуа-мустье, ашель дәстүріндегі мустьелік леваллуа және леваллуалық емес фациялар, тісті мустье және типті мустье деп бөлінген.

Осы жерде айта кететін бір жайт. басқа дәуірлерге карағанда мустье хронологиясы, кезенделуі мен өзара байланысы отандық тарихнамада жаксы карастырылуда. Бұл проблемаларды толықтай шешу үшін біріншіден - соңғы ғылыми жетістіктерді пайдалана отырып жекелеген ескерткіштер материалдарын ғылыми саралаудан өткізу, екіншіден бір техникалық-типологиялық дәстүрге лайық жасалған тас индустриясын анықтау, үшіншіден - жакын маңдағы көршілес орындармен ара-катынасын ажырату, төртіншіден объект орналасқан өңірдегі оның рөлі мен орнын, сондай-ақ сол өңірдегі ескерткіштермен қаншалықты қатыстылығын ажырата көрсету, үндестігін анықтау қажет.

Орталық және Шығыс Қазақстан аралығындағы Шыңғыстау жотасынан А.Г.Медоев 1961 жылы бірқатар тас ғасыры ескерткіштерін ашқан. Бір орыннан ежелгі (мустье) және кейінгі палеолит элементтері бар 200-дей бұйымдар жинастырған [202, 58-69]. Өкпекті тауларының оңтүстік-шығыс беткейінде орналасқан бұл орын археологиялық әдебиеттерде жиі кездескенімен, оның материалдарына техникалық-типологиялық және типологиялық-статистикалық талдау жасалынбаған. Араға 40 жылдай уақыт

салып О.А.Артюхова материалдарды ғылыми саралаудан өткізеді де, нәтижелерін 1998 жылы Түркістан қаласында өткен халықаралық конференцияда баяндады [203]. Зерттеушінің айтуынша, оптамадағы 122 бұйым ғана палеолиттік болып табылады. Топтамадағы құрал категориялары: өзектас және өзектас дайындамасы; бифас секілді өңделген бұйым; бүтін және жартылай шетті, түзетілмеген жарықшақ, тас жаңқа түрлері, тас тіліктері, т.б. Бәрі де желден жеміріліп, әбден көнерген (дефляцияға ұшыраған). Осы категорияларға байланысты зерттеушілер пікірлерінде біршама қайшылықтар байқалады. Мәселен, А.Г.Медоев коллекцияда бірде-бір өзектас жоқ десе, О.А.Артюхова 5 дана өзектас бар деп санайды. Соған қарағанда осы Шыңғыс-І қазба материалдарын әлі де зерттеу қажет. А.Г.Медоев кешенді ашель дәстүріндегі мустьелік леваллуа фациясы деп атаған болса, О.А.Артюхова типті мустье индустриясына жатқызады. Соңғы археологтың ойынша, Шыңғыстау жотасындағы мустье индустриясы техникалық-типологиялық жағынан Алтай мустьесіне жақын. А.Г.Медоевтың ғылыми-зерттеу ісін кейінірек жалғастырған В.С.Волошинның ізденістері Сарыарқа галеолиті жөнінде, археологиялық заттардың стратиграфиялық маңызы туралы пайымдаулары аталмыш өңірдегі тас ғасырының проблемаларын шешуге көп септігін тигізді. Оның бірқатар ізденістері А.Г.Медоевтың тұжырымдамаларының шындыққа жақын екендігін көрсетіп берді.

Әзірге зерттелген, материалдары ғылыми айналымға енген жалғыз палеолиттік тұрағы болғанымен Шыңғыстау жотасын отандық палеолиттану кеңістіктерінің бірі деп санауға болады. Мұнда бұлаққа, әсіресе үңгірге негізделген көптеген тарихи орындар әлі қарастырылмай, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілмей келеді. Егер болашақта осы аймақта археологиялық жұмыстар қайта жандандырылған жағдайда отандық тас ғасыры туралы тың мағлұматтарды тарихнамаға енгізуге болатындығы анық.

Осы іспетті болашағы ғылыми тұрғыдан зор аймақтардың бірі терістікте Балқаш, солтүстік-шығысында Сасықкөл мен Алакөл, шығыста Жонғар Алатауы, күнгейі және оңтүстік-батысында Солтүстік Тянь-Шань жоталарымен шектесетін

Жетісу өңірі болып табылады. Мұнда археологиялық зерттеулер ХІХ ғасырдан бастап жүргізілгенімен, тас дәуірінің, соның ішінде палеолит кезеңінің ескерткіштерін зерделеу ұзақ жылдар бойы кенжелеп келді. Тек, 1986 жылы ҚазКСР ҒА ҒҒИ стратиграфиялық отряды (жетекшісі - Б.Ж.Аубекеров) Кіші Қаратау жотасындағы Құйғанкөл-1, 2 тұрақтарынан басқа Жетісу өңіріндегі Шарын өзенінің сол жағалауындағы Ақтоғай шатқалынан аралары 1,5-2 шақырым шамасындағы төрт жерден тас дәуірі орындарын табады [204]. Ақтоғай-1-ден алынған артефактылар саны - 122 дана. Жинастарылған коллекция арасында дефляцияға ұшыраған бірқатар өзектас, құрал, леваллуа тас жандалары, леваллуа үшбұрыш жарықшақтары, қырғыштар, т.б. заттар бар. Ақтоғай-1-ден 2,5 шақырым солтүстіктен Ақтоғай-2-ден 18 дана, Ақтоғай-3-тен 15 дана, Ақтоғай-4-тен 7 дана артефактылар жинастырылған. Ақтоғай кешендеріндегі барлығы 201 артефакт (кей әдебиеттерде 187 дана) техникалық және типологиялық белгілері бойынша бір-біріне ұқсас болып келеді. Құралдар арасында леваллуа жарықшақтары басым. Геологиялық және геоморфологиялық мәліметтер бойынша зерттеушілер Ақтоғай-1-4 орындарын жоғарғы плейстоцен орта тұсына жатқызған [205]. Алынған материалдардың бірі чоппинг (14x15x6,5 см) зерттеушшер таралынан ашель дәуіріне жатқызылады. О.А.Артюхова мақаласындағы суретте көрсетілген леваллуа тас жаңқаларының кейбіреулері біздіңше тас тілікшіге де келіңкірейді. Оны леваллуалық деп бірден кесіп айта кою қиын. Жалпы алғанда, Ақтоғай-1-4 кешет Қаратау, Солтүстік Балқаш төңірегі, Ертіс алабы және Орталық Азия өлкелерінің палеолиттерін әзірге өзара байланыстырып тұрған кешендердің бірі болып табылады.

Мұндай кешендердің біріне Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қарғалы ауылы жанындағы Майбұлақ тұрағын да жатқызуға болады. Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі бұл өңір археологиялық ескерткіштері жайында 1990 жылдары жергілікті өлкетанушылар (Сараев, т.б.) тарапынан мәліметтер түсе бастаған болатын. 2004 жылы Қазақстан тас дәуірін зерттеумен шұғылданатын археологиялық экспедициясының (жетекшісі - Ж.Қ.Таймағамбетов) отряды (жетекшісі - Д.С.Байгунаков) ескерткіште қазба жұмыстарын бастады. Бұл

жұмыстар 2006 жылдарға дейін созылып. Жетісу палеолиті туралы тың деректемелер алынды. 2005 - 2006 жылдары отрядты Д.Ожерельев басқарды. Кейіннен бұл тұрақ материалдары Д.Ожерельевтің негізгі зерттеу нысанына айналды. Далалық жұмыстар бірнеше жыл қатарынан жүргізілгенімен, қазіргі таңда Майбұлақ тұрағы шаруашылық қаракеттер нәтижесінде әбден қирап отыр. Сонда да болса ескерткіш туралы бірқатар ақпараттар алынды. Бұл ескерткіштің Ақтоғай сынды кешеннен айырмасы сол, онда үш стратиграфиялық қабат сақталған. Қазба барысындағы 6-8 метр тереңдіктен тас құралдары, ошак орындары, сүйек қалдықтары шыққан. Бірінші мәдени қабаттан порфириттен, шақпактас жынысынан дайындалған 75 дана, екінші мәдени қабаттан 493 дана, үшіншісінен 68 дана артефакт аршып алынған. Тас коллекциясының жалпы саны 2 мың данадан асады. Олардың басым бөлігі бірінші және екінші қайтара өңдеуден өткен. Бұйымдар арасынан түрлі өзектастар, тас тілікшелері мен жаңқалары, қырғыштар, өндіріс қалдықтары, кескіштер, жонғыштар, т.б. кездеседі. Индустрияның техникалық мінездемесінде леваллуалық техника, призма пішіндес тас тілікшелері басымдық танытады. Жасалған құралдар сипаттамасына карағанда, Майбұлақ материалдары кейінгі палеолит уақытымен мерзімделінеді. Бұл ескерткіш Оңтүстік-Шығыс Қазақстандағы алғаш рет табылған стратиграфиялық кешен болып табылады [9, 62-64]. 2007 жылы Ақтөбеде өткен «Қадырбаев оқулары - 2007» ғылыми конференция материалдарында К.Майгельдиновтың «Новый палеолитический памятник в Семиречье» атты шағын тезисі жарық көрді. Онда автор 2005 ж. Ю.А. Мотов Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қастек ауылы маңынан тауып алып келген тасқұралдарына сипаттама жасаған. Мұндағы топтама 98 дана тас бұйымдарынан тұрады. Олардың біреуі өзектас, қалған 54-і тас жаңқа мен оның сынықтары. Тас тілікшелері 12 дана, қалған 31 данасы өндіріс қалдықтары. Автор материалдардың суретін, толыққанды сипаттамасын нақты бере қоймаған. Сонда да болса Қастек ауылы маңы палеолиттік тұрғыдан зерттеуді қажет етеді.

Жалпы алғанда, Жетісу жеріндегі өзен алабтары да (Іле, Қаратал, Көксу, т.б.) болашақта далалық зерттеулер басталса, палеолиттік көне мәдениеттерден хабар берері айдан анық.

Мұнда кешенді археологиялық экспедициялар ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана өңір тас ғасыры туралы біршама тарихи шындыққа қол жеткізуге болады.

Еліміздегі осындай ғылыми жағынан келешегі зор өңірдің бірі Торғай даласы деуге болады. Қазіргі таңда Торғайдан нақты палеолит объектілері табылмаса да. Қайыңдысор көлі маңынан, Қараменді оқшау қыраты мен Шортанды өзені аймақтарынан бірен-саран теріліп алынған тас саймандар бар. 1978 жылы ҚазКСР ҒА Қ.И.Сәтбаев атындағы ГҒИ-ның неолиттік орындар арасынан Қайыңдысор-2, 4, Үркаш-1 тұрақтарының материалдарын О.А.Артюхова голоцендік коллекциялардан өзгешелеу деп айтқан еді [206; 207]. Өйткені типологиялық сипаттамасы бойынша Қайыңдысор өзектастары леваллуалық және сына тәріздес болып келеді. Осыған қарағанда, Торғай даласында палеолит ескерткіштерінің ашылуы әбден мүмкін. Осы тұрғыдан келгенде, белгілі қостанайлық (қазір ресейлік - авт.) археолог В.Н. Логвиннің бұл аймақта палеолит жоқ, мұндағы ерте голоцендік ескерткіштер оңтүстік Оралдан бастау алады деп тұжырымын дәлелді пікір деп қабылдау асығыстық болар еді [48].

Шындығына келгенде, Қазақстанның солтүстік аймағында да палеолит мәдениеті жете зерттелмеген. Бірақ қолда бар мәліметтердің өзі-ақ Солтүстік Қазақстанда ежелгі адам мәдениетінің дамуы жалғаса берді деген қорытынды жасау үшін әбден жеткілікті. Бұл аймақтағы палеолиттік мұралардың толық ашылмауына, біріншіден - тың және тыңайған жерлерді игеру басталғалы бері егістік алқаптардағы археологиялық мұралардың бұзылуы немесе киратылуы, екіншіден - геологиялық, геоморфологиялық және экологиялық жағдайларды талдауға негізделген әдістеменің болмауы кері әсерін тигізуде. Бүгінгі күні мұндағы ғылыми ортада кеңінен белгілі болып отырған Ақтас тұрағын 1982 жылы ҚазКСР ГҒИ-ның қызметкері В.Н.Матвиенко ашқан еді [208; 209]. Аталмыш тұрақ бұрынғы Көкшетау облысы Зеренді ауданындағы Жамантұз ауылынан 3 шақырым оңтүстік-батыста орналасқан. Жамантұз құрылымында В.Н.Матвиенко жүргізген геологиялық зерттеулер барысында көлемі 2,5х3х4 м қазбадан бірнеше мың хайуанаттар сүйегі шығады. 1983 жылы қазбаның шығыс және батыс шетінен жарты

метр жер қалдырылып 3x3x4 м3 екі жерден қазба жүргізіледі де, алғашқысынан хайуанаттардың 137 тісі және сүйек қалдықтары жинастырылады. Алынған материалдардан Б.С.Қожамқұлова мамонттық фаунаның 18 түрін анықтайды. Сүйектен, тастан жасалған еңбек құралдары мен анықтала қоймаған жартас суреттеріне геолог, палеозоолог мамандар жете мән бермеген. Олар сүйектердің орналасуына қарап, Ақтас ескерткішін ежелгі адам кемінде бес рет мекен еткен деп топшылайды.

Сонымен қатар Солтүстік Қазақстандағы көптеген көлдер, Есіл жазығы әлі толыққанды зерттеле қойған жоқ. Мұнда бір жағынан, Батыс Сібір орманды-далаларының, екінші жағынан, Орталық Қазақстанның далалық аудандарының төркіндес мәдениеттеріне жақын ескерткіштер болашақта табылып қалуы әбден ықтимал.

Айтылған ой-пікірлерді түйіндей келе, отанымыздың оңтүстік аудандарындағы палеогеографиялық жағдай ежелгі адамның өмір сүруі үшін қолайлы болған деген тұжырым жасауға болады. Қаратау жотасының маңайы мен оған жақын аудандарда ширектік дәуірдегі мұзданудың ешқандай ізі жоқ. Біршама ылғалды, жылы климат және әрқилы фауна мұнда ежелгі адамзаттың өмір сүруіне қажетті алғы-шарттар жасаған еді. Ашельге дейінгі ескерткіштер қатарына мамандар протолеваллуа-ашель индустриясы бар Маңғыстаудағы Шақпаката мен Қаратаудағы Арыстанды кешендерін жатқызады [210]. Мұнымен бірге ғалымдар қазақстандық ашель заманының ескерткіштерін өте көп дей келе мына нысандарды атап көрсетеді: Маңғыстаудағы Шақпаката, Құмақапа; Ертістің сол жағалауындағы Құдайкөл мен Қарасор; Арал маңындағы Арал 1 -3 пен Аққыр; Мұғалжар тауларындағы Жалпак. Мұғалжар кешендері; Қаратау жотасындағы Тәңірқазған, Бөріқазған, т.б.; Балқаш маңындағы Семізбұғы, Тұранға мен Қызылқайнар; Тянь-Шаньдағы Ақтоғай; Шығыс Қазақстанда Қозыбай, т.б. Бұл ескерткіштердің қай-қайсы да болмасын әрбір осы тарихи-мәдени өңірдегі ең ерте уақыттарға жататын кешен ретінде сипатталынады.

Ғалымдар республика жеріне тән палеолит ескерткіштерінің ара жігін анықтаған. Олар Қазақстан палеолит ескерткіштерін стратиграфиялы және ашық депекі түрге бөледі. Алғашқы топтағы палеолит ескерткіштерінің қатарына Шоқтас, Қошқорған, Батпак,

Шұлбі, Майбұлақ, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы, т.б. тұрақтар жатқызылады. Бұл ескерткіштердің басқаларға қарағанда ерекшелігі сол, олардың материалдары арқылы түрлі ғылыми әдістерді қолдана отырып палеолиттанудағы хронология, палеоэкология, кезеңдеу мен стратиграфия секілді басты проблемаларды шешуге болады. Ал топырақпен бүркелмеген және ашық жатқан объектілерде (Семізбұғы, Мұғалжар, Қызылқайнар, Ақтоғай, т.б.) аталмыш мәселелерді шешуде тек тас артефактыларына сүйену орын алған да, еңбек құралдарын зерттеуде техникалық-типологиялық, статистикалық әдістер кеңінен қолданылады. Осыған қарамастан ғалымдар ашық жатқан объект коллекцияларын палеолит дәуірінің негізгі кезеңдерінде стратиграфиясы сақталған ескерткіш материалдарымен өзара тығыз байланыстыра қарастырды. Нәтижесінде, қазақстандық палеолит ашельге дейінгі, ашель, мустье, кейінгі палеолит индустриялары болып жіктеліп отыр [211].

Дегенмен, Қазақстан палеолит индустриясының геологиялық жасын анықтау мәселесін қазіргі фактологиялық негізде қарар болсақ, аса күрделі мәселелердің біріне жатады. Өйткені ескерткіштердің көбі кең ауқымдағы хронологиялық шеңберде мерзімделеді де, олардың көршілес жатқан индустриялармен байланыстарын айқынырақ көрсету көп жағдайда қиынға соғады. Бұл өз кезегінде тас құралдар бүркелмеген және үстін топырақ баспаған күйде кездесетін «ашық» кешендерге ғана емес, стратиграфиясы сақталған тұрақтарға да қатысты болып келеді.

Қазіргі уақытта Қаратаудан, Маңғыстаудан және Сары-Арқадан табылған кейбір кешендерді (кезінде А.Г.Медоев көрсеткен) зоплейстоцен ақырғы кезіне жатқызуға болады. Бірақ ол көпшілік тарапынан әлі қолдау таба қойған жоқ. Ал төменгі плейстоцен ескерткіштері отандық палеолит ескерткіштері шоғырланған аймақтардың бәрінде ұшырасады. Мамандардың пайымдауынша осы заманғы еңбек құралдары (Мұғалжар кешендері, т.б.) орта плейстоценмен ұштасады да, жоғарғы плейстоценде олардың жетекші белгілерінің дәстүрін сақтап қалады. Геологиялық мерзімдеу бойынша айтқанда, жоғарғы плейстоцендегі мустье дәуірі жүйелі түрде біршама жақсы зерттелгенімен, кейінгі палеолит индустриясы жеткілікті

дәрежеде әлі күнге дейін қарастырылмай келеді. Мұны ғалымдар (Ж.Қ.Таймағамбетов, Б.Ж.Аубекеров) ежелгі адамдар өміріне тікелей әсер еткен палеогеографиялық жағдайларға байланысты болған жайт деп түсіндіреді [212]. Нақ сол кезде күн салқындап, қуаңшылық болған, мұның өзі адамдардың тіршілік етуіне қолайсыз жағдай туғызған. Әсіресе соңғы осташков-сартан мұз басуында өте суық және құрғақ климаттың қалыптасуы алғашқы адамдардың қысқа қарай хайуанаттар соңынан жылы жаққа көшуіне әкелсе керек. Оны кейбір өзендер (Сарысу, т.б.) бойындағы тізбектеле орналасқан тұрақтардан алынған материалдар растай түседі [212, 28-29].

Плейстоцен мен голоцен кезеңінің аралығы да ғылыми ізденістерде тиянақты қарастырылмай жүр. Кейінгі палеолиттің проблемаларын шешу үшін бірінші кезекте мұздық дәуір ықпалына ене қоймаған өңірлерде археологиялық жұмыстар жүргізген жөн. Сондай-ақ, екі дәуір аралығындағы қоғамдық өзгерістерді ерте голоцендік ескерткіштерге баса назар аудару арқылы шешуді де ұсынамыз.



### 1.3. МЕЗОЛИТ ДӘУІРІ НЫСАНДАРЫН ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫ

Республикада алғаш рет мезолит ескерткіштерін зерттеу 1950-ші жылдардың аяғы мен 60-шы жылдардың басында Оңтүстік және Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедицияларының жүйелі зерттеулерінен бастау алады. Дәлірек айтқанда, оңтүстікте Х.А.Алпысбаев, батыста А.Г.Медоев, солтүстікте Г.Зданович, В.Зайберт, В.Логвин секілді ғалымдар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Соңғы кезеңдерде А.Чиндин, В.С.Волошин, Ғ.Бексейітов, Ғ.Ысқақов, О.А.Артюхова, т.б. зерттеушілер бұл тараптағы ізденістерін жалғастырып келеді. Нәтижесінде мезолиттік ескерткіштер шоғырланған бірнеше аймақтарды бөліп көрсетуге мүмкіндік туды. Сол себепті де біз осы тараушада мезолиттік мәдениеттер таралған аймақтардағы археологиялық нысандардың зерттелуін бір ізге түсіріп кетуге талпындық. Ескерте кететін бір жайт, мезолит ескерткіштерінің зерттелу тарихына шолу жасау жекелеген мәдени-тарихи өңірлер бойынша іске асырылды.

Қазақстанда тас дәуірі ескерткіштерін зерттеуге мол үлес қосқан Х.А.Алпысбаевтың көп жылғы ізденістерінен мезолиттік ескерткіштерді де зерделендігін аңғаруға болады. Ол палеолит заманындағы археологиялық нысандармен қатар голоцендік кезеңдегі басқа ескерткіштерді де ғылыми айналымға енгізумен де айналысты. 1958-63 жылдары Х.А.Алпысбаев басшылығымен ҚР Ғылым Академиясы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология, этнография институтының Қаратау отряды оңтүстік өңірде зерттеу жұмыстарын жүргізді. Көптеген палеолит ескерткіштерімен қатар отряд Жамбыл облысы, Сарысу ауданы Бүркітті өзенінің қарсы бетіндегі 2-ші текпішекті қазу кезінде 0,9-1,4 тереңдіктен тас құралдары, атап айтқанда сүттей аппак халцедоннан дайындалған 140-тан астам жарықшақтар, өзектастар, пышақ тұрпаттас зат және бір басы тегістелген қабырғалары тең емес төртбұрыш тас (трапеция) табылған. Оны суреттей келе, Х.А.Алпысбаев:

«Мұндай геометриялық тұрпаттағы мезолит құралдары қыстырма немесе кескіш қызметін атқарған жоңғыш» [213] -деп, құралдың шаруашылықтағы, күнделікті өмірдегі орнын көрсетеді. Осы артефактының жасалу жолына және өзіне сүйене отырып, әрі материалдармен аздап танысқан Г.Ф.Коробкова [37, 139] Бүркітті мекенің мезолит дәуіріне жатқызады. Белгілі трасолог маман Х.А.Алпысбаев тарапынан жіберілген азды-кемді кемшіліктерге де тоқталды. Біздің ойымызша, бұл Х.А.Алпысбаевтың ескерткіш материалдарын мейлінше қысқаша сипаттауынан туындаған пікір болуы ықтимал.

1974 жылы Х.А.Алпысбаев жетекшілік еткен Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының тас ғасырын зерттеу отряды Сырдария өзені мен оның сағалаларында далалық зерттеу жұмыстарын жалғастырады. Оның топшылауы бойынша осы ауданда адамдар мустье дәуірінен неолиттің соңына дейін мекен еткен. Х.А.Алпысбаевтың осы кездегі жұмыстарының нәтижелері 1977 жылғы «Археологические исследования в Отраре» жинағына басылған [214]. Мақаласындағы Жаңашілік-1, 2, 3 және Маятас тұрақтарына азды-кемді назар аударар болсақ, мұнда мезолит заманында өзіндік индустрия қалыптасқандығын байқауға болады. Жаңашілік-1-3 тұрақтары қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, ескерткішпен аттас елді мекен жанындағы Шаян өзенінің оң жақ жағалауынан 2-3 шақырым жерден ашылған. Мұнда солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған 1-3 км аралығында бір-бірінен арасы 600-800 м қашықтықта орналасқан «Қарақұм» ауылының шаруашылық қоныстарынан халцедоннан жасалынған бұйымдар табылған.

Х.Алпысбаев еңбегінде әрбір тұрақтың орны, табылған бұйымдар ерекшеліктері, жасалу жолдары нақты көрсетілген және де әлемдік дәрежедегі басқа тұрақтармен салыстырылып отырылған. Мәдени қатпардан өзектастар, тас қабыршақтары (чешуйка) мен жаңкалары (отщеп), жонылған тас тіліктері (пластины), кесінділер (сегмент) мен қабырғалары тең емес төртбұрыш тас құралдар (трапеция), түзетілген тас тілікшелері, ішкі жағынан тегістелген тас тілікшелері және т.б. өндіріс қалдықтарымен қатар күл, хайуанаттар сүйектері, құмдақ тас пен кварциттік жұмыр тастар кездескен. Техникалық-типологиялық

сипаттамасына карағанда Жаңашілік-1, 2, 3 тұрақтарында тас жаңқалары немесе жарықшақтары баска бұйымдардан үлес салмағы басымдау болып келеді.

Осы археологиялық топ далалық ізденістерінің арқасында 1974 жылы ашылған тағы бір мезолит тұрағы - Маятас Оңтүстік Қазақстан облысы, Темір бекетінен оңтүстік-шығысқа қарай 7 шақырымда осы аттас елді мекеннен табылған. Маятас тұрағынан өзектас, пышақ тәрізді тас тілікшелері, кескіштер (резцы), үшкіртастар, тас жаңқалары және қабыршықтары көптеп кездескен. Шикізат көзі ретінде сұрғылт халцедон, шакпақтас пайдаланылған. Құралдар арасынан кішкентай жұқа етіп жасалынған бес тас қабыршақтары еріксіз назар аудартады. Өйткені, олардың бәрі де Жаңашілік-1, 2, 3 орындарынан алынған шикізат көздерінен дайындалғандығы байқалады. Тас артефактарында бір-біріне деген ұқсастық та бар [214]. Ойымызды қысқаша тұжырымдасак, бұл өңірден табылған мәдени ескерткіштердің барлығы, біздің пікірімізше бір кезеңнің туындылары болып табылады және Шаян жазирасындағы өзіндік бірегей кешенді құрайды.

Қаратау өңіріндегі Х.А.Алпысбаев ізденістері кейінгі жылдары өз жалғастығын тауып отыр. 1990 жылдар басында Шымкент облыстық мұражайы қызметкерлері мен ХТУ оқытушылары Бөген су қоймасы төңірегінде археологиялық жұмыстар жүргізеді. Жұмыс барысында мезолиттік құралдар табылғандығы жөнінде хабарлама жасалды [215]. Кездейсоқ табылған мұндағы бірнеше құралдардың ең көнелерін мамандар мезолит дәуірімен мерзімдейді. Ескерткіштен неолиттік бұйымдар да көптеп табылған.

Ал Қазақстан-Ресей археологиялық экспедициясы Қаратау жотасының солтүстік-шығыс бөлігінен бірқатар голоцендік ескерткіштер табады. Мезолит дәуіріне жататын Шахантай-1, Соркөл-1, 2 археологиялық нысандары толық ғылыми талдаудан өтті [57]. Шахантай-1 ескерткіші Ақкөл көлінен 2-2,5 шақырым оңтүстік-батыста орналасқан. Мұнда 1994, 1997-1998 жылдары жинастырылған тас бұйымдарының саны - 2538 дана. Коллекцияда өзектастар (119 дана), техникалық жарықшақтар (260 дана) да біршама көп. Мамандардың есептеуінше еңбек құралдарының жалпы саны - 297 дана.

Соркөл-1 ескерткіші Жамбыл облысындағы Саудакеңт ауылынан 25-26 шақырым шығысқа қарай орналасқан бұлақтың маңынан табылған. 1997-1998 жылдары атқарылған жұмыстар барысында 634 дана тас құралдары, өзектастар (125 дана), еңбек құралдары (103 дана) теріліп алынған. Осы археологиялық нысанның төңірегінен ашылған Соркөл-2 ескерткішінен 955 дана тас артефактылары жиыстырылған. Олар халцедон, шакпактас жынысынан дайындалған. Өзектас (159 дана), еңбек құралдарына (128 дана), т.б. бұйымдарға толыққанды ғылыми талдау жасалған [57, 15-17].

Аталмыш технокешендер Ғ.Т.Бексейітов пікірінше, Тәжікстан мен Өзбекстан аумақтарындағы мезолиттік марқансу, неолиттік гиссар, орталық ферғана мәдениеттеріне ұқсас болып келеді, сондай-ақ бұйымдардың керамикасыз ерте неолитке жату мүмкіндігі де айтылады. Автор алынған заттарды мезолит пен неолит дәуірлері аралығында кешен ретінде сипаттайды. Осыларды ескеріп зерттеуші Шахантай-1, Соркөл-1, 2 кешендерінің біразын тас құралдарын б.з.б. XV-V мыңжылдық бас кезімен мерзімдейді [57, 24]. Ғылыми әдебиеттерде Соркөл кешендерінің өзектастары палеолит дәуіріне жатқызылып та жүр [95]. Соған байланысты кешендердің палеолиттік және мезолиттік коллекциялары болашақта нақты көрсетілуі тиіс. Сірә, бұл кешендерді Х.А.Алпысбаев зерттеулерімен салыстыра зерделеген кезде ғана оң нәтиже алынуы мүмкін. Ғ.Т.Бексейітов республика аумағындағы ешбір тас дәуірі ескерткіштерімен жоғарыдағы нысандарды өзара байланыстырмай, өзіндік ерекше мәдениет деп көрсетуге тырысады. Біздіңше, кейбір құралдар (кескіш, жонғыш, т.б.) осы маңайдағы Бүркіттіден алынған заттармен де үндесетін сияқты [213].

Аталмыш археологиялық экспедиция зерттеген Қаратау кейінгі палеолиті мен мезолиттік индустрияларын айқындауға біршама жол ашатын ескерткіштердің бірі Қызылтау болып табылады. Қызылтау археологиялық материалдары 1-алаңнан (10536 дана), 2-алаңнан (4709 дана) және 2-алаң маңынан жиыстырылған (42 дана), сондай-ақ 1-30 пункттерден (824 дана) теріп алынған [10, 32]. Бұл пункттерден сан мыңдаған тастар арасынан тек Кана түрі айқын бұйымдар ғана таңдап теріліп алынғанды. Соның өзі бірнеше мың дана артефактылардың

жинақталуынаалып келген. 1-алаңмен 2-алаңнан материалдардың басым бөлігі жинақталған. Ескерткіштерден алынған бұйымдар қатты, орташа, әлсіз дефляциялы және дефляцияға ұшырамаған деп жіктеліп, өзіндік жеке-леген топтарға бөлінген.

Соңғы аталған дефляцияға ұшырамаған топтағы бұйымдар арасында мезолиттік кешендердің болуы ықтималдығын жоққа шығаруға болмайды. Қызылтау кешендерін мамандар тұрақ-шеберхана ретінде сипаттайды [10, 182]. Ондағы алғашқы жаңқалау техникасында параллель және субпараллель тәсілдер басымдық танытады. Ғалымдар ерте палеолиттен кейінгі палеолитке дейін Қызылтау кешендерінде өзіндік тас индустриясы сақталғандығын жазады. Мұның өзі кейінгі замандардағы тас өңдеу әдіс-тәсілдерінің дәстүрі жалғасқандығын айтқан ғалымдардың (Алпысбаев, Медоев, т.б.) пікірлеріне қарама-қарсы келмейді. Сірә, Қызылтау кешендері мезолиттік бұйымдардан кенде болмаса керек. Тек оның кейбір жайттары мамандар тарапынан ескерілмеген секілді. Қызылтау кешендеріндегі дефляцияға ұшырамаған артефактылардың хронологиялық сауалдары ашық тұрғандығын мұнда зерттеу жүргізген археологтар да мойындап отыр [10, 162]. Соған қарағанда, бұл кешендер арасынан мезолиттік бірлі-жарымды бұйымдардың да ұшырасуы әбден мүмкін. Оны болашақтағы ізденістердің көрсетері анық.

1971 жылы Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының (Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, Петропавл педагогикалық институты) Шағалалы отряды Көкшетау облысында зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Оған Г.Б.Зданович басшылық жасайды. Отряд Шағалалы өзені маңындағы Виноградов-10 тұрағында қазба жұмыстарын атқарып, жалпы көлемі 25 шаршы метр шамасында 15-20 см тереңдіктен қоныс орнын тапқан. Бұйымдар саны - 743 дана. Олар сұрғылттау яшмадан даярланған. Пышақ тәрізді тас тілікшелері де бар. Тас жарықшақтары бірен-саран ғана. Ал Виноградов-12 тұрағы өдан оңтүстікке қарай Шағалалы өзенінің сол жақ жағалауынан табылған. Шақпақтастан дайындалған өндіріс қалдықтары, өзектастар (нуклеустер), пышақ тәрізді тас тілікшелер саны 1092 дана [216]. Бұл өңірден табылған мезолит дәуірінің қоныстарына төменде толығырақ тоқтаймыз.

Бір айта кететін жайт, Г.Ф. Коробкова [37,140] мезолит дәуіріне Батыс Қазақстандағы Сары-Айдын көлінің оңтүстік-батыс жағалауындағы орынды да жатқызады [89], бірақ одан алынған тас құралдар аз және де осыған ұқсас аталған өңірде кешендер тіпті жоқ. Сары-Айдын материалдары жайлы ғалымның зерттеу жұмыстарында аздап айтылғанымен, ескерткіш бұйымдарының техникалық-типологиялық сипаттамасын табу мүмкіндігі шектеулі, себебі отандық тарихнамада ол ескерткіш туралы толымды ақпарат жоқтың қасы. Бұлар тек Үстіртте Е.Б.Бижанов ашқан мәдени орындардың мирасқорларымен ұқсас келетін, оларға бірден-бір тән ескерткіштер болуы мүмкін [217].

Республиканың батыс аймақтарында тас дәуірі ескерткіштерін зерттеу жаңа ғасыр бас кезінде біршама қолға алынды. Мысалы, 2001 жылы құрылған Батыс Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (жетекшісі - К.М.Байпақов) аз уақыт ішінде болса да, Батыс Қазақстан облысында көптеген ғылыми ізденістер жүргізе білді. Экспедицияның тас ғасырымен шұғылданушы отрядының мүшелері (О.А.Артюхова, т.б.) Ақжайық ауданынан мезолит дәуіріне жататын Қарсы (Қаршы), Шәуші ескерткіштерін алғаш рет осы жылы ашты [70]. Алғашқы аталған кешен Лбищенское ауылынан 1,5 шақырым оңтүстік-шығыстан, Орал өзенінің сол жағалауынан табылған. Ескерткіштен халцедон, яшма жыныстарынан жасалған отыз шақты еңбек құралдары шығады. Оларды жасаудағы индустрия көлемділігі палеолиттік дәстүр сақталғандығын көрсетеді. Зерттеушілер бұл тұрғын жай материалдарын әлі зерттеле қоймаған өте ерекше голоцендік мәдениет нұсқасы болуы мүмкін деп жазады [70, 27]. Әлбетте, оның осы өңірден ашылған алғашқы ескерткіштердің бірі екендігінде дау жоқ. Бірақ аталмыш археологиялық нысанның бірегейлігін техникалық-типологиялық көрсеткіштері арқылы нақты көрсете қою қиын. Себебі, Орал тауындағы голоцендік ескерткіштер және мәдениеттермен байланысы, Мұғалжар сынды палеолиттік кешендер шоғырланған аймақтармен корреляциясы айқындалмай, оны бөліп көрсету әлі ертерек секілді.

Ал жоғарыда екінші аталған Шәуші тұрағы болса Калмыково ауылынан 24 шақырым оңтүстік-батысқа қарай орна-

ласқан. Далалық зерттеулер барысында бұл ескерткіштен 107 дана тас артефактылары, әртүрлі дәуірлерге жататын керамика қалдықтары жинастырылған. Коллекциядағы еңбек құралдары, бұйымдар (тас жанқа, тілікше, жарықшақ, т.б.) жоғары дәрежеде дайындалғандығы байқалады [70, 29].

Бұл екі ескерткіш материалдарымен кезінде Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының қорында танысуға бізге мүмкіндік туған еді. Авторлардың нысандарды мезолитпен дәуірлеуімен келісуге болады. Біздің қосарымыз, Қарсы ерте, Шәуші кейінгі мезолитке жатуы мүмкін. Оны зерттеушілердің мақалаларындағы тас құралдар суретінен де аңғаруға болады. Себебі тас бұйымдарының техникасы алғашқы кешенде сәл-пәл дәрежілеу екендігі байқалады.

1975 жылы В.Н.Логвин Қостанай облысынан келетін Тобылдың оң жағалауынан 16-20 шақырым кашықтықтағы Евгеньевка-1 тұрағын ашты. Ескерткіштегі мәдени қабат қазіргі шаруашылық қаракеттер нәтижесінде түгелдей бұзылған. Коллекциядағы құралдар алевролит, яшмокварцит пен халцедоннан істелінген. Оларда мөлтек тас тілікшелері (54,8%) басымдық танытады.

В.Н.Логвин 450-дей тас құралдарын қазып алады да, олардың жасалуына ұқсас Оңтүстік Орал мен Шығыс Каспий маңындағы ескерткіштер дәуіріне (Жебел) жатқызады [218]. Оны өз ізденістерінде танымал ғалым-трассолог Г.Ф.Коробкова да құптайды [37, 111]. Жалпы алғанда, Евгеньевка-1 тұрағының ең көне замандарға баратын мерзімі б.з.б. YII мыңжылдық соңы мен б.з.б. YI мыңжылдық бас кезі деп анықталған.

Мезолит ескерткіштерінің Солтүстік Қазақстанда біршама көп болуын, белгілі ғалым Ж.Таймағамбетов палеолит кезіндегі адамдардың тіршілік үшін жаңа жерлерге (оңтүстіктен солтүстікке) қоныс аударуынан деп есептейді [219,52], Солтүстік Қазақстан - Батыс Сібір жазығының оңтүстік шетін және Сарыарқаның қиыр солтүстік жазығын алып жатыр. Мұнда 1967-77 жылдар аралығында Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы нәтижелі жұмыстар жүргізген еді. Сол кезеңде тас дәуіріне қатысты, 1967-68 жылдары Есіл өңірінен 30-дан астам тұрақтар мен қоныс орындары ашылды. Олардың барлығына В.Ф.Зайберт «Памятники каменного

века Петропавловского Приишимья» атты көлемді еңбегінде қысқаша тоқтап еткен [220]. Мақаласында В.Ф.Зайберт Солтүстік Қазақстаннан табылған тас ғасыры ескерткіштерін 3 топқа бөледі. Біз қарастырып отырған мезолит дәуіріне қатыстысы Явленка тобы болып табылады. Алты тұрақты (Явленка ауылынан) кезінде Г.Б.Зданович ашып, 1968 жылы оларды Л.Я.Крижевская зерттеген болатын.

В.Ф.Зайберт бөлген алғашқы топтың ішіндегі маңыздылары Явленка-2, Мичурин-1, Бескөл-2, Боголюбов-1 болып табылады. Бәрінде шикізат көзі ретінде шакпак тас, яшма жынысы және ашық түсті кварцит пайдаланылған. Құралдардың жалпы саны жағынан тас тілікшелері алдыңғы орында тұрады. Тас құралдар жиынтығы - тас тілікшелерін бүйірден туырлаумен, бұрышты-бүйірлі қырнағыштармен, жарым-жартылы тастармен, жоңғы, мөлтек кескіштермен (микрорезцы), жонғыштармен (скобели), арка тұсы мұқалған тас тілікшелермен, түзетілген кеспелтекпен, ойықпен және де шабылған сұққыштар (скошенные остря), тескіш бұрғылармен сипатталынады. Мұнымен қатар садақ оқтарының ұшындағы тас тілікшелері, төрт қабырғалары тең емес тастар (трапеция), тас тілікшелі қырғыштар аз кездеседі.

Бұл еңбек құралдарына белгілі трасолог Г.Ф. Коробкова да көп мән беріп, ғалымның кейінгі уақытпен осы топты мерзімдеуін құптайды [37, 170-171].

Республика аумағындағы Тобыл, Ертіс өзендері арасы, сонымен қатар ресейлік Қорған, Омбы, қазақстандық Торғай даласы мен Семей қалаларының аралығы В.Ф.Зайберт пен Т.М.Потемкинаның пікірлерінше Қазақстан мезолит ескерткіштерінің ірі таралу аймағы болып табылады. Негізінен алғанда, XX ғасырдың 60-шы жылдарының бас кезінде Оңтүстік Оралдан Г.Н.Матюшиннің мезолит тұрақтарының бірнешеуін тауып зерттеуі, осы өңірге жақын болғандықтан, аталған дәуірге деген ғылыми қызығушылықты біршама күшейтті [221; 222]. Кейінірек, солтүстікте В.Н.Логвин, дәлірек айтсақ Қостанай мен Торғайда, ал В.С.Волошин Целиноград (қазіргі Акмола-авт.) пен Павлодар облыстарында көптеген істер атқарғандығы жоғарыда біршама түрде айтылды. Ол жұмыстар туралы материалдардың көбі жарияланбады, ғылыми айналымға дер кезінде кірмеді, тек ескерткіштердің кейбір мағлұматтары 1970-78 жылдардағы

«Археологические открытия» (АО) жинақтарына қысқаша ғана хабарлама түрінде еніп отырды.

Ұзақ жылдар бойы Торғай және де Қостанай археологиялық экспедициялары (жетекшісі - В.Н.Логвин) Торғай даласынан екі жүзден астам голоцендік ескерткіштер ашып, ғылыми айналымға енгізген болатын. Ескерткіштердің 22-інде стационарлық жұмыстар жүргізілген. Әлі күнге дейін олар туралы ғылыми мақалалар, іргелі еңбектер жазылу үстінде. 2002 жылы тас дәуірінің ескерткіштерін В.Н.Логвин біршама толыққанды түрде жүйелеп, тас құралдар индустриясына ғылыми талдау жасап шықты. Көпжылдық жұмыстарының біразын қорытындылаған археологтың негізгі ғылыми ізденісінде мұндағы мезо-энеолиттік нысандар технокешендеріне анықтама жасалады [48]. Ғалымның ескерткіштерді жүйелеуі ерекше назар аударуға тұрады. Ол мезолиттік Евгеньевка-1, Дүзбай-6, Тұз-1 ескерткіштерінің материалдары басқа дәуір индустрияларымен араласпаған «таза» деп есептейді де, коллекциядағы ұшырасатын асимметриялық трапецияларға қарап бұл нысандарды өзіндік жеке топқа жатқызады. Келесі топқа тас коллекцияларында трапеция, шеті мүжілген тіліктер кездесетін Дүзбай-6, Дачная, Обаған-3, Конезавод-3 тұрақтары жатқызылады. Сөйтіп, мұндағы ескерткіштерді екі топқа жатқызуға болады. Ғалым тілімен айтқандағы (алғашқы тобына) мұндай «таза» ескерткіштерге тоқталып кетер болсақ, Евгеньевка-1 жөнінде жоғарыда біршама айтқан болатынбыз. Ал келесі нысан Дүзбай-6 тұрағы Атағай өзенінің оң жағалауында орналасқан. Далалық қазба барысында 176 шаршы метр жер аршылады да, бірқатар материалдар жинастырылады. Алынған заттар арасында өзектастар және олардан алынған жарықшақтар, бүйірлі кескіштер, түрлі тас тіліктері бар. Тұз-1 тұрағы болса, ол осы аттас көлдің солтүстік жағалауында орналасқан. Далалық зерттеулер барысында аумағы 600 шаршы метр алаңнан өзектастар, асимметриялы трапециялар, кескіштер, түрлі тілікшелер жинастырылған [48, 9]. Ескерткіштердің екі тобына да микролиттілік пен шикізат көздерінің біркелкілігі (халцедон, яшма-кварцит, алевролит) тән. Тас тілікшелерін жонуда және құралдарды дайындауда да айтарлықтай өзгешелік жоқ. Тек жекелеген археологиялық нысандардың кейбірінде

әлдебір бұйымдар (трапеция, т.б.) кездеспеуі мүмкін. Бірақ мұның өзі әрбір ескерткіштің өзіндік сипаттамасын көрсетеді. Автор тарапынан «таза» мезолиттік деп ескерткіштерді бөлу татымды материалдардың алынуынан туындаған. Ескерткіш коллекциясына жасалынған техникалық-типологиялық сипаттама мұны мақұлдауға негіз береді.

Жалпы алғанда, В.Н.Логвин Торғай өңіріндегі нысандардың басым бөлігін Орал төңірегіндегі ескерткіштермен өзара байланыста дамыған деп тұжырымдайды [48, 11]. Автор еңбегіндегі аталмыш ескерткіштердің Сарыарқа жеріндегі өзге нысандармен корреляциясы ешқашан жасалмайтындығы таң қалдырады. Зерттеуші Торғай даласында О.А.Артюхова [206] жүргізген археологиялық жұмыстар нәтижелерінен де бейхабар. Сондықтан да В.Н.Логвин кейбір ескерткіштердегі тас құралдар эволюциясына да жете мән бере қоймаған секілді.

1998-1999 жылдары Лисаковск қаласынан (Қостанай облысы) 15 шақырым оңтүстікке қарай жерден А.В.Логвин басқаруымен Қарасор ескерткіштер тобында қазба жұмыстары жүргізілген болатын. Экспедиция бұл жерден бірнеше дәуірдің археологиялық олжаларын кездестіреді. Мұндағы голоцендік Қарасор ескерткіштер тобын кейінірек Е.В.Подзюбан зерттеп ғылыми айналымға енгізеді [223]. Ерте голоценге зерттеуші пікірінше Қарасор-5, 6 нысандары жатады. Бұл тұрақтардан халцедонолит (83%) пен алевролиттен (14%) жасалған тас тілікше мен тілік, тескіш, қырғыш, түрлі өзектас, кескіштер табылған. Коллекцияларды Е.В.Подзюбан ғылыми өңдеуден өткізіп, материалдар Дүзбай-6 ескерткіштеріне жасалуы жағынан өте ұқсас деген пайымдау айтады да, қостанайлық Тобыл төңірегіндегі мезолиттік кешендермен байланыстырады [223, 146]. Зерттеуші пікірінше, қарасорлық ескерткіштердің Дүзбай-6 археологиялық нысандарымен үндесетін негізгі белгілері - пайдаланылған шикізат көздері, тас тілікшелердің ені (үштен бірінің ені - 4-5 мм), құралдар жиынтығы (асимметриялық трапециялар жоқ, т.б.), тас тілікше алу үшін қалам секілді өзектастардың пайдаланылуы болып табылады.

Сондай-ақ, 1999 жылы Меңдіқара ауданынан (Тобыл бойындағы Ресеймен шекаралық аймақта) табылған Ұзынағаш-1, Қаражар-2 және көп қабатты Күлшұқай-2 (Кульчукай-2)

ескерткіштерінің материалдарын да Е.В.Подзюбан мезолиттік-неолиттік уақытқа жатқызады. Ескерткіштердің бірқатары (Күлшұқай) табиғи факторлар мен шаруашылық қаракеттер әсерінен бұзылғандықтан, кейбір мәселелерді (тас өңдеу дәстүрі, тас құралдарының эволюциясы, т.б.) толық шешуге мүмкіндік бере қоймайды.

Ал Тобыл мен Ертіс өзені аралығындағы ескерткіштерді топтап, бір жүйеге салған - В.Ф.Зайберт пен Т.М.Потемкина ескерткіштерді үш мөлтек ауданға бөледі: 1) Қорған рблысы аумағындағы орманды-далалы Тобыл маңы; 2) Шағалы өзенінің бойы; 3) Есілдің жоғарғы жағы [224].

Біріншісіне қатысты қазіргі таңда оннан астам мезолит дәуірінің ескерткіштері белгілі болып отыр. Бір айта кететін жайт, мұнда тек Обаған-3 тұрағында ғана толыққанды қазба жұмысы жүргізілген. Тұрақ Обаған өзенінің Тобылға құяр жерінен 250 м қашықтықтан табылған. Алғашқы 1977-78 жылдардағы жұмыстар нәтижесінде, барлығы 280 шаршы метр жер аршылды. Ескерткіштің екінші мәдени қабатын қазу кезінде мезолит бұйымдары ұшыраса бастайды. Мезолит кешендері шыққан алаңқайды тазалау барысында аумағы 80 шаршы м шамалас тікбұрыштау келген қоныс-үй орны білінеді, сондай-ақ бұл қоныс-үй орнынан 49 бағаналық және 13 шаруашылық шұңқыр орындары анықталған [224].

Қазба барысында қоныс-үйдің шығыс жағынан сопақша келген (1,1-0,8 м) ошак қалдығы, хайуанаттар сүйектері табылған. Аршылған күлдің қалыңдығы 4-6 см-дей болады. Коллекцияда шақпақ тастан жасалынған бұйымдардың жалпы саны 50-ден асады. Олар екі өзектастан, 40-тан астам шағын тас тілікшелері, тас жарықшақтары мен қабыршақтарынан құралған. Тас құралдарының көпшілігі шақпақ тас пен жасыл яшмадан дайындалған [35, 12].

Ал жоғарыда айтылған екінші мөлтек ауданнан 100-ден астам тас ғасырының голоцендік орындары кездескен. Олардың тек бірен-сарандарында ғана далалық қазба жұмыстары жүргізілген еді. Арасындағы бірегей ескерткіштердің бірі Виноградов-12 тұрағы Шағалалы өзенінің оң жақ жағалауынан табылған. Мұнда далалық қазба барысында 44 шаршы метрден барлығы 942 зат теріліп алынған. Өзектастардың (10 дана) басым бөлігі сына

(8 данасы) тұрпаттас, монофронтальды және биіктігі 1,4-тен 5,3-ке дейін қосымшасына тәріздес болып келеді, ал тас тілікшелері (306 дана) айқындылығымен ерекшеленеді. Екінші кайтара өңделген бұйымдардың жалпы саны - 49 дана. Тас жаңқалары өте көптігімен (600 дана) ерекше көзге түседі [35, 93].

Сонымен қатар Шағалалы өзенінің сол жақ жағалауынан табылған Виноградов-2 тұрағы екі мәдени кабаттан тұрады. Мезолит дәуіріне жататын 58 дана ескерткіштен алынған бұйымдар жайы ерекше. Құралдар негізінен ашық-қоңыр түсті шақпақ тас жынысынан түзілген. Осы мөлтек ауданға жататын тағы бір ескерткіш Куропаткин-1 тұрағы болып табылады. Ол Шағалалы өзенінің оң жақ жағалауында. Виноградов тұрақтарынан оң-түстік-батысқа қарай 40 шақырым жерде орналасқан. Басым бөлігі қираған тұрақтан ешқандай құрылыс іздері байқалмайды. Тұрақтан 2433 дана құралдар мен жануарлардың бірнеше сүйек калдықтары шыққан. Өзектастар (10 дана) конус, сына және призма тұрпатында болып келеді. Тас тілікшелердің (86 дана) тек 4 данасы ғана өңделген. Тас жаңқаларының саны - 2324 дана, олардың тек 1,8%-ы түзетілген. Қырғыштар (10 дана) ұзын тас жаңқаларынан дайындалған. Куропаткин-1-ден жонғы, кескіш (2 дана) те аршып алынған. Осындай техникалық-типологиялық сипаттамасына карағанда бұл ескерткіш шеберхана болғанға ұқсайды [3, 91].

Үшінші, Тельман шағын ауданы немесе Есілдің жоғарғы жағына келсек, бұл жерден табылған Тельман-7, 8, 9, 14 ескерткіштерін В.Ф.Зайбергпен Т.М.Потемкина Тобыл аймағындағысын ерте (Обаған-3, 8, Звериногов-6, Жоғарғы Алабұға, Камышное-1) және кейінгі (Обаған-1,5, 7) деп бөледі де, осыған ыңғайластырып Шағалалы (Виноградов) өңіріндегілерді ерте кезеңге Куропаткин-1, Виноградов-2 (төменгі қабаты) тұрақтарын жатқызса, кейінгі уақытқа Виноградов-12 және 2 (үстіңгі қабаты) тұрақтарын кіргізеді [224]. Сөйтіп, бұл ғалымдар аталмыш өңірдегі мезолиттік кешендердің толыққанды сипаттамасын жасап берді.

Ал 1976 жылы Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының Петропавл отряды тарихи ескерткіштерді картаға түсіру мақсатында Есіл өзені маңына, кеуіп кеткен Камышов

өзенінің маңайындағы көл орындарында барлау жұмыстарын жүргізген. Отряд Петропавл қаласының оңтүстік-батыс жағындағы «Мичурин» кеңшары орналасқан тұстан шақпақтас заттарын, керамика сынықтарын тапты. Олардың саны - 24 дана. Бұл бұйымдарды авторлар Солтүстік Қазақстандағы: Явленка-2, Жабай-Покров-1, Тельман-7 секілді мезолит ескерткіштерінің артефактыларына тән деп пайымдайды [225, 513]. Расында-ақ, сипаттамадағы тас құралдарының ерекшелігі мен жасалуына қарай Мичурин тұрағы мезолит дәуіріне толық жатады деуге болады.

Сол жылы осы отряд қазіргі Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Тельман ауылында Есіл өзенінің бойындағы тас дәуірінің ескерткіштерін зерттеуді одан әрі жалғастырады. Мұндағы мезолит ескерткіштерінің ішіндегі ең көрнектісі Тельман-7 тұрағы болып табылады. Мәдени қалдықтар 40-60 см тереңдіктен аршып алынған. Қазба табанындағы балшықты тазалау кезінде тереңдігі 10-20 см, диаметрі 15-25 см 30 бағаналық шұңқырлар орны білінді. Зерттеу нәтижесінде яшма, шақпақтас пен кварциттен дайындалған 2084 зат алынған. Коллекцияда тас тілікшелері (363 дана) көп кездеседі. Олардың 120 данасы екінші қайтара өңделген және көлемдері кішілеу болып келеді. Бүтін тас тілікшелері жоқтың қасы [226, 511]. Ендігі бір археологиялық жағынан қызығушылықтанытатын тұрақ - Тельман-2. Қазба кезінде (0,6 м-ге дейін тереңдікте) одан көптеген шаруашылық үңгімелері мен бағаналық шұңқырлар орны табылған. Шақпақ тастан және оның қалдықтарынан жасалынған 5116 дана тас құралдарымен қатар керамиканың да жекелеген фрагменттері аршып алынады. Тұрақ материалдары біркелкі емес. Зерттеушілер тарапынан ерте кездегі және кейінгі уақыттағы кешендерге жатқызылған. В.Ф.Зайберт алғашқысына шикізат көзі бойынша, сосын техникасы мен типологиясына қарай Тельман-7 тұрағынан алынған заттар қатарына, қалғандарын неолит дәуіріне жатқызады. Мезолит пен неолит замандарында пайдаланылған Тельман-8 тұрағында екі дәуір бұйымдары генетикалық байланыста жатқандығын аңғартады. Ал бұл аудандағы Тельман-9 қонысында көлемі 216 шаршы метрді қамтитын қазба ісі жүргізілгеннен кейін, ескерткіштің екі мәдени қаппарлы екендігі анықталған. Алаңқайды алғашқы

қоныстану мезолитте басталса керек. 2000-нан астам жиналған материалдар типологиясы Тельман-7 бұйымдарымен бірдей, сонымен қатар жер бетіндегі құрылыс қалдықтары, шаруашылық және тіреуіш шұңқырлар, ошақ орындары да одан табылған осындай кешендерге қатты ұқсас болып келеді [37, 170].

Жоғарыда аталған ескерткіштер дәуіріне Тельман-14 қонысы да сай келеді. Тас құралдарынан басқа мына бір жағдай назар аударарлық. Далалық қазба кезінде 1,3 м тереңдіктен қалыңдығы 6-8 см күл қабаты бар солақшалау келген диаметрі 1,5 метрдей шұңқыр орны табылған. Күл қалдықтарының бетінен ұсақталып кеткен сүйек қалдықтары ашылған. В.Ф.Зайберт пікірінше, бұл шұңқыр ғибадат орны болуы мүмкін. Біздің ойымызша, мұнда мәйіт өртелуі де ықтимал. Сондай-ақ Тельман-14а тұрағының дәл хронологиялық уақытын анықтау ісінде 10540±200 жыл деген радиокөміртекті мерзімдеу арқылы алынған мәлімет бар [37, 172; 227, 12]. Есіл мен Шағалалы өзен аңғарларында екі дәуір кешендері болғандықтан, археолог В.Ф.Зайберт ондағы мезолитті екі кезеңге бөледі. Алғашқысы палеолит соңы мен ерте мезолитке сай келеді де, Оралдағы ильмурзин кезеңімен, ал екіншісі кейінгі мезолитке жатады да, Оралдағы романов пен сюнь кезеңдерімен және янгель кезеңімен синхрондалады [224, 125-126].

Мезолиттік кешендер мейлінше көп шоғырланған, ендігі кезекте қарастырылатын аймақ Орталық Қазақстан болып табылады. Мұнда ұзақ жылдар бойы мезолит мәселелерімен біршама жүйелі түрде айналысқан А.Ю.Чиндин деуге болады [228; 229]. Ол Орталық Қазақстандағы ертеректе ашылған мезо-энеолит ескерткіштер материалдарын қайта ғылыми талдаудан өткізді де, жаңадан тың ескерткіштер ашып, көптеген археологиялық нысандардың коллекциясына трасологиялық зерттеулер жүргізді. Орталық Қазақстанда мезолит дәуіріне жататын тұрақтар бар екендігін дәлелдеді.

М.Н. Клапчук кезінде Сарыарқа жерінде мезолит ескерткіштерінің болмауы палеоклиматтық жағдайдың қолайсыз болғандығынан деп есептеген еді. Шындығына келгенде, бірқатар палеолиттік ескерткіштердің Сарыарқадан табылуы және де мұнда неолиттік ескерткіштердің көптігі М.Н. Клапчук пайымдауының дұрыстығына күмән келтіретін еді. Мезолит

ескерткішін М.Н. Клапчук кездестірсе де, оны неолит дәуіріне жатқызып отырды. Солардың бірі Қарағанды-15 тұрағы болып табылады. Қарағанды-15 тұрағының материалдарына кейіннен 1974-75-ші жылдары Г.Н. Матюшин ғылыми талдаудан өткізді де, коллекция арасындағы симметриялы трапецияларға қарап, ескерткішті кейінгі мезолит уақытына жатқызады. Қарағанды-15 тұрағының далалық және есептік құжаттары сақталмаған. Тұрақ А.В. Виноградов пен Э.Д. Мамедов пікірінше, тек ерте неолитке жатады [230]. Өндіріс қалдықтарынан тас қабыршықтары, ұсақ тас жаңқалары мен сынықтарды көруге болады. Құралдар жиынтығына (сақтау дәрежесі, тас құралдар тобы, өзектастардың көлемі мен түрлері, дайындау параметрі) Әкімбек тұрағының (1988 жылы ашылған) төменгі қабатынан табылған кешен типологиялық жағынан жақын келеді деп айтуға болады. Мұндағы тас индустриясы тілікшелі-жаңқалы болып келеді. Тас тілікшелерін дайындайтын негізгі өзектастардың табылуы, ұсақ тас жаңқаларын пайдалану, жаңқалардан жасалынған қырғыштардың көп болып жасалуына қарай Солтүстік Қазақстандағы, Батыс Сібір және Оңтүстік Оралдағы кейінгі мезолит пен ерте неолит ескерткіштерімен үндеседі. Екі тұрақ бір кезеңнің және бір мәдениеттің көрінісі және А.Ю. Чиндин пікірінше б.з.б. VIII мыңжылдық соңын - VII мыңжылдық басын камтиды [231].

Сарыарқаның солтүстік шығысындағы Қара-Бұдыр-3 тұрағынан В.К.Мерц 1991-94 жылдары яшмокварциттен және қоңыр тастан жасалған 286 бұйым жинап алады [232]. Бұл материалдарды ол Шідерті-3 тұрағының төртінші қабатынан алынған заттармен ұқсас деп табады. Бірақ автор көп қабатты Шідерті тұрағындағы тас құралдарының әр қатпарындағы даму эволюциясын ұзаққа дейін нақты еш жерде ажыратып бере алмады. Оған қазба материалдарының аздығы кедергі келтірді. Бұл тұрақты Павлодар археологиялық экспедициясы 1988 жылы ашты, келесі маусымнан (1989 жыл) бастап онда қатарынан бірнеше жыл қазба жұмыстары жүргізілді. В.К.Мерц аталмыш нысанның жеті мәдени қабатынан тас құралдары, қыш ыдыс сынықтары, хайуанаттар сүйектері өте көп шығуда деп жазады [233]. Ескерткіш Екібастұз ауданындағы Шідерті стансасынан 7 шақырым күнгеіге қарай орналасқан. Оның әзірге тек

энеолиттік технокешендері мейлінше толығырақ жариялану үстінде. Дегенмен, Шідерті-3 ескерткішінен мезолиттік бұйымдар (геометриялық микролиттер) да анықталған. Олар ескерткіштің ең ерте кездегі коллекциясын құрайды. Шідертілік мезоэнеолиттік материалдарды В.К.Мерц белгілі бір дәрежеде атбасар мәдениетімен (В.Ф.Зайберт зерттеген) үндеседі деп те есептеп отыр.

Осы өңірден 1993 жылы ашылған Талдыөзек-21 ескерткішін В.С.Волошин одан ертереккезеңге жатқызады [234]. Одан жиналған 1218 бұйымның 880-і жарықшақтар, қалғандары - өзектас, тас тіліктері, т.б. Олардан басқа Талдыөзек-21 жасы стратиграфиялық мәліметтермен де топшыланды. В.С.Волошин шыққан заттарды Ангренсор-2 жоғарғы бетінен алынған бұйымдармен байланыстырады да, Талдыөзек-21 индустриясын акырғы палеолит немесе ерте мезолитпен мерзімдейді. Біздің ойымызша, кейінгісі көңілге қонымдырақ секілді. Өйткені тас жаңқадан дайындалған кейбір бұрышты қырғыштар Орталық Азия мезолитінде (Марқансу) көптеп кездеседі. Ангренсор-2 ескерткішінің жоғарғы бетінен алынған материалдар да оларға ұқсас болға келеді. Павлодарлық Ертіс төңірегіндегі Шідерті-3, Ангренсор-2, Құдайкөл-4, Қара-Бұдыр-3 ескерткіштерінен алынған өзектас түрлері (сына, конус, қалам тәрізді), басқа да құрал-саймандар (тас тілікше, т.б.) яшмокварциттен, шақпақтастан дайындалғандығын айта кеткен жөн.

Орталық Қазақстандағы мезолиттік бірегей ескерткіштің бірі - Тоқтауыл тұрағы. Ол Жезді өзені бойындағы Талдысай ауылы маңында орналасқан. Ескерткішті Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының (жетекшісі Ж.Құрманқұлов) тас дәуірін зерттеу отряды (О.Артюхова, Д.Байгунаков, Ғ.Бексейітов) 2001 ж. ашқан. Ерте голоценге жататын бірнеше жүз тас бұйымдары (тілікше, бифас, өзектас, қырғыш, тас жаңқа, т.б.) жинастырылған бұл тұрақ 2004 жылдан бері Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша зерттелін келеді. Нәтижесінде мол көлемде тас бұйымдар топтамасы жинастырылған. Ескерткіштің Ұлытау - Жезқазған өңіріндегі рөлі айқындалған. Қазіргі таңда Тоқтауыл ескерткіші мейлінше толық тыңғылықты зерттелген кешендердің бірі болып табылады.

Белгілі ғалым А.Г.Медоевтың [156, 96] Сарыарқада тас дәуіріндегі автохтондық шағын тас мәдениеті орныққанда үзілді деген пайымдауымен келісе қою қиын. Өйткені Қазақстан аумағындағы жаңа тас ғасыры мәдениеті жергілікті мезолит негізінде пайда болғандығын көп қабатты ескерткіштер (Атбасар, Тельман, Маханжар, Қарағанды-15, т.б.) материалдарынан көреміз. Әрине, субстрат пен суперстраттың этникалық синтезделуін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ соңғылары тарихи процестерде көбіне ассимиляцияға ұшырап отыратындығы белгілі.

Сондай-ақ кезінде А.Г.Медоев Маңғыстауда Шақбаката-2 эппалеолит, Ертіс алабындағы Құдайкөл-3 кейінгі палеолиттің соңғы фазасы деген болатын [20]. Ғалымның бұл индустрияларды мезолит деп белгілемесе де, қазіргі таңда олар балама термин ретінде қолданылған деп есептеуге болады. Сол себепті де бұл кешендер кейбір зерттеушілер тарапынан мезолит заманына жатқызылып та жүр.

Шығыс Қазақстандағы Шүлбі тұрағының үстіңгі мәдени қабаты ерте голоцендік дәуірге жатады [144]. Оның индустриясы жөніндегі пайымдаулар тек соңғы жылдары ғана толығымен жасалды. Шүлбіден шыққан тас индустриясы мезолиттік мәдениеттер палеолиттен бастау алатындығын нақты көрсетеді.

Сөзімізді аяқтай келе, дәл қазіргі уақыттағы мезолит мәселелерінің қарастырылуы ғылыми сұраныстарға толық жауап бере алады деп айта қою қиын деуге болады. Зерттеушілер алдында тұрған ғылыми шешімін таппаған мәселелер әлі де көп, соның ішінде хронология, кезеңдеу мен ескерткіштер арақатысы егжей-тегжейлі шешілмей тұрғандығына баса назар аударғымыз келеді. Әлі палеолиттегі техникалық және технологиялық тәсілдердің орта тас дәуірінде өзгеріске ұшырауы, жаңадан шыққан құралдар тұрпаты мен оларды дайындау әдістері туралы мәселе көтеріле қойған жоқ. Мезолиттік идеология, өнер де зерттеу нысандарына айналуы керек.

Қазіргі отандық тарихнамадағы негізгі жеткен жетістіктердің бірі тұрғын үй құрылыстарының зерттелуі болып табылады. Дегенмен, палеолит дәуірінен мұндай орындар табыла қоймауы голоцен кезіндегі құрылыстар генезисін айқындауға мүмкіншілік бермей отыр, солтүстіктегі табылған тұрғын үй қалдықтар

көлемі біршама үлкен болуы мезолиттік ұжымның әлі бөлшектене қоймағанын аңғартады.

Қорыта айтқанда, республиканың барлық региондарындағы мезолит индустриясына тас тілікшелі-жаңқа тән болып келеді. Мұны көпшілік мамандар да айтып жүр. Ерте мезолит ескерткіштерінің кейбірінде қыстырма қалақшалары шағындау болып, олардың геометриялық түрінің болмауымен, кескіштердің жоғарғы көрсеткіште екендігімен тұжырымдалады. Бірқатар өңірлерде, негізінен, ерте және орта мезолит кезінде тас тілікшелерінен дайындалған кескіштер, тас жаңқаларынан және тіліктерінен жасалған қырнауыштар, тісті-бұдырлы құралдар, пышақ секілді тас тіліктерін дайындайтын сына және призма тәрізді өзектастар және олардан жасалған бұйымдар, геометриялық шағын тастар кездеседі. Кеп жағдайда палеолиттік дәстүрдің сақталғандығы байқалады.

Кейбір ескерткіштер (Евгеньевка-1, т.б.) коллекциясында асимметриялық трапеция кездессе, басқа ескерткіштерде (Дүзбай-6, т.б.) шеті өтпес геометриялық құралдар мен тас тілікшелерінің кездеспеуі, республиканың солтүстік аймақтарындағы мезолиттік индустрияның басқа өңірлерге қарағанда анағұрлым күрделі екендігін аңғартады. Геометриялық шағын тастар Қаратаудың солтүстік-шығыс өңіріндегі мезолиттік кешендерде (Соркөл, Шахантай) ұшыраспауын мамандар қаратаулық индустрияның өзіндік келбетін көрсетеді деп есептейді. Мұнда леваллуаны ескетүсіретін өзектастар тобынан тас жаңқалары, тілікше мен сүйірүштар дайындалғандығы байқалады. Типологиялық жағынан алғанда кейінгі мезолитте орташа көлемдегі шеті түзетілген тас тілікшелері басым. Призма тәріздес тас тіліктерінің кесінділерінен трапеция пішіндес түрлі қондырғылар немесе қыстырмалар, пышақтар, бүйірлі қырнауыштар жасалған. Қырғыштар мен тісті құралдар ірі тас жаңқаларынан және жарықшақтардан, конус, сына және қалам тәрізді өзектастардан дайындалған (мысалы, Шідерті, Қарабұдыр-3 коллекциясында). Кейінгі мезолитте мөлтек тас тілікшелерін шаруашылықта көп қолдану байқалады. Шығыс, Орталық және Солтүстік (Виноградов және Явленко мөлтек аудандарында, Дүзбай-6) Қазақстанда геометриялық шағын қалақшалар аз немесе жоқтың қасы болып келеді.

Бұған тағы да қосатын нәрсе, бүгінгі күнгі зерттеулер нәтижелері бойынша бірқатар аудандардағы мезолит ескерткіштерін біршама түрде топтастыруға болады. Бірақ мұның өзі әлі де толықтырулар енгізуді талап етеді. Мысалы, оңтүстіктегі мезолит таралу аймағы Шаян және Бүркітті өзендерін қамтитын мөлтек аудандарға бөлінеді. Ал, солтүстіктегі мәдени ошақтарға В.Ф.Зайберт пайымдауын қолдауға негіз бар. Олар 1) Тобыл маңы; 2) Шағалалы өзенінің бойы; 3) Есілдің жоғарғы жағы екендігін еске сала кеткен жөн. Батыс аудандар әзірге Сары-Айдын көліне және Маңғыстау түбегіне бөлінуде. Торғай ойпаңын (Дүзбай-6, Дачная, Евгеньевка) жеке бөліп қарауға болады. Жетісу жері мен Шығыс Қазақстандағы мезолит дәуірінің зерттелуі - республика археологиялық картасындағы «ақтандақтардың» бірі болып қалып отыр. Болашақта тас ғасырын зерттеу одан ары ілгерілесе, республика аумағында мезолит мәдениеті шоғырланған аймақтар көбейіп, толығы түсері анық.



#### 1.4. НЕОЛИТ ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРДЕЛЕНУІ

Неолит дәуірінің толыққанды сипаттамасын жасау Еуразия тарихнамасындағы маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Бұл жөнінде отандық тарихнамада осы уақытқа дейін сан алуан қайшылықты пікірлердің орын алып келуі, біріншіден, бұл дәуір мәселелерінің өзіндік күрделілігі мен деректік негіздерінің әлсіздігіне байланысты болса, екіншіден, мұны алғашқы қауым тарихын формациялық теория тұрғысынан пайымдауға болмайтындығымен түсіндіруге болады. Әлбетте, тарихи материализмнің таным мүмкіндіктерін толықтай жоққа шығармағанымен, оның алғашқы қоғам дамуын таптық қатынастар, өндіргіштер мен өндірістік қатынастар арасындағы диалектикалық қайшылық жөніндегі категориялар арқылы зерделеуге ұмтылысы дағдарысқа ұшырағаны анық, сонымен қатар археологиялық қазба ісінің толық жүргізілмеуі, әр жерлерден ашылған ескерткіштердің жүйеленбеуі де неолитке қатысты сауалдарды шешуге орасан зор кедергі келтірін отырғандығы белгілі.

Аталмыш дәуірге тән археологиялық нысандар ХІХ ғасыр ортасынан бастап белгілі бола бастады. Мұндай байырғы ескерткіштерді зерттеуге патшалық Ресейдің Қазақстан жерін өзіне толығымен қосып, республика табиғи байлықтарын игеруі де өз әсерін тигізгені анық. Ең алғашқы тас бұйымдары табылғандығы жайлар мәлімет 1850 жылы белгілі болды. Жаз айында шаруашылық жұмыстарын жүргізіп жатқан оңтүстік қазақтары кездейсоқ яшма тәрізді тастан жасалған садақ ұштарын тауып алған [17, 227]. Ал 1969 жылы А.Гебель форт Александровскіден (қазіргі Ақтау - Д.Б.) тас тіліктерін тапқан. Батыстағы Рың құмынан 1882 жылы түрлі неолит бұйымдары (73 дана) жинастырылған. 1883 жылы Семей қаласында статистикалық комитет хатшысы Е.П.Михаэлис бастамасымен ашылған өлкетану музейінде сексен шақты тас құралдары болған [17, 227; 235]. Олардың басым бөлігі неолит заманына жатса керек.

Одан бергі уақытта неолит ескерткіштері Қазақстан аумағынан біршама жиі табылып келеді [11]. Осы дәуір ескерткіштерінің зерттелу тарихы өткен ғасырдың 60-70-ші жылдары Х.А.Алпысбаев [17], Л.А.Чалая [43] еңбектерінде арнайы қарастырылған, сол себепті де олар жазып кеткен археологиялық мәліметгерге кеңінен тоқтап жатуды жөн көрмей, біз негізгі зерттеулерді атап өтумен ғана шектелдік.

Қазақстандағы археологиялық зерттеулерге Орыс географиялық қоғамы, Орынбор мұрағаттық ғылыми комиссиясы мен Түркістан археология әуесқойлары үйірмесі секілді бірлестіктер мүшелері кеңінен ат салысқан. Олар қоне мұраларды немесе кездейсоқ ұшырасқан жәдігерлерді атап қана қоймай, кей жағдайда қазба жұмыстарымен де айналысып, көптеген тарихи ескерткіштерді толық, әрі жан-жақты сипаттап жазып кеткен.

Осы аталған қоғамдардың белсенді мүшелері тапқан тас дәуірі тұрақтары, бірлі-жарымды құралдар мен келтірген мағлұматтары кейінгі жылдардағы ізденістер үшін бағыт-бағдар болғаны анық. Яғни аты аталған үйірме мүшелері қарастырған тарихи-мәдени аймақтар, жекелеген ескерткіштер кейіннен археологиялық зерттеулер үшін таптырмас ақпарат көзі болған еді. Кеңестік дәуірде Маңғыстау, Арал маңы, Торғай, Шығыс және Оңтүстік Қазақстан сияқты жерлерде бірінші кезекте зерттеу жүргізу керектігін төңкеріске дейін зерттеулер жүргізген А.Белослюдов, Ф.И.Педащенко, И.Т.Пославский, М.А.Кирхгоф, И.А.Кастанье, П.С.Назаров, М.В.Баяруанас, И.М.Петришкевич, Г.Н.Кириллин, И.Н.Булгаков, В.Андрусов секілді түрлі саладағы мамандардың жұмыстары көрсетіп берген еді [17; 18; 38; 39; 47; 236; 237; 238; 239; 240; 241; 242; 243; 244; 245; 246].

Бірінші дүниежүзілік және азамат соғысы жылдары далалық археологиялық жұмыстар тоқтатылғанымен, 1919 жылы материалдық мәдениет тарихының мемлекеттік академиясы және 1921 жылы 23 мамырда Түркістан Республикасы Халық комиссарлар кеңесі деректер мен мұражай ісі, сондай-ақ қоне ескерткіштерді, өнер және табиғатты қорғау комитеті (Туркомстарис) құрылуымен одақтық көлемде аздап болса да археологиялық жұмыс жүргізуге мүмкіндік туды деуге болады. Соңғы ұйым 1924 жылғы межелеуге байланысты Орта Азиялық (Средазкомстарис) болып 1925 жылы 3 қыркүйек

күні қайта құрылады. Осы бірлестіктер барлық монументальды, ежелгі заттай ескерткіштерді және өнер туындыларын тіркеуге алу, экспедициялар ұйымдастыру ісін қолға алған еді. КСРО Ғылым Академиясы да қарап қалмады. Оның Ерекше комиссиясы жасақтаған экспедицияларының бірі Солтүстік-Батыс Қазақстандағы антропологиялық отрядта қызмет еткен М.П.Грязнов пен М.Н.Комарова микролит қалақтарын Құмқұдық шатқалынан көптеп кездестірген болатын. Қазақстандық бұл экспедицияның өзге мүшелері де (И.Ларин, Г.Г.Герасимов, Б.Борнеман) 1926-1927 жылдары батыс аймақтан неолит орындарын ашқан еді. Жалпы, өткен ғасырдың 20-30 жылдарында белгілі болған неолиттік жұрт орындардың көбін П.Е.Черняховский, И.С.Загороднов, А.Я.Брюсов, А.Н.Белослюдов, Н.Харламов, И.П.Новохатский, Г.А.Попов, С.И.Руденко, А.А.Марущенко, В.Д.Солочинский, В.А.Селевин сияқты бірқатар геолог, зоолог мамандардың ізденістерімен де сипаттауға болады. Бұл зерттеушілер тапқан орындардың бәрі де «Археологическая карта Казахстан» жинағына енгізілген [11]. Ол әр аймақтағы ескерткіштер орналасуына, дәуіріне, ерекшеліктеріне және зерттелуіне жан-жақты ғылыми сипаттама берген іргелі арнаулы жинақ болып табылады. Барлау және қазба қорытындылары бойынша жасалған бұл картада неолит пен энеолитті дәуірлеу аздап қайшылықтарға ұшыраған. Өйткені арнаулы мамандығы болмаған кейбір ғалымдар бірді-екілі тас бұйымдары табылған жерлерді «тұрақ» деп немесе сол төңіректе қола дәуірі ескерткіштері болса, ескерткішті энеолитке жатқызып отырған.

Неолит заманына тән тұрақ-орындар мәселелерін қарастырған, бастапқы кезде осы дәуір археологиялық нысандарында біршама толыққанды зерттеулер жүргізін, ескерткіштер жай-күйі жөнінде мағлұматтар қалдырған М.Н.Лентовский [247], П.Драверт [248], А.Ф.Соседко [249], П.С.Рыков [250; 251], Б.Н.Граков [252] секілді ғалымдар болып табылады. Бұл ғалымдардың ізденістері жөнінде және басқа да ғалымдар жұмыстарына Х.А.Алпысбаев, Л.А.Чалая, т.б. зерттеушілер ішінара тоқтап өткен болатын [17; 18; 38; 39; 48]. Х.А.Алпысбаев, Л.А.Чалая сынды зерттеушілердің еңбектерінде Қазақстан

неолит дәуірін зерделеу тарихы қысқаша түрде баяндалып, біршама теориялық-методологиялық проблемалар көтерілген.

Сондай-ақ, республика аумағында ғылыми жұмыс жүргізген КСРО ҒА Антропологиялық экспедициясын (жетекшісі - С.И.Руденко), Қазақстан экспедициясын, Орта Азиялық Мемлекеттік университеттің биологиялық экспедициясын (жетекшісі - В.А.Селевин), Нұра (жетекшісі - П.С.Рыков), Шығыс Қазақстан (жетекшісі - С.С.Черников) және Жетісу (жетекшісі - А.Н.Бернштам) археологиялық экспедицияларын атап кету қажет. Өйткені олардың ғылыми іс-әрекеттері де республикада тас ғасыры жәдігерлерін зерттеудің келешек бағыт-бағдарларын айқындаған еді.

Ә.Х.Марғұлан мен Е.И.Агеева «Қазақ КСР территориясындағы археологиялық жұмыстар мен табылған заттар» атты мақалаларында 1926-1946 жылдардағы ашылған ескерткіштерді бір ізге түсіріп жүйеледі [13]. Онда Бетпақдаладан (А.В.Мухля, Б.А.Селевин тапқан), Ертістен (Чудаков тапқан), Арал теңізінен терілген тас құралдар туралы да сөз өрбіді. Ә.Х.Марғұлан бұл өңірлерден басқа неолиттік тұрақтар қалдықтары Торғай, Жыланшық, Терісаққан, Есіл және басқа да өзендерде көп екендігін көрсетіп берді де, онымен жоспарлы түрде айланысу қажет екендігін күн тәртібіне қойды [12]. Қазақстан археологиясының іргетасын қалаған Ә.Х.Марғұлан зерттеген бірқатар нысандарға Ә.М.Манапова [253] өз мақаласында шолу жасап өткен. Ол сонымен қатар Н.В.Валукинский, В.К.Ермин, А.В.Кузнецов секілді ғалымдардың еңбектеріне де шолу жасап шыққандықтан, аталған ғалымдар ізденістеріне кеңінен тоқталмадық. Сондай-ақ, Ә.Марғұлан [12] еңбегін қайталамас үшін, оның зерттеуіндегі негізгі тұрақтарға ғана тоқталып кеттік. Зерделі оқырман айтылған авторлардың еңбектеріне өздері қызығушылық танытады деген сенімдеміз. Жоғарыда аты аталған бірқатар зерттеушілер еңбектерінің арқасында Орталық Қазақстанда неолит дәуірінің зерттелу тарихы біршама жасалып отыр. Айталық, академик Ә.Х.Марғұлан еңбегінде 150-ге тарта ескерткіштердің зерттелу тарихы жүйеленген. Ол ғылыми айналымға ұзақ уақытқа дейін ене қоймаған бірқатар ескерткіштер жайлы мағлұматтарды мамандардан (А.Г.Медоев, т.б.) алады да, Орталық Қазақстан неолит дәуірінің проблемаларын қарастырып, осы заман мен энеолиттік

ескерткіштерден жергілікті қола дәуірі мәдениеттерінің генезисін іздестірді.

Қазақстан неолитін зерттеуге қомақты үлес қосқан А.А.Формозовқа келер болсақ, оның да ғылыми ізденістері назар аударуға тұрарлық. Бұл ғалым ресейлік (кеңестік - авт.) зерттеуші болғанымен өткен ғасырдың орта тұсында отандық археологиядағы неолит мәселелерін шешуге ат салысқан мамандардың бірі ретінде саналады. Ол өз еңбектерінде бірінші кезекте тас ғасырының зерттелуіне аздап көңіл аударып отырса, екіншіден, түрлі салада қызмет етіп жүрген мамандар (А.Л.Яншин, В.С.Журавлев, А.Н.Формозов, Б.А.Федорбвич, В.И.Самодуров, В.В.Понамарев, т.б.) өзіне әкеліп берген тас құралдарды ғылыми саралаудан еткізіп отырған [254; 255; 256; 257; 258]. Айта кететін бір жайт, ғалым ұзақжылдарбойы жиыстырған барлық коллекцияларын саралай келе кельтеминар мәдениетінің батысқазақстандық нұсқасын ажыратын көрсетуге талпынды. Әйтсе де қазіргі таңда бұл тұжырым жан-жақты және дәйекті түрде дәлелденбегендіктен зерттеушілер тарапынан қолдау тауып отырған жоқ. Сондай-ақ оған А.А.Формозовтың республиканың батыс өңірінде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізбеуі, жекелеген материалдармен тек сырттай таныс болуы да әсерін тигізсе керек.

Арал төңірегінде Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (жетекшісі - С.П.Толстов) жүргізген жұмыстар қорытындылары ғылыми айналымға толыққанды кіре қоймады деуге болады. Себебі экспедиция мүшелері көбіне археологиялық барлау жұмыстарымен ғана шектелген еді. Экспедиция отрядтарының ашқан ескерткіштері (Сексеуіл, Арал, т.б.) әлі де стационарлық жұмыс жүргізуді қажет етеді. Қазіргі ғылыми жетістіктерді пайдалана отырып осындағы ескерткіштерді зерттер болсақ, онда біршама тың мағлұматтарға қол жеткізеріміз анық.

Нәтижесінде өткен ғасырдың 50-ші жылдары Қазақстанның батысында, солтүстік және орталық аудандарында кептеген неолит орындары анықталды. Олардың көпшілігі жайында арнаулы әдебиеттерде мәселе көтеріліп, неолитке қатысты жекелеген проблемалар төңірегінде сөз қозғалды [259; 260;

261; 262; 263; 264; 265; 266]. Бұл кездегі археологиялық нысандарды ашуға мол үлес қосқан И.В.Синицын, Т.Н.Сенигова, А.Г.Габель, М.С.Коликов, А.Е.Малюгин, Е.С.Останин, Д.Багаев, Е.И.Агеева, А.Г.Мак-симова, К.А.Ақышев, Н.М.Владимиров, С.М.Мұхамеджанов, В.Ф.Петрунь, С.В.Лопатин сынды ғалымдардың да есімін ерекше атап кеткен жөн. Олардың ғылыми ізденістері сол кездегі әлемдік тас дәуірі ескерткіштерін зерделеу әдіснамасына сай жасалып, нақты пайымдауларымен ерекшеленді. Зерттеулер барысында тек тұрақ жөнінде ғана емес, оның коллекциясын құрайтын жекелеген тас құралдары жан-жақты ғылыми саралаудан өтті де, олар Еуразия даласындағы неолит мәдениеттерімен салыстырыла қарастырылды. Мұның өзі отандық тарихнамадағы үлкен жетістік еді. Себебі бұған дейін ғалымдардың көпшілігі тас құралдарын жалпылама түрде сипаттап кетеді. Ендігі жерде жеке-дара тас құралдарының ғылыми мәніне ден қойыла бастады.

Мұндай жетістіктерді әсіресе 1947 жылы КСРО ҒА Материалдық мәдениет тарихы институты мен ҚазКСР ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты (ТАЭИ) бірлесіп, ұйымдастырған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының жұмыстарынан да байқауға болады. Оның мүшелері (С.С.Черников, А.А.Крылова, Э.Р.Рыгдылон, И.И.Гохман) Ертіс алабында 1952-1956 жылдары Усть-Нарым, 1953 жылы Мало-Красноярка тұрақтарында археологиялық қазба жүргізіп, ғылыми қорытындыларын мерзімді басылымдарда жариялады [42; 267; 268; 269]. Далалық қазба жұмыстарында ауқымдылық ұлғая түсті. Айталық, археологиялық зерттеулер барысында Усть-Нарым қонысында 800 м<sup>2</sup> шаршы метр алаң аршылды. Түрлі заттар мен бұйымдар, баспаналар, жер ошақтар мен шаруашылық шұңқыр іздері 2,5-2,8 м тереңдіктен шыққан. Ескерткіштің екі мәдени кабаттан тұратыны анықталды. Сүйек заттар (біз, ине, инеқап, сүйек канжар, т.б.) аз ұшырасқанымен, олардың неолит дәуірі сауалдарын қарастырудағы маңызы жоғары еді. Тас құралдарының молдығы неолит заманындағы тіршілікті қалпына келтіруге, шаруашылықтағы қаракеттерді сипаттауға мол мүмкіндік берді. Қазіргі таңда Усть-Нарым қонысы отандық

неолиттануда ең егжей-тегжейлі зерттелген тұрақтардың бірі болып табылады.

Сондай-ақ, бұл жылдарда археологиялық ізденістерге тың және тыңайған жерлерді игеру, түрлі ГЭС (Бұқтырма, т.б.) құрылыстарын салу сынды одақтық маңызды шаралардың іске асырылуы негіз болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Жаңадан салынатын құрылыстар қарсаңында отандық археологтар сол аймақта барлау жұмыстарын жүргізіп, қатарынан бірнеше жыл бойы қазба жұмыстарымен айналысты. Нәтижесінде жүздеген ескерткіштер жайлы мағлұматтар ғылыми айналымға енді. Мұның өзі Қазақстан археологиясының дамуына өз ықпалын тигізді. Ескерткіштер арасында тас дәуірінің, соның ішінде неолит заманының да көптеген археологиялық нысандары бар еді.

1958-63 жылдары ҚазКСР ҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының Қаратау отряды (жетекшісі - Х.Алпысбаев) оңтүстік өңірде нәтижелі зерттеу жұмыстарын жүргізді. Көптеген палеолит ескерткіштерімен қатар отряд Шымкент облысы (қазіргі ОҚО - авт), Түлкібас ауданы Жамбыл елді мекенінен солтүстік-шығысқа қарай 12 км жерден Қараүңгір неолиттік тұрағын ашады. Зерттеу барысында ескерткіштен әр түрлі тескіш, қырғыш, шанышқы, пышақ, сүйектен жасалынған тебендер, моншақтар, т.б. бұйымдар табылады [270]. Сондай-ақ ежелгі қараүңгірліктер құлан, аю, бұғы, елік, қабан, жылқы, қасқыр, кекілік, қырғауыл, тасбақа, т.б. түз тағыларын аулағандығы қазба кезінде табылған сүйек қалдықтары арқылы анықталған. Х.А.Алпысбаев үңгірде 1959, 1973 жылдары қазба жұмыстарын жүргізгенімен материалдарды толық жариялап үлгере алмады. Сонда да болса Х.А.Алпысбаев ескерткіштің отандық археология тарихнамасы үшін маңызды жақтарын көрсетіп берді. Қараүңгір секілді бірегей ескерткіш материалдары неолит дәуіріндегі кептеген мәселелердің басын ашқан еді. Ғалым ісін 1992 жылы біріккен Қазақстан-Ресей археологиялық экспедициясы (жетекшісі - А.П.Деревянко) жалғастырып, орта голоцен дәуірінің мол қалдықтарын жинастырды. Геоморфология, палинология, палеозоология мәселелері де ғалымдар назарына ілініп, Қараүңгірде біршама кешенді археологиялық жұмыстар

жүргізілді деуге болады [47]. Экспедиция мүшелері кезінде Қараүңгірді неолитпен мерзімдеген Х.А.Алпысбаевтың пікірін қолдады, қазба барысында жаратылыстану ғылымдарының тәсілдері пайдаланылып, ескерткіштің абсолюттік мерзімі анықталды. Айта кететін жайт, Х.А.Алпысбаев кейбір еңбектерінде (ҚСЭ) Қараүңгірді мезолит дәуіріне де жатқызады. Соған қарағанда, бұл археологиялық нысан материалдарында мезолиттің де, энеолиттің де бұйымдары бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Топтамадағы кейбір тас тілікшелері, паралелограммалар әлі де мұқият талдауды қажет етеді. Сонымен қатар Қараүңгірде кешенді зерттеулер жүргізілуі, мемлекет тарапынан оның қорғауға алынуы қажет. Бүгінгі күнгі шаруашылық жұмыстар әсерінен мал қораға айналдырылған бұл ескерткіш бұліну, құрып кету алдында тұр. Оны аспан астындағы музейге айналдыру, сөйтін туристерді тарту сынды жұмыстарды іске асырған жағдайда ғана ескерткішті келешек ұрпаққа жеткізуге болады.

1962-65 жылдары Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағын зоологиялық зерттеу кезінде Г.Постников пен Е.Ротшильд археологиялық материалдар кездестірген болатын. Олар Бекбеке ауылынан батысқа қарай 2-3 км жердегі Бекбеке-1 жұрт орнынан 400-дей шағын тас, 50 шақты құмыра сынықтарын теріп алады. Ал, ауылдан солтүстікке қарай 3 км-дегі Бекбеке-2-ден де осы құралдарға ұқсас ескерткіш бұйымдары жиналған. Зерттеушілер (Г.Постников, т.б.) бұлардың барлығын Оңтүстік Орал тас индустриясына жақындастырады. Бұлардан басқа Ескіннен шақпақ тас (50 данадай) құралдары, бірнеше тас тілікшелері мен 1 бұрғы теріліп алынады. Сонымен қатар осы кездері Құттыбай, Жаман-сора, Тоғаш жұрт-орындарынан да неолит дәуіріне жататын бір-қатар заттар, бұйымдар шыққан. Дегенмен, олардың көлемі өте аз [271]. Соған қарағанда бұл ескерткіштерде болашақта кең көлемдегі қазба жұмыстары жүргізілуі қажет секілді.

ҚазКСР ҒА Қ.Сәтбаев атындағы ГҒИ-ның Солтүстік-Балқаш маңы геологиялық-геоморфологиялық экспедициясының (жетекшісі - А.С. Сарсеков) палеолит отряды 1963 жылы Сарыарқадағы Балқаш-Ертіс аралығында зерттеу жүргізген кезде, 73 жерден ашық жатқан үлгідегі тас дәуірі материалдарын

теріп алады. Олардың 13-і палеолиттік тұрақ-шеберханалар, 58-і микролит мәдениетіне жататын тұрақтар. Аталмыш кешендердің басым бөлігі кейінгі палеолит пен қола ғасыры аралығын қамтиды. Айта кететін бір жайт, мұндағы микролиттік қалақшалары бар нысандардың ешқайсысынан да керамикалық материалдар ұшыраса қоймаған [156]. Мұның өзі болашақтағы осы ауданнан шыққан тас бұйымдарды мұқият зерделеуді қажет етеді. Тас құралдарына әлі толық талдау жасалынбай отыруын, кешенді археологиялық жұмыстардың жүргізілмеуімен түсіндіруге болады. Сонда да болса мұндағы бірқатар ескерткіш материалдары Ә.Х. Марғұланның шығармалар жинағының 1-томында біршама айтылады. Өз коллекцияларының материалдарын академик Ә.Х. Марғұланға тапсырған А.Г. Медоев, негізінен, палеолит дәуіріндегі мәселелермен айналысқандықтан, микролиттік мәдениет туралы сауалдар төңірегінде көп дүние айта қоймады. Сонда да болса ғалымның ізденістері қазіргі таңда қызығушылық тудырады.

А.Г.Медоев ашқан неолит дәуірінің тұрақтары Қарқаралы жотасында, Жарлы, Қазанғап, Түндік, Қосақ, Қаршығалы, Еспе, Тоқырауын аңғарларында шоғырланған. Жарлы аңғарынан Жарлы-1 (63, 65, 66-шы тұрақтар), Жарлы-2 (69, 70-ші тұрақтар), Жарлы-3 (71, 72-ші тұрақтар) тұрақтар топтары табылған. Қазанғап аңғарынан 9 тұрақ ашылған. Олардың ең негізгілері Қазанғап-1 (67-ші тұрақ), Қазанғап-2 (37, 36, 35-ші тұрақтар), Қазанғап-3 (18, 19, 20, 33, 34-ші тұрақтар) тұрақтар тобы болып табылады. Сондай-ақ, Қосақ (23, 24, 25-ші тұрақтар), Қосақ-2 (28, 29, 26, 27, 17, 31, 30, 32-ші тұрақтар), Қосақ-3 (42-ші тұрақ, 38, 39-шы Қошқарбай тұрақтары) топтарын да айтуға болады. Олардан біршама жерден Қаршығалы-1 (43, 44, 45-ші тұрақтар), Қаршығалы-2 (21, 22-ші тұрақтар), Қаршығалы-3 (48, 51, 60-шы тұрақтар) неолиттік топтары табылған. Қосақ өзенінің жағалауынан шығысқа қарай 40-50 шақырым жерден Еспе тобы (40, 41-ші тұрақтар) орналасқан. Тоқырауын (49-шы тұрақ), Қараменде (62-ші тұрақ), Бегазы (55-ші тұрақ), Жіңішке (58, 59, 53, 54-ші тұрақтар), Жіңішке-2 (56-шы тұрақ), Данблан (68-ші тұрақ), Ақжарық (10-шы тұрақ) секілді ескерткіштер материалдары жоғарыдағыларға қарағанда жақсы сақталған әрі біршама толымды жинастырылған [12, 33].

Ә.Марғұлан Ағадыр мен Аягөз аралығында және Шыңғыстау жоталарынан 200-дей неолит ескерткіштер ашылған дейді [12, 33]. Ол 1960 жылғы А.Г. Медоевтың Балқаштың солтүстігінде және солтүстік-шығысында жүргізген зерттеу жұмыстарына толық сипаттама беріп кетеді. Әсіресе Қараүңгір, Тесіктас-1, 2, Сусызқара 8, 11, Қалма-Емел, Аркарлы, Көкдомбақ, Жолдас, Айнабұлақ, Егіндібұлақ, Талдыбұлақ, Сұлтан секілді тұрақ материалдарын жан-жақты ашып көрсеткен [12, 34-36]. Ғалымға тұрақтар жайлы толымды мәліметтерді берген белгілі археолог әрі геолог А.Г.Медоевтың өзі болып табылады. Сол себепті материалдардың көбі Ә.Марғұлан шығармасында толыққанды жарияланған болатын. Ә.Х.Марғұлан Орталық Қазақстан неолит ескерткіштерін Солтүстік-Шығыс Қазақстан, Баянауыл, Қарқаралы және Солтүстік Балқаш маңы, Сарысу алабы, Қарағанды мен Жезқазған маңында орналасуына қарай бірнеше аймаққа бөліп, мұндағы ескерткіштердің зерттелу тарихына шолу жасаған. Сөйтіп, іргелі еңбегінде көне замандардағы мәдениеттердің бірқатар проблемаларына тоқталып өтеді. Біздіңше, Ә.Х.Марғұлан еңбектерінің алғашқы томындағы неолиттік ескерткіштерді сипаттау кезінде құрастырушылар тарапынан азды-кемді кемшіліктер жіберілген.

Айталық, осы 1-томда өзектас, қырнауыш, тас тілікшелерінің суреттері топтастырылып беріле салынады, нақты ескерткіш аты аталмайды. Оқырманға қайсы бұйым қай тұрақтан алынғандығы белгісіз болып жетеді.

1963 жылы КСРО ҒА-ның Закаспий отряды Маңғыстау өлкесінен басқа ескерткіштермен қатар шақпақтасы басым жаңа жұрт-орындарын ашты. Олар Төбешік, Құлыз, Кендірлі, Өдек, Жетібай-Өзен ескерткіштері еді. Бұл археологиялық нысандардан алынған құралдардың негізгі түрін шеткі тұсы өңделмеген қырғыштар, жоңғыш және қырғыш-жоңғыштар, сүңгі немесе найза ұштары және азын-аулақ кескіштер құрайды. Оларды зерттеушілер (Коробкова, Мендельштам) Үстірт, Қарабұғаз және батысқазақстандық неолиттердегі кездескен бұйымдармен салыстырады да, Маңғыстау неолит ескерткіштер тобын бір мәдени-хронологиялық кешенге жатқызады [272].

Орталық Қазақстандағы Нұра мен Сарысу өзендерінің алабында орталық қазақстандық геология басқармасының Сокур отряды (жетекшісі - М.Н.Клапчук) 1966 жылы археологиялық жұмыстар жүргізеді. М.Н.Клапчуктың неолиттік ескерткіштерді зерттеу ісі Ә.Марғұланның еңбегінде де толымды баяндалған. Табылған төрт палеолиттік және 45 неолиттік және кейінгі дәуір ескерткіштерінің үшеуінде қазба жұмыстары атқарылады да, көлемі 19 мыңнан аса заттар жиналады [172]. Неолиттік Қарағанды-15 (2194 дана бұйым) және Зеленая Балка-4 (6739 дана тас заттар, 69 керамика сынығы) тұрақтары бірнеше мәдени қабагтан тұрады; олардан түрлі тас құралдары шыққан. Қарағанды-15 тұрағының ерте технокешендеріне қатысты мағлұматтар М.Н.Клапчук еңбектерінде әркелкі. Ол жөнінде Г.Н.Матюшин да кезінде жазған болатын [289]. Жалпы, бұл тұрақтың материалдарына 2001 жылы Жезді қаласының төңірегінен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі - Ж.Құрманқұлов) отряды (О.Артюхова, Д.Байгунаков, Ғ.Бексейітов) ашқан Токтауыл тас индустриясы да ұқсайды [273].

Қазақстанда неолитті тыңғылықты зерттеуде 1967 жылы құрылған Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының (облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, Петропавл пединституты) жұмыстары ерекше көзге түседі. Аталмыш археологиялық экспедицияның алғашқы басшысы Г.Зданович болды, 1972 жылдан бері оны В.Ф.Зайберт басқарып келеді. Экспедиция 2000-ға жуық көне дәуір ескерткіштерін ашып, зерттеген [274]. Алғашқы жылы-ақ экспедиция отрядтары Есіл өзенін, Булаев пен Пресновск аудандарының көлдерінен 5 неолит, 2 мезолит дәуірлерінің тұрақтарын [275], ал келесі жылы Орталық Есілден 6 неолиттік қоныс тапқан болатын [276].

1968 жылы М.Н.Клапчук басқарған экспедиция Павлодар облысы аумағындағы Ертіс алабында, Көкшетау облысы аймағындағы Есіл өзені төңірегінде және Бетпақдаланың солтүстік бөлігінде барлау жұмыстарын жүргізеді. Экспедиция Екібастұз қаласынан 60 км шығыстан сегіз неолит ескерткіштерін (Қостерек, Тақырсор 1 -4, Тасқұдық 2-4), Көкшетаудан 130 км батысқа қарай жатқан үш алаңқайдан неолиттік жұрт-орындарын

ұшырастырған. Бұл археологиялық нысандар коллекциясында тас жаңқаларының үлесі басымдық танытады. Ольгинка ауылынан оңтүстікке қарай 4 км жерден де неолит дәуірінің тағы бір жұрт-орны кездескенді. Ал Қарағанды облысындағы Қайымберген (бір жерден) және Жиделі (үш жерден) өзендерінен, Мыңқылау және Қылшадағы (үш жерден) бұлақтардан, сонымен қатар Қосқұдықтан оңтүстікке қарай 14 км жерде жатқан жоннан және Азат тауындағы (бір жерден) орындардан голоценнің екінші жартысыша жататын ескерткіштер анықталған. Тас құралдарын техникалық-типологиялық жағынан саралаған М.Н.Клапчук барлық археологиялық ескерткіштерді неолит дәуірімен мерзімдейді [135].

Мәскеу Мемлекеттік университетінің Хакас археологиялық экспедициясының Солтүстік Қазақстан отряды (жетекшісі - Л.А.Чалая) Көкшетау және Павлодар облыстарында 1970 жылы нәтижелі археологиялық жұмыстар жүргізген болатын. Бұл отряд Көкшетау облысынан 2 неолит тұрағын зерттейді [277]. Еңбекші ауданы, Мәдениет ауылының маңайында орналасқан бұл тұрақтардан садақ ұшы, қырғыш, тас жаңқалары, т.б. тас бұйымдар шыққан.

Осы жылы Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының 2-ші отряды Шағалалы және Жабайы өзендерінің бойынан 20-дан астам тас дәуірі ескерткіштерін табады. Тас құралдары көптеп табылғанымен, ескерткіштерден алынған керамика үлесі өте аз. Жабай өзені бойындағы Атбасар-1, Владимир-Борисов-1, 3 Жабай-Покровка-1 тұрақтарынан алынған материалдар кейінірек Атбасар мәдениетін археолог В.Ф.Зайберт тарапынан жеке бөліп қарастыруға негіз болған еді [278]. Аталмыш тұрақтарда жебе ұшы көп ұшырасады. Үлкен қырғыштар мен пышақтар, шомбал балталар, сырты өрнекпен безендірілген қыш ыдыстар (сыйымдылығы 1-5 литр, жарты жұмыртқалы) да шыққан [278].

1967-69 жылдары КСРО ҒА АИ-ның Ленинград бөлімшесінің Астрахань экспедициясы (жетекшісі - А.Н.Мелентьев) Батыс Қазақстанда барлау жүргізеді де, жоғары палеолиттен кейінгі орта ғасырларға дейінгі ескерткіштерді зерттеумен айналысты [279]. Зерттеушілер тарапынан мұндағы неолит материалдары екі түрге бөлінген.

Орталық Қазақстанда В.С.Волошин 1970 жылы палеолит ескерткіштерімен қоса Түйемойнақ манайынан алты, Мирное ауылынан жеті ескерткіш тапқан болатын [280].

Жоғарыда аталған Солтүстік-Қазақстан отряды сол жылы Көкшетау облысы Володар ауданы Никольско-Бұрлық ауылынан Иман-Бұрлық тұрағын ашқан еді. Тұрақ туралы алғаш 1953 жылы М.Бирюков, 1958 жылы Г.Петренко хабарлаған еді. Қазба жұмыстарын бастаған Л.Чалая Иман-Бұрлық өзеннің жоғарғы жағындағы Есілге құяр тұсынан екі тұрақ тапқан [281]. Ежелгісінен өрнексіз қыш ыдыстар сынықтарынан (7 дана) басқа 279 тас құралдары алынған. Иман-Бұрлық-2 мәдени қабатынан 1199 дана тас жабдығы, ине, сүйек бұйымдары (пышақ не орақ болуы да ықтимал) шыққан. Аршылған ошақ жанынан табылған остеологиялық материалдар көп. Қыш ыдыстарының 32-сі өрнекпен, 37-сі өрнексіз. Л.Чалая Иман-Бұрлық тұрағындағы кейбір заттардың түрін Усть-Нарым, Усть-Юрезань және т.б. ескерткіштермен байланыстырады. Соған қарағанда олардың бір мәдени кешенге жатуы да ықтимал. Сонымен қатар Л.А.Чалая Батыс Қазақстан мен Орталық Қазақстан шекарасында орналасқан Қараторғайдан бес, Қайыңды өзен алабынан он төрт неолит орындары белгілі болғандығын да жазады [281].

Мәскеу Мемлекеттік университетінің археология кафедрасының Павлодар отрядын басқарған бұл археолог келесі жылдары ашылған Пеньки-1 тұрағында да нәтижелі зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Тұрақ Павлодар қаласынан 200 км солтүстік-шығысқа қарай жатқан екі көлдің арасынан табылған. Тұрақтың атауы сол көлдердің бірінің атымен аталған. Зерттеу барысында көлемі 70x180 м жер телімінде материал жинастыру шаршы метрлік бағаммен жүргізілген. Тас құралдарының жасалу жолдарына, техникалық-типологиялық сипаттамасына қарап Л.Чалая аталмыш ескерткішті неолит уақытымен мерзімдейді. Жинастырылған 3127 тас үлгілерінің 2820 данасы шақпақтас индустриясын құрайды. Қыш ыдыстарды б.з.б. III мыңжылдықтың ортасымен мерзімдеген Л.Чалая оларды солтүстіктегі ескерткіштерге, ал шақпақтас материалдарын оңтүстік кешендер материалдарына ұқсайды деп тұжырымдама жасайды [282].

1973 жылы Қостанай пединституты экспедициясының неолит отряды (жетекшісі - В.Н.Логвин) Қарасу ауданындағы Амангелді ауылының солтүстік шетіндегі кейінірек осылай аталған қоныстан тұрғын үй қалдығын тапқан. Сондай-ақ ескерткіштен қырғыш, кескіш, тескіш, садақ ұштары, балта секілді бұйымдар да көптеп табылады. Қыш ыдыстарының түбі жазық болып келеді. Сонымен қатар барлау нәтижесінде Волгоград кеңшарының 3-ші бөлімшесінен төрт неолит тұрақтары ашылады. Олардың арасындағы Верхнетобол тұрағынан тастан дайындалған материалдар кептеп шыққанымен, қыш ыдыстарының пайыздық көрсеткіші аз болғандықтан керамикалық өндіріс туралы мәліметтер аса айқын болмай отыр. В.Логвин: «Бұл жердегі бұйымдар Амангелді қонысынан алынған шақпақтас жабдығына келіңкірейді», - деп жазады, сонымен қатар археолог материалдардың кейінгі неолитке жатуы мүмкін деп айтып өтеді [283]. Мұнымен қатар Тобыл, Аймағамбет, Верблюдогора тұрақтарынан түрлі құралдар (тас жаңқалары және бұлардан жасалынған қырғыш, пышақ тәрізді тас тілікшелер, екі шеті өңделген құралдар, т.б.) көптеп ұшырасқан.

1969-71 жылдары Көкшетау облысынан Шағалалы өзенінің ескі арнасы мен сағаларынан тас дәуірінің 30 тұрағы табылады. Кең көлемдегі қазба жұмыстары Виноградов ауылы маңындағы тұрақтарда жүргізілген. Виноградовка-12 тұрағы толық аршылып кейінгі мезолитпен, Виноградовка-10 қонысынан тұрғын үйде қазба жұмыстар атқарылып, мезолит соңы мен неолит дәуірінің бастапқы кездерімен кезеңдестіріледі [284]. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарының басында Шағалалы өзенінің бойындағы Куропаткино ауылы маңындағы (Көкшатау қаласынан 40 км солтүстік-шығысқа қарай орналасқан) тұрақ-шеберханада археологиялық қазба жүргізу кезінде 2000-нан астам тас жаңқалары, т.б. құралдар жиналады [39, 15].

Торғай облысы Жангелді ауданының оңтүстігінде Аккел атты елді мекеннен Торғай облыстық тарихи-өлкетану музейі

көлдiң батысында орналасқан. Алғашқысынан пышақ тәріздес тас тілікшелері, тас жаңқалары, өзек тас және дөрекілеу жасалынған қыш ыдыс ұшырасса, келесісінен өрнексіз қыш ыдыс пен түзетілген бір тас жаңқасы, соңғысынан жеті өрнексіз қыш ыдыс қалдықтары жиналады. Зерттеу барысында Ақкөл-4 қонысынан да өрнексіз қыш ыдыс сынықтары шыққан. Ақкөл-5-шіден керамикамен қатар екі пышақ тәріздес тас тілікшелері жинастырылып алынады. Ақкөл-6 орналасқан алаңнан (ауданы 400 шаршы метр) үсті жылтыр, өрнекті қыш ыдыстар көптеп табылған. Есіл ауданындағы Орловка ауылының шығысқа қарай 17 км жерде орналасқан тағы бір тұрақты қазу барысында екі қырғыш, тас жаңқа және жарықшақтар алынған. Әйтсе де, аталған ескірткіштердің біразының мерзімін В.Логвин толыққанды анықтамады. Бұл ескерткіштерден алынған құрал-жабдық сипаттамасы жалпылама түрде айтылған.

Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының тас ғасырын зерттеу отряды (жетекшісі - Х.Алпысбаев) 1974 жылы Сырдария сағаларында жұмыс жүргізіп, 4 мезолит және 24 неолиттік ескерткіштерді ұштастырады [286]. Олардың арасынан назар аударуға тұрарлық ескерткіштердің бірі Шәуілдір ауылынан 43 км солтүстікте жатқан ауылмен аттас Шілік тұрағы болып табылады. Далалық зерттеу жұмыстарының барысында Шілік тұрағынан барлық саны 89 дана тас құралдары жинастырылған [286]. Шілікті коллекциясындағы қырғыштар саны - 2, ал пышақ тәрізді тас тілікшелерінің жалпы саны - 25 дана. Жинастырылған барлық тас бұйымдары шақпақтастан, кварциттен, халцедоннан дайындалған.

Бір аймақта орналасқан және де бір мәдениетке жатуы ықтимал ескерткіштер тобына жатқызылатын тұрақтардың бірегейі Дермене-1-4 болып табылады. Арыс өзені мен Дермене кеңшарының маңайынан табылған бұл тұрақтардың екеуінде (Дермене-2,4) неолит тас индустриясы палеолитпен араласып жатқандықтан, Х.Алпысбаев аталмыш жерлерді әлі де зерттей түсу керектігін айтып кеткен болатын. Дермене-1, 2 жұрт-орындарынан порфириттен дайындалған пышақ тәріздес тас тілікшелері басқа ескерткіштерге қарағанда көбірек теріліп алынған екен. Х.Алпысбаев мұндағы коллекцияның дайындау техникасына, тұрпатына және өңделуіне қарап, кешендерді неолит заманына жатады деп тұжырым жасайды [214].

Ал Арыс-1 неолит тұрағынан (Арыс қаласынан 8 км солтүстікте) ескерткіш орнын тазалау мен зерттеу нәтижесінде 90-дай тас бұйымдары жиналады. Коллекция орташа және ұсақ тас тілікшелері басқа бұйымдарға карағанда басымдау болып келеді. Тас тілікшелерінің жалпы саны - 39 дана, сынықтарының саны - 21 дана.

Бұл өңірден ең көп тас бұйымдары терілген Тасқотан тұрағы болып табылады. Аталмыш тұрақ Шымкент (ОҚО - авт.) облысы, Қызылқұм (Отырар - авт.) ауданы Қожатоғай ауылынан оңтүстік-шығысқа карай 47 км жерде орналасқан. Ежелгі тасқотандықтар сұр шақпақтас, кремнийлі порфирит пен мүйізтастарды пайдаланғандығын коллекцияның шикізат көзі де аңғартады. Бұлақ жанынан жинастырылған 1766 тас заттарының ішінде өзектастар (нуклеустер), қырғыштар, кіші қырғыштар, пышақ тәріздес тас тілікшелері, кескіштер, садақ ұштары, тескіштер, т.б. бұйымдар көп кездеседі. Сонымен қатар тас жаңқалары мен қабыршақтары (12079 дана) да жеткілікті дәрежеде жинастырылған [214]. Бұл ескерткішті 2003 жылы Қазақстан тас дәуірін зерттеумен шұғылданатын археологиялық экспедициясының (жетекшісі - Ж.Қ.Таймағамбетов) отряды (жетекшісі - Д.С.Байгунаков) қайта зерттеуден өткізді. Далалық ізденістер барысында мың шақты тас бұйымдар жинастырылды. Бұлақ жанынан екі жерден тікқазба (шурф) түсіріліп, 10-15 см терендіктен сан алуан тас бұйымдары аршылып алынды. Зерттеу негізінде алынған материалдар ескерткіштің ерте неолитке жататындығын нақтылады және де Х.А.Алпысбаевтың тұраққа қатысты пайымдауларының дұрыс екендігін көрсетіп берді.

Жалпы алғанда, бұл аймақтағы өзектастар, пышақ тәріздес тас тілікшелері (орташа көлемдегі), ұзынша қырғыштар, садақ ұштары Жебел мен Қараүңгір құралдарымен ұқсастық тауып жататындығы рас. Мұны кезінде Х.А.Алпысбаев жорамалдаған болатын. Қыш ыдыстардың сынықтары ұшыраса қоймаған Арыс-1, 2, Бесқотан, Байтоғай, Тасқотан және Дермене-3 тұрғындары аң терісінен жасалған ыдыстарды пайдалануы мүмкін. Ал Қараүңгірде керамикалық сынықтардың бірнеше түрлері анықталған. Осыған қарап Х. А.Алпысбаев екі көрші ұжым қатар әрі дербес өмір сүрген, мұнымен коса әрқайсысы өзіндік мәдениеттерді қалыптастырған деген тоқтамға келеді [214, 103]. Әлемдік тарихнамада неолит дәуірі бірнеше

мыңжылдықтарға созылғандығы белгілі. Соған қарағанда, аталған ескерткіштердің хронологиялық мерзімінде бірнеше ғасырға созылған алшақтықтың орын алуы мүмкін екендігін де жоққа шығаруға болмайды.

Дәл осы жылы Торғай облыстық мұражайы мен облыстық балалар экскурсиялық-туристік бекетінің экспедициясы Терісакқан өзенінің сол жағасындағы Матросово-1 тұрағында қазба жұмыстарын атқарады. Құралдар жиынтығында тас тілікшелер өте аз. Тас жаңқаларынан дайындалған құралдар басым, садақ ұштары да кездескен. Сонымен қатар өзенді бойлай жоғары қарай 0,4 км жерден тағы да 2-орын ашылады. Құралдар тас жаңқалары мен олардың сынықтарынан жасалған, табылған садақ ұшы біреу ғана. Зерттеу кезінде керамика табылмаған [287].

Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы батыс Бетпақдаладағы Қалмакқырылған-Білеуті өзендерінің ауданынан бір неолит тұрағын және төрт жерден неолиттік құралдарды тапқандығын Ә.К.Ақышев мәлімдеген. Бұл зерттеуші табылған ескерткіштер төңірегінде болашақта стационарлық жұмыстар жүргізілуі қажет екендігін мензеген (Известия АН КазССР, 1976. №2).

1975 жылы Целиноград (Ақмола - авт.) облыстық музейінің экспедициясы (жетекшісі - В.Волошин) далалық қазба жұмыстарын жүргізумен қатар археологиялық барлауға да шығып, өңірдегі тас дәуірі нысандарын іздестіреді. Экспедиция мүшелері жұмыс нәтижесінде 16 неолитескерткіштерінұшыр астырады [288]. Олар Құланөтпес өзенінің орта және төменгі ағысынан (Ақтөбе, Атын-тай-1, 2), Ұлытаудың солтүстік-шығысынан (Рүстем, Талдысай, Жанбөбек-1-4, Қолжаман-1-2, Қаракуен-1-3), Атасу өзенінің жоғарғы тұсынан (Қаратөбе-1-2) бірқатар археологиялық нысандар тапқан. Дегенмен, ашылған бұл ескерткіштердің көпшілігінде қазба жұмыстары жүргізілген жоқ. Зерттеу барысында Атынтай-2 тұрағынан диаметрі 25-30 см, тереңдігі 10-15 см ұра-қоймадан шакпақтастан дайындалған бірқатар тас құралдарының олжалары аршып алынған. Сонымен қатар Қаратөбе-2 ескерткішінен қалыңдығы 0,5 м мәдени қабат анықталған. Түсірілген тікқазбадан шакпақтастан жасалған бұйымдар, түз тағыларының

сүйектері, өрнексіз қыш ыдысының сынықтары, садақ ұшы, қырғыш, т.б. құралдар алынған. Осы экспедиция мүшелері келесі жылы жұмыстарды жалғастыру барысында тағы 11 неолит дәуірінің ескерткіштерін кездестірген [289]. Ескерткіштер арасында үңгірлік қоныс та бар. Өкінішке орай, бұл деректерге қатысты барлық материалдар әлі күнге дейін толыққанды жариялана қойған жоқ. Хабарлама түрінде В.С.Волошиннің жазған мақаласында табылған ескерткіштер жөнінде тек бір-екі ауыз сөз ғана айтылған.

Атбасар қаласы маңындағы Есіл аңғарында тас дәуірі ескерткіштері шоғырланған Тельман мөлтек ауданында 1975 жылы В.Ф.Зайберт археологиялық жұмыстар жүргізеді. Төрт далалық маусымда сегіз ескерткіш аршылады. Тельман-10 қонысынан 20 мыңнан аса бұйымдар алынады. Тельман-1 шеберханасында жұмыс толық біткен. Тастан, сүйектен, қыштан жасалынған заттар саны 50 мыңға жуық. Тельман-7, 8, 9, 12, 13 тұрақтарында барлығы 3000 шаршы м-дей мәдени қабат аршылады да, жиналған заттар 40 мыңнан асып түскен [39, 16]. 1978 жылы Тельман-10, 13 тұрақтарында зерттеу жұмыстары аяқталады [290]. Алғашқысынан бірнеше бағаналық және шаруашылық шұңқырлар орны байқалған. Ал, осы Солтүстік Қазақстан экспедициясының Көкшетау отряды бірқатар тас ғасыры ескерткіштерін Шағалалы өзені бойынан (Красноармейск қаласының жанындағы Виноградовка ауылы) тапқан [291]. Виноградовка-10 қонысынан 558 шаршы м жер аршылған кезде бағана мен жер беті құрылыс қалдықтарының шұңқыр орындары байқалған. Жинастырылған тас индустриясында тілікшелер мен олардан жасалынған бұйымдар басымдық танытады. Виноградовка-2 тұрағының көп мәдени қабаттан (мезонеолит) тұратындығы анықталынады. Бұл ескерткіштен алынған керамика да Виноградовка-10 тұрағындай жұқа болып келеді. Жалпы алғанда, В.Ф.Зайберт Солтүстік Қазақстаннан табылған тас ғасыры ескерткіштерін алғашқыда 3-ке бөледі [292]. Біршама нәтижелі жұмыстар жүргізілуіне байланысты тас құралдарының техникалық-типологиялық сараптамасын жасап, кейінірек алғашқы Явленка, Виноградов, Тельман топтарына Аққан және Қорғалжын топтарын қосады [39].

ҚазКСР ҒА-ның ТАЭИ-ның Шүлбі археологиялық экспедициясы 1977 жылы Шүлбі ГЭС-і аймағында жұмыс істеген болатын. Бұл жерден 20-дан астам палеолит орындары ашылған. Арасында неолит тұрғын жайлары да бар [138]. Х.А.Алпысбаев пен Ж.ҚТаймағамбетов зерттеуді Ертістің екі жағасына жүргізеді. Ертіске құятын Шүлбі, Оба, Қарашат, Қызылсу өзендерінің аңғарлары да зерттеуден тыс қалған жоқ. Нәтижесінде отандық археология жаңа ескерткіштермен толыға түсті. Халцедоннан дайындалған тас жаңқалар Ескі Шүлбі төңірегінен көптеп теріліп алынған. Арман ауылы маңындағы жырадан сына тәріздес және аморфты өзектастар, қыш ыдыстардың сынықтары, тұз тағыларының сүйектері жинастырылып алынған. Шүлбі аймағындағы ескерткіштерді табу, оларды ғылыми айналымға енгізу Қазақстан археологиясын жаңа белеске көтерген болатын. Тек қана тас дәуірі ғана емес, баска да тарихи-мәдени кезеңдердің де ескерткіштерін осы кездері көптеп зерттеу ғылымға тың материалдар қосып, Шығыс Қазақстан аймағы көне өркениеттер ошағы болғандығын көрсетіп берді.

Жоғарыда аталған Целиноград экспедициясы осы жылы Ұлытаудың солтүстік-шығыс сілемдеріндегі Жанбөбек бұлағының жанын қазған кезде неолит дәуіріне жататын баспана орнының бір бөлігін табады. Оның аумағы тік бұрышты болып келген. Экспедиция мүшелері далалық ізденістер барысында 10 мыңдай тас бұйымдарын, 100-ден аса қыш құмыра сынықтарын жиыстырады. Табылған бұйымдар арасынан сүйек жасалынған 2 артефакт назар аударуға тұрарлық [293]. Олардың әлі толыққанды мазмұны, қызметі нақты көрсетілмей келеді. Сонымен қатар Айдаһарлы үңгірі мен Қаратөбе-2 қонысына тікқазба (шурф) түсіреді. Одан бірлі-жарымды тас құралдары алынған. Бұлаққа негізделген Айдаһарлы-6 тұрағынан зерттеу барысында көптеген тас жаңқалары мен олардан дайындалған құралдар, садақ ұлитары жиыстырылған. Осы манайдан ашылған Сарыөзен-2, 3 тұрақтарында қысқа трапециялар, тас тілікшелер көптеп табылған. Негізгі материалдары Жанбөбек-4

құралдарының дөрекілеу жасалынуы, коллекцияда трапеция пішіндес артефактылардың ұшырасуы да растаса керек.

1978 жылы ҚазКСР ҒА-ның Қ.И.Сәтбаев атындағы Геология институтының Оңтүстік Торғай экспедициясы Торғай мен Обаған Торғай су айрығынан тас ғасырының жаңа материалдарын тапқан болатын [283]. Біз қарастырып отырған дәуірге жататын тұрақтар мен тұрақ-шеберханаларға Жамбыл кентінің жанындағы Қараменді-2, Торғай кентінің қасындағы Торғай-1, 2, Сарышойын мен Жарман көлдерінің аралығындағы Жарман, Шортанды қыстауындағы Шортанды, Қарақамыс көлінің төңірегіндегі Қарақамыс және де Дүкен тұрақ-шеберханасы, сондай-ақ Сарыадыр Ащытасты, Қайыңдысор, Ұрқаш көлдері маңындағы Қайыңдысор-2-4, Ұрқаш-1 және т.б. көптеген ескерткіштер кіреді [294].

Негізінен алғанда, отандық неолит тарихнамасында В.Н. Логвин ізденістерінің алар орны ерекше [295]. Бұл археолог ғылыми айналымға енгізген Маханжар мәдениетінің әзірге 16 тұрағында (оның ішінде Дүзбай-1-3, Саз-2, Бестамақ, Бүрлі-2, Екідін-24, Қарамырза-6, Надеждинка-2, Сұлу-1, Соленое озеро-2, Амангелді, Алқау-2) ғана толыққанды археологиялық қазба жұмыстары атқарылды [48, 11]. Аталмыш мәдениетке енетін Тобылдағы Алқау-2 тұрағынан басқа нысандар Торғай ойпатында орналасқан. Барлығында стационарлық жұмыстар өткен ғасырдың 70-жылдар соңы мен 80-ші жылдары жүргізілген. Бұл археологиялық мәдениеттің негізгі ескерткіштері Маханжар мен Соленое озеро 1978 жылы ашылған болатын. В.Н.Логвин секілді маманның пікірінше, Маханжар мәдениеті жергілікті мезолиттен бастау алып б.з.б. VII мыңжылдық соңы мен VI мыңжылдық басын қамтиды да, б.з.б. V мыңжылдық соңы мен IV мыңжылдық басында аяқталады [295]. Дегенмен, В.Н.Логвин Маханжар мәдениетінің кейінгі дәуірлердегі тарихын әзірге толық ашып көрсете қойған жоқ.

Ол бөліп көрсеткен мезолиттік «таза» кешендер Соленое Озеро-2, Екідін-24, Маханжар тұрақтары болып табылады. Зерттеушінің кезінде маханжар мәдениетінің мирасқоры терсек мәдениеті деп есептеген еді [295]. Әйтсе де бірқатар зерттеушілер (Зайберт, т.б.) оның пайымдауы нақты емес деген пікірді ұстанады. Маханжар мәдениетіне жататын ескерткіштердің

көбінде кең көлемді қазба жұмыстары жүргізілген. Қазба көлемі Соленое Озеро-2-де 256 шаршы м, Тобыл бойындағы Алқау-2-де 100 шаршы м, Екідің-24 тұрағында 432 шаршы м-ді құрайды. Тоғызак өзенінің оң жағалауындағы Бүрлі-2 тұрағында 1987 жылы В.С.Мосин қазба жұмыстарын жүргізіп, көп материалдар тапқан. Жалпы, Торғай ойпатындағы ескерткіштерде тас жаңқалары басқа Құралдарға карағанда басымырақ, Соленое Озеро-2 ескерткішінде шақпақтастан дайындалған тас тіліктері - 44,3%, ал құралдар арасындағы тас тіліктері - 81,4%-ды құрайды. Екідің-24-те бұл көрсеткіш 48% және 67%-дан тұрады. Сондай-ақ бұл өлкеде мезолиттік және неолиттік кешендер шикізат көздері бойынша да ерекшеленеді. Айталық, мезолит дәуіріне жататын бұйымдардың 70%-ы халцедон, алевролит, яшмакварциттен жасалса, Соленое Озеро-2 мен Екідің-24 тұрақтарындағы заттардың 90%-ы кварцит пен кварциттік құмтастардан дайындалған [48, 13].

Сондай-ақ В.Н.Логвин соңғы жылдардағы ізденістерінде Қазақстан голоцандік тас дәуіріне қатысты өз пайымдауларын нақтылай түсті [296; 297; 298; 299]. Әсіресе неолит-энолиттегі мәдени қауымдастықтар төңірегінде келелі сез өрбітіп, жекелеген мәдениеттердің орнын айқындады. Алайда ғалымның кейбір зерттеулеріндегі тас дәуірі нысандары көршілес аймақтардағы (әсіресе Сарыарқа) ескерткіштермен байланыстырылмай жататындығы да бар.

Оның ісін жалғастырып жүрген А.В.Логвин ойпаттағы Саз-1, 2, Белқарай және басқа ескерткіштерді неолит-энолит замандарына жатқызып отыр [300; 301; 302]. Зерттеуші неолиттен энолитке өтер уақыттарға аса ден қойып, бірқатар нысандардың материалдарын өзара салыстырады да, басқа географиялық аймақтарға карағанда далалы жерлерде барлық уақыттарда түрлі тұрғындар арасында байланыс күшті болған деп тұжырымдама жасайды. Зерттеушінің бұл пікірін қолдай келіп, біз болашақта археологиялық ескерткіштер негізінде миграциялық үрдістерге көбірек көңіл аудару қажет деп санаймыз. Тас ғасыры кезінде көші-қон көбіне өзен бойлай жүрсе керек. Сондықтан да Қазақстандағы үлкенді-кішілі өзен салаларын, арналарын кешенді түрде зерттеуіміз қажет-ақ. Бір өзеннің аңғарын толыққанды зерттеген ізденістердің отандық

археология тарихнамасында кездесе қоймайтындығы белгілі жайт.

Неолит ескерткіштерін зерттеуге үлкен үлес қосқан археологтардың бірі Ж.Қ.Таймағамбетовті де атап кетуге болады. Ол қатарынан бірнеше жыл Шүлбі археологиялық экспедициясының тас ғасырымен айналысушы отрядын басқарып, 1980 жылдары Шығыс Қазақстаннан Қызылсу, Гранитный, Пьяный Яр, Пролетарка тұрақтарын ашты [303; 304]. Таврия ауданындағы Қызылсу өзені бойында барлау жүргізілген кезде Соцгиз ауылы маңынан призма пішіндес өзектастар, түрлі қырғыштар, тілікшелер, садақ ұштары, сонымен қатар жапырақ тәрізді садақ ұштары, сан алуан өндіріс қалдықтары жинастырылады. Аталмыш тұрақты ерте неолитке жатқызған Ж.Қ.Таймағамбетов ескерткіш коллекциясында геометриялық шағын тастардың ұшырасатындығына, керамика жоқтығына сүйеніп, тұрақты мезолит дәуіріне де жатуы ықтимал деп топшылайды. Бір жылдан соң Ш.Ш.Уәлиханов атындағы ТАЭИ-ның Семей археологиялық экспедициясының барлау отряды Гранитный кентінің маңынан өзектас, қырғыш, шағынтас, садақ ұшы, тас тілікше мен жаңқаларын аумағы 1 шаршы км жерден жинастырып алады. Сонымен қатар Пьяный Яр ауылынан батысқа қарай жатқан аймақтан түрлі тас бұйымдары (жаңқа, тілікше, т.б.) жинастырылады. Коллекциядағы тас бұйымдарының жалпы саны 70-ке жуықтайды. Бұларға ұқсас тас бұйымдары Пролетарка ауылы төңірегінен де жинастырылып алынады.

1984 жылы Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Роцинское қонысында кең көлемді қазба жұмыстарын жүргізеді. Қонысты аршу барысында шаруашылық және бағаналық шұңқырлар орындары анықталған. Алынған материалдарға қарап, зерттеушілер Роцинское қонысының екі хронологиялық мерзімін көрсетіп берді. Оның алғашқысы ерте неолит кезеңіне жатқызылған. Қоныстан алынған Кұралдар арасында тас тілікшелерінің үлесі басым болып келеді. Өзектастардың да бірнеше түрлері аршылып алынған. Тас бұйымдар яшмо-кварциттен дайындалған.

Ж.Қ.Таймағамбетов сонымен қатар 80-ші жылдар ортасында Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының (жетекшісі -

Ж.Құрманқұлов) тас ғасыры ескерткіштерін зерттеу отрядын басқару барысында палеолит пен неолит дәуірлерінің 40-тан астам нысандарын табады [305]. Айталық, 1984 жылы Ж.Қ.Таймағамбетов Ағадыр ауданындағы Мыңбаев кеңшары маңынан екі палеолит, төрт неолит дәуіріне жататын ескерткіштерді ашып, зерттеген. Біз қарастырып отырған дәуірге жататын тұрақтың бірі Ата-су өзенінің оң жағалауындағы Мыржық тұрағы болып табылады. Бұл тұрақтың тас коллекциясы тас жаңқаларынан, өзектастардан, сондай-ақ аздаған тас тілікшелері мен құмыра сынықтарынан тұрады. Ал Атасу өзенінің сол жағындағы тұрақтан шағын тас тілікшелері көптеп алынған. Бірақ қыш ыдыстардың сынықтары табылмаған. Қаратөбе-1-2 тұрағынан да тас тілікшелері, жаңқалары, садақ ұштары, қырғыштар, қырнауыштар көптеп жинастырылған. 1985 жылы Ағадыр және Жана-арқа аудандарынан орындары анықталған ескерткіштердің арасында материалдар мол шыққан Кіші Ақмая-1 болып табылады. Далалық ізденістер барысында бұл ескерткіштен қырғыш, шағын тас тілікшелері, садақ ұштары, өзектастар, өндіріс қалдықтары теріліп алынған. Жалпы алғанда, Орталық Қазақстаннан жинастырылған материалдардың басым бөлігі неолит дәуіріне жатады.

1985 жылы Ж.Қ.Таймағамбетов Үстіртте де зерттеу жұмыстарын жүргізген болатын. Мұнда ол Маңғыстау тарихи-өлкетану мұражайы мен Ш.Ш.Уәлиханов атындағы ТАЭИ-ның тас ғасыры ескерткіштерін зерттеу отрядына жетекшілік етті. Барлау жұмыстары кезінде Маңғыстау ауданындағы Бесбұлақ шатқалынан неолит заманына жататын тас құралдары табылған. Маңғыстаудағы Түлкілі-1-2 және Түбқарағаннан жаңа тас дәуіріне жататын Султан-ене-1-2 тұрақтарынан қомақты тас коллекциясы жинастырылған. Зерттеушілер (Ж.Таймағамбетов, М.Нұрқабаев) бұл ескерткіштерді неолит заманындағы тұрақ-шеберханалар ретінде белгілеген [306].

1983-89 жылдары Қарағанды мемлекеттік университеті археологиялық экспедициясының А.Чиндин басқарған отряды тас дәуірі ескерткіштерімен айналысуда бірқатар жетістіктерге жетті. А.Чиндин ғылыми ізденістерінің арқасында мезо-энеолит дәуірлеріне жататын Домалақтас, Қарағанды-15, Әкімбек, Нарбас, Крещеновка, Гренада тұрақтарының тас жабдықтарына

функциональды талдау жүргізілді. Кезінде М.Клапчук ашқан Қарағанды-15 тұрағының материалдары қайта қарастырылып, одан мезолиттен ерте қолаға дейінгі кешендер бөлінді [46]. Басқа археологиялық нысандардағы тас индустриясының техникалық-морфологиялық мәні сипатталынды. Қазір белгілі болып отырған нәрсе - тас индустриясы орташа және шағын тас тілікшелерімен, олардың сынықтары мен жаңқаларынан тұрады. Айта кететін бір жайт, неолиттік Домалақтас, Нарбас, Доңғал, мезо-неолиттік Әкімбек тұрақтары Қызылкент өзені аңғарларында, ал неолиттік Крещеновка ескерткіші Қарағанды облысы Осакаров ауданында Осакаровка ауылы жанында орналасқан.

1989-1990 жылдары Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы отрядының мүшелері (З.Самашев, Ж.Таймағамбетов) неолит заманына жататын Шатпакөл, Құлсары-1-5, Шаңдыауыл, Қыземшек, Қайнар, Жыланқабак, Қойқара, Сарықамыс, Шаянды, т.б. ескерткіштерін тапқан. Далалық зерттеу жұмыстарының барысында бұл ескерткіштерден жүздеген тас бұйымдары (тас жаңқа, тілікше, т.б.) жинастырылған. Шатпакөл жұрт-орны Ембі ауданындағы Шоқпартоғай ауылынан солтүстікке қарай 12 км жерде орналасқан. Одан алынған тас бұйымдарының арасында пышақ тәрізді тас тіліктері, тас жаңқалары бар. Қыш ыдыстарының сынықтары бұлақ маңындағы жардан алынған. Құлсары-1-5 тұрақтары Құлсары кенті маңынан анықталған. Тұрақтардың барлығы да қазіргі заман құрылыстары (жол, газ құбыры, т.б.) нәтижесінде қираған. Құлсары-1-5 ескерткіштерінен алынған тас құралдарының арасында түзетілген тас тілікшелері, тас жаңқа мен тіліктерден дайындалған қырғыштар, қырнауыштар, екі шеті өңделген садақ ұштары, призма пішінді өзектастар да көптеп кездеседі. Жинастырылған қыш ыдыстары сынықтарының көпшілігінде өрнек кездесе қоймайды. Кейбірінде горизонтальды сызықтар сақталған. Шаңдыауыл тұрағы Құлсары кентінен солтүстік-шығысқа қарай 22 км жерде орналасқан. Сондай-ақ Аққызтоғай ауылы жанынан да тас тілікшелері, екі шетті қырғыштар, тас жаңқалары мен қыш ыдыстардың сынықтары теріліп алынған. Қыземшек жұрт-орны Иманқара тауының қасында, Жантерек стансасынан оңтүстік-шығысқа қарай 37 км жерде орналасқан.

Тау үстінен призма пішінді өзектас, арқа тұсының қырлары түзетілген пышақтәрізді тас тілікшелер, қышыдыстарсынықтары жинастырылған. Мұндай артефактылар Қайнар өзені маңынан да табылған. Сарықамыс пен Шаянды тұрақтары Сарықамыс ауылынан оңтүстікке қарай 3-4 км жерден анықталған. Бұл нысандардан да қомақты коллекция жинастырылған. Жасалу техникасы мен типологиялық көрсеткіштері жоғарыда аталған ескерткіштердің материалдарына ұқсас болып келеді. Сайып келгенде, мұндағы тұрақтар мен жұрт-орындардағы индустрия өндеу сипаты бойынша біркелкі: түзету шетінен жүргізілген, бір немесе екі шеті түзетілген тас тілікшелері, шетті қырғыштар, ойықты тас жаңқалар мен тілікшелерден дайындалған қырғыштар, т.б. [9, 71].

Павлодар облыстық тарихи-өлкетану мұражайының экспедициясы 90-шы жылдардан бері көптеген тарихи-мәдени үрдістерді шешетін ғылыми жұмыстар жүргізіп келеді. Неолит-энеолит дәуірлерінің бірқатар проблемалары В.К.Мерц, А.А.Ткачев, Д.А.Франк, т.б. мамандар еңбектерінде кетерілді. Осы дәуірлерге жататын Шідерті-3, Нұрмамбет-1, Мичурино-2 сынды объектілердің материалдары жарияланды [91; 307; 308; 309; 310]. Экспедиция 1991 жылы Шідерті-3 көп мәдени қабатты тұрағынан адам қаңқасын тапқан болатын. Оның бас сүйегін 1998 жылы Л.Т.Яблонский қалпына келтіреді [310]. Жалпы алғанда, Қазақстанда тас дәуірінде өмір сүрген адам қазынды қалдықтары өте аз кездеседі. Өткен ғасырдың 50-ші жылдары В.Лавров Лебязье ауылының төңірегінен палеолит адамын таптым деп жар салған болатын. Бірақ оны тексеруге жіберілген экспедициялық топ (жетекшісі - Э.Р.Рыгдылон) сүйек қалдықтарының андрон мәдениетіне жататындығын дәлелдеп береді [47,5]. Одан кейін неолиттік Железинка ескерткішінен табылған адам қаңқасы мен онымен қоса жерленген материалдар ғылыми әдебиетке кеңінен танымал. Антрополог Л.Т.Яблонский Шідерті адамының бас сүйегін Ботай, Усть-Нарым, Қатон-Қарағай және басқа өлкелерден алынған осындай мәліметтермен салыстырып шығады. Зерттеуші мақаласын мезолиттік палеоантропологиялық материалдарсыз аумақтағы мұндай кешеннің генетикалық бастауын толық шешу мүмкін емес деп қорытындылайды [310, 62]. Біздіңше плейстоцен

мен ерте голоценде адам қаңқасының табылмауын қуаң аймақ ерекшелігімен түсіндіруге болады.

1992 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданындағы Қараүңгір тұрағында жұмыстарын бастаған біріккен Қазақстан-Ресей археологиялық экспедициясы одан кейінгі маусымдарда да неолит заманының бірқатар ескерткіштерін ашқан болатын. Олардың арасындағы ең көрнектілері Қызылорда облысындағы Ағеспе, Арал тұрақтары, Жамбыл облысындағы Жартыбастау, Ынталы ескерткіштері деуге болады. Өйткені аталмыш ескерткіштерден қомақты неолиттік тас коллекциясы жинақталған және 1992-2002 жылдары аталмыш экспедиция, негізінен, палеолиттік дәуірдегі ескерткіштерді зерттегенді. Бірақ, сонымен қатар голоцен заманындағы тас дәуірі нысандарына да көңіл аударып, тас дәуіріндегі адамзат қоғамының дамуын қарастыруға да мол үлес қосты. Экспедиция отрядтары мүшелерінің (Ғ.Искаков, т.б.) жүргізген ғылыми ізденістері Қазақстанның батыс аймағындағы неолиттік археологиялық нысандардың ғылыми айналымға енуіне көп септігін тигізді. Зерттеу жұмыстарында экспедиция мүшелерінің (Т.Нохрина, т.б.) геоморфология, палинология, палеозология, т.б. жаратылыстану ғылым салаларының мағлұматтарын кеңінен пайдалануы және оны археологиялық мәліметтермен ұштастыруы отандық неолиттану тарихнамасын тың белестерге көтерді. Нәтижесінде, қазіргі таңда Қазақстанның барлық ірі-ірі тарихи-мәдени аймақтарының тас дәуірі біршама зерттелді деуге болады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Ө.Марғұлан атындағы Археология институтына тиесілі Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының Маңғыстау отряды өткен ғасырдың 90-шы жылдар бас кезінде Маңғыстау жарты аралынан мезолит, неолит, энеолит дәуірлерге материалдарын жинақтаған [311]. Ендігі кезекте осы отряд ізденістеріне қысқаша түрде тоқталып кетелік. Аталмыш отряд мүшелерінің далалық ізденістерінің арқасында Сауысқан құмының солтүстік-батысындағы Үштаған елді мекені маңынан Үштаған-І деп шартты түрде аталған тұрақ табылған. Тұрақтан шақпақтастан дайындалған 563 дана бұйымдар мен 500 шақты қыш ыдыстар сынықтары теріліп алынған. Жинастырылған материалдарға

қарағанда, Үштаған-1 тұрағынан алынған коллекциядан кейінгі неолит уақытына тән заттар шыққан. Ал Туесу құмының оңтүстік жағында орналасқан Сенек елді мекенінен голоцен заманына жататын ондаған ескерткіштер табылған. Біз қарастырып отырған неолит заманына зерттеушілер Сенек-10 нысанынан алынған коллекцияны жатқызып отыр. Бұл кешен шақпақтастан жасалған 391 дана тас бұйымдар мен 30 шақты қыш ыдыстар сынықтарынан тұрады. Тастан дайындалған тілікшелердің жалпы саны - 30 дана, қалғандары (356 дана) тас жаңқа мен опырындыдан құралған. Бозашы түбегінен табылған Шебір және Тұщықұдық тұрақтарынан және Үштағаннан шығысқа қарай 30 км жерде орналасқан Сазды ескерткішінен де осындай тас бұйымдар мен өрнекті қыш ыдыстар сынықтары жинастырылған. Жалпы алғанда, мұндағы заттар кешені шақпақтас индустриясына негізделгендігі байқалады.

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданындағы Тұрыш ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 100-120 км жердегі тас және палеометалл дәуірлеріне жататын Тоқсанбай қонысын 1996 жылдан бастап Батыс Қазақстан экспедициясы (жетекшісі - З.С.Самашев) қатарынан бірнеше жыл зерттеді. 2004 жылдан бері ескерткіште Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында зерттеулер жүргізіліп, тың мәліметтер алынған. Далалық ізденістер барысында қоныс орнынан садақ ұштары (22 дана) мен сүңгілер (дротиктер), тас бұйымдары мен өзге де еңбек құралдары, керамика қалдықтары көптеп шыққан [312]. Жарияланған материалдарға қарағанда, қоныс орнынан алынған тас бұйымдары әлі толық зерттеле қойған жоқ. Көп ретте тас бұйымдардың типологиялық, техникалық көрсеткіштері көрсетіле қоймайды. Бірақ мамандар тарапынан хайуанаттар сүйегіне (3983 дана) алдын ала болса да тыңғылықты талдау жүргізілгендігі байқалады [313]. Сондай-ақ, 1989 - 1990 жылдары Атырау облысынан Шатпакөл, Құлсары-1-5, Шандыауыл, Қыземшек, Жыланқабак, Қойқара, Сарықамыс, Шаянды тұрақтары табылғандығы жоғарыда айтылды. Одан кейін де аталмыш экспедиция мүшелері жаңа тас дәуірін зерттеу ісін жалғастыра берді. Жаңа әдістемелер негізінде бірқатар ескерткіштердің заттай мәдениеті айқындалды. Экспедицияның белсенді мүшесі А.Е.Астафьев Қосқұдық-1

секілді ескерткіштерді егжей-тегжейлі зерттеді. Осы жерде айта кететін бір жайт, Тоқсанбайдағы материалдық мәдениетті біздіңше әлі де жан-жақты талдай түсу керек. Біздіңше, мұндағы коллекциядағы қыш ыдыстардан, тас құралдарының сипаттамасынан неолиттік дәуірге жататын белгілер байқалады. Зерттеушілер (З.Самашев, Т.Лошакова, т.б.) қонысты энеолитке жатқызғанымен бұйымдар коллекциясын мұқият қарастырған абзал. Себебі бірнеше дәуір немесе кезенді қамтитын бұл қоныс еліміздің тарихындағы ашылмай жатқан неолиттен энеолитке өту мәселелеріне де түбегейлі жауап беруі мүмкін.

Шымкент облыстық (ОҚО - авт.) мұражайы мен Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-ң Шымкент бөліміне қарасты археологиялық экспедицияның отряды Ордабасы ауданындағы Бөген су қоймасында 90-шы жылдардың ортасында жұмыс жүргізді. Аталған су қоймасының төңірегінен өзге дәуірлер ескерткіштерімен қатар микролиттік бұйымдар да табылған болатын. Табылған шағынтастар зерттеуші-мамандардың (А.Рүстемов пен А.Донец) пікірінше, мезолит пен неолит дәуірлеріне жатады [215]. Жинастырылған тас коллекциясына талдау жасаған экспедиция мүшелері Бөген су қоймасындағы бұйымдар аңшылықпен айналысқан адамдарға тиесілі, олар мұнда аң аулаған, одан соң өздері тұратын Қаратауға қайтып жүрген деген тұжырым жасайды. Біздіңше, бұл үстірт жасалған байлам секілді. Неге десеңіз, біріншіден - қазіргі Бөген су қоймасы мен Қаратау баурайларының арасы біршама жер, екіншіден - Бөген маңы да табиғи жағдайлары бойынша адам баласының өмір сүруіне әбден қолайлы. Сондай-ақ бұл өңірде палеолиттен бастап адам баласы тіршілік еткендігі белгілі. Қалай болғанда да Бөген өзенінің алабы кешенді археологиялық зерттеулерді қажет етеді деген ойдамыз.

Қазақстан-Ресей біріккен археологиялық экспедициясы да бірқатар голоцендік тас дәуірі ескерткіштерін зерттеуге мол үлес қосқандығы жоғарыда айтылды. Экспедиция жұмыстарының соңғы кезінде Қызылорда облысынан Ағеспе, Арал, Жамбыл облысынан Жартыбастау, Терең-Шұңқыр жаңа тас дәуірі кешендерін ашып, зерттеді [314].

2001 жылы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының (жетекшісі - Ж.Қ.Құрманқұлов) отряды (О.Артюхова, Д.Байгунаков, Ғ.Бексейітов) Жезқазған-Ұлытау өңіріндегі Талдысай ауылынан ерте және орта голоцендік он археологиялық нысандар (Талдысай, Аяқбұлақ, Токтауыл, Сарыбұлақ, т.б.) тауып, зерттейді [273]. 2004 жылдан бастап олардың біразында Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қатарынан үш жыл жүргізілген далалық ізденістер қазіргі таңда алғашқы пайымдаулардың дұрыстығын дәлелдеп берді. 2001 жылы Талдысай-2-ден 67, Талдысай-3-тен 235 дана, Талдыбұлақ-1-ден 57 дана, Талдыбұлақ-2-ден 70 дана, Аяқбұлақтан 1423 дана, Сарыбұлақтан 453 дана, Токтауылдан 501 дана тас артефактыларын тапты. Олардың арасындағы құралдар саны 20-30% аралығында. Одан кейінгі маусымдарда жүргізілген далалық жұмыстар барысында тас коллекциясының саны арта түсті. Дегенмен, тас коллекциясында жаңқа, жарықшак басым екендігі алғашқы маусымда-ақ белгілі болған еді. Мұны кейінгі жылдардағы далалық ізденістер де айғақтап отыр. Стационарлық жұмыстар қатарынан бірнеше жыл мезолиттік Токтауыл ескерткішінде жүргізіліп, Талдысай өңіріндегі тас дәуірінің мәселелері біршама толымды түрде қарастырылды.

2001 жылы О.А.Артюхова мен Ғ.Т.Бексейітов Батыс Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының құрамындағы тас ғасырымен айналысушы отрядты басқарып, облыс аумағынан соңғы палеолитпен қолаға дейінгі уақытты қамтитын 24 ескерткіш орындарын анықтағандығын жоғарыда айтып өткенбіз. Зерттеушілер Шыңғырлау ауданынан Сұлукөл-1-3, Аққұм-1, 5-8, 11 және Ақжайық ауданындағы Майтөбе, Сарыиван сынды неолит дәуіріне жататын археологиялық нысандардан бірді-екілі тас артефактыларын тапқан [70]. Осы жылы-ақ Аққұм-1-ден 28 дана, Аққұм-2-ден 7 дана, Сарыиваннан 4 дана, Майтөбеден 1 дана тас тілікше және керамика қалдықтары, Жантемірден 46 дана тас құралдары табылды. Ескерткіштерден алынған тас құралдарының негізгі шикізат көзі яшма, халцедон, кварцит болып табылады. Жинастырылып алынған коллекция тас жанқаларына негізделеді. Біздіңше, аталған нысандардан алынған құралдар арасында тас тіліктері де басымдық танытатын

сияқты. Мұны олардың тас жиынтығындағы үлес салмағы да көрсетеді.

Сонымен, Қазақстан аумағындағы неолит ескерткіштерінің зерттелу тарихына қысқаша шолу жасай келе айтарымыз, әрбір тарихи-мәдени өңірдегі неолит дәуіріне жататын археологиялық нысандарға тас тілікше мен жаңқа тән болып келеді. Олармен бірге өндіріс қалдықтары көптеп кездеседі. Мұның өзі неолит дәуіріндегі жаңадан шыққан тас өңдеу техникасының түрлеріне (жалтырата тегістеу, бұрғылау, аралау, т.б.) де байланысты болса керек. Екі жағы өңделмеген тас құралдары шыға бастайды. Симметриялы трапециялар да кең тараған. Бұл дәуірдегі ескерткіштердің көптігі ескерткіштер материалдарынан толыққанды мәлімет беруге біздің мүмкіндігімізді азды-кемді шектеді. Сонда да болса біз әрбір тарихи-мәдени өңірдегі негізгі ескерткіштерге, басты-басты археологиялық нысандарға кеңінен тоқтап кетуге, солардың негізінде неолит дәуірі жөніндегі ізденістердің шоғырлану процесін айқындауға күш салдық. Әлі де болса көптеген археологиялық нысандардың кезеңдестірілуі мен хронологиясы, оларды қалдырған адамдардың дүниетанымы мен шаруашылық қаракеттерінің бет пердесі нақты шешілмей тұрғандығы белгілі. Бұған көптеген ескерткіштерден жинақталған тас жабдықтарына жеткілікті талдау жасалынбай, тек хабарлама ретінде ғана ғылыми басылымдарда жариялануы да өз септігін тигізіп отыр. Ескерткіштердің жас мөлшерін анықтаған радиокөміртекті мерзімдер жоқтың қасы деуге болады. Ғалымдардың көбі ескерткішті ерте, орта, кейінгі кезеңдерге бөліп қарастырмай тек неолит деп жалпылама түрдегі бөлумен ғана шектеліп отырады. Деректердің қарабайырлығы жаңа тас дәуіріндегі тұрғындардың қай мәдениетке жататындығын дәл айтуға да мүмкіншілік бере қоймайды. Палеолит, қола дәуірлерін зерттеуші археологтардан басқа көптеген өзге сала мамандарының бұл дәуір туралы мәліметтерді жинастыруы да ескерткіштер тарихи орнын пайымдаудағы жағдайды кейде ептеп қиындатады. Себебі бірқатар кешендерден алынған ғылыми ақпараттар, өзге де мағлұматтар (тас құралдары, т.б.) көпшілік назарына ұсынылмаған. Әрі жекелеген кездейсоқ табылған бұйымдар орны «тұрақ» деп белгіленіп кеткен. Сондықтан да біз бәріне ортақ қой деген ниетпен бұл тарауша үшін «нысан» терминін қолдандық.

Қазіргі таңда Қазақстандағы шағын тас қалақша кешендерінің техникалық және типологиялық құрамы нақты белгіленген деудің өзі де өте қиын. Айталық, Арал маңындағы тас индустрияның Солтүстік Балқаштағы шағын тас мәдениетінен аздап айырмасы бар. Мұның өзі жекелеген мәдениеттерді белуге негіз болмауы керек. Осы жерде шикізат көзін, қоршаған орта және тас құралдарды жасаушы шебер дүниетанымын ескеруіміз қажет. Сонда біз Қазақстан жерінде шағын тас қалақша мәдениетінің түрлі нұсқаларын, вариацияларын айыруымыз мүмкін. 1996 жылы баспадан жарық көрген «Қазақстан тарихының» 1-ші томында ойықты, төлес, маханжар, атбасар мәдениеттерінің ерекшеліктері анық көрсетілген.

Қазақстан аумағында біздің (Д.С. Байғунаковтың) есептеуімізше, неолит дәуіріне жататын археологиялық нысандардың саны 800-дей болады. Сөзіміз дәйектірек болуы үшін Қазақстан археологиялық картасына (1960) 200-ге тарта неолит дәуіріне жататын археологиялық нысан енгенін [11] және Атбасар мәдениетіне кіретін 200-ден астам ескерткіш белгілі болғандығын [39], Ә.Х. Марғұлан еңбегінде 150-дей ескерткіштердің зерттелу тарихы сөз болатындығын айтып кеткіміз келеді. Ал қалғандарын зерделі оқырман осы жұмыстан және сілтеме жасалған әдебиеттерден кездестіре алады деген ойдамыз. Сондықтан да еліміздің жеріндегі жаңа тас ескерткіштер әлі де арнайы кешенді түрде зерттеуді қажет етеді деп есептейміз. Болашақтағы ізденістерде әрбір өңірдегі қыш ыдыстардың ерекшеліктері, тас құралдарының шаруашылықтағы (егіншілік, аңшылық) рөлі нақтылануы және археологиялық мәдениеттердің шығу мен қалыптасуы, олардың неолиттен кейінгі замандардағы трансформациясы, өнері мен дүниетанымы көрініс табуы керек.

Бөлімді қорытындылар болсақ, палеолит, мезолит пен неолит дәуірлері отандық тарихнамада біршама қарастырылғанымен, бұл тарихи-мәдени кезендердің қордаланған мәселелері жеткілікті деуге болады. Аталмыш дәуірлер мәселелерін шешу үшін кешенді түрде зерттеулер жүргізу қажет екендігі де белгілі. Бүгінгі күні мезолит дәуірінің сауалдарына деген қызығушылық ғылыми жұртшылық тарапынан арта түсуде. Бұл Қазақстан жері іргелес өңірлердегі көптеген тарихи-мәдени

проблемалар ауқымын шешуге жәрдемін тигізетін негізгі аймақ екендігін тағы да көрсетеді. Сондай-ақ ескерткіштердің зерттелу тарихын жүйелеумен археологиялық нысандар картасын жасау (қосымшаны қараңыз) республика аумағында мезолит-неолитті зерделеу біркелкі болып отырмағандығын аңғартады.

Отандық археология тарихнамасында орта тас дәуіріне қатысты негізгі пікір-сайыстар, ең алдымен ескерткіш хронологиясын анықтауға байланысты өрбіп отырады. Сонымен қатар тас индустриясының табылуына қатысты (стратиграфиялы немесе ашық үлгіде жатуы), коллекциядағы жекелеген құралдардың орнына қатысты, нәтижесінде кейбір археологиялық нысандар мерзіміне күмән келтірілген пікірлер айтылып тұрады. Айталық, Қарағанды-15, Соркөл-1, т.б. ескерткіштер мерзімі жайлы түрлі пікірлер орындалған.


Кезінде мезолит дәуірі үшін ресейлік археологтар (В.И. Молодин, В.Т.Петрин) геология ғылымына сүйеніп енгізген «ерте голоцен» термині де отандық тарихнамада біршама пайдаланылып тұрады. Тіпті кейбір зерттеушілер осыған орай палеолитпен кейінгі тастан жасалған материалдарды мезолит немесе неолит деп бөліп жармай-ақ «голоцендік» деп топтап көрсете салады. Мұның өзі ұзақ жылдар бойы жекелеген ескерткіштер материалдарының ғылыми айналымға толыққанды енбеуіне, кешендердің деректемелік құндылығы мен ақпараттық мәнінің төмендеуіне алып келіп жатады.


Егер бұрын керамикалық ыдыстардың ұшырасуы неолит дәуіріне өтудің негізгі көрсеткіші деп есептелсе, енді керамикасы бар неолит дәуірінің қауымдастықтары (Қараүңгір, т.б.) мен керамика өндірісін білмеген ұжымдар (Арыс, Дермене, т.б.) қатар өмір сүргені мәлім болып отыр. Осыған байланысты шартты түрде жаңа археологиялық дәуірлерді керамикасыз, керамика жасалғанға дейінгі, ерте керамикалық неолит, т.б. деп бөлу де қазақстандық тарихнамада орын алып келеді. Шағынтас дәуіріндегі тайпалар керамика өндірісін білмеген деген пікірді ұстанған ғалымдар (А.Г.Медоев) да бар. Мұның бәрі болашақта кешенді зерттеулердің жүргізілуі қажет екендігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, неолит ескерткіштері Қазақстанның барлық территориясынан ұшырасады. XX ғасыр екінші жартысындағы далалық ізденістердің арқасында мұнда бірнеше археологиялық

мәдениеттер (атбасар, маханжар, т.б.) де анықталғандығы белгілі. Олар жергілікті ерте голоцендік индустриялардан бастау алады. Мысалы, призма пішіндес өзектастар кейінгі палеолиттен бастап ұшыраса бастайды. Бифас түрлері Орталық Қазақстандағы тұрақтардан (Токтауыл, Талдысай-2, т.б.) да кептеп кездеседі. М.Н.Клапчук пайымдауынша, Бетпақдаладан табылған шағынтастар өзіндік бір мәдениетті құрайды. Бірақ, әзірге бұл жерде мұндай тұжырымдама жасай салу асығыстық секілді. Өйткені Бетпақдаладағы тұрақтарда негізгі шикізат көзі ретінде опал, халцедон, яшма, мүйізтас пайдаланылса, одан солтүстікте жатқан өңірлерде (Талдысай-2, Сарыбұлақ, Аяқбастау, т.б. тұрақтар) алевролит пен кварцит қолданылған. Қарап отырсақ, шикізат көзі тас дәуірін зерттеуде үлкен рөл ойнайды. Яғни, шикізат көздерінің әрқилы болуы тас құралдары техникалық-типологиялық сипаттамасын әркелкі етуі мүмкін. Бұл индустриялардың неолитпен генетикалық байланысын шешу, отандық археологиялық өзекті мәселелерді, соның ішінде неолит пен энеолит хронологиясын, археологиялық мәдениеттердің өмір кешкен уақыты мен таралған аймағын анықтауға септігін тигізеді. Қазақстандағы мезолит пен неолит дәуірлерін тереңірек қарастыру, ең алдымен алынған материалдардың интерпретациясын жасауға арналған теориялық қор құруды қажет етеді. Оны жасау және жаңа деректерді толық жариялау отандық археология ғылымының алдында тұрған басты мәселелер болып табылады.







**II-БӨЛІМ.**

**ПАЛЕОМЕТАЛЛ ЖӘНЕ  
ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРЛЕРІН  
ЗЕРДЕЛЕГЕН  
АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ  
ЭКСПЕДИЦИЯЛАР  
ТАРИХЫ**

## 2.1. МӘСЕЛЕНІҢ ТАРИХНАМАСЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ

Жоғарыда аталған мамандардың көпшілігі энеолит дәуірлерін де зерттеуге мол үлестерін қосқан, салихалы қорытындылар жасай білген. Мұны отандық археология тарихнамасында энеолит дәуірі тас дәуірі ескерткіштерімен бірге жиі қарастырылатындығымен де түсіндіруге болады. Энеолит те мезолит секілді археологиялық нысандары аз зерттелген дәуір болып табылады. Басқа өңірлерге қарағанда солтүстік аймақтардан энеолит ескерткіштері толымды түрде қарастырылып, бірқатар археологиялық мәдениеттері анықталған. Дәуір ескерткіштерінің өзіндік ерекшеліктерін В.Н. Логвин, С.С. Қалиева, сондай-ақ В.Ф. Зайберт көрсетіп берген, мәдени дамуын айқындаған. Ал С.В. Захаров сынды зерттеуші энеолит дәуірі ескерткіштерінің зерттелу тарихын жүйелеп шыққан. Энеолит және одан басқа да тарихи дәуірлердің бірқатар мәселелері кейбір ғалымдардың (В.И. Зайтов, В.К. Мосин, т.б.) еңбектерінде де қарастырылған.

Қазақстанда кеңінен зерттелінген ірі мәдени-тарихи кезеңдердің бірі қола дәуірі болып табылады. Ұзақ жылдар бойы жүйелі зерттеулер нәтижесінде көптеген археологиялық мәдениеттер анықталып, ғылыми айналымға жүздеген қоныстар мен қорымдардың материалдары енген. Дәуірді зерттеу тарихын өткен ғасырдың алғашқы жартысында-ақ археологиялық экспедициялар жасақтап, ұзақ жылдар бойы жүйелі жұмыстар жүргізген С.С. Черников, А.Н. Бернштам секілді ғалымдардың еңбектерінен бастаса да болады. Осы уақыттарда зерттеу жұмыстарын жүргізген М.П. Грязнов, П.С. Рыков, М.Н. Комарова, К.В. Сальников, т.б. еңбектерінің ғылыми мәні зор екендігін атап кетуге болады. Аты аталған ғалымдардың ізденістері Қазақстан аумағы қола дәуірі мәдениеттері таралған ірі мәдени ошақ екендігі дәлелдеген еді.

Қола дәуірі ескерткіштерін зерттеумен екінші дүниежүзілік соғыстан соң отандық зерттеушілер де кеңінен айналыса

бастады. Орталық Қазақстанда жүргізілген бірнеше жылдық археологиялық ізденістер кейіннен Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, М.Қ. Қадырбаев, Ә.М. Оразбаев сынды ғалымдардың бірлескен іргелі жұмысында көрініс тапты. Қола дәуірінің бірқатар проблемаларын Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, Ә.М. Оразбаев, т.б. өз еңбектерінде қамтып өтіп, мәдени даму аясын белгілеп берді. Қазақстандық және одақтас республикалардың ғалымдары (С.П. Толстов, Е.И. Агеева, А.Г. Максимова, Ф.Х. Арсланова, Т.М. Потемкина, Г.Б. Зданович, С.Я. Зданович, Е.Е. Кузьмина, В.В. Евдокимов, А.С. Ермолаева, В.В. Варфоломеев, т.б.) тарапынан далалық ізденістер барысында алынған дәуірдің бірқатар тұрақтарының материалдары жарияланды. М.Қ. Қадырбаев пен Ж.Қ. Құрманқұлов секілді ғалымдардың монографиясында Бетпақдала өңіріндегі қола дәуіріне жататын нысандардан алынған ақпараттық материалдар жайында әңгіме қозғалған еді. Археологтар В.В. Варфоломеев, К.М. Қарабаспақова, Н.А. Ткачева, Ә.Р. Усманова секілді зерттеушілер еңбектерінде белгілі бір мәдени-тарихи өңірлердің қола дәуірі ескерткіштері карастырылды. Археологиялық материалдар бойынша қола дәуіріндегі діни наным-сенімдер И.А. Кукушкин, баспаналар мен үй құрылысының жай-күйі Ю.А. Лысенко, тау-кен ісі С. Жауымбаев ізденістеріне арқау болды. Басқа да зерттеушілер (С.А. Агапов, В.Г. Ломан, А.В. Рогожинский, А.А. Ткачев, А.Н. Марьяшев, Ю.А. Мотов, А. Горячев, т.б.) еңбектерінде белгілі бір археологиялық кешендер жайында толымды ақпараттар беріліп отырды. Сондай-ақ В.В. Ткачев, В.В. Евдокимов, Е.Е. Кузьмина, М.А. Итина, Л.Т. Яблонский еңбектерінде, сонымен қатар А.З. Бейсенов пен В.В. Варфоломеев монографияларында белгілі бір өңірлердегі қола дәуірі мәдениеттері жөніндегі пікірлер ғылыми талдаудан өткен. Есімдері аталған ғалымдардың зерттеулері қола дәуірінің тарихи дамуын әр қырынан көрсетіп берді, бірқатар мәдени-тарихи өңірлерде оның даму ерекшеліктері мен ортақ заңдылықтарын айқындады.

Ерте темір дәуіріндегі тарихи мәселелерді де жоғарыда есімдері аталған археолог-ғалымдардың біразы ғылыми еңбектерінде көтерген. Мәселен, К.А. Ақышев пен Г.А. Кушаев, З.С. Самашев, Ә.Т. Төлеубаев, Г.С. Жұмабекова, М.К. Хабдулина,

А.М. Досымбаева, сондай-ақ А.Н. Подушкин, А.З. Бейсенов, Ә.К. Акышев, Г.С. Жұмабекова, Ғ.А. Базарбаева, т.б. ерте темір дәуіріндегі тайпалардың жерлеу ескерткіштері, қоғамдық құрылысы, тарихы мен мәдениеті туралы проблемаларды қаузады. Жекелеген зерттеушілер (Ж. Құрманқұлов, Ғ. Омаров, Ж. Жетібаев, А. Бейсембаев, А. Оңғар, Ұ. Үмітқалиев, т.б.) де өз еңбектерінде ерте темір дәуіріне жататын археологиялық нысандардың материалдарын жарыққа шығарып келеді. Сайып келгенде, отандық тарихнамада археологиялық зерттеулердің нәтижесінде бірнеше мәдени-тарихи қауымдастық пен археологиялық мәдениеттер анықталды, ғылыми айналымға енген материалдар негізінде қоғамдық даму, діни-мифологиялық көзқарастар жүйесі, жерлеу ғұрпындағы өзгешеліктер, тұрмыстық-шаруашылық бұйымдар эволюциясы анықталды. Бұл жерде жартас суреттерін тарихи дереккөзі ретінде саралап шыққан З.С. Самашев зерттеуін ерекше атап кетуге болады. Ол Республика аумағынан табылған таска шекілген суреттердің мән-мағынасын, архетиптерін анықтап, оларды талдау негізінде хронологиясы мен этномәдени атрибуциясын, семантикалық интерпретациясын жасап шықты.



## 2.2. ЭНЕОЛИТ ЖӘНЕ ҚОЛА ДӘУІРЛЕРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ БАРЫСЫ

Кең байтақ Қазақстан жерінде адамзат тарихының түрлі кезеңдерін қамтитын сан алуан археологиялық нысандар ұшырасады. Солардың арасынан энеолит пен қола дәуірлерінің ескерткіштері ерекше орын алады. Бұл нысандардың ғылыми құндылығы жоғары, себебі жазбаша деректемелер жоқ байырғы кездегі мұнда тіршілік еткен түрлі тайпалар мен халықтардың тоғысқан тағдырынан бірден-бір ақпарат беретін дереккөзі осындай мұралар болып табылады. Сол себепті де бұл тараушада біз осы дәуірлерді зерттеген археологиялық экспедициялардың далалық ізденістеріне тарихнамалық шолу жасауды мақсат тұтып отырмыз.

Энеолит дәуірі ескерткіштерінің зерттелу тарихы отандық тарихнамада өзекті тақырыптарды құрайды. Өйткені осы кездердегі көптеген тұрақтардың хронологиясы нақтыланбағандықтан, отандық археология тарихнамасында бірқатар ескерткіштер неолит заманына жатқызыла салынған. Дегенмен жекелеген материалдары бойынша кейбір ескерткіштердің осы дәуірге жататындығы мамандар тарапынан толымды түрде дәлелденген. Алғаш рет энеолиттік нысандар «Қазақстанның археологиялық картасы» жинағында (1960 жылы шыққан) біршама түрде жүйеленді. Одан бергі уақытта бірқатар ескерткіштер ашылып, тың мәліметтер алынды. Мәселен, Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының жетекшісі Ә.Х.Марғұлан Сарыарқа өңіріндегі бірқатар неолиттік ескерткіштерді жүйелеп шыға алды. Ол өткен ғасырдың 50-60-жылдарында зерттеулер жүргізген ғалымдардың (А.Г.Медоев, М.Н.Клапчук, т.б.) тың зерттеулеріне сүйене отырып Солтүстік-Шығыс Қазақстан, Баянауыл және Қарқаралы далалары, Балқаштың солтүстік өңірі, Бетпақдала құмдары, Сарысу өзені алабы, Қарағанды маңы, Жезқазған төңірегі секілді тарихи-мәдени аумақтардан табылған неолиттік тұрақтар мен жерлеу орындарын жүйеле келе, энеолит дәуіріне жататын

бірқатар археологиялық нысандарды да атап кетеді. Ғалымның пікірінше, аталған аймақтардағы неолиттік нысандардың бірқатарында энеолит дәуіріне жататын топтамалар да кездеседі. Ә.Х.Марғұлан сенімді түрде Ақжал-2, Бөрібас, Гигант, Ақсу-Аюлы, Қарағанды-15, Жезқазған маңындағы бірқатар тұрақтарды, №9 тұрақты, Жезқазған-13 ескерткіштерін энеолит дәуіріне жатқызады [1, с. 31-81]. Бұлардың көпшілігі бірнеше мәдени қабаттан тұратын ескерткіштер еді. Ғалым Орталық Қазақстандағы көптеген тұрақтарда энеолит заманының материалдары араласып жатқандығын да мойындайды. Сондықтан да болар уақытында А.Г.Медоев бұл кездердегі неолит және энеолит заманындағы ескерткіштерді «микролит» мәдениетіне жатқызған болатын. Ол Шыңғыстау сілемдері, Балқаштың солтүстік аймағы тас дәуірінің соңында микролит мәдениеті қамтыған аудандар болғандығын айтады [2, с. 87]. Мұның өзі мамандар тарапынан ұзақ жылдар бойы энеолиттік ескерткіштердің толыққанды жіктелмей жатқандығын да аңғартады.

Дегенмен бірқатар өңірлердің энеолиттік мәдениеттері одан бұрынғы тарихи кезеңдердің материалдарымен бірге жекелеген ғалымдардың ізденістерінде көрініс тапты. Мәселен, Орталық Қазақстан мезолит-энеолит ескерткіштері қарағандылық зерттеуші А.Ю.Чиндин ізденістеріне арқау болды. Бұл зерттеуші Домалақтас, Әкімбек, Доңғал, Нарбас, Крещеновка, Гренада, Қарағанды-15, Зеленая балка секілді тұрақтардың материалдарын ғылыми талдаудан қайта-қайта өткізіп, бірқатар ескерткіштердің жас мөлшерін, тас индустриясының техникалық-морфологиялық сипаттамасын, құралдардың функциональдық анықтамасын, шаруашылық қаракеттердегі рөлін көрсетін, ескерткіштер арасындағы энеолиттік кешендерді анықтады [3]. Нәтижесінде, А.Ю.Чиндин Сарыарқа жеріндегі энеолит дәуіріндегі тарихи дамуды жүйелеп шықты.

1970-2000 жылдар шамасында солтүстік өңірлерде археологиялық жұмыстармен айналысқан қостанайлық В.Н.Логвин бастапқыда Тобыл өзені бойындағы неолит және энеолит ескерткіштерін ғылыми айналымға енгізді. Ең алдымен ол энеолит дәуіріне жататын заттық топтамалары бар Бестамақ, Алқау-2, Дүзбай-2-3, Светлый Джаркуль, Амангелді, Солёное Озеро-1,

Евгеньевка-2, Ливановка, Кіші Аксуат, Терсек-Қарағай, Қара-Мырза-9, Көл сияқты ескерткіштердің материалдарын ғылыми талдаудан өткізді. Кейіннен ол зерттеу ауқымын ұлғайтып, жаңадан көптеген ескерткіштерді тапты да, Торғай ойпатындағы мезолиттік, неолиттік және энеолиттік ескерткіштердің даму ерекшеліктері мен заңдылықтарын бір ғылыми арнада тоғыстырды [4]. Ұзақ жылдар бойы алынған материалдар бұл археологқа терсек мәдениетін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді [5]. Торғай өңіріндегі жекелеген ескерткіштер (Қожай-1, т.б.) С.С.Қалиева тарапынан зерттелініп, монографиялық деңгейде ғылыми көпшілікке жетті [6].

1980 жылдар ортасынан бастап В.Ф.Зайберт басқарған археологиялық экспедиция Ботай қонысында зерттеулер жүргізіп келеді. Алынған бірегей материалдар оған ботай мәдениеті туралы сөз қозғауға мүмкіндік берді. Қазіргі таңда энеолиттік ботай мәдениетіне жататын көптеген қоныстар (Красный Яр, Васильковка-4, Роцинское, Баландино, Сергеевка, Голубой залив, Кеңөткел-8, Селеты-1, т.б.) зерттелініп, әлемдік тарихнамада аталмыш мәдениеттің орны нақтыланған. Ширек ғасырдан астам уақыт бойы мұнда жүргізілген ізденістер қорытындысы В.Ф.Зайберттің «Ботай мәдениеті» атты монографиясында толымды түрде баяндалған [7]. Автор онда Орал-Қазақстан далаларындағы ботай мәдениетінің өзіндік ролін мейлінше кеңінен ашып көрсеткен. Қазіргі таңда Ботай қонысы Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша зерттелуде. Бұл бағдарлама ежелгі ботайлықтардың баспанасын қайта жаңғырту, мәдени-экономикалық және қоғамдық қатынастарын қалпына келтіру секілді игі шараларға бастама болып отыр.

Еліміздің аумағында 1992-2002 жылдары археологиялық ізденістер жүргізген біріккен Қазақстан-Ресей археологиялық экспедициясы (жетекшісі А.П.Деревянко) зерттеген кейбір энеолиттік ескерткіштерді Ғ.Т.Искаков уақыт өте келе жарыққа шығарды. Бұл зерттеуші Мұғалжар мен Арал теңізінің солтүстік өңіріндегі мезолиттік-энеолиттік нысандарды жүйелей келіп, Арал-4 секілді ескерткішті қарастырылып отырған кезеңге жатқызады [8]. Өз кезегінде Ғ.Т.Искаков ерте және орта голоцендік ескерткіштердің зерттелу тарихына, тас

кұралдарының эволюциясы сынды сауалдарға да тоқтала кеткен.

Энеолиттік ескерткіштердің зерттелу тарихы азды-кемді С.В.Захаровтың «Солтүстік Қазақстан мен Оңтүстік Орал энеолитін зерттеу» атты ғылыми ізденісінде арнайы қарастырылған [9]. С.В.Захаровтың айтуынша: бүгінгі күні қазақстандық Есіл бойынан мысты-тас дәуіріне жататын 6 қоныс қазылған, Торғай ойпатынан 32 ескерткіш ашылған, Оңтүстік Оралдан 50 шақты энеолит ескерткіштері зерттелген [10, с. 3]. Әрбір өңірдегі ескерткіштер жайлы ғылыми ақпараттарды саралаудан өткізген ол мәселенің зерттелу тарихына да тоқталған. Сол себепті де біз осы авторды қайталап жатпас үшін энеолиттік ескерткіштерді зерделеу тарихына қысқаша ғана тоқталып, зерделі оқырман энеолит жайлы жоғарыда аталған зерттеушілер еңбектерінен өзіне қажетті ақпаратты алар деумен ғана шектеліп отырмыз.

Дегенмен отандық энеолит тарихнамасында әлі де болса қарастырылатын мәселелер жеткілікті. Жетісу, Оңтүстік Қазақстан секілді мәдени-тарихи аймақтардың энеолиті туралы ақпараттар жоқтың қасы. Келешекте осындағы энеолиттік ескерткіштер арнайы бағдарлама бойынша қарастырылғаны жөн. Сонымен қатар Сарыарқа және Шығыс Қазақстан секілді ірі мәдени-тарихи аймақтардағы энеолиттік ескерткіштер де жүйелеуді қажет етеді.

Отандық тарихнамада энеолит дәуіріндегі обаларды анықтау да өте күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Мұндай ескерткіштер түрінің зерттелгендері некен-саяқ. Энеолитке жататын жерлеу ғұрпын сипаттайтын жарқын ескерткіштердің бірі археолог Ә.М.Оразбаев Шығыс Қазақстаннан ұшырастырды. Бұл ғалымның ойынша, жерлеу құрылысы мен ғұрпы бойынша (қызыл жосаның мәйітке себілуі, т.б.) Черновая-2 қорымындағы №2 оба энеолиттік дәуірге жатады. Оған Оңтүстік Сібірдегі Афанасьев мәдениетіне жататын (Батеней, Тесы селолары жанындағы қорымдар) және Таулы Алтайдағы (Курта селосы маңындағы зират) бірқатар ескерткіштер ұқсас [11, с. 28-29]. Одан бергі уақытта бірқатар энеолиттік тұрақтар ашылғанымен олардың көпшілігі ғылыми айналымға толық ене қойған жоқ.

Ал Қазақстанда қола дәуірінің зерттелуі Ресей империясының отарлауынан кейінгі уақыттарда басталды. Бұл уақытта

жүргізілген ізденістер тарихы Ә.Х.Марғұлан, К.А.Ақышев, М.Қ.Қадырбаев, Ә.М.Оразбаев секілді археологтардың «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» сынды іргелі еңбектерінде толымды түрде баяндалған [12]. Еңбектен осы кездерде жүргізілген зерттеулер кездейсоқ сипатта болды немесе кен байлықтарын зерттеу барысында алынған нәтижелерге негізделгендігі аңғарылады. Яғни, арнайы зерттеулер жүргізіле қойған жоқ.

Кеңестік заманда қола дәуірі ескерткіштері біршама жоғары деңгейде қарастырылды. Ол 1926-1928 жылдардағы Батыс Қазақстандағы М.П.Грязнов пен Оңтүстік Оралдағы Б.Н.Граков ізденістерінен бастау алады. Бұған 1925-1927 жылдардағы саратовтық археолог П.С.Рыковтың Орал мен оның сағаларын (Деркүл, Шаған) зерттеген далалық ізденістерін де қосуға болады. Сайып келгенде, 1920-1940 жылдар Қазақстанда археология ғылымы қарқынды түрде дамыды. Республикада археологиялық ғылыми ізденістердің дамуына одақтың ғылыми мекемелері мен орталықтары, жергілікті ғылыми-өлкетану орталықтары, үйірмелер, музейлер ат салысты.

Мәселен, 1933 жылы ММТМА-ның Нұра экспедициясы (жетекшісі П.С.Рыков) Орталық Қазақстанда кең көлемді жұмыстарды жүргізе бастады. Оның құрамында М.П.Грязнов, М.И.Артамонов, И.С.Синицын, М.Н.Комарова, Н.К.Арзютов, А.Н.Рогачев секілді ғалымдар жұмыс істеді. Экспедиция отрядтары Нұра, Шерубай-Нұра, Жақсы және Жаман Сарысу өзендірі алқабында зерттеулер жүргізді. Зерттеу барысында 32 молалық құрылыстар, 43 қабір ашылды. П.С.Рыков бұл ескерткіштердің басым бөлігін андроновтық кезеңге жатқызады [13]. 1935 жылы Орта Азиялық мемлекеттік университетінің Бетпақдала табиғи-тарихи экспедициясы (жетекшісі Б.А.Селевин) зерттеу жүргізсе, 1935, 1937 жылдары Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі С.С.Черников) Қалба, Нарым жоталарынан ежелгі қалайы, алтын, мыс кен орындарын іздестірді және археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді [14]. Бұл кездері осы экспедиция ММТМА-ның Қазақстан экспедициясының Қалба-Нарым отряды деп аталған еді. 1931-1939 жылдары Қостанай облысында алғаш рет О.А.Кривцова-Гракова қола дәуірі ескерткіш-

теріне кешенді түрде қазба жұмыстарын жүргізеді. Шамамен осы уақыттарда Оңтүстік Оралда К.В. Сальников [15] ірі қазба жұмыстарын бастап, зор табыстарға қол жеткізеді. Ол Федоров, Алакол қорымдарын, Кипель, Замараев қоныстарын, т.б. қола дәуірі ескерткіштерін зерттейді. Ал, 1940 жылы Қарағанды облыстық өлкетану музейінің экспедициясы Нұра өзені бойында жер телімдерінде барлау жүргізіп, қола дәуірінің көптеген ескерткіштерін анықтады. Бесоба өңірінен бірнеше тас қоршау және топырақпен үйілген бір оба қазылды.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан соң Қазақстанда 1946 жылы 31 мамырда КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесі құрылады. Онда алғашқы кезде 16 ғылыми-зерттеу институты жұмыс істеді. Солардың қатарында Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты да болды. Бұл институттың археология секторының қызметкерлері Қазақстандағы археологиялық ізденістерді өз қолдарына шоғырландыра бастағанымен, одақтас ғылыми мекемелердің археологиялық экспедициялары бұрынғысынша зерттеулерін жалғастыра берді. Отандық археологияның дамуына зор ықпалын тигізген игі шара 1946 жылы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының жанынан Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының құрылуы еді. Оны құрып, ұзақ жыл (1976 жылға дейін) басқарған, ел тарихын көне заманнан бастап түзген, қазақтың сарабал ғалымы, Қазақ КСР ҒА-ның академигі Әлкей Хақанұлы Марғұлан еді [16]. 1946-1952 жылдардағы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы барлау жұмыстарының қорытындылары республика орталық аудандарында қола дәуірі ескерткіштерін зерттеудің болашағы мен мәні зор екендігін ашып көрсетті. Салыстырмалы түрде айтқанда, қысқа уақыт ішінде Бетпақдаланың солтүстігі мен солтүстік-батысындағы Айшырақ, Дарат, Саңғыру, Үйтас, Атасу, Жанайдар, Айбас-дарасы секілді көптеген қорымдар тобы мен Атасу-1-2, Бұғылы-1-3, т.б. қоныстар орны ашылып, зерттелген еді. Нұра өзені алабы мен оның салаларынан, Ортау, Ақшатау, Қарқаралы мен Баянауылдан (Өулие Қызылтау) қола дәуірі ескерткіштерінің көптеген шоғыры анықталды [17]. Бұл ескерткіштердің біразы ХХІ ғасырдың бас кезінде қайта зерттелінді.

С.С.Черников басқарған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы да республиканың шығыс өңірінде бұрынғы жұмыстарын ары қарай жалғастырды. 1947 жылы басталған мұндағы зерттеулер кезінде Камышинкадан Бұқтырмаға дейінгі Ертіс алабында барлау жүргізілді және Мешіт ауылы мен Мало-Красноярка деревнясы маңындағы Семей құмды-төбелеріндегі андроновтық қоныстар анықталды. Зерттеуші Семей облысы Жарма ауданы Жаңажұрт ауылы маңындағы қорымнан андроновтық №1, 10, 8 обаларды аршиды да, олардан қола дәуіріне жататын қыш ыдыстар сынығын, адам сүйектерін тауып алады [18]. Осы уақытқа шейін тек Қалба мен Нарым жоталарынан мыңнан астам түрлі дәуірлердің қорғандары, мыс, алтын, қалайы өндірілген 37 кен орындары, жартас бедерлерінің 17 пункті, ондаған тас мүсіндер, т.б. тарихи нысандар ашылған еді [19]. Мало-Красноярка, Алексеевка қоныстарының материалдарына ерекше мән бере келе С.С.Черников қола дәуірі мен ерте темір дәуірі ескерткіштері арасындағы генетикалық байланысты көре білді. Оның пайымдауынша, көшпелі шаруашылықтың ары қарай дамуы даланың экономикалық және этникалық картасын өзгертіп жіберді, темірдің пайда болуы мұндағы ежелгі андроновтық мәдениет орталығын жойды да, жетекші шаруашылық рөлі басқа территорияларға ауысты [20, с. 58]. 1948 жылы Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Құлажорға, Бата жеріндегі ерте көшпенділердің қорымдарында қазба жүргізді, Сарыкөл көлінің төңірегін барлады. 1949 ж. Сарыкөл көлі маңы мен Шілікті аңғарында бірқатар андроновтық және ерте темір дәуірінің ескерткіштерін қазады [21]. 1950 жылы С.С.Черников Ертіс аңғарын Бұқтырмадан Зайсан көліне дейін палеолиттен түркі дәуіріне дейінгі ескерткіштерді барлап шығуды алдына мақсат етіп қояды. Бұл жылы шығыс өңірдегі алғашқы палеолиттік тұрақтар (Пещера, Ново-Никольское) қазылды. Сонымен қатар Қанай ауылы төңірегіндегі тас, андроновтық кезең ескерткіштерін, Қызылту ауылы жанындағы ерте көшпенділердің обаларында, Мало-Красноярка маңындағы андроновтық қоныста қазба жүргізеді [22]. Қанай мен Мало-Красноярка елді-мекендері жанындағы екі қоныс материалдарын (керамика, еңбек құралдары, т.б.) С.С.Черников Алексеев қонысымен жақындастырады да, кейінгі андроновтық уақытпен мерзімдейді.

Сонымен қатар экспедиция қызметкерлері ерте көшпенділердің 20-дан астам обаларын қазғандығын айта кеткеннің де артықтығы болмас [23, с. 87]. 1953 жылғы келесі маусымда жұмыстар жалғасып, бірқатар ескерткіштерде (Мало-Красноярка, Қанай, Усть-Нарым, т.б.) жүргізілген ізденістер Шығыс Қазақстанда алакөл типіндегі қыш ыдыстардың жоқ екендігін, көшпелілікке өту үрдістерінің алғы шарттарын, андроновтық мәдениеттің ерте темірмен генетикалық байланысын өрбітті [24, с. 20-21].

1947-1950 жылдары Батыс Қазақстанда қола дәуірі зираттары мен қоныстарын Саратов университетінің профессоры И.В.Синицын басқарған археологиялық экспедиция зерттеген болатын. Экспедиция, негізінен, Үлкен және Кіші Өзен бойында зерттеулер жүргізіп, қола дәуіріне қатысты тың материалдар алды. Экспедиция 1949 жылы Узеней ауданындағы Сары-айдын көлі маңында орналасқан қорымдағы №4 обаны аршып, адам сүйектерін (сол бүйірімен жатқызылған, аяқ-қолы бүгілген, басы шығысқа қаратылған) табады. Оны И.В.Синицын Төменгі Еділ өңіріндегі қима-хвалын мәдениетіне жатады деп есептейді [25].

1954-1956 жылдары тыңды және тыңайған жерлерді игеру мақсатында жүргізілген үкіметтік шаралардың барысында Қазақстан аумағында 10-нан астам экспедициялар мен отрядтар 10 облыс жерінде ежелгі дәуірлердің ескерткіштерін анықтау мен зерттеу үшін жұмыс істеді. Нәтижесінде жүздеген жаңа ескерткіштер ашылып, түрлі дәуірлерді қамтитын 600-ден астам обалар мен қоршаулар аршылды [26].

1955 жылы Е.И.Агеева мен А.Г.Максимова [27] Павлодар облысы аумағынан қола дәуірінің үш кезеңіне жататын жаңа ескерткіштерді ашып, зерттейді. Семияр, Баянауылдағы Қазақстанның XX жылдығы ұжымшары, Жаңауыл кеңшары, Сычевка ауылы, Чекат кеңшары сынды елді-мекендерден көптеген анықталып, ерте кезге Семияр, алакөл заманына Қазақстанның XX жылдығы мен Жаңауыл және Сычевка, қарасұқ кезеңіне Чекат материалдары жатқызылды.

1957-1959 жылдары А.Г.Максимова басқарған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының отряды республиканың оңтүстік аймағындағы қола дәуірінің бірегей ескерткіші Таутарыны зерттеді. Бұл қорым ортағасырлық

Бабата каласынан 7 км оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. А.Г.Максимова қорымның 21 қоршауын, бір обасын қазады да, алынған материалдарды талдай келе, кешенді федоровтан алакөл кезеңіне өтетін уақытпен не болмаса алакөл кезеңінің бастапқы уақытымен мерзімдеуге болады деп қорытынды жасады [28].

1960 жылдар бас кезіндегі Сырдария алабы мен Арал теңізі төңірегінде далалық ізденістер жүргізген Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (жетекшісі С.П.Толстов) қола дәуірі мәдениеттерін зерттеуге тың серпін әкелді [29]. Осы кездері Түгіскен, Ұйғарақ секілді әлемдік тарихнамадан маңызды орын алатын зираттар зерттелінді. Мұндағы кесенелердің шикі кірпішпен тұрғызылуына табиғи жағдайлар тікелей әсер еткендігі анықталып, Сыр бойындағы қола дәуірі мәдениеттерінің жай-күйі ғылыми талдаудан өте бастайды. Солтүстік Түгіскен секілді бірегей археологиялық нысандар 1959 жылы алғаш рет авиабарлау нәтижесінде ашылған. Кейін мұнда белгілі археолог М.А.Итина басшылығымен бірнеше жыл қазба жұмыстары жүргізіледі. М.А.Итина Түгіскеннен екі топқа бөлінетін 70 шақты обаны есептеп шыққан. Ескерткіштегі кесенелер маңынан сан түрлі қабірлер, тік бұрышты қоршаулар салынған. Бірнеше жылға созылған далалық жұмыстар барысында Түгіскеннен көптеген заттар алынады да, олардың бірқатары толымды түрде зерттеліп ғылыми айналымға енеді [30].

1966 жылы Жетісу археологиялық экспедициясы (жетекшісі К.А.Ақышев) төрт отряд ұйымдастырады. Экспедицияның Талас отряды (жетекшісі А.Г.Максимова) Қызылқайнардағы ерте темір дәуірі ескерткіштерімен бірге қола дәуірінің обасыз қабірін зерттейді. Алакөл отряды (жетекшісі Г.А.Кушаев) Алакөл ойпатында зерттеу жүргізеді. Отряд мүшелері Оңғаш шатқалынан, Алакөл көлінің оңтүстік жағалауынан, Қапалауылы төңірегінен қола дәуірінің жекелеген ескерткіштерін ашады [31, с. 297-299].

1965 жылдан бастап Өскемен педагогикалық институтының тарих кафедрасы археологиялық практика ұйымдастыруына орай далалық ізденістерге ден қоя бастайды. Институтта көп жыл қажырлы еңбек еткен Ф.Х.Арсланованың ғылыми жұмыстарының арқасында бірқатар ескерткіштерде қазба ісі

ұйымдастырылады [32, с. 403]. Ол қатарынан бірнеше жыл зерттеген қорымдар да бар. Қола дәуірінің проблемалары Ф.Х.Арсланова зерттеулерінің өзегін құрады десе де болады. Ол кесек-кесек мақалаларында қола дәуірінің сан алуан мәселелерін көтерді. Әсіресе зерттелген археологиялық нысандар арасынан Зевакино қорымын ерекше бөліп көрсетуге болады, аталмыш қорым қола дәуірінен ортағасырларға дейінгі уақыттарға жататын 500-ден астам обалардан тұрады. Қорым Ертістің оң жағалауында, Зевакино ауылынан солтүстік-батысқа қарай 5 км жерде орналасқан. Ф.Х.Арсланованың пайымдауынша, зевакиндік қола дәуіріне жататын ескерткіштер үш топтан тұрады. Олардың бірі (39 нысан) Ертістің бірінші сатысында (террасасында), екінші тобы (20 нысан) одан 2,5 км солтүстік-батыста, ал үшінші тобы (25 нысан) екіншісінен солтүстік-батысқа қарай 900 м жерде орналасқан. Қасында үш қоныс бар. Қазба жұмыстары барысында алынған материалдарға қарап, Ф.Х.Арсланова зевакиндік қола дәуірі ескерткіштерін Федоров заманына жатқызады. Ал Қызылтас шаткалындағы Қызылтас-І қорымынан ол 30-дан астам қола дәуірінің нысандарын анықтайды да, алынған түрлі материалдарды саралап шығып, қоршауларды кейінгі қола мерзімімен белгілейді. Сонымен қатар Асубұлақ карьерінен (Ұлан ауданы) кездейсоқ табылған артефактілерді (жебе ұштары (28 дана), бігіз (6 дана), түйреуіш, сырға бөлігі, екі моншақ, айылбас түрлері, түйме, т.б.) саралап шығып, заттардың басым бөлігін басқа жерлердегі нұсқаларымен салыстырып, мерзімін б.з.б. IX-ҮІІ ғасырларға (б.з.б. ҮІІІ-ҮІІ ғасырларға да жатуы мүмкін екендігін айтады) жатқызады. Зерттеуші осы пайымдауы арқылы қола ғасыры мен ерте темір дәуірлері аралығындағы өтпелі кезеңге ерекше мән берді. Зерттеуші екі тарихи-мәдени дәуірдің өзара байланысын, яғни бірін-бірі жалғастырғандығын, Шығыс Қазақстандағы мәдени байланыстардың осы кездегі үздіксіз дамуын көрсетуге талпынған еді.

1960 жылдар ортасында Петропавлдық зерттеушілермен бірге жасакталған экспедиция археолог-мамандары (Г.Б.Зданович, С.Я.Зданович, т.б.) көне дәуірлерді зерттеуде бірқатар нәтижелерге қол жеткізеді. 1967-1968 жылдары археолог

Г.Б.Зданович айтуына карағанда солтүстік өңірлерден қола дәуірінің 33 қонысы анықталған. Экспедицияның барлау отрядтары бір маусымда ғана Есілдің бойын Көкшетау шекарасынан бастап Тюмень облысының Ильинка селосына дейін жүріп өтеді де, 6 неолиттік, 18 қола дәуірінің, 3 ерте темір дәуірінің қоныстарын анықтап шығады. Бұл жылы Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Атбасар ауданындағы Покровка ауылы маңындағы Жабай Покровка-1-2, Сарғары қоныстарын, Сарғары, Жабай-Покровка обалық қорымдарын зерттеді. Кейінгі қола дәуіріне жататын Сарғары қонысынан (аумағы 390 шаршы м) баспана (10 ошак орны, 600-дей бағана орындары) аршылып, өзіндік мәдени ерекшелігі бар қыш ыдыстары табылады. Кейіннен бұл қыш ыдыстар жиынтығы Сарғары мәдениетін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді [33; 283].

Қостанай педагогикалық институтының археологиялық экспедициясы (жетекшісі В.В.Евдокимов) да 1973 жылы Конезавод кенті маңындағы қола дәуірінің қонысын қазады [34].

Семей педагогикалық институты мен Облыстық өлкетану музейінің археологиялық экспедициясы Абай ауданында 1973 жылы барлау жүргізеді. Экспедиция Бестамақ ауылының төңірегінен екі жерден қола дәуірінің қорымдарын тауып, ғылыми айналымға енгізеді [35].

1974 жылы Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының Петропавл отряды Есілдің сол жағалауындағы Сергеев су қоймасы аймағындағы 50 шақты құрылыстан тұратын Алыпқаш қорымында зерттеулер жүргізеді. 14 топырақтан тұрғызылған обаларда, 4 тас сакиналы обалар мен 1 қоршауда жүргізілген қазба жұмыстары барысында федоровтық, аздап алакөлдік кезеңге тән қыш ыдыстар, өзге де заттар алынады [36].

Осы жылы Целиноград (Ақмола) облыстық музейінің археологиялық экспедициясы (жетекшісі В.С.Волошин) облыстағы Ерейментау ауданындағы Кедей өзені алабынан федоров кезеңімен мерзімделінетін Звенигородок (15 тас қоршаудан тұрады) және Балықты (жалпы саны 25 тас қоршау есептелген) қорымдарын зерттеді [37].

Осы жылы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты мен Ақтөбе облыстық өлкетану музейінің археологиялық экспедициясы (жетекшісі

М.Қ.Қадырбаев) төрт нысанда (Песчаный карьер, т.б.) зерттеу жұмыстарын жүргізеді [38].

1975 жылы да қола дәуірінің ескерткіштері көптеп зерттелді. Қазақстанның батыс өңірінен де бірқатар қола дәуіріне жататын археологиялық нысандар анықталды. Солардың бірі ретінде Гурьев (Атырау) қаласынан жоғары қарай 150 км жерде жатқан обаны айтуға болады [39].

Бұл жылы Қостанай музейінің археологиялық экспедициясы (жетекшісі В.Д.Бурнаева) облыстың Таран ауданындағы Евгеньевка кентінен 4 км солтүстік-батыста орналасқан қола дәуірі қорымын қазады. Қабірлерден алынған заттар мен жерлеу ғұрпын мамандар алақөл мәдениетіне ұқсастығын аңғарды [40].

Торғай музейінің археологиялық экспедициясы (жетекшісі В.Н.Логвин) бұл маусымда Сарыөзен, Теке, Қараторғай, Қайыңды, Жақсықайыңды өзендері мен Шойындыкөл, Сарықопа көлдері жағалауында барлау жұмыстарын жүргізеді. Бұл өңірлерден археологтар тас ғасырынан басқа қола дәуірінің де ескерткіштерін кездестірген еді. Мұндағы Теке-5-6 пункттерінен тас құралдарымен бірге қола дәуірі керамика сынықтары теріліп алынады [41].

1975 жылдан бастап Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы Қызылтау, Ортау, Ақтау тау жоталарының қойнаулары, Атасу өзені бойындағы ескерткіштерді зерттей бастады. Осы маусымда экспедиция мүшелері кейінгі қола дәуіріне жататын Атасу қонысындағы зерттеулерін одан ары жалғастырды. Бұл ескерткішті 1955 жылы Ә.Х.Марғұлан тауып, зерттеген болатын. 1975 жылы қоныстан екі жартылай жертөле қазылып, асханалық ыдыстар алынады да, ескерткіштер алдынала б.з.б. II-мыңжылдық соңымен мерзімделінеді. Атасу шағын тарихи ауданынан ондаған баспаналар мен құрылыстардан тұратын тағы екі ірі қоныс анықталынады. Андроновтық Ақ-Мұстафа қорымынан үш қоршау қазылады [42].

1976-1980 жылдары Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының отрядтары ежелгі ескерткіштер маңынан көне кен орындарын арнайы іздестірді. С.Жауымбаев, т.б. мамандардың жұмыстарының нәтижесінде Қоңырат, Гүлшат, Саяқ-1-4, Молдыбай, Тастау, Жамтау, Тесіктас, Босаға, Кенқазған, Қушоқы, Алмалы-1-2, Өгізтау, Сарыбұлақ, Алтынтөбе,

т.б. кен орындары ашылып, зерттелді. Бұл кешендерді қазу барысында кентастар, түрлі ыдыстардың сынықтары, құрал-сайман бөліктері, күл қалдықтары, мал сүйектері, т.б. заттар алынған. Ұзақ жылдар бойы жинастырылған мәліметтер қола дәуіріндегі металлургияның қалыптасуы тарихын, шығуы мен дамуын, әрбір кезеңдердегі қарқынын жүйелеуге мол мүмкіндіктер берді [43].

1976 жылы жүргізілген жүйелі де жоспарлы археологиялық жұмыстар Қазақстанның оңтүстік аймақтарынан да қола дәуірінің ескерткіштерін табуға септігін тигізді. Мұнда Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының (жетекшісі К.А.Ақышев) бағыттық-іздістіру (обалық) отряды Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында далалық жұмыстар жүргізеді де, аудан жерінен бірнеше археологиялық кешендер табады. Отряд Бесарық өзені жағасындағы қола дәуіріне жататын Күйікті қорымынан бірнеше тік бұрышты қоршауларды қазады [44].

Аталған маусымда Орал педагогикалық институтының археологиялық экспедициясының отряды Белая гора қорымынан қоладан ерте темір дәуіріне өткен уақытты қамтитын обаларды қазады.

1977 жылы Шүлбі ГЭС-сы құрылысының басталуына орай Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты Шүлбі археологиялық экспедициясын ұйымдастырды. Оған 1977, 1980, 1982 жылдары А.Г.Максимова жетекшілік етті (1981, 1983 жылдары С.М.Ақынжанов басқарған). Алғашқы жылы-ақ оның үш отряды Ертіс алабындағы Ескі Шүлбі – Новобаженоводан Глубокое кентіне дейінгі аралықта барлау жұмыстарын жүргізеді де, барлық тарихи дәуірлердің ескерткіштерін ашады. Қола дәуірінің Темірқанқа, Барашки, Қызылсу, Южное сынды қорымдары алғаш осы маусымда ашылып, зерттелінген болатын [45]. Экспедиция материалдары 1987 жылы жинаққа басылып шығып, Бетқұдық, Белокаменка, Жартас, Кіші Қойтас, Темірқанқа, Ковалевка қорымы, Измайловка сынды қола дәуірі ескерткіштерінің топтамасы, құрылысы және өзара сабақтастығына тыңғылықты сипаттама берілді.

Орал педагогикалық институтының археологиялық экспедициясы Жаңақала ауданы жеріндегі Мештексай кентінен солтүстік-батысқа қарай 2 км жерде орналасқан Қособа

қорымында зерттеу жүргізген кезде қола дәуірінің де бір ескерткішін қазады. Тек қана қола заманымен белгіленген 2 обаның 13 қабіріндегі адам мәйіті ғұрыптық салт бойынша бөлшектелген деген авторлардың пайымдауы біздіңше орынсыз секілді [46].

1977 жылы Жамбыл облысының оңтүстігіндегі Билікөл маңынан Ю.А.Мотов қорым табады. Одан зерттеуші 15 қабірді санап шығады да, екі ескерткіште қазба жүргізеді. Жалпы алғанда, Қазақстанның оңтүстік аумағынан ашылған қола дәуірі ескерткіштері аз (Қарақұдық, Таутары, Күйікті). Сондықтан да зерттелген кешендер мұндағы қола дәуірі мәдениеттерін нақтылауға зор септігін тигізді.

1970 жылдардың соңына қарай КСРО ҒА Археология институтының Волга-Орал археологиялық экспедициясы (жетекшісі Л.Л.Галкин) Гурьев облысы (қазіргі – Атырау облысы) жерінде зерттеулер жүргізді. Алғаш рет Кулагино кентінің жанындағы сайдан қола дәуірінің қонысын анықтады. Экспедиция мүшелері Маңғыстау облысындағы Сарыташ маңынан қола мен темір дәуірлерінің обаларын тауып, Сам құмдарынан осы дәуірлер ескерткіштерінен басқа неолиттік, ортағасырлық бірқатар кешендерді де ұшырастырады [47]. Бұл археологиялық экспедиция кейіннен Каспий теңізінің солтүстік-шығыс аймағында да зерттеу жүргізіп, Исатай темір жол стансасы төңірегінде неолит, энеолит, қола, ерте темір және ортағасырлық бірқатар ескерткіштерді анықтады. Тайсойған құмындағы Қарамола шатқалынан қима мәдениетінің жартылай жертөлесін, Маңғыстау облысынан ортағасырлық Қызылқала маңынан қола дәуіріне жататын екі обаны зерттеді. Шевченко (Ақтау) қаласындағы қойнаудан қола дәуірі мен ерте темір ғасырларына жататын қоныс анықталады [48].

Бұл маусымда Қарағанды мемлекеттік университеті облыстағы басқа мәдени мекемелермен (Пионерлер Сарайы, облыстық музей, т.б.) бірлесе отырып археологиялық экспедиция отрядын (жетекшісі В.В.Евдокимов) жасақтап, қола дәуірінің ескерткіштерін қазды және Жарлы, Қопа, Кенетай өзендері бөйын зерттеп шықты.

Орал педагогикалық институтының археологиялық экспедициясының Мамаев отряды (жетекшісі Г.А.Кушаев) осы

маусымда Фурманов ауданында студенттерді археологиялық практикадан өткізді. Экспедиция мүшелері топырақтан тұрғызылған Кособа шатқалынан бес, Мамай шатқалынан жеті обада (29 қабір) қазба жұмыстарын атқарды. Олардың хронологиялық шегі қола дәуірінен басталады да Алтын Орда заманына дейінгі уақытты камтиды. Қола дәуірінің молаларынан алынған инвентарь арасынан қима мәдениетінің ыдыстары да кездеседі [49].

Орал педагогикалық институты мен КСРО ҒА-ның Археология институты жасақтаған археологиялық экспедиция (жетекшісі М.Г.Мошкова) бұл кездері облыстың Шыңғырлау және Қаратөбе аудандарында обаларды зерттейді [50]. Қазба жұмыстары Лебедевка мен Егіндікөл кенттері арасындағы Лебедевка-5-8 қорымдарында жүргізіледі. Қорымдардан 74 қабір аршылады. Олардың тек алтауы ғана қола дәуіріне жатады, ал қалғандары сармат мәдениетін сипаттайды.

1979 жылы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының құрамындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің отряды облыс аумағынан қола дәуіріне жататын төрт қорым және үш қоныс (Бозінген, Ұпайыс, Нүркен, Садовое, т.б.) зерттеді. Бұл отряд жүргізген археологиялық барлау нәтижесінде Талды, Құндызды, Ашысу өзендері алабынан тексеріліп, далалық жұмыстар барысында түрлі тарихи-мәдени дәуірлерге жататын 100-ден астам ескерткіштер анықталған [51].

Бұл маусымда Челябинск университеті, Солтүстік Қазақстан облыстық музейі, Петропавл және Челябинск педагогикалық институттарының археологиялық экспедициясы (жетекшісі Г.Б.Зданович) Сергеев ауданындағы Бірлік, Кеңес ауылдары маңындағы қорымдарда қазба жұмыстарын жүргізеді. Қола мен ерте темір дәуірлеріне жататын сегіз оба қазылады. Алғашқы дәуір ескерткіштерінің (Кеңес қорымы, 12-оба; Бірлік қорымы, 1-3 обалар) барлығы тоналғанымен, олардан петров типіндегі қыш ыдыстар (20 дана), қола сымы, әшекейлер сынықтары, тастан жасалған садақ ұштары табылады.

Осы жылы Қостанай педагогикалық институтының археологиялық экспедициясының отряды (жетекшісі В.Н.Логвин) Обағанның оң сағасы Атағай өзенінен 13 ескерткішті тауып, ғылыми айналымға енгізеді. Дүзбай-1-2 тұрақтарынан басқа

дәуірлердің материалдарымен бірге қола ғасырының сынықтары да кездескен [52].

Аталмыш археологиялық экспедиция құрамындағы Тобыл отряды (жетекшісі К.С.Махмұтова) Тобыл өзенінің он алабында барлау жұмыстарын жүргізіп, бес жаңа ескерткіш табады [53]. Бұлар – Жангелді-1-2, Луговое, Алқау-1-2 қоныстары. Олардың арасындағы Алқау-2 тұрағы алынған материалдары бойынша неолит дәуіріне жатқызылған. Қалған ескерткіштердің барлығынан Тобыл өңірінің соңғы қола уақытын сипаттайтын керамика бөліктері алынған.

Жетісудың шығысында да 1979 жылы Жетісу археологиялық экспедициясының отряды (жетекшісі Б.Нұрмаханбетов) үйсін обаларымен бірге қола дәуірі ескерткішін де (Айдаһар-1 қорымы) зерттеген болатын [54].

Бұл жылы Орал педагогикалық институты жасақтаған археологиялық экспедиция (жетекшісі П.К.Прянин) Приуральный ауданындағы Рубежка кенті қасындағы обаларды қазады. Қола дәуіріне жататын мұндағы обалардың саны екеу ғана [55].

1979 жылы Ә.Х.Марғұлан монографиясы жарық көріп, оған ұзақ жылдар бойы атқарылған жұмыстар нәтижесінде белгілі болған ескерткіштердің біразы кірді [56]. Ә.Х.Марғұлан орта қоладан соңғы қолаға өтер тұстағы (б.з.б. XIII-XI ғасырлар) ескерткіштерді (Айшырақ Б, Егізек, Беласар Б, Балақұлболды-2-3, Байбала-2, Беғазы А), сондай-ақ беғазыдәндібай мәдениетіне жататын нысандарды (Беғазы зираты, Бұғылы-3 кесенесі, Саңғыру-1, Айбас-Дарасы, Дәндібай), соңғы қоладан ерте темір дәуіріне өтпелі уақытпен мерзімделінетін ескерткіштерді (Былкылдақ-1 /Б тобы/, Кент) енгізіп, құрылысы мен жерлеу ғұрпын талдап берді. Сонымен қатар Атасу-1, Бұғылы-1, 2, Ақкезең, Байбала, Шортандыбұлақ, Қарқаралы тобы, Тағыбайбұлақ, Жезқазғандық ескерткіштер тобы сынды қоныс материалдарын да саралап шықты.

1980 жылы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының құрамындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің отряды (жетекшісі В.В.Евдокимов) Талды ауданында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, аудан аймағындағы Сатан, Қарағаш, Ащыөзек қорымдарын қазады [57]. Сатаннан қола дәуіріндегі арба доңғалағының қалдықтары шыққан.

Осы жылы Челябинск университетінің Орал-Қазақстан археологиялық экспедициясының отряды Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев ауданындағы Бірлік ауылының оңтүстігіндегі Ақсайман қорымында қазба жұмыстарын жүргізеді. Қорымдағы топырақпен көтерілген 10 үйіндінің төртеуі қазылып, б.з.б. ХІІІ-ХУ ғасырларға жататын заттар кешені (арасында дөңгелектің калдықтары да бар) алынады [58].

Бұл маусымда Қостанай педагогикалық институты жабдықталған Торғай экспедициясының отряды (жетекшісі С.С.Қалиева) Қарамырза мен Марқасай өзендері бойында барлау жұмыстарын жүргізген болатын. Жұмыстар барысында жаңадан 12 ескерткіш анықталынады. Олардың арасынан Қарамырза-8, Марқасай-1-3, 6, Жекекөл-2, Қаскер-1-2, Красный Октябрь-1 қоныстары қола дәуіріне жатады. Қармырза-1-2, 4-7, Целинная-1-2, т.б. ескерткіштерден неолиттен бастап қола дәуірі уақыттарын қамтитын материалдар алынған [59]. Ал, Торғай археологиялық экспедициясының өзі болса (жетекшісі В.Н.Логвин) Алқау-2 ескерткішінде жүргізілген жұмыстар барысында неолиттік және қола ғасырына жататын біраз қыш ыдыстарының бөліктерін жинастырады [60].

Қарағанды мемлекеттік университетінің осы маусымдағы археологиялық экспедициясының отряды (жетекшісі В.В.Евдокимов) Қарағаш, Алпымса (Алпамса?), Ащыөзек қорымдарында қазба жұмыстарын жалғастырады. Күрделі құрылыстары анықталған, сан алуан заттар алынған алғашқысынан беғазы-дәндібай, қалғандарынан алакөл мәдениетіне сәйкес келетін қыш ыдыстардың бөліктері табылады [61].

1981 жылы Орал-Қазақстан археологиялық экспедициясының О.И.Мартынюк басқарған отряды Көкшетау облысы Щучинск ауданындағы Жүкей-1-2 қорымдарын зерттеді. Жалпы алғанда, осы кезде Жүкей көлінің маңайынан төрт қорым анықталған-ды. Жүкей-1 қорымында қазба жұмыстары жүргізіліп үш жерлеу құрылысы, Жүкей-2 зиратынан он жерлеу құрылысы аршылады. Ескерткіштерден (басым бөлігінен) сарғары және беғазы-дәндібай (№8 жерлеу құрылысынан) мәдениеттеріне жататын қыш ыдыстар, өзге де бұйымдар алынады.

1980-жылдардың бас кезінде Орталық Қазақстанда қарағандылық археологтар (В.В.Евдокимов, В.Г.Ломан, В.В.Варфо-

ломеев, т.б.) бірқатар ескерткіштерде қазба жұмыстарын жүргізіп, қола дәуірі қоныстары мен қорымдарынан (Қопа-1, Усть-Кенетай, Қарағаш, т.б.) мол мағлұматтар жинақтады. Кейіннен қоныстар мен қорымдардың материалдары жеке жинақ болып басылып шықты. Донғал қонысын алғашқыда 1982-1983 жылдары В.Г.Ломан зерттесе, 1998 жылы мұнда Сарыарқа археологиялық экспедициясы (жетекшісі А.З.Бейсенов) қарағандылық әріптестерімен бірге зерттеу жұмыстарын қайта жалғастырған еді.

1982 жылдан бастап қатарынан бірнеше жыл Абай атындағы ҚазПИ-ң археологиялық экспедициясы (жетекшісі А.Н.Марьяшев) Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Таңбалы шатқалында қазба жұмыстарын жүргізеді. Таңбалыда үш қорымнан ескерткіштер қазылып, осы кездері Жетісу қола дәуірі жайлы мағлұматтар қатары толыға түседі. Тамғалы-1-3 қорымдарынан алынған материалдар (қыш ыдыстар, сырға, моншақ, т.б.) кешеннің мерзімін нақтылауға мүмкіндік берді, осы кездері археологиялық нысанның уақыты б.з.б. ХІҮ-ХІІ ғасырлармен белгіленген еді [62].

Аталмыш экспедиция зерттеген бірегей кешендердің қатарына Отар стансасынан батысқа қарай 40 км жерде орналасқан Ой-Жайлау қорымын да жатқызуға болады. Қомақты материалдар 51 қабірден тұратын Ой-Жайлау-3 қорымынан алынған. Үлкен адамдардың және жас балалардың қабірлерін аршу барысында көптеген заттар (білезік, моншақ, сырға, т.б.) шыққан. Ой-Жайлау қорымдары б.з.б. ХІҮ-ХІІ ғасырларға жатады [310, с. 14]. Сондай-ақ, 1980 жылдары А.Н.Марьяшев басшылығымен Көксу өзені бойында да жүйелі түрде қазба жүргізіліп, Жонғар Алатауының батыс өңіріндегі Ешкіөлмес тауындағы Құйған-1-3 қорымдары мен Құйған қонысы, Талапты қонысы мен Талапты-1-3 қорымдары зерттелді [63, с. 16].

1980 жылдар ортасында Сарыарқа өңірінде Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (1975-1981 жылдардағы жетекшісі М.К. Қадырбаев, 1982-1989 жылдардағы жетекшісі С.М.Ақынжанов, 1990 жылдан күні бүгінге дейінгі жетекшісі Ж.Қ. Құрманқұлов) өз жұмыстарын жалғастыра берді. Оған дейін бұл археологиялық экспедицияның жекелеген зерттеушілері (Оразбаев, Қадырбаев, т.б.) өз кезегінде 60-70 жылдары

бірқатар қорымдар мен қоныстарды (Ақмола, Нұрмамбет, Шағалалы, Жамаөзен-2, Тағыбайбұлақ, т.б.) тауып, зерттеген болатын. Ендігі кезекте негізгі зерттеу жұмыстары Атасу ауданында жүргізілді. Атасу-1-2, Мыржық қорымдарында. Саңғыру-2, Атасу-1, Ақ-Мұстафа, Мыржық-1-4 қорымдарында, Сарыбұлақ, Дарат, Өгізтау кен орындары зерттеліп, ғылыми айналымға қола дәуірінің көптеген ескерткіштері енді. Бастапқы жұмыстар М.Қ.Қадырбаев [64], кейінгі далалық ізденістер Ж.Құрманқұлов [65] еңбектерінде жан-жақты баяндалды.

Қарағандылық археологтар да осы кездері зор қарқынмен жұмыс істеді. Алынған нәтижелер түрлі басылымдарда көрініс тапты [66].

1985 жылдан бастап Ә.М.Оразбаев басқарған ҚазМУ археологиялық экспедициясы Шығыс Қазақстан облысының аумағын жүйелі түрде зерттей бастайды. Осы жылы экспедиция мүшелері Таврия ауданындағы Қойтас, Баймұрат қорымдарынан 13 қоршау (б.з.б. ХҮІІІ-ХІҮ ғасырларға жатады) қазады. Сонымен қатар Абай ауданындағы бірнеше жүз археологиялық ескерткіштер тізімдемесі жасалынып, төлқұжаты түзілді [67, с. 3; 269].

1986 жылы Ә.М.Оразбаев басқарған бұл экспедиция Қатонқарағай ауданында жұмыстарын жалғастырып, Черновая-1-3 қорымдарынан 15 оба қазады. Олардың екеуі энеолит дәуіріне жатқызылған, ал Черновая-1 қорымындағы №2 және Черновая-3 қорымындағы №6 обалар ерте темір дәуірімен мерзімделген болатын [68].

1984-1987 жылдары В.Н.Логвин басқарған археологиялық экспедиция Қостанай облысы Боровской ауданында орналасқан қола дәуірінің Жангелді-5 қорымында зерттеулер жүргізді. Көрсетілген жылдары барлығы 48 қабір қазылады.

1988-1989 жылдары Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының (жетекшісі З.Самашев) отряды (жетекшісі А.С.Ермолаева) кезінде Шүлбі археологиялық экспедициясы зерттеген Ковалевка зиратында, 1989 жылы кездейсоқ ашылған Малое Карасу қорымында қазба жұмыстарын жүргізеді. Малое Карасу қорымы Шар қаласынан солтүстікке қарай 40 км жерде. Зираттан үш тас жәшік пен екі шұңқыр қабірлер аршылған. Ковалевка зиратының №19 қоршауынан тас

жәшіктерден басы батысқа қаратылған, аяқ-қолы бүгіліп, сол бүйірінен жатқызылған адам қаңқасының қалдықтары шыққан. Қоршаудың батыс жағынан жас балаға арналған қабір құрылысы қосылған [69, с. 65-66]. Оның да жерлеу ғұрпы ересек адамдікіне ұқсас. А.С.Ермолаеваның жорамал жасауынша, Малое Карасу феодалар уақытына, ал Ковалевка одан кейінгі кезеңдерге жатады.

1988 жылы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі Павлодар археологиялық экспедициясын ұйымдастырады. Экспедиция отрядтарының бірін қазіргі Павлодар археологиялық экспедициясының жетекшісі В.К.Мерц басқарып, Екібастұз маңындағы әртүрлі себептермен бұзыла бастаған ескерткіштерді зерттеп қайтты. Отряд Шідерті, Өлеңті өзендері алаптарынан, Баянауыл ауданынан түрлі дәуірлерге жатанын 40-тан астам ескерткіштерді табады [70, с. 66].

1988 жылы Шымкент (қазіргі ОҚО - авт.) облыстық музей археологиялық отряды Боралдай кеңшарындағы қорымның №9-обасын қазған кезде аумағы 100x70 см шұңқырдан Күйікті қорымындағыдай ыдыс (биіктігі 9 см, түбінің дм 6 см, ернеу жағының дм 11,5 см) шығады. Материалдарды ғылыми сараптамадан өткізген А.А. Рүстемов [71, с. 207] оны қоладан темір дәуіріне өтетін кезеңге жатқызады.

1989 жылы Павлодар археологиялық экспедициясы (жетекшісі В.К.Мерц) Павлодар қаласынан солтүстікке қарай 20 км жерде орналасқан Мичурино ауылы маңындағы қола дәуірінің зиратын тауып, зерттеді. Мичурино-1 зиратын зерттеуді 1991 жылы Қарағанды облыстық музейінің А.А.Ткачев басқарған археологиялық экспедициясы аяқтайды. А.А.Ткачев [72] қорымнан 26 қабір аршыды.

1989 жылдан бастап Ә.М.Оразбаев, Ә.Т.Төлеубаев бастаған ҚазМУ археологиялық экспедициясы Семей өңірінде зерттеулерін жалғастырып, Ақсуат ауданы аумағынан қола ғасыры мен ерте темір дәуірінің ескерткіштерін қазды. Қола дәуіріне тән қоршаулар Ескеалмас, Масалы қорымдарынан қазылып, қабірлерден (үш түрлі: топырақ, ұзын қақпатақ сандықша, циста) андронов мәдениетіне жататын жерлеу ғұрпы мен қабір құрылыстары, бұйымдар (кұмыра, әшекейлер, т.б.) алынды. Табылған артефактілер арасынан мата қалдығын

ерекше атап кетуге болады. Себебі қола дәуірінен жеткен мата қалдықтары бұған дейін екі-үш жерде ғана ұшырасқан еді. Материалдар мен ескерткіштер алынған өлшем-белгілері бойынша б.з.б. ХҮІ-ХІҮ ғасырларға жатқызылған [72, с. 4].

Осы экспедицияда құрамындағы археолог-мамандар (Ә.М.Оразбаев, Ә.Т.Төлеубаев, Ғ.Қ.Омаров, т.б.) 1991 жылы Ақсуат ауданындағы Қыземшек тауының батыс жағындағы Сабындыкөл қорымын зерттеді. Бұл қорым қола дәуіріне жататын 27 қоршаудан тұрады. Мамандар зираттан барлық саны 15 қоршау қазып, табылған біршама археологиялық материалдар (құмыра, қола моншақ, білезік, жүзік, т.б.) негізінде Сабындыкөл кешенін б.з.б. ХҮ-ХІІ ғасырларға жатқызды [73].

1990-1991 жылдары Абай атындағы ҚазПИ (ҚазҰПУ) археологиялық экспедициясы (жетекшісі А.Н.Марьяшев) Алматы облысы Кеген ауданы Саты ауылы жанындағы 1984 жылы табылған Көлсай-1 қорымын зерттеді. Аталмыш қорымда ерте темір дәуірі ескерткіштерімен қатар қола дәуірінің де нысандары ұшырасқан. Оның үшеуінде қазба жүргізіліп, мәйіт қалдықтары (күлі) жерленген бес қабір аршылған. Қоршаудағы жерлеу камералары 2-3 қатар ағаш бөренелерден (рама) тұрады. Әрқайсының ішіне бір адамнан жерленген. Мамандар қорым материалдарын (өрнексіз қыш ыдыстары, қола сырға, білезік, тоға, тескіш, т.б.) қола дәуірінің соңғы кезеңімен мерзімдейді [74]. Қазіргі таңда отандық археология тарихнамасында көлсай мәдениеті туралы сөз көтеріле бастады.

Бұл экспедиция бұдан сәл ілгерірек уақытта, 1984 жылы Оңтүстік-Шығыс Жетісудан қола дәуірінің Ұзынбұлақ қорымын да тапқан болатын. Қорым Алматы облысы Кеген ауданы Ұзынбұлақ ауылы маңында орналасқан [75, с. 32].

Осы кездері Ертістің жоғарғы жағынан б.з.б. II-мыңжылдық соңы мен б.з.б. I-мыңжылдықтың бас кезіне жататын Қоғалы-1 қорымы ашылды. Қорымды зерттеген мамандар (А.С.Ермолаева, З.С.Самашев, т.б.) №17, 18 қоршауларды зерттеді. Соңғысынан екі қабірді аршыды [76].

1989-1991 жылдары Ю.А.Мотов [77] басқарған Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтына тиесілі экспедицияның отряды Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Фабричный (қазіргі Қарғалы) ауылы маңындағы Қарғалы-1

зиратын зерттеді. Осы жылдары қола дәуіріне жататын бес кабір, ерте темір дәуірімен мерзімделген 3 кабір құрылысы аршылады.

1986-1987 және 1989-1990 жылдары С.Ю.Гуцалов, Г.В.Макаревич, В.В.Ткачев сынды қазақстандық және ресейлік (Челябинск, т.б.) археологтар Ақтөбе облысы Ақтөбе ауданы Георгиевка (Қурайлы) ауылы маңындағы (одан оңтүстік-шығысқа қарай 3-км-де) Шығыс Қурайлы-1 қорымында зерттеу жүргізіп, қола мен ерте темір дәуірлеріне жататын барлығы 41 оба, ғибадатхана орнын зерттеді [78].

1991 жылы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі Ж.Құрманқұлов) Балқаш қаласының Тарихи музейімен бірігіп Саға шатқалында зерттеу жүргізді. Бұл жерден екі зират анықталған. Біріншісі – Саға-2 қорымы ерте темір ғасырларына жататын жеті обадан (диаметрі 6-10 м) тұрады, барлығы түгелімен қазылған. Олардан басқа ерте темір дәуіріне жататын бір «мұртты» оба бар. Екіншісі – Саға-1 қорымы алғашқы аталған зираттан шамамен батысқа қарай 0,7-0,9 км жерде. Ол бес археологиялық нысаннан тұрады. Барлығында казба жұмыстары жүргізілген [79].

Негізінен алғанда, Қазақстан КСРО құрамында болған кезде республика аумағындағы барлық тарихи-мәдени өңірлер археологиялық тұрғыдан біршама жақсы зерттелді. Қола дәуіріндегі жүздеген қоныстар мен қорымдар, кен орындары толымды түрде жан-жақты қарастырылып, байырғы уақыттардағы түрлі мәдениеттердің рөлі анықталды. Олардың өзіндік ерекшеліктері, өзара байланысы, негізгі белгілері, жергілікті жерлердегі нұсқалары жайында келелі пікірлер ұсынған іргелі ғылыми еңбектер жарыққа шықты.

Ал Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғалы бері өз тарихында күрделі бетбұрысты басынан кешіріп, әлемдік қауымдастықпен тең дәрежеде бірге алға даму жолында келе жатыр. Бұрынғы кезеңдердегі тар мағынадағы таптық-идеологиялық ұстанымдарды өркениеттілік көзқарастар ығыстырып, жаңа әлеуметтік-қоғамдық шынайы ахуалдар қазақ халқының сана-сезімін, рухани болмысы мен дүниетанымын өзгертуде. Осыған орай отандық тарихнамада ешқандай бұрмалаушылықсыз шыншыл да ақиқатты ғана наш ететін тарихқа деген қажеттілік

әуел бастан-ақ қауырт өсе түскендігі белгілі. Республикада еліміз тәуелсіздік алғалы бері төл тарихымыздың беттерін қайта қарастырған көптеген іргелі еңбектер жарық көріп, жыл сайын жүйелі түрде бірнеше халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар ұйымдастырылып келеді. Олардың барлығы бұрын «актаңдақ» болып келген сан алуан проблемаларды зерделеуге мол мүмкіндіктер беруде. Бұл ретте Қазақстан археологиясының дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан жыл сайын өтетін «Марғұлан оқулары», «Ақынжанов оқулары» сынды археологиялық бағыттағы ғылыми-практикалық ғылыми-теориялық конференцияларды да атауға болады.

Сонымен қатар Қазақстан тәуелсіздік алған соң шетелдік әріптестермен бірге құрған Қазақстан-Ресей, Қазақстан-Америка, қазақ-француз, қазақ-италиян, т.б. халықаралық экспедициялар еліміздің аумағында жұмыс істей бастады. Бұл ғылыми экспедициялардың далалық ізденістерінің барысында жаңа мағлұматтар алынып, отандық археологияға сүбелі үлес қосылды. Бұдан қола дәуірін зерттеу де кенде емес екендігін уақыттың өзі көрсетіп отыр. Сайып келгенде, Қазақстан қола дәуірін зерттеу тарихында жаңа белес ашылды.

1991 жылдан бастап Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі Ж.Құрманқұлов) Сарыарқа өңірінде зерттеу жұмыстарын үздіксіз жалғастыра берді. Бұл кезде экспедиция Ұлытау-Жезқазған өңірінде барлау жүргізіп, болашақтағы өз зерттеу жұмыстарының жоспарын белгіледі.

Бір айта кететін жайт, 1990 жылдар орта тұсында қола дәуірі ескерткіштерін зерттеумен айналысқан археологиялық экспедициялар саны қоғамда болып жатқан нарықтық қыспақ салдарынан біршама шектелген еді.

Осы кездері Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы сынды іргелі ғылыми ұжымдар ғана далалық зерттеу жұмыстарын жүргізген еді. Осы экспедиция жұмыстары Жезқазған қаласынан шығысқа қарай 77 км жерде орналасқан Талдысай ауылы маңына, Жезді мен Талдысай (Бала Жезді) өзендері қосылған жерде шоғырланды. Далалық жұмыстар барысында түрлі дәуірлерге (палеолиттен кейінгі орта ғасырларға дейін) жататын ескерткіштер анықталып, әрбір дәуірді зерделеуге зерттеуші-мамандар қатыстырылды. Қатарынан бірнеше жыл осы өңірде

жалғасып келе жатқан археологиялық қазба жұмыстары қола дәуіріне қатысты тың мағлұматтар жинастыруға зор мүмкіндік туғызды. Біз қарастырып отырған қола дәуірі ескерткіштері осы Талдысай өңірінде мол ұшырасады. Солардың бірі де бірегейі Талдысай қонысы мен зираты болып табылады. 1992 жылдан бастап Талдысай қонысы мен оның жанындағы археологиялық нысандарда атқарылған қазба жұмыстары Қазақстан археология ғылымын байыта түсті. Талдысай қонысында 1994-1996, 1998, 2001-2004 жылдары кең көлемде қазба жұмыстары ұйымдастырылған. Табиғи жағдайлардың қолайлылығы мұнда ежелгі адамдардың өмір сүруіне көп жағдай жасағандығы белгілі болды. Сондықтан да қоныста көне дәуірден мол ақпарат беретін мәдени қабат сақталған. Әсіресе, 1998 жылы Талдысай қонысынан ежелгі металлургияның дамуын көрсететін тың мағлұматтар алынды. Зерттеу жұмыстарына қазақ-итальян археологиялық экспедициясының (жетекшісі Ж.Құрманқұлов) мүшелері де қатысты. Бұл далалық жұмыстардың кең көлемде қанат жаюына өз септігін тигізді. Зерттеу барысында баспана орындары, пеш орындары, күл мен кентас қалдықтары, әшекей бұйымдар мен тұрмыстық заттар кешендері алынған. 2004 жылдан бастап ескерткіш Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында зерттеліне бастады. Қонысты көне металлургия, мал және егін шаруашылығымен айналысқан тайпалар ұзақ жылдар бойы мекендеген. Олар құйылған қола мен одан жасалған тауарларды алыс-жақын жерлерге саудаға шығарған, құрал-саймандарды айырбасқа түсірген. Оған қазба кезінде табылған және тарихи салыстырмалы әдіспен анықталған көрші аймақтардың (Сібір, Орталық Азия, т.б.) қыш ыдыстары, сүйектен және тастан жасалған бұйымдар дәлел бола алады.

Сондай-ақ 1992-1998 жылдары ҚазМУ-ң (қазіргі ҚазҰУ) Шығыс Қазақстан экспедициясы (жетекшісі Ө.Т.Төлеубаев) Ақсуат, Жарма, Аягөз, Мақаншы, Абай аудандарында қола және ерте темір дәуірінің 200-ден астам ескерткіш топтарын ашып, есепке алды да, төл құжаттарын жасады. Сонымен қатар Тарбағатай өңірінен де 40-тан астам қола дәуіріне жататын қорымдар тобы анықталып, төл құжаттары жасалынған. 1993 жылы Қызылкесік ауылынан төңірегінде орналасқан қойнаулардағы Долаңғара-1, Байғали-1, Боғас-1 қорымдарынан

бірнеше қоршау қазылған. Бұл қорымдардан ерте темір дәуірінің де ескерткіштері анықталған. Стационарлық жұмыстар барысында Ескеалмас қорымының №5, 13, 12 қоршаулары, Масалы қорымының №10 қоршауы қазылып, қыш ыдыс сынықтары, қоладан жасалған әшекей бұйымдар, тоқылған киім қалдықтары табылған. Соңғылары жіптерінің сипатына қарағанда, қазақтың «өрмек» секілді қарапайым станок-аспапта тоқылған. Құрылысы мен аршып алынған заттарға қарап, Ә.Т.Төлеубаев Тарбағатай өңіріндегі бұл ескерткіштерді б.з.б. ХҮІ-ХІҮ ғасырларға жатқызады. 1999 жылы, 2002 жылы экспедиция Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетімен бірлесіп Шыңғыстау сілемдеріндегі Тәкебұлақ қорымынан бірнеше ескерткіштер қазды [80].

Тәуелсіздік тұсындағы зерттеулерге, әсіресе 1990 жылдарға тән бір нәрсе, бұл кездері бұрын зерттелген материалдар көптеп жарыққа шыға бастады. Айталық, Э.Р.Усманова мен В.В.Варфоломеев 1983-1984 жылдардағы Ұлытау ауданындағы Үйтас-Айдос қорымының материалдарын [81], А.Е.Рогожинский Алматы облысындағы Таңбалы қорымындағы 1988-1994 жылдардағы өз зерттеулерінің нәтижелерін жарыққа шығарды. Алғаш рет Таңбалы шаткалындағы ескерткіштер шоғырының біразын 1957 жылы 19 қыркүйекте А.Г.Максимова ашқан. Тамғалы-1-6 қорымдарында 1982-1987 жылдары А.Н.Марьяшев 34 қабір қазған. Зерттеушінің жұмыстарын жалғастырған А.Е.Рогожинский Тамғалы-1-6 қорымдарынан 28 қабір аршиды. Сөйтіп, бұл қорымдардан 1982-1994 жылдары барлығы 62 қабірдің құрылысы мен жерлеу ғұрпы анықталынады. Таңбалы петроглифтер шоғырын қалдырған ежелгі тұрғындардың алғаш рет б.з.б. ХІҮ ғасыр екінші жартысынан бастап суреттер сала бастағандығы анықталды [82]. Таңбалы петроглифтері ЮНЕСКО 27-сессиясының шешімімен 2003 жылы маусымда дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізіліп, мұнда ашық аспан аясындағы музей-қорық ұйымдастырылды. Ал геолог В.В.Радионов пен археолог В.В.Ткачев сынды зерттеушілер Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің отряды 1972-1984 жылдарда қола дәуіріне қатысты жүргізген археологиялық зерттеулерін 1990 жылдар ортасында жүйелеп, бірқатар ескерткіштердің (Учебный полигон, Байтурасай, Елек, Россовхоз,

Қуағашсай қорымдары) мәдени-хронологиялық негіздемесін жарыққа шығарды [83]. Сондай-ақ, геологтар Р.А.Сегедин, С.Г.Грешнер өткен ғасырдың 70-80 жылдары Мұғалжар өңірінде Сарымырза, Тікбұтақ, Улы (Ұлы?)-Талдық-1, 2 қоныстары мен Сырлыбай, Ақтоғай (бұрынғы Ақтоғай кентінен 2 км шығысқа қарай), Шуылдақ, Шоқыр, Құрқұдық кен орындарынан алынған мол материалдарды ғылыми сараптаудан өткізген [84, с. 115-119]. Біздіңше, мұндағы қоныстардың өзара жақын орналасуы бекерден-бекер емес. Мұнда белгілі бір дәрежеде өздеріне тән кәсіппен айналысқан тұрғындар өмір сүрген. Олар мал шаруашылығымен бірге металл өндірумен де айналысқандығы сөзсіз. Бәлкім, қоныстардың барлығы бір этникалық тайпаның өкілдеріне ғана тиесілі де шығар.

1992-1998 жылдары А.Н.Марьяшев, А.А.Горячев Жетісу жеріндегі өз зерттеулерін жалғастыру барысында Көлсай-1, Түрген, Ұзынбұлақ-1, Қызылбұлақ-1-2 қорымдарын қазды [85]. Бұл ескерткіштердің барлығы қола дәуірінің соңғы кезеңіне жатады. Әрбір маусымда қола дәуірінің соңғы кезеңіне жататын көлсай типіндегі ескерткіштер ашылып тұрды.

1989-1993 жылдары Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі З.Самашев) отрядтарының бірі Ақтау қаласының солтүстік шетіндегі қорымда зерттеу жүргізіп, бірнеше ескерткішті қазады [86]. Зерттеушілер (Баландина, Астафьев) бұл кешендерді б.з.б. XIII-XI ғасырларға жатқызады.

1990 жылдардың алғашқы жартысында, орта тұсында қаражатты көп қажет етпейтін бұзылуға жақын тұрған бірқатар ескерткіштер зерттелді. Шығыс Қазақстандағы осындай нысандардың бірі Побока қонысында А.А.Ткачев басқарған экспедиция жұмыс істеді. 1994-1998 жылдары Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Жоғарғы Ертіс археологиялық экспедициясы (жетекшісі А.А.Ткачев) Өскемен қаласының солтүстік шетінде қазба жұмыстарын жүргізіп, әр түрлі дәуірлерге жататын 20-дан астам ескерткіштер орнын анықтады. Олардың арасындағы бес ескерткіш (Ахмиров кешендері, Меновное кешендері, т.б.) орта және кейінгі қола дәуіріне жатады. Мамандардың пайымдауынша, Меновное-9 құрал-саймандары мен ыдыстары қанай мәдениетінің қызылтас кезеңіне жатады, мұның өзі қорымды б.з.б. XIV-XIII ғасырлардың бас кезімен

мерзімдеуге мүмкіндік береді [87]. Шығыс Қазақстан мен Сарыарка жеріндегі қола дәуірі ескерткіштерін жүйелеуде А.А.Ткачев бірқатар еңбек атқарды. Ғалымның әсіресе «Қола дәуіріндегі Орталық Қазақстан» атты 2-томдық еңбегінде осы өңірдегі қола дәуірі мәдениеттер жайында толымды ақпараттар берілгендігін айта кету керек [88]. Еңбекте өткен онжылдықтарда зерттелген түрлі археологиялық нысандар жайлы мол мағлұмат берілген. Мысалы, балықты типіндегі (Балықты, Звенигородка), нұра типіндегі (Алпамса, Самара), атасу типіндегі (Аяпберген, Ижевск-1, Шапат), кейінгі қола (Ақтопырақ, Теміртау, Красные горы) зираттар материалдары терең талданған.

1996 жылы Павлодар археологиялық экспедициясы Екібастұз ауданындағы қола дәуірінің Ақ-бидайық зираты мен қонысында қазба жұмыстарын жүргізеді. Далалық ізденістер барысында бірқатар обалар, қоршаулар, баспана орындары аршылды [89].

1990 жылдар соңында Қазақстан археологиясының дамуымен қатар көп өңірлерде далалық ізденістер өз жалғасын тапты. Айталық, 1997-1999 жылдары Есіл археологиялық экспедициясы (жетекшісі К.А.Ақышев) Ақмола облысы аумағында зерттеулер жүргізіп, түрлі тарихи дәуірлерге жататын ескерткіштер кешенін ашты. Экспедиция мүшелері қола дәуіріне жататын ескерткіштің бірін Степногорск қаласынан солтүстік-батысқа қарай 6 км жерден, Ақсу өзенінің сол жағалауынан табады. Бұл Шоңдыңқора қорымы еді. Ол екі топтан тұрады. Мамандар Шоңдыңқора қорымын алақөл мәдениетіне жатқызады да, шамамен б.з.б. II-мыңжылдық үшінші ширегімен мерзімдейді [90].

1997 жылдан бастап Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі З.Самашев) Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Тұрыш ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 120 км жерде орналасқан Тоқсанбай қонысын зерттеп келеді. Ескерткіштің басты материалдары палеометалл дәуіріне жатады. Қоныста қатарынан бірнеше жыл қазба жұмыстары жүргізіліп, бірнеше баспана орындары аршылған, жүздеген сан алуан шаруашылық-тұрмыстық бұйымдар (садақ және найза ұштары, қыш ыдыстары, дәнүккіш, қырғыш, тескіш, металлургиялық кешендер, т.б.) жиыстырылған. Алғашқы жылы С14 әдісімен археологиялық нысанның мерзімі б.з.б. XIX-ХҮІІІ ғасырлар екендігі анықталды [91]. Қазіргі таңда Тоқсанбай қонысын Мемлекеттік «Мәдени

мұра» аясында зерттеу оның қыр-сырын жете қарастыруға көп мүмкіндіктер беруде. Келешекте тоқсанбай археологиялық мәдениеті туралы отандық тарихнамада сөз қозғалуы да ықтимал.

1998 жылы Сарыарқа археологиялық экспедициясы (жетекшісі А.З.Бейсенов) ҚарМУ Орталық Қазақстан археологиясы бөлімімен бірлесіп осы өңірдегі қола дәуірінің аяқ кезіне жататын бірнеше қоныстарда зерттеу жүргізді. Қазба жұмыстары Бұғылы-1, Доңғал, Қарабұлақ және Едірей қоныстарында жүргізіліп, жалпы ауданы 550 м шаршы телім аршылады. Алғашқы екі нысан ертеректе ашылған болатын. Ал соңғы екі қоныс тұңғыш реті зерттелген еді. Алынған материалдар сарғары, беғазы, доңғал топтарына бөлінген.

1999 жылы Павлодар қаласының Лесозавод ауданының тұрғыны Г.А.Полей өз үйінің астынан қола дәуірі обасын қазып алады да, тапқан материалдарын облыстық музейге тапсырады. Оның айтуынша, ұрадан аршылған мәйіт оң жағына жатқызылған, басы оңтүстікке қаратылып, қасынан өрнегі бар қыш ыдыс қойылған. Мамандар қыш ыдыс тұрпатына қарап бұл ескерткішті ирмен мәдениетіне жатқызып отыр [92, с. 79]. Қазақстанда ирмен мәдениетінің орны әлі нақтылана қойған жоқ. Мұның өзі осы мәдениетке жататын ескерткіштерді Павлодарлық Ертіс маңынан және онымен іргелес аймақтардан арнайы іздестіруді ұйымдастыруды қажет етеді. Табылып тұрған лесозаводтық материалдар отандық қола дәуірі тарихнамасынан әлі-ақ ирмен мәдениеті нақты орын алатындығын көрсетіп отыр.

1990 жылдары Жетісу жерінде жүргізілген археологиялық зерттеулер оң нәтиже берді. Осы кездерге дейін Жетісу қола дәуірі қоныстары сирек зерттеліп келген болатын. Ұзақ жылдарға созылған археологиялық ізденістер барысында Шу-Іле тауларынан (Тамғалы, Серектас, Алайғыр), Іле Алатауынан (Майбұлақ, Теренқара, Бұтақты), Күнгей Алатаудан (Ұзынбұлақ), Көксу өзені алабынан (Талапты, Құйған), Жоңғар Алатауының солтүстік беткейінен (Биен /Бүйен?/) қола дәуірінің көптеген кешендерінің ашылуы Жетісуда қола дәуірі ескерткіштерін әлі де іздестіре берудің қажет екендігін көрсетіп берді. 1998-2000 жылдары археологтар А.Н.Марьяшев, А.А.Горячев Жетісу жеріндегі Асы-1, Түрген-2 қоныстарынан қызықты материалдар жинастырды. Әсіресе, Түрген-2 археологиялық кешенінде

1998-2006 жылдары қола дәуірі, сак және үйсін замандарына тән ескерткіштер көптеп анықталған. Электропарамагнитті резонанс (ЭПР) әдісі бойынша Асы-1 қонысы – б.з.б. 1100, 900, 700 жылдармен, Түрген-2 қонысы – б.з.б. 1200, 900 жылдармен нақты мерзімделген [93, с. 121]. Түрген-2 қонысындағы жертөле-баспаналардан, өзге ескерткіштерден тері өңдеу мен тоқымашылыққа қатысты көптеген материалдар жинастырылған. Сүйектен жасалған «коньки» түріндегі аспап, сүйек және қыштан дайындалған ұршық бастары, малдың жақ сүйектерінен жасалған саймандар, т.б. құралдары көптеп табылған [94]. Мұның өзі ежелгі тұрғындар шаруашылық қаракеттерінің алуандығын көрсетеді. Әрбір қоныстың маңында зираттар да бар екендігін айта кеткен жөн.

1990 жылдар соңына қарай Павлодар археологиялық экспедициясы (жетекшісі В.К.Мерц) Ертіс өңірінде қола дәуіріне жататын біраз ескерткіштерді ашып, зерттеді [95]. Маусымдық жұмыстар кезінде Шідерті маңындағы қоныс пен зираттан кротов мәдениетіне жататын біраз бұйымдар жинастырылған. Сондай-ақ неолиттен орта ғасырларға дейінгі аралықта мерзімделінетін Шәуке-1-7 қоныстары анықталған. Лебяжье ауданындағы Шарбакты ауылы маңындағы қоныстан неолиттен бастап кейінгі қола кезеңіне дейін таралған мол еңбек құралдары шыққан. Бұл тарихи кезеңдерге сай келетін ескерткіштерді экспедиция бұрынғы Семей облысындағы Бесқарағай ауданындағы Есенбай ауылы қасынан, сондай-ақ Семиарка ауылы жанынан, Шемар және Нұрбай фермалары тұсынан да анықтаған. Алынған мағлұматтар Солтүстік-Шығыс Қазақстан энеолиті мен ерте қола заманындағы ақпараттар қорын толықтыра түсті. Ерте қола мезгіліне жататын елуин мәдениетіне тиесілі заттардың алынуы, палеометалл дәуірі туралы таным көкжиегін кеңейте түсті [96]. Бұл аталған қоныстардың көпшілігінде қазба жұмыстары жүргізілмеген. Дегенмен ескерткіштерден жиыстырылған қола дәуірінің материалдары өзіндік бірегейлігімен көзге түседі.

2000 жылы сәуір айында Түркістан археологиялық экспедициясы (жетекшісі Е.А.Смағұлов) Түркістан қаласынан оңтүстікке қарай 5 км жерден қола дәуірінің Шербай қорымын тапты. Қорымның аумағы 1800 шаршы м, одан әр дәуірге жататын 20-дан астам жерлеу құрылыстары анықталған. Олар

үш топқа (Шербай-1-3) бөлінеді. Қазба кезінде ерте темір дәуірінің бастапқы кезіне жататын 1 қабір (ерте сақ заманы, Шербай-1, №7-қабір), одан кейінгі уақытқа жататын 2 мола (қауыншы мәдениетіне тән; Шербай-1, №4, 13 қабір) аршылған. С14 әдісімен қабірлерден алынған мәліметтер Шербайдағы қола дәуірі б.з.б. ХҮІ-ХІҮ ғасырларға жататындығын дәлелдейді [97]. Жалпы алғанда, Оңтүстік Қазақстан қола дәуірі ескерткіштерін зерттеу ісі кемшін тартып келеді. Мұның өзі қола дәуірін осы өңірден арнайы кешенді түрде іздестіру қажет екендігін көрсетеді. Бұған қатысты арнайы ғылыми бағдарлама дайындаса да артық болмайды.

2001 жылы Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының экспедициясы (жетекшісі А.Н.Марьяшев) Жетісу жеріндегі Баянжүрек тауының шығыс жағынан Тасбас қонысын тауып, зерттеді. Қоныстағы баспаналардан төрт мәдени құрылыс қабаты аршылады. Стационарлық жұмыс барысында табылған свастикалық белгіге өте жақын келетін бедер түсірілген тас дәнүккіш-келсап ерекше қызықты материалдар қатарына жатады [98]. Тасбас қонысынан басқа Баянжүрек тауының шығыс бөктерлерінен тағы да бірнеше қоныс орындары, зираттар (Қалақай, т.б.) анықталған. Бұл жылы экспедиция отряды (жетекшісі А.А.Горячев) Жоңғар Алатауының солтүстік беткейіндегі Қалақай-1 археологиялық кешенінде зерттеу жұмыстарын жүргізді. Қалақай шатқалындағы ескерткіштер алғаш рет 1992 жылы анықталып, 1998 жылы ішінара зерттелген болатын. 2001 жылы аралары 400 м Қалақай-1 қонысы мен Қалақай-1 қорымдары зерттелінеді. Алынған мәліметтер ескерткішті Тасбас-1, Асы-1 секілді жетісулық қоныстармен біршама жақындастырады. Археологтардың пайымдауынша қоныс қыш ыдыстарын екі топқа бөлуге болады. Оның бірінші тобы Жетісу жерінде бұрын белгілі кешендерге (Бұтақты-1, Түрген-2) ұқсайды әрі б.з.б. ХІҮ-ХІІ ғасырларға жатады. Екінші тобы б.з.б. ХІІ-ХІ ғасырлар тоғысы мен ІХ ғасыр уақытына жатқызылған [99, с. 27].

Осы жылы Орталық Қазақстанда бірнеше археологиялық экспедициялар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Солардың бірі Сарыарқа археологиялық экспедициясы (жетекшісі А.З.Бейсенов) Қарағанды облысы Қарқаралы ауданындағы

Нүркен ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 10 км жерде орналасқан Нүркен-2 қорымында қазба ісін ұйымдастырды. Бұл жердегі сак заманының бір обасын экспедиция алдыңғы жылдары қазған болатын. Соның жұмыстарын аяқтау және төңіректегі ескерткіштерді барлауды мақсат тұтқан экспедиция басшылығы түрлі тарихи-мәдени дәуірлерге жататын тоғыз обада қазба жүргізді. Ерте темір дәуіріне жататын бірнеше қоныстарды (Едірей-1, Сарыбұйрат) анықтады. Нүркен ауылынан 18 км оңтүстік – оңтүстік-батысқа қарай жатқан Бақыбұлақтан да кейінгі қола дәуіріне жататын материалдар жиыстырылған [100, с. 31]. Ерте темір қоныстарының кейбір керамикалары Тағыбайбұлақ, Доңғал қоныстарының қышыдыстарына ұқсастығы байқалған. Мұның өзі қола дәуірі мен ерте темір ғасырлары мәдениеттерінің генетикалық байланыстарын көрсетсе керек. Экспедиция жұмыстарына сан алуан мамандар тартылып, нәтижесінде Қарқаралы өңірінің көне тарихын тас дәуірінен бастап бүгінгі күнге дейін тарқатылды [101]. Экспедиция басшысы А.З.Бейсенов қола дәуіріне, соның ішінде беғазы-дәндібай мәдениетіне көп көңіл бөліп келеді. Өзі бұл кезенге жататын бірқатар ескерткіштерді ашып, зерттеді. Олардың біразы археологтың «Беғазы зираты. Орталық Қазақстан беғазы-дәндібай дәуірінде» атты жаңадан шыққан телавторлық монографиясына енген [102]. Монографияда экспедицияның соңғы ғылыми ізденістері туралы сөз қозғалған. Жұмыс қорытындыларын А.З.Бейсенов басқа деңбектерінде ішінара атап өткен [103].

2002 жылы Қазақстан-Америка бірлескен археологиялық экспедициясы (жетекшілері А.Н.Марьяшев, М.Фрачетти) Жетісудағы Көксу өзені алабында далалық қазба жұмыстарын бастады. Мұнда Биғаш кентінің жанындағы Биғаш-2-3 қорымдары, Биғаш-1 қонысы зерттелінеді. Қазба жұмыстарының нәтижесінде үш қоршау және үлкен баспанаға жапсарласа салынған үйдің бөлігі аршылады. Биғаш-2 зираты 33 қоршаудан, жекелеген бірнеше жәшіктерден, 6 обадан тұрады. Зираттан екі нысан қазылған. Биғаш-3 қорымының жерлеу қабірлері саны нақты анықталмаған [104]. Сонымен қатар, экспедиция Ашыбұлақ, Мұқыр өзендері бойынан, Шыбынды тауынан қола дәуірінің бірқатар ескерткіштерін анықтаған. Мұның өзі аталған

өңірлерден болашақта қола дәуіріне қатысты тың материалдар алынуы ықтимал екендігін көрсетеді.

2002 жылы Орал кешенді археологиялық экспедициясына (жетекшісі К.М.Байпаков) қарасты отрядтардың бірі Бауыржан-Аяқ қонысында қазба жұмыстарын бастады. Ескерткіш Каменск ауданындағы Аяқ ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 2 км жерде орналасқан. Бұл ескерткішті алғаш рет 1986 жылы Г.А.Кушаев басқарған Орал педагогикалық институтының археологиялық экспедициясы ашқан болатын. 1987 жылы одан облыстық музей қызметкерлері 30 шақты баспана орнын анықтайды. Мамандар баспана мәдени қабатынан алынған материалдарға қарап, Бауыржан-Аяқ қонысын б.з.б. ХҮ-ХІҮ ғасырларға жатады және оны қалдырған тайпалар қима мәдени-тарихи қауымдастығының өкілдері деп есептейді [105, с. 45].

2002ж.Е.А.БукетоватындағыҚарағандыархеологиялықэкспедициясы (жетекшісі И.А.Кукушкин) 31 құрылыстан тұратын (қоршау, т.б.) Аяпберген қорымын зерттейді. Аталмыш кешен Қарағанды қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 130 км жерде. Қорым солтүстік-батысында Бұхар жырау кесенесіне дейін созылған. Алғаш рет мұнда 1989 жылы А.А.Ткачев зерттеу жүргізіп, алты қоршау қазған. 2002 жылы №7 қоршау-оба (үш қабірден тұрады: екеуі тас жәшік, біреусі шұңқыр) аршылған [106]. И.А.Кукушкин табылған заттарды мұқият ғылыми талдаудан өткізеді де, қола дәуірі бойынша жүргізілген соңғы зерттеулерге сүйеніп, Аяпберген қорымындағы ең ерте кездердегі қабірлерді б.з.б. ХҮІІІ ғасырмен мерзімдейді.

2002 жылдан бастап Павлодар археологиялық экспедициясы (жетекшісі В.К.Мерц) Кенжекөл-1 қорымында зерттеулер жүргізе бастады. Бұл зират Павлодар ауданында орналасқан. Зираттағы №24 қабірден қола дәуірі мәдениетін көрсететін соны заттар алынған [107].

2003 жылы Батыс Қазақстан Тарих және археология орталығы жасақтаған экспедицияның отряды өз зерттеу жұмыстарын жалғастырды. Отряд Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Ілекшар ауылы маңындағы Ілекшар-1 (Ілекшар I) қорымында жұмыс істеп, бірқатар нысандарды аршиды. Алғашқы жұмыстар зиратта 2001 жылы басталған болатын, ол кезде ерте темір дәуірінің ескерткіштері қазылған еді (Гуцалов).

В.В.Ткачев алтыншы обаның үшінші кабірінің көне шұңқыр мәдениетіне жататын құрылыс үстіне салынғандығын анықтайды [108, с. 80-82]. В.В.Ткачев бейітте б.з.б. ХҮІ-ХҮ ғасырларда алакөл мәдениетін қалдырған тайпалар көшбасшыларының бірі жерленген деп тұжырым жасайды.

2002-2006 жылдары қарағандылық археологтар (Варфоломеев, т.б.) Теміртау қаласынан батысқа қарай 10 км жерде орналасқан Темірқаш зиратында қазба жұмыстарын жүргізді. Мұнда неолит пен орта ғасырлар аралығындағы бірнеше ескерткіштер кешені анықталған. Алғаш рет 10 құрылыстан тұратын бұл қорым 2001 жылы белгілі болған. Қорымнан 1,5 км оңтүстіктегі Тегісжолды да 1989 жылы Сарыарқа археологиялық институтының қызметкерлері (Ломан, Рудковский, т.б.) ашқан. Сол жылы Тегісжол қорымынан алакөлдiк және алексеев-сарғары типiндегi кыш ыдыстары бар қоршау (екi шұңқыр), тағы бiр мола қазылады. 2002 жылы мұнда бiрiншi қазбадан кейiнгi қола уақытына жататын 4 құрылыс орны аршылады [109, с. 50-51]. 2005 жылы Тегісжол қорымынан алакөл-федоров уақытына жататын бірнеше қоршаулар зерттелді [110, с. 54].

2003-2004 жылдары Алматы кешенді археологиялық экспедициясы (жетекшісі К.М.Байпаков) Медеу шатқалына бара жатқандағы тас жолдың 9-км бойындағы Бұтақты-1 археологиялық ескерткіштерінде қазба жұмыстарын жүргізеді. Алғаш рет ескерткіш 1996 жылы ашылды (Ю.А.Мотов) да, мұнда қола дәуірі ескерткіштерін зерттеумен шұғылданатын Жетісу археологиялық экспедициясының отряды (жетекшісі А.А.Горячев) 1999 жылға дейін зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сол кездері 2 ерте темір ғасырлары (сармат (?), 1 түркі заманындағы қабір және қола дәуірі баспанасының бір бөлігі зерттелді. С14 әдісімен алынған мерзімдік шек (ерте кезі б.з.б. 1678-1522 жылдар; соңы б.з.б. 1280-1200 жылдар) пен типологиялық талдаулар Бұтақты қонысын б.з.б. ХІҮ-ХІІІ ғасырларға жатқызуға мүмкіндік береді [111, с. 52-57].

2005 жылы Ақтөбе облысы Шалқар ауданында Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының қызметкерлері (Е.Смағұлов, А.Бермағамбетов) зерттеу жүргізіп, әр дәуірлерге жататын бірнеше ескерткіштерді анықтайды. Сол кездері

бұрынырақта кездейсоқ табылған материалдарды жүйелеп, Талдықұм қорымындағы №1 кабірді зерттеді [112].

2005 жылдан бастап Қарағанды облысы Бұхар жырау ауданындағы Ашысу өзені жанындағы қорымда (И.А.Кукушкин) зерттеу жүргізілді. Зерттеу жұмыстары Қарағанды облыстық мәдениет департаментінің «Мәдени мұра 2005-2007 жж.» атты өңірлік (региондық) бағдарламасы бойынша іске асты. 2005 жылы зираттағы №1 оба, 2006 жылы №2 оба зерттелінді. Екеуінің құрылысы біркелкі [113]. Археологтар №2 обаны б.з.б. II-мыңжылдық бас кезіне жатқызады.

2006 жылы Ақтөбе облысы әкімдігі жанындағы Тарих, этнография және археология орталығының экспедициясы (жетекшісі А.Бисембаев) Қарғалы ауданы Херсон ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 15 км қашықтықта орналасқан Гүрілдек қорымын зерттеді. Қорым топырақ пен тастардан үйілген 14 оба мен тас қоршаулардан тұрады. Қазба жұмыстары зираттың орталық бөлігіндегі 4 обада жүргізілген. №1 обадан шыққан қылыш (ұзындығы 46 см, ені 3,7-4,6 см), жебе ұштары отандық тарихнамада сирек ұшырасатын бірегей олжалар болып табылады [114].

Жалпы алғанда, тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта атқарылған маңызды іс-шараның бірі Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы болып табылады. Бұл бағдарламаны Қазақстан Республикасының Президенті 2004 жылы 13-қаңтарда (№1277) бекіткен. Оның алғашқы кезеңінің (2004-2006 жж.) қорытындылары мен нәтижелері жасалған. Жалпы алғанда, бұл бағдарламаның негізгі мақсаты рухани және білім беру саласының дамытылуы, елдің мәдени мұрасын қорғау және тиімді пайдалану болып табылады. Ал негізгі міндеттеріне еліміздің маңызды архитектуралық және тарихи мәдени ескерткіштерін зерттеу, қайта қалпына келтіру, туризмді дамыту, мәдени мұраны, соның ішінде ұлттық мәдениет, фольклор, салт-дәстүрді зерттеудің толық жүйесін жасау секілді күрделі мәселелер кіреді. Осыған орай мәдени мұраны сақтау мен қалпына келтірудің төмендегідей негізгі бағыттары нақтыланған: ерте және ортағасырлық ескерткіштерді археологиялық тұрғыдан зерттеу, солардың негізінде қорық-музейлер құру және оларды туризм инфрақұрылымы жүйесіне қосу; Қазақстанның

бірегей тарихи, мәдени және архитектуралық ескерткіштерін реставрациялау, консервациялау және пайдалану; ғылыми білімді түсіндіріп тарату, насихаттау, тарих ғылымының теориялық мәселелерін жасау, ғылыми, көркем және энциклопедиялық әдебиеттерді шығару; республикадағы тарихи-мәдени мұраны қорғау мен белсенді түрде пайдаланудың ұтымды құрылымын жасау жөніндегі мәселелері мен оның міндеттері: облыстық инспекциялардың, реставрациялық ұйымдардың қызметтерін басшылыққа алу, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі бекітілген бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру.

2007-2009 жылдары ол тағы да үш жыл мерзімге созылды. Алғашқы кезең нәтижесінде әр дәуірге жататын көптеген ескерткіштер тізімге алынып, оларда кең көлемді қазба жұмыстары жүргізілді. Бірінші кезеңде тізімге қола дәуірінің де бірқатар ескерткіштері кірді. Олар: Талдысай, Тоқсанбай, Айбас-Дарасы, Кент. Алғашқы екі ескерткіш жайлы жоғарыда біршама мағлұматтар берген болатынбыз. Ендігі кезекте Айбас-Дарасы мен Кент туралы бірер сөз айтып өтелік.

Айбас-Дарасы Қарағанды облысы Ұлытау ауданында, таудың батыс етегінде орналасқан. Айбас-Дарасы төрт зираттан және қоныс орнынан (Айбас-Дарас-1-4) тұрады. Оның №1, 3 ерте темір дәуіріне жатады. Бұл нысан жайлы ғылыми ақпаратты алғаш рет Ә.Х.Марғұлан жүйелеген. Ол 1946 ескерткішті ашып, 1972 жылы орталық кесенеде зерттеу жүргізген. Сол кезде тастан қаланған орталық кесене-қабірдің жарымы ғана ашылып (ауданы 12x12 м, бұрыштары төрт тарапқа бағытталған) 40-тан астам қыш ыдыстары, алтын білезік табылған болатын. Оның ортасында тас жәшік (ауданы 2,8x2,6 м) тұрған. Аталған бағдарлама бойынша 2004 жылдан бастап ескерткішті Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі Ж.Қ.Құрманқұлов) зерттей бастады. Алғашқы жылы орталық кесененің кезінде зерттелмей қалған бөліктері аршылады. Ол қола дәуірінің соңғы кезеңіндегі ру басшысы жерленген ғажайып сәулет өнерінің туындысына жатады, және де ол далалық аймақтарға кең таралған беғазы-дәндібай мәдениетінің оңтүстік-батыс шекарасында орналасқан. Ескерткіш маңайына экспедиция мүшелері барлау жүргізіп, түрлі дәуірге жататын бірқатар нысандарды (Едіге, Тоғызбай көл, Жылысай, т.б.)

картаға түсіреді. 2004 жылы қорым жанынан қоныс орны анықталған. 2005 жылы оған тікқазба түсіріліп, 2006 жылдан бастап ол жоспарлы түрде зерттеліне бастады. Қазіргі таңда ескерткіштен қола дәуірі мәдениетін айғақтайтын түрлі бұйымдар мен заттар алынып отыр [115].

Ал Кент қонысы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданындағы, өзімен аттас ауылдан шығысқа қарай 6 км жерде орналасқан. Қоныс пен оның жанындағы ескерткіштерде қарағандылық бірқатар археолог-мамандар (В.Г.Ломан, В.В.Варфоломеев, В.В.Евдокимов, т.б.) ұзақ жылдардан бері жұмыс істеп келеді. Алғаш рет 1985 жылы кейбір кешендері ашылғаннан кейін, уақыт өте келе Кент құрамына бірнеше нысандар кіргендігі (Әкімбек, Домалактас, Нарбас, Найза, Қызылтас, т.б.), олар өзіндік бір ауылдық округ құрғандығы анықталған. Қызылкеніш өзенінің екінші (сол жақ) жағалауындағы 1991 жылы анықталған қоныстарды (Алат, т.б.) қосып есептегенде Кент аумағы 30 га-ға жеткен, онда бір уақытта мекендеген адамдар саны баспана орындарына қарағанда шамамен 1500-ден асқан. Қала ішінде үй, мыс балқытатын, өңдейтін шеберхана орындарымен қатар ірі көлемдегі гибадат орындары да анықталған. Әлемдік тарихнамада орын алған көне елді мекендердің негізгі стандарттарына сәйкес және де анықталған өзіндік белгілері қарап мамандар Кент ескерткішін байырғы қала деп есептейді. Қоныстың хронологиялық мерзімі б.з.б. XIII-IX ғасырларды қамтиды, бірақ кейбір құрылыс орындары б.з.б. VIII ғасырға, тіпті б.з.б. VII ғасырға да да жатуы мүмкін екендігі айтылады [116]. Кент материалдарына қарап, мамандар қола дәуірінің соңғы кезеңіндегі мемлекеттілік жайында сөз қозғай бастады. Қазба кезінде тек темір кентастары мен күлдері ғана емес, темір өндіретін пештердің де орны анықталған. Бұл қазіргі отандық тарихнамадағы темір өндіру мерзімін бір-екі ғасырға ілгері жылжытуға мүмкіндік береді. Сөйтіп, кезінде академик Ә.Х.Марғұланның кейінгі қола дәуірі қоныстарынан темір кентастары мен шлак қалдықтары кездеседі деген мәліметі дәлелденді [117]. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы қонысты жүйелі түрде, жаңа методологиялық бағыт-бағдармен (байырғы қала статусын анықтау, қыш ыдыстарының үлес салмағын нақтылау, т.б.) зерттеуге көп септігін тигізді.

2006 жылы казак-герман археологиялық экспедициясы Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Новая Шульба ауылы маңындағы Жаңа Шүлбі-9 қола дәуірі қонысындағы зерттеулерін жалғастырды. Экспедицияның алғашқы зерттеулері 2003 жылы басталған болатын. Одан бергі уақытта осы қоныспен қатар қалайы өндірісінің ошағы болған Асқаралы-2 ескерткіші, Делбегетей тауындағы зиратта (Жарма ауданы, Малое Карасу ауылы), Мастаубай-1 қонысында, обалары топырақпен үйілген Черногорка қорымында (9 қоршаудан тұрады), т.б. нысандарда зерттеулер жүргізілді [118].

2006 жылы Қостанай университетінің археологиялық лабораториясы ұйымдастырған археологиялық экспедиция (жетекшісі А.В.Логвин) Бестамақ қорымында зерттеу жұмыстарын жалғастырды [119]. Қорым қостанайлық мамандар (В.Логвин, А.Логвин, т.б.) тарапынан 1991-1993, 1997, 2002-2003, 2005 жылдары зерттеліп, әр түрлі кезеңдерге жататын археологиялық нысандар аршылған болатын. 2006 жылғы маусымда энеолит, ерте темір дәуіріне жататын нысандардан басқа қола дәуірінің петров-сынтасты уақытына сәйкес келетін №140 бейіт (диаметрі 17 м) зерттелінеді.

2007-2009 жылдарға арналған Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының екінші кезеңінде де қола дәуірінің жоғарыда айтылған ескерткіштерінде қазба жұмыстары жалғастырылды. Тізімге жаңадан Түрген шатқалындағы нысандар, Ешкі-өлмес, Тамғалы, Арпа-өзен, Қойбағар, Қарақыр жартас суреттері, Кеңөткел қорымдары (Кеңөткел-18-19), Беғазы зираты енді. Талдысай [120], Кент [121], Айбас Дарасы [122] сынды ескерткіштерде атқарылған далалық ізденістер нәтижесінде алынған ғылыми ақпарат көлемі ұлғая түсті. Айталық, Кент қонысынан 2006-2007 жылдары сүйек қалдықтарын қоспағанда жиыстырылған заттар (қыш ыдыстары, қоладан, сүйектен, мүйізден, тастан жасалған) саны 2757 данаға жетті. Мұның өзі белгілі Сарғары қонысынан алынған заттардан әлдеқайда көп еді. Сарғары материалдарының негізінде қола дәуірінің соңында металл өндіру ісінде дағдарыс орнағандығы Г.Б.Зданович [123] тарапынан айтылған болатын. Бұл концепцияны В.В.Варфоломеев [124, с. 185] ізденістері жоққа шығарады.

2007 жылдан бастап Сарыарқа археологиялық экспедициясы (жетекшісі А.З.Бейсенов) «Орталық Қазақстанның беғазы-

дандыбай және тасмола мәдениеттерінің ескерткіштері» атты тақырып бойынша аталған бағдарлама аясында Қарағанды облысы аумағында зерттеу жұмыстарын бастады. Жұмыстардың басым бөлігі 1946 жылы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі Ә.Х.Марғұлан) ашып, 1947-1952 жылдары қазған (арасында үзілістері бар) Беғазы зиратында шоғырланды. Сарыарқа экспедициясының мүшелері Беғазы қорымындағы ескерткіштерді тізімге алып, орналасу жоспарларын анықтады. Қорымнан андроновтық 50 қоршау, беғазы-дәндібай кезеңінің 6 кесенесі, тас және тас пен топырақтан үйілген 12 оба, 3 шикі кіріштен тұрғызылған мазар мен қазақтардың 250-дей шағын қабірлері тізімге алынған. Беғазы қорымы маңынан 40-тан астам түрлі дәуірге жататын археологиялық нысандар (қорым, жекелеген оба, қоныс, ғұрыптық кешендер, жартас суреттері) анықталған. Олардың көпшілігі қола дәуіріне жатады. Экспедиция мүшелері Ақтоғай ауданы Беғазы ауылынан солтүстікке қарай 1,3 км жердегі соңғы қола және ерте темір дәуірі ескерткіштерінен тұратын Беғазы-3Б зиратынан №1, 2 нысандарды аршып, құрылыстарын анықтады. Қазба барысында доңғал типіндегі (б.з.б. IX-ҮІІІ ғғ.) қыш ыдыстар, т.б. бұйымдар алынған [125].

2007 жылы Жетісу археологиялық экспедициясының Көксу отряды (жетекшісі А.Н.Марьяшев) мен Түрген отряды (жетекшісі А.А.Горячев) Жетісу өңірінде зерттеу жұмыстарын жалғастырды. Көксу отряды Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жеріндегі жартас суреттерін басты нысан етіп алды. Отряд мүшелері Арпаөзен, Қойбағар, Боролдай, Қошқарата, Жыңғылішек, Тектұрмас, Үшөзен, Бересек, Тамғалы, Қарақыр, Серектас, Асы, Ешкіөлмес, Аңырақай, Қағалыбастау секілді түрлі дәуірлерге жататын жартас бедерлеріне зерттеді, барлау жұмыстарын жүргізіп, бірнеше қоныстар мен зираттар тапты. Сондай-ақ Асы үстіртіндегі ерте темір дәуірі мен қола ғасырындағы петроглифтер шоғыры зерттелінді, соңғы тарихи-мәдени кезеңге жататын Асы қонысында 2001 жылы тоқтатылған қазба жұмыстары өз жалғасын тапты. Қоныстың 1,5-1,9 м-ге жететін мәдени қабатынан радиокөміртекті тәсілмен зерделеуге үлгілер алынады. 2008 жылы қонысты зерттеуге қаржы бөлінбегендіктен далалық ізденістер уақытша тоқтатылды. Ешкіөлмес

тауынан түрлі кезеңдерге жататын петорглифтердің 20 шоғыры, 41 қорым, 19 қоныс орны анықталып, олардың археологиялық картасы жасалуда [126].

Экспедицияның Түрген отряды 2007 жылы Түрген шатқалы мен Асы үстіртінде зерттеу жүргізіп, қола дәуірінен бастап кейінгі орта ғасырларға дейінгі 130-дан астам ескерткіштерді анықтап, археологиялық картасын жасаған. Олардың арасында қола дәуіріне жататындары – 4 қоныс пен 6 қорым. Кейбірінде ішінара қазба жүргізіліп, бұрынғы жылдары атқарылған далалық жұмыстардың нәтижелері нақтыланған [127].

2007 жылы Көкшетау археологиялық экспедициясы (жетекшісі В.Ф.Зайберт) облыстағы «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталығымен» бірлесіп Кеңөткел-18 қорымында қазба жұмыстарын бастады. Қорым Зеренді ауданы Кеңөткел ауылынан шығысқа қарай 500 м жерде орналасқан. Зираттан үш ескерткіш қазылған. Қабір құрылыстары мен алынған материалдарына қарап, зерттеушілер Кеңөткел-18 зиратын б.з.б. ХУ-ХІІ ғасырларға жатқызады [128]. Сонымен қатар экспедиция Кеңөткел-19 қорымында да зерттеулер жүргізген. Алғаш рет бұл археологиялық нысанды 1988 жылы Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының отряды (жетекшісі А.Г.Шалагин) тапқан. 1992 жылы мұнда Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының барлау отряды (жетекшісі С.О.Миллер) және 2006 жылы Көкшетау археологиялық экспедициясы далалық зерттеулер жүргізген. Зират 37 қабір құрылысынан тұрады. Олардың арасынан екі қоршау қазылған. Мамандардың есептеуінше, Кеңөткел-19 зираты да б.з.б. ХУ-ХІІ ғасырларға жатады [129].

2008 жылы бірқатар қола дәуірінің ескерткіштері зерттелді. Олардың арасында жаңадан ашылғандары да, соңғы жылдары зерттеліп, ғылыми айналымға түскендері де бар. Бұлардың қатарына Түрген қойнауындағы Түрген-2 қонысы мен Қызылбұлақ-1-2 қорымдарын жатқызуға болады (Жетісу). 2008 жылғы жұмыстар барысында қола дәуірі ескерткіштерімен бірге ерте темір дәуіріне жататын 9 қорым анықталған. Сондай-ақ Беғазы, Беғазы-3Б (А.Бейсенов), Талдысай (Ж.Құрманқұлов), Кент (В.В.Варфоломеев), Тоқсанбай (З.Самашев) ескерткіштерінде де жұмыстар өз жалғасын тауып, бұл

археологиялық нысандар жоспары, құрылымы нақтыланды [130]. Аталмыш бағдарлама аясында соңғы жылдары Сарыарқа археологиялық экспедициясы (жетекшісі А.З.Бейсенов) нәтижелі жұмыстар жүргізді. Экспедиция мүшелері Бұғылы-1, Бақыбұлақ, Қаратал-1-2, Едірей-2 сынды қола дәуірі қоныстарын зерттеді [131]. Қазба барысында Сарыарқа өңіріндегі отырықшылықты айғақтайтын мол материал алынған.

2009 жылы да жаңадан бірқатар ескерткіштер қазылды. Солардың бірін Мойынқұм тарихи-өлкетану музейінің тапсырысымен Түрік мәдени мұрасын зерттейтін археологиялық экспедициясының (жетекшісі А.М.Досымбаева) Хантау отряды (жетекшісі А.А.Горячев) зерттеді. Негізгі жұмыстар Сұнқар тауы мен Қожабала қойнауында жүргізілген. Ең ерте кездің материалдары Қожабала қойнауында шоғырланған. Алғаш рет Қожабала қорымын 1989 жылы Тарих, археология және этнография институты мен Жамбыл облыстық тарихи өлкетану музейінің біріккен экспедициясы (жетекшілері Р.Б.Исмагилов, К.Б.Байбосынов) тауып, 10 қабір құрылысын зерттеген болатын (И.В.Ковтун). 2009 жылы қорымның топографиялық жоспары түсіріліп, ерте темір дәуіріне жататын 10 оба, қола дәуіріне жататын 150-ден астам обалар анықталды да, қола дәуірінің бес құрылысы қазылды [132]. Мамандардың айтуынша, қазылған құрылыстардан шыққан бұйымдар қорымды б.з.б. XIII-XII ғасырлармен мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, кеңестік дәуірдегі Қазақстан археологиясының, оның ішінде қола дәуірін зерттеудің дамуы республикада бірнеше ғылыми ошақтардың, мектептердің қалыптасуына жағдай жасады. Мұны осы тараушаға негіз болған Ж.Қ.Құрманқұловпен телавторлық монография мәтінінен де кеңінен байқауға болады [133]. Әсіресе, Орталық Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Торғай, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан секілді археологиялық экспедициялардың құрылуы қола ғасыры проблемаларын жаңа қырынан қарастыруға мол мүмкіндіктер туғызды. Нәтижесінде Қазақстан археологиясы толыққанды қалыптасып, мамандар саны арта түсті. Көне замандардағы тарихи даму белестері анықталды. Бұл археологиялық экспедициялардың зерттеулерінің нәтижесінде археологиялық ізденістер бір жүйеге түсіріліп, белгілі бір

аудандардың аумағы кешенді түрде зерделенуімен ерекшеленді. Бірнеше жылдарға арналған ғылыми жобалардың іске асырылуы Қазақстан қола дәуірін зерттеуді жаңа белеске көтерді.

Ал тәуелсіздік тұсында қола дәуірі ескерткіштерін зерттеу біршама жолға қойылды. Бұрын зерттелген кейбір археологиялық нысандар материалдары ұзақ жылдардан кейін ғылыми талдаудан өтіп, көпшілік назарына ұсынылды. Бұл кездері Қазақстанның барлық аймақтарында қола дәуірінің ескерткіштері зерттелінген болатын. Нәтижесінде ғылыми мұра көлемі ұлғая түсті. Әсіресе, Жетісу секілді тарихи-мәдени өңірлерде қола дәуірі ескерткіштерін зерттеу біршама қарқынмен дами бастады. Бұл шағын болса да осында өзіндік бір археологтар мектебінің қалыптасқандығын көрсетеді. Жетісулық археологтар соңғы кездері көлсай мәдениетін (Күнгеі Алатау) ғылыми айналымға енгізін, қола дәуірі проблемаларын шешуге атсалысты. Оған дейін мамандар өткен ғасырдың 80-жылдар аяғында мұнда биен археологиялық мәдениеті (Жоңғар Алатауында), беғазы-сарғары мәдениеті (Шу-Іле таулары) болғандығын пайымдаған болатын. Бұның шындыққа жақын екендігін тәуелсіздік жылдарындағы зерттеулер нақты айғақтап отыр. Ал орталық, шығыс және солтүстік өңірлердегі археологтар далалық тың зерттеулермен қоса, теориялық-методологиялық проблемаларға да ден қоя бастады. Қазақстанның оңтүстік аудандарында, батыс өңірлерінде қола дәуірін зерттеу басқа өңірлерге карағанда кемшін тартып жатуын, ең алдымен мамандардың жетіспеушілігімен түсіндіруге болады.

Басты-басты археологиялық нысандардың зерттелуін бір ізге түсіре келе, тарауша соңында айтарымыз: қазақ жерінде қола дәуірі ескерткіштерін зерттеу патшалық Ресей тұсында басталды, кеңестік заман бас кезінде біршама қалыптасып, кейінірек екінші дүниежүзілік соғыстан соң зор қарқынмен дамыды. Бірақ бұл кездері көне мәдениетті зерттеуде аз да болса идеологиялық салқындық байқалды. Қоғамды қанаушы және езілуші деп екіге бөлу кей жағдайларда дұрыс пайымдаулардың жасалмауына жол ашты. Мұндай олқылықтар тәуелсіздік тұсында мүлде ада болды. Зерттеушілер өз тұжырымдамаларын еркін түрде айтып, келелі пікірлерін ғылыми ортаға салуда.

Сондықтан еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан бергі кезеңдегі ескерткіштер материалдары жоғарыда біршама толымды түрде баяндалды. Бұл, біріншіден – осы күндері атқарылып жатқан жұмыстар барысымен кеңінен танысуға мол мүмкіндік берсе, екіншіден - Қазақстан археологиясының даму көкжиектерін де белгілеуге, үшіншіден - өткенді екшеуге, бұрынғы алынған ақпараттар легін ғылыми мұра ретінде меңгеруге жағдай жасайды деген сенімдеміз.

Айта кететін тағы бір жайт, Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы палеометалл, дәлірек айтсақ оның ішінде қола дәуірі ескерткіштерін зерттеуге тың қарқын берді.

Алынған соны мағлұматтар мәдени мұраны игерудің әрдайым өміршең идеология болып қала беретіндігін нақты айғақтайды. Ескерте кететін бір жайт, тараушада ерте темір дәуіріне жататын кейбір ескерткіштердің зерттелу тарихы да ішінара баяндалды. Мұның белгілі бір археологиялық экспедициялардың далалық ізденістерін тұтастықта қарастырудан, атқарылған жұмыстарды бөліп-жармай жүйелілік тұрғысынан қарастырудан туындағандығын айта кету артық емес сияқты.



### **2.3. ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫ: НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ**

Ал ендігі кезекте ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеген экспедициялар мен жекелеген ғалымдардың ізденістеріне тоқталар болсақ, әңгімені ең алдымен археологиялық нысандардың зерттелу тарихын және Қазақстан археологиясының дамуын баяндаған еңбектерден бастаған жөн сияқты. Өйткені бұл бағыттағы ізденістерден оқырман Қазақстан археологиясы тарихындағы түрлі белестерге қатысты толымды ақпараттар легін алары анық. Мұның өзі бір шетінен, біздің еңбегіміздегі қойылып отырған осы мәселені біршама жеңілдетсе, екінші жағынан оған қызығушылық танытқан көпшілікке бағыт-бағдар беретін деректемелік қорды құрайды. Ә.Х.Марғұлан секілді сарабал ғалымдардың ізденістерін талдаған бірқатар еңбектердің де бұл бағытта маңызы зор [1; 2; 3]. Жетістіктер мен қол жеткізілген табыстарды бағамдауда Е.И.Агеева [384], Т.Н.Сенигова [4], М.К.Қадырбаев [5], К.М.Байпақов [6], Т.В.Савельева [7] сынды археологтар мәнді еңбек атқарды. Әсіресе Е.И.Агеева мен К.А.Ақышев [8; 9] Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жыл сайын атқарылған далалық жұмыстардың қорытындыларын жасап беріп отырған еді Жекелеген ғалымдар да бірқатар өңірлердің археологиялық тұрғыдан зерттелуін жарыққа шығарды [10; 11; 12]. Олар археология ғылымының даму көкжиектерін көрсетіп, келешегіне көз жүгіртті. Міне, Қазақстан археологтарының көпшілігі ғылыми ізденістерге қатысты өткенді екішеп отырғандығынан-ақ көтерілген осы мәселенің өзекті де ділгір екендігі аңғарылады.

Сонымен қатар осы және Қазақстан археологиясына мол үлес қосқан ғалымдардың еңбектерін саралаған ішінара кейінгі жылдардағы зерттеулерде де олардың далалық ізденістері, ашқан жаңалықтары, қазған археологиялық нысандары мен негізгі ғылыми ой-пікірлері қаузалған [13; 14; 15; 16]. Бұлардың өзі де отандық археология тарихнамасындағы қомақты ғылыми қорды құрайды.

Ал ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеген археологиялық экспедициялар тарихы мен жекелеген ғалымдардың ізденістеріне келер болсақ, алдыңғы тараушаларда айтылған қоғамдық ұйымдар (Түркістан археология әуесқойларының үйірмесі, т.б.) патшалық Ресей тұсында негізгі зерттеу орталықтары болып қала берді. Кеңестік заманда археологиялық қазба жұмыстары жүйелі түрде қолға алына бастады. Әсіресе Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін КСРО ғылыми-зерттеу орталықтары мен музейлерінен келген археологиялық экспедициялар нәтижелі жұмыстар көрсеткен болатын. Солардың бірін С.С.Черников басқарды. Оның археологиялық экспедициясы 1930-1940 жылдары Қазақстанның көне дәуіріне қатысты мол мағлұматтар жинастырғанымен кенеттен басталып кеткен соғыс ескерткіштерді жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік бермеді. 1947 жылы құрылып, онда қатарынан бірнеше маусым С.С.Черников жетекшілік еткен Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (ШҚАЭ) әсіресе өткен ғасырдың 50-жылдарында ерте темір дәуірінің бірқатар ескерткіштерін қарқынды түрде зерттеді десе болады. Айталық, 1948 жылы Құлажорға және Баты ауылдары (Самар ауданы, ШҚО) маңындағы ерте темір дәуірінің ескерткіштерін қазды. Негізінен алғанда, Құлажорға ауылы маңындағы қорымдарды ғалым 1937 жылғы далалық маусымда тапқан болатын. Бұл ескерткіштерге зерттеушінің ерекше мән беру себебі мынада еді, өйткені ерте темір дәуірінде Қазақстандағы тарихи процестерге көп уақыт бойы әсер еткен далалық тайпалардың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері қалыптасқан болатын. Сонымен бірге Степняк ауданындағы археологиялық материалдар андроновтық мәдениет пен ерте темір дәуірі мәдениеттерінің генетикалық байланысы анықтағалған-ды. Мұндай ара-қатынас, С.С.Черников ойынша, металлургиялық орталықтардың бірі саналатын Шығыс Қазақстан материалдарынан да кездесуі мүмкін еді. Осы пікірлерді дәлелдеу үшін аталмыш нысандар таңдап алынады. Экспедиция жұмыстары барысында Құлажорғадағы №1-4, 7-8, 12-14, 18, 20, 27-31 обалар аршылады. Баты ауылы маңындағы қорымындағы №5-7, 9, 20, 27-30, 33, 35, 41-42 обаларынан алдыңғы аталған қорым материалдарына ұқсас заттар табылады. Оба құрылыстары, кабірдегі бұйымдардың өзара ұқсастығы С.С.

Черниковка бірінші қорымды б.з.б. III-I ғасырларға, екіншісін II-I ғасырларға жатқызып, кешенді б.з.б. III-I ғасырлармен белгілеуге мүмкіндік берді [17]. Материалдардан усунь, ғұн тайпалары мәдениеттерінің болшектерін аңғарған ғалым ерте темір дәуірінде Қазақстанның оңтүстігі мен солтүстігі арасындағы мәдени және этникалық байланыс орнағандығын көрсетіп берді.

Ал, 1950 жылы экспедиция Усть-Бухтарма, Усть-Нарым, Қызылту елді мекендері жанындағы қорымдардан 20-дан астам ерте темір дәуірі обаларын қазады. Олардың көпшілігінің тоналғанына қарамастан экспедиция мүшелері б.з.б. IV-I ғасырларына жататын, пазырық және құлажорға кезеңдеріне тән бұйымдарды, обаларды ұшырастырады [18]. 1952 жылғы маусымда Қызылту қорымының 4-обасындағы ұжымдық қабірден басқа бұйымдармен қатар «скифтер» типіндегі қазандар да алынады [19, с. 56-59]. Сөйтіп, нәтижесінде зерттеуші майәмір, пазырық, шілікті, құлажорға, сарыкөл секілді ерте көшпенді тайпалардың андроновтықтар ұрпағы болғанымен жергілікті топтардың дамуы біртекті болмағандығын, олардың тарихи тағдыры әркелкі болғандығын айта келе, қазақ халқының тарихи бастауы қола дәуірінен басталатындығына тұжырымдама жасады. Оның ойынша, Шығыс Қазақстаннан қазақ халқының ежелгі этногенездік кезеңдерін көруге болады. Себебі, пазырық киіз аппликацияларындағы ою-өрнектің қазіргі қазақ оюларымен ұқсастығы кездейсоқтық емес, мұның өзі қазақ халқының тарихи тағдыры көне замандарға жететіндігін аңғартады [20, с. 92]. Яғни, С.С.Черников қазақ халқының автохтондығын археологиялық мағлұматтар негізінде дәлелдеді.

1953 жылы да басқа тарихи-мәдени кезеңдердің ескерткіштерімен қатар аталмыш экспедиция ерте темір дәуірі обаларын да зерттеді. Дәлірек айтсақ, осы жылы Мало-Красноярка, Пчела, Тұсқайың, Славянка елді мекендерінің маңынан бірнеше оба қазылады. Славянка деревнясы жанындағы қорым б.з.б. III ғасыр шебіне, Пчела мен Тұсқайың кенттері маңындағы обалар б.з.б. III-I ғасырларға жатқызылған. Соңғы археологиялық нысандар жерлеу ғұрпы мен қыш ыдыстар тұрпатына қарағанда құлажорға мәдениетіне жатады. С.С.Черников пікірінше бұл обаларда қытай жылнамаларында кездесетін у-ге тайпасының өкілдері жерленген [21, 17-18].

1956 жылы Құлажорға мен Усть-Буконь ауылдары төңірегіндегі қорымдарда ШҚАЭ бұрынғы жылдары жүргізілген жұмыстары қайта жандандырылады. 1949 жылғы Құлажорға қорымының толыққанды зерттелмей қалған нысандарында зерттеулер жалғасып, тағы да 18 оба аршылады. Алынған материалдар 1948-1955 жылдардағы өзге қорымдардағы (Славянка, Қызылту, т.б.) б.з.б. III-I ғасырларға жататын мәдениетке ұқсас еді. Есесіне, 54 обадан тұратын Усть-Буконь қорымынан бірегей материалдар алынады. Бұл қорымды ШҚАЭ мүшелері 1947 жылы кездестірген болатын. Сыртқы құрылысына карағанда қорым Ертіс алабындағы басқа қорымдардан бірден ерекшеленеді. Аршып алынған заттар мен бұйымдар, оба құрылысы С.С.Черниковқа қорымды б.з.б. V-IV ғасырлармен мерзімдеуге мүмкіндік берді [22, с. 103-104]. Ғалым мұнда Шілікті алқабында жерленген көсемдер басқарған, осында тіршілік еткен тайпалар өкілдері өмір сүрген деп қорытынды жасады. Шіліктідегі бесінші обаны 1960 жылы ШҚАЭ С.С.Черников жетекшілігімен қазады. Ең бірінші кезекте табылған төлкелі, ассиметриялы-ромбылық жебе ұштарын кезінде ғалымдар (П.Рау, Б.Н. Граков, П.Д. Либеров, А.А. Иессен, Т. Сулимирский, К.Ф. Смирнов, т.б.) б.з.б. VII ғасыр мен б.з.б. VI ғасыр бас кезіне жатқызған еді. Мұндай жебе ұштары Алтай, Енисей орта ағысы, Орал, Қара теңіз жағалауы, Кавказ, Орта Азия, Балқан, Алдыңғы Азия, т.б. өңірлерден табылған болатын. С.С.Черников шіліктілік жебе ұштарының бұл аймақтардағы үлгілерін талдап, бесінші обаны б.з.б. VIII-VI ғасырлармен мерзімдейді [23]. Сөйтіп, ұзақ жылдар бойы Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының далалық ізденістері республиканың шығыс өңірінде нәтижелі жұмыстар жүргізіп, отандық археология тарихнамасына сүбелі үлес қосты деуге болады.

Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін және одан кейінгі жылдары А.Н.Бернштам басқарған археологиялық экспедициялар (Жетісу, Оңтүстік Қазақстан) ежелгі және орта ғасырлардағы ескерткіштерді, соның ішінде ерте темір дәуіріне жататын археологиялық нысандарды көптеп тауып, ғылыми айналымға енгізгені белгілі. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан аумағында археологиялық нысандарды, тіпті археологиялық мәдениеттерді

(отырар, т.б.) бөліп көрсетуде А.Н.Бернштамның еңбегі зор еді. Онымен бірге Г.И.Пацевич, Е.И.Агеева, А.Г.Максимова, Г.А.Кушаев, С.С.Сорокин, К.А.Ақышев, И.И.Копылов, т.б. жас археологтар және ЛМУ тарих факультетінің студенттері (Ю.А.Заднепровский, Г.Г.Бабанская, Н.С.Куликова) әр жылдары жұмыс істегендігін, нәтижесінде қазақстандық археология мектебінің қалыптасуына А.Н.Бернштамның да өзіндік үлесі бар екендігін айта кету керек. Жетісу археологиялық экспедициясы құрамында академик Н.Я.Марр атындағы КСРО ҒА Материалдық мәдениет тарихы институтының, КСРО ҒА Қазақстан филалы, Қырғыз КСР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы Ғылым комитеті, Қазақ КСР ХКК жанындағы қорықтар басқармасы, Мемлекеттік Эрмитаж, Қырғыз педагогикалық институты секілді белді мекемелердің қызметкерлері жұмыс істеді. Экспедиция жетекшісінің маңызды жұмыстарының бірі 1938 жылы Жамбыл (Тараз) қаласында Қазақстан оңтүстік өңірін зерттейтін жанында археологиялық музейі бар Археологиялық пункт ұйымдастыруға қолқабыс тигізуі деуге болады. Оны ұзақ жылдар Г.И.Пацевич басқарып, көптеген ескерткіштер анықтағандығы белгілі [24].

Жетісу археологиялық экспедициясын басқарып жүрген кезінде ол көне дәуірлердің бірқатар ескерткіштерін ашып, оларды «Алматы ауданының өткені» секілді еңбегінде баяндап өтті [25]. Онда автор Алматы қаласы аумағы (Тастақ, Ақсай, Малая станица, Түрксиб демалыс үйі, Каменское плато, т.б.) мен онымен іргелес аймақтардағы елді мекендер (Қаскелең, Шамалған, Қарғалы, Ұзынағаш, Талғар, Есік, Түрген, т.б.) тоңірегінде табылған сақ және усунь ескерткіштерінің негізгі келбетін сипаттап берді. Нәтижесінде А.Н.Бернштам Алматы өңірінде тіршілік үздіксіз дами бергендігін толымды түрде айқындап шықты.

Сондай-ақ 1933-1940 жылдардағы Қырғызстан мен Қазақстан аумағында, соның ішінде Талас, Шу және Іле өзендері аралығында барлау жұмыстарын жүргізген Жетісу археологиялық экспедициясы қола дәуірінен бастап ХІХ ғасырға дейін жататын жүздеген ескерткіштер орнын анықтады. Олардың арасында гүн тайпаларының шығысқа қарай

жылжығанын айғақтайтын Кеңкол (Кенкөл) қорымы (негізгі аумағы Қырғызстан), т.б. ескерткіштер бар еді. А.Н.Бернштам Жетісу сақ мәдениетін жергілікті қола дәуірінен таратып, оның усунь мәдениетімен жалғасып жатқандығын айқындап берді. Ғалым бастапқы жылдары барлау жұмыстарымен айналысса, кейіннен стационарлық жұмыстарға көшеді. Мәселен 1939 жылы Жамбыл облысындағы Берікқара қорымынан (б.з.б. III ғасыр – б.з.ІІ ғасыры аралығы) 31 обаны аршыды. Мұнымен бірге Жұмабайтөбеден осы қорымдарды қалдырған тұрғындардың қонысын да анықтады [26, с. 43]. Сонымен қатар А.Н.Бернштам қола дәуірінің Қарғалы-1, Ұзынағаш және ерте темір дәуірінің Қарашоқы, Қарғалы-2 (Іле бойы), Шу, Нарын (Тянь-Шань) қорымдарын да зерттеді [27, с. 111-112]. Жекелеген обалардан (Берікқара қорымы) алынған материалдарды ғылыми талдаудан өткізіп, ескерткіштер хронологиясын анықтады [28].

Екінші дүниежүзілік соғыстан соң А.Н.Бернштам Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институтының күшімен негізгі тарихи мақсаты кангюй проблемасын шешу болған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясын (1947-1956 жылдарда жұмыс істеген) ұйымдастырды. Бұл экспедиция стационарлық жұмыстарға кейіннен бірнеше отрядтар шығарды. Оларды Е.И.Агеева (бастапқыда экспедиция басшысының орынбасары), А.Г.Максимова сынды археологтар басқарып отырды. Алғашқы жылы (1947 жылы) экспедиция Қаратау сілемдерінде, Сырдария өзенінің оң жағалауында барлау жұмыстарын жүргізіп, қала мәдениетінің жарқын көріністерімен бірге ерте темір дәуіріне жататын сан алуан бұйымдар топтамасын жинастырды [29]. Далалық ізденістерді Е.И.Агеева, Л.Маловицкая сынды археологтар біршама қорытып кеткенімен, кангюйлерге қатысты негізгі теориялық-методологиялық сауал А.Н.Бернштам тарапынан оның «Оңтүстік Қазақстан ежелгі тарихы мен этногенезінің проблемалары» атты іргелі мақаласында көтерілді. Автор 1947 жылғы археологиялық ізденістерге тоқталып, Сырдария мен Қаратау аймағында тіршілік еткен ежелгі тайпалардың қазақ этногенезіндегі орнына қатысты тың ойлар атты. Ол кангюйлер түрік тілді болғандығын жан-жақты дәлелдеп берді. Кангюйлер қазақ халқының құрамындағы қаңлы тайпасы екендігін дәлелдеді.

Айта кететін бір жайт, А.Н.Бернштаммен бірге ғылыми ізденістермен айналысқан Г.И.Пацевич те ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеуге өзіндік үлесін қосқан ғалым. Оның ғылыми еңбектері Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тарих, археология мен сәулет өнері мәселелеріне арналған. Әйтсе де, ізденістерінің хронологиялық ауқымы темір дәуірінен басталады. Дәуірге қатысты және оған жататын ескерткіштерді зерделеген ғалымның бірқатар еңбектерінде негізінен Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі заттай мәдениет тарихы сөз болады. Бұл кезеңмен айналысуына жоғарыда аталған Жетісу археологиялық экспедиция мүшелерінің ғылыми бағыттары мен жаңадан ашылған археологиялық пункт жұмыс спецификасы да әсер етсе керек. Г.И.Пацевич өзінің екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жариялаған «1939 жылғы Оңтүстік Қазақстан облысы Жуалы ауданындағы археологиялық барлау есебі» атты мақаласында Жуалы өңірінде жүргізілген жұмыстардың кейбір қорытындыларын түйіндеді [30]. Барлау Күйік, Үлкенсай, Боралдай, Қаратау, Құлантау жоталарында, Теріс, Қошқарата өзендері бойында жүргізіледі. Жуалы ауданы аумағынан ол тізбектелген бірнеше обалық қорымдарды, екі төрткүлді ұшырастыра алды. Шындығына келгенде, Г.И.Пацевич мұнда кездесетін ескерткіштерге материалдық жағдайға байланысты қазба жұмыстарын жүргізе алған жоқ. Ғалым 1938-1939 жылдардағы Қаратаудың солтүстік беткейіндегі, Берікқара шаткалындағы материалдарға қарап, мұндағы обалық ескерткіштерді әріптесі А.Н.Бернштамның ізімен сарматтар дәуіріне (б.з.б. III ғасыр – б.з. I-II ғасырлары) жатқызады [31, с. 92]. Бірақ, алынған мағлұматтар Г.И. Пацевич мұндағы ескерткіштерді қалдырған тайпалар дәл сарматтар екендігін айтпайды, оның ойынша бұл өңірде қыста Билікөлде тіршілік еткен басқа тайпалар өмір сүрген. Зерттеуші ескерткіштердің нақты мерзімін көрсетпегенмен, Берікқара тобындағы ескерткіштердің уақытына сай келуі мүмкін деп жорамал жасады.

Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының жұмыстарына басшылық жасаған Е.И.Агеева қала мәдениетіне, соның ішінде маңызды дереккөзі болып табылатын қыш

ыдыстарға ерекше мән берді. Ол кангюй заманындағы бірқатар ескерткіштерден алынған қыш ыдыстарын талдап, өңірдегі мәдени дамуды айшықтады және 1947-1951 жылдар аралығындағы осы экспедиция зерттеулерін бір ізге түсірді [32]. Оны усунь мәдениетін зерделеуге мол үлес қосып, Жетісу жеріндегі бірнеше қорымдарда зерттеулер жүргізеді де, усуньдерді қазақ халқының арғы ата-бабаларының бірі ретінде таниды. Археолог өз кезегінде усунь заманындағы сан алуан керамикалық материалдарды талдаудан өткізеді де, усуньдер қолданған кейбір қыш ыдыстар кейінгі уақыттарда аздаған өзгешеліктерге ұшырағанымен негізгі тұрпатын сақтап қалғандығын айтады. Нәтижесінде ғалым – усуньдер Батыс түрік қағандығы тұсында негізгі құрауыштардың (компонент) бірі болғандығын археологиялық дереккөздері арқылы нақты анықтады [33, с. 35-36]. Сондай-ақ, 1956 жылы Е.И.Агева Жетісу археологиялық экспедициясын басқарған кезде Алматы мен Талдықорған облыстарының археологиялық картасын жасап жүріп, қола дәуірінің де ескерткіштерін кездестірген. Барлау барысында 597 жаңа нысандар анықталған болатын. Бұл экспедицияның зерттеген археологиялық нысандары арасынан сақ заманына (Жуантөбе, т.б.), усунь дәуіріне жататындары да жеткілікті [34].

Өткен ғасырдың 50-60 жылдарында ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеу К.А.Ақышевтың да есімімен тығыз байланысты. Бұл археолог Жетісу, Іле және Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедицияларын басқарып, отандық археология тарихнамасына мол үлес қосты. Оның ғылыми ізденістері Іле аңғары мен Жетісу жерінде нәтижелі болды. Айталық, 1954 жылы Іле экспедициясы (құрамында отряд бастығы Г.А.Кушаев және Ф.Х.Арсланова, О.М.Грязнов, т.б. жұмыс істеді) Қапшағай бөгені салынатын аймақтан және Қаскелең, Талғар, Түрген, Құр, Үлкен Шілік өзендері сағасында орналасқан 10 қорымнан 49 оба қазды. Олар б.з.б. соңғы ғасырларға, б.з. алғашқы ғасырларына және ерте орта ғасырларға жатады. Табылған ескерткіштердің басым бөлігі усунь, қалғандары Түрік қағанаты уақытына жатады. К.А.Ақышев осы экспедиция жұмыстарымен қатар жүргізілген тың және тыңайған жерлерді зерттеген археологиялық экспедицияны да басқарды.

Мұндағы жұмыстар сол кездердегі Қарағанды және Көкшетау облыстарында жүргізілді. Қазба жұмыстарын сол кездері басқарған Ә.М.Оразбаев археологиялық барлау барысында қола ғасырына және ерте темір дәуіріне жататын 17 қорым мен қола дәуірінің үш қонысын тапты, төрт қорымнан (Боровое, Обалы, Бүйреккөл, Шағалалы) 23 қоршау қазды. Қола дәуіріне жататын Мәдениет-1 қонысына 6 жерден тікқазба (шурф) түсірді. Ал 1957 жылғы екінші маусымда Іле археологиялық экспедициясы Қапшағай ГЭС құрылысы аймағындағы 10 қорымнан 100 шақты оба мен менгир құрылыстарын аршыды [35]. Олардың арасында ерте темір дәуіріне жататын Бесшатыр, Алтынемел, т.б. зираттар бар еді [36]. 1958 жылы Іле археологиялық экспедициясы 10 пункттен 80 оба қазды. Бұлар да усунь және түрік кезеңдеріне жататын еді. Ал 1960 жылы бұл экспедиция Іле аңғарындағы ескерткіштерді зерттеудің бесінші маусымына шығып, бұрынғы жұмыстарын жалғастырды. Бес жылдық маусымдық жұмыстарда Іле археологиялық экспедициясы 300-ден астам обалар қазды, олардың 40 шақтысы сак, 20 шақтысы түрік, ал қалғандары ежелгі усуньдерге жатады. Соңғы маусымда экспедиция мүшелері 4 пункттен 48 оба қазды, олардың арасында 5 сак (б.з.б. V-VI ғасырлар), 15 усунь (б.з.б. III ғасыр), 11 кейінгі усунь (б.з. III-V ғасырлар) және 17 түрік (VI-VIII ғасырлар) обалары болған еді. Бесшатыр қорымындағы үшінші оба, екі орташа оба (№8, 14) және екі шағын оба қазылып, алынған материалдар мен күрделі архитектуралық құрылыстар көпшіліктің зор қызығушылығын туғызды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін құрылған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының да ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеудегі рөлі жоғары. Оның құрамында болған әрі ұзақ жылдар отряд басқарған, кейіннен экспедицияның өзін басқарған М.Қ.Қадырбаевтың да ғылыми мұрасы ежелгі Қазақстан тарихының тарихнамасымен айналысушылар үшін өте қызықты дүние болып табылады. Бұл ғалым қола ғасыры мен ерте темір дәуірі ескерткіштерін көбіне осы экспедиция құрамында жүріп зерттеген. Экспедиция отрядын басқарған М.Қ.Қадырбаев бірнеше маусым Тасмола-1-3, 5-6, Нұрманбет-1-2, 4, Ботақара, Ақбұлақ-1-2, Қарамұрын-1-2 секілді қорымдарды зерттей келе ғылымға «тасмола мәдениетін»

енгізген. Оны кейбір әдебиеттерде сыртқы құрылыс ерекшелігіне қарай «мұртты обалар» деп те атайды. Оған қатысты мол әдеби қор шоғырланған [37]. Ғалымның ғылыми мұрасы бірқатар ізденістерде көтерілген.

1958 жылы Қазақ КСР ҒА Президумының шешімімен Бұқтарма экспедициясы ұйымдастырылды. Оны Ә.М.Оразбаев басқарды. Отрядқа А.Кусургашева жетекшілік етті. Экспедиция Шығыс Қазақстан облысындағы Күршім, Больше-Нарым, Ұлан аудандарында зерттеу жүргізіп, ерте көшпенділер мен қола дәуірі тайпаларының 50 шақты обалары мен қоршауларын аршыды [38, с. 71]. Зерттеу барысында б.з.б. IV-II ғасырларға жататын Көкжар қорымы анықталды. Сонымен қатар б.з. I-III ғасырларына жататын жетісулық усунь ескерткіштеріндегідей материалдар алынды.

Өткен ғасырдың 50-60 жылдары С.П.Толстов басқарған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы да үлкен жұмыстар атқарды. Бұл экспедиция мүшелері (Итина, Виноградов, Левина, т.б.) көне дәуір нысандарын, соның ішінде сақ және кангюй уақытындағы бірқатар ескерткіштерді зерттеп, ғылымға бірқатар мәдениеттерді (шірік-рабат, т.б.) енгізген болатын [39]. Экспедиция құрамында ұзақ жылдар бойы жұмыс жасаған қазақстандық археологтардың бірі Т.Н.Сенигова болып табылады. Отандық тарихнамада Т.Н.Сенигова ортағасырлық тарихтың маманы ретінде танымал болғанымен, оның көне дәуірлерді қамтыған бірқатар еңбектері де бар. Олардың көпшілігі XX ғасыр екінші жартысында Қазақстан аумағында соны зерттеулер жүргізген Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының (ХАЭЭ) жұмыстарына тарихнамалық шолу жасауға арналған. Аталмыш экспедицияны Орталық Азия байырғы тарихының білгірі С.П.Толстов (1907-1976) басқарған болатын. Экспедиция жұмыстарына КСРО ҒА Этнография институты, Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институты (1947 жылдан бастап), Қарақалпақ педагогикалық институты сынды ғылыми-зерттеу мекемелері араласқан. Кіші ғылыми қызметкер Т.Н.Сенигова ХАЭЭ жұмыстарына араласып, республика аймағында жүргізілген зерттеулердің қорытындыларын алғашқыда «Хорезм экспедициясы және оның Қазақстан аумағындағы зерттеулері»

деген мақаласында жариялады [40]. Онда 1948 жылы қазылған Жетіасар шатқалындағы Сырдария өңіріндегі көне қалалардың (Алтынасар) материалдары бойынша алдын-ала Т.Н.Сенигова мынадай археологиялық-тарихи қорытындылар жасады: жергілікті жетіасар типі көне замандардағы қазақстандық мәдени дәстүрдің жалғастығын, өзара тоғысын және сақталуын көрсетеді [41, с. 64-65]. Шындығына келгенде, ХАЭЭ зерттеулері Сырдария өңіріндегі ерте темір дәуірі мен ерте орта ғасырлардағы тың мағлұматтардың ғылыми айналымға енуіне жол ашқан болатын. Мұны кейінгі жылдардағы зерттеулер де көрсетіп берген еді.

Келесі жылы Жетіасар №3 – Алтынасар қалашығында қазба жұмыстары жалғасады. Көптеген тұрмыстық-шаруашылық бұйымдармен қатар мал сүйектерінен басқа балықтың да қылтанақтары алынады. Т.Н.Сенигованың ойынша шаруашылықтардың осы салалары және түрлі қыш ыдыстар сырдариялық тохарлардың бет-бейнесін нақты көрсетеді. Ол сырдариялық тохарлардың жергілікті тамыры б.з.б. II ғасырға кететіндігін айтып, басқа өңірлердегі қарым-қатынастарды Арал төңірегіндегі мәдениеттермен байланыстырсақ бірқатар сауалдарды шешуге болатындығын жазады [42]. Бұл мәселеге ол кейіннен «Алтын-Асар қаласындағы қазба жұмыстары» деп аталатын мақаласында қайта оралды. Онда автор Орта Азия мен Қазақстан аумағын байырғы уақытта мекендеген массагет, сақ, усуньдердің тарихы орта-азиялық халықтардың ата-бабасының тарихы дейді. Экспедиция отрядтары тохар тайпаларының ескерткіштерін тек Қуаңдариядан ғана емес, Сырдарияның орта ағысынан да тапқандығын айтып, мұндағы ескерткіштерді Жетіасар кешені деп көрсетеді [43]. Кейіннен бұл кешен ғылыми айналымға қаңлылардың Жетіасар мәдениеті деп енгені белгілі. Аталмыш археологиялық мәдениеттің ғылыми айналымға енуіне әлі де біраз уақыт бар еді.

Ол Қазақстан тарихының көне кездерінің үрдістерін зерделеген ХАЭЭ тапқан материалдарды, тарих ғылымына қосылған қомақты үлес деп ерекше бағалайды. Кейіннен Т.Н.Сенигова осы экспедиция материалдарының негізінде «Алтын-Асар қаласының керамикасы. 1946-1951 жылдардағы Хорезм экспедициясының материалдары негізінде құрылған

хронологиялық кезеңдестіру тәжірибесі» атты тақырыптағы кандидаттық диссертациясын жазып шықты [44]. Онда Сырдария бойындағы қыш ыдыстардың техникалық ерекшеліктері жайында сөз қозғалды. Сармат тайпаларының Көрпобай және Қараоба қорымдарындағы обаларды да Т.Н.Сенигова осы маусымдарда қазады. Бір айта кететін жайт, алғашқы қорымда 1899 жылы Мәскеу университетінің профессоры Харузин, 1948-1952 жылдары Саратов университетінің экспедициясы (жетекшісі И.В.Синицын) қазба жұмыстарын жүргізген болатын. Т.Н.Сенигова бұл ғалымдар қазбаған 8 обаны аршып, Батыс Қазақстандық аталмыш обалардың хронологиялық кезеңін екіге бөліп көрсетеді: біріншісі б.з.б. III-I ғасырларға жатады (Көрпобай -1-7; Қараоба -1-3, 5-11); екіншісі (Көрпобай-6, 8) б.з. I-III ғасырларымен мерзімделінеді. Автордың ойынша екі хронологиялық кезеңдегі заттай мәдениеттің ұқсастығы мұндағы мәдениеттің үздіксіз дамығандығын аңғартады.

Т.Н.Сенигова қазба жұмыстарын жүргізген ерте темір дәуіріне жататын ескерткіштердің бірі Ақтөбе қонысы Оңтүстік Қазақстандағы ортағасырлық Баба-ата қаласынан 7 км солтүстік-батыста қарай жатыр. Қазба жұмыстарына дейін ол 50 м-дей, биіктігі 3 м-дей төбешік еді. Қоныста екі қайтара құрылыс жүргізілгендігін едендегі мәдени деңгей нақты байқатты. Жүйелі жұмыстар барысында бірнеше баспаналар орнын аршып, сан алуан шаруашылық-тұрмыстық заттарды тапқан Т.Н.Сенигова мынадай қорытынды жасады: аршылған төбе Оңтүстік Қазақстандағы ең ерте кездегі ескерткіштер қатарына жатады, мұндай бекініс Ферғанадағы мархамат кезеңіне (б.з.б. III ғ. – б.з. III-IV ғ.) тән. Усадьба жоспары Хорезм, Шірік-рабат (б.з.б. IV-II ғасырлар) ескерткіштеріне ұқсас. Тастан, балшықтан, сүйектен жасалған бұйымдардың көпшілігі б.з.б. III ғ. мен б.з. III ғ. аралығындағы археологиялық нысандардан алынған заттармен бірдей [45].

Т.Н.Сенигова 1950-жылдар ортасында Қостанай археологиялық экспедициясының (жетекшісі Г.И.Пацевич) құрамында отряд басшысы болып жұмыс істеді. Мұнда Г.И.Пацевичпен бірге игерілетін тың және тыңайған жерлерді археологиялық тұрғыдан зерттеді. Экспедиция картаға 88 археологиялық нысанды түсіріп, облыс жерінен 32 оба қазды. Ең маңызды

ескерткіштер Таранов, Пешков аудандарының аумақтарынан қазылып, қола дәуірінен бастап кейінгі орта ғасырлар уақытымен мерзімделді [46]. Алынған материалдар Қазақстанның солтүстік өңіріндегі, оның ішінде Тобыл бойындағы археологиялық мәдениеттер проблемаларын қарастыруға мол мүмкіндік туғызды.

XX ғасыр 50-жылдары ортасында Абай атындағы Алматы мемлекеттік пединститутының оқытушысы И.И.Копылов басқарған экспедиция Алексеевка кенті маңында, Қапшағай қойнауында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, бірқатар патша обаларын аршыды. Бұл ғалым Қазақстандағы сақ мәдениеті бойынша алғашқылардың бірі болып кандидаттық диссертация қорғаған археолог [47]. Ол белгілі ғалым А.Н.Бернштам басқарған археологиялық экспедицияларға және өзге де экспедиция жұмыстарына қатысып, үлкен ғылыми мектептен өткен еді. И.И.Копылов ізденістерінің нәтижесінде Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде көне мәдениеттер ғылыми саралаудан өтіп, тарихи даму екшеленді.

Ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеуге мол үлес қосқан ғалымдардың бірі А.Г.Максимова Жетісу археологиялық экспедициясының (жетекшісі К.А.Ақышев) Талас отрядын басқарып жүріп, Жамбыл облысындағы Ақшолақ стансасынан 12 км оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан Қараша-2 қорымынан (обалардың басым бөлігі усуньдердікі) сактар заманына жататын үш обаны зерттейді. Қорымдағы №4, 8, 21 обалардың құрылысын, аршып алынған материалдарын сипаттай келе оларды А.Г.Максимова б.з.б. YI-Y ғасырларға жатқызады. Археолог мұндағы кейбір ескерткіштерді Шідерті, Алаккөл қорымдарын зерттеген ғалымдардың (М.Қ.Қадырбаев, Г.А.Кушаев, т.б.) жасаған хронологиясына лайық деп тапты [48, с. 144].

Өз кезегінде А.Г.Максимова ерте темір дәуірінің екінші кезеңінде өмір сүрген көптеген тайпалар мен халықтардың тарихы мен заттай мәдениеті туралы аз зерттеулер жүргізген жоқ. Ол әсіресе ұзақ жылдар бойы қаңлы (кангюй), үйсін (усунь) секілді этностардың ескерткіштерін зерттеп, бұларға қатысты ғылыми айналымдағы соны проблемаларды қаузады. Оңтүстік Қазақстан жерінде өткен ғасырдың 60-жылдарында

салынған Шардара су қоймасы аумағында бөген салынбас бұрын жүйелі түрде археологиялық жұмыстар (1959 ж. басталып, Шардара археологиялық экспедициясы ұйымдастырылған) жүргізілді. Оның қорытындысы арасында А.Г.Максимова бар бір топ авторлардың «Шарадараның көне тарихы» атты ғылыми жинақта жарыққа шықты [49]. Онда авторлар Ақтөбе, Төребайтұмсық, т.б. көптеген ескерткіштердің сипаттамасын жасап, алынған заттарды ғылыми өңдеуден өткізген еді.

Бұған дейін А.Г.Максимова өткен ғасырдың 50-жылдары бірқатар экспедициялардың құрамында усуньдердің көптеген ескерткіштерін зерттеген-ді. Оның отряды 1956 жылы Жетісу экспедициясы құрамында жүріп жүріп көне замандарға жататын 141 оба қазса, 1954 жылы ғана Іле археологиялық экспедициясы құрамында 32 оба қазған еді [50, с. 115; 51]. Кейіннен ескерткіштер саны едәуір арта түскендігі белгілі. Мәселен, А.Г.Максимова 1956 жылы Алматы облысындағы Шелек ауданы аумағынан усуньдердің Жуантөбе, Жуантөбе-2, Бетағаш, т.б. қорымдарынан 58 оба зерттеген болатын [52]. Ал 1963-1968 жылдары Жетісу археологиялық экспедициясының отрядын басқарып жүрген кезінде зерттеген Қараша-1-2 қорымдарынан ежелгі усуньдерге қатысты мол материалдар жинақтағандығы белгілі [53]. Жалпы алғанда, оның еңбектерінде ерте көшпенділер тарихы мен мәдениетінің сан алуан проблемалары көтерілді. Қысқаша қайырғанда, А.Г.Максимованы Қазақстан ерте темір дәуіріне мол үлес қосқан ғалым болып табылады.

Қазақстан ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеуге өзіндік үлесін қосқан ғалымдардың қатарына Ф.Арсланованы жатқызуға болады. Алғашқыда бірқатар археологиялық экспедиция құрамында (Іле, т.б.) жұмыс істеген Ф.Х.Арсланова 1960 жылдан бастап жеке-дара экспедиция отрядтарын басқара бастаған. Осы кезден бастап ол іргелі мақалаларын жариялай бастады. Айталық, 1960-1961 жылдары ол басқарған археологиялық отряд Павлодар облысы Лозов ауданыны Леонтьевка ауылынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан шағын қорымды түгелдей дерлік қазып шыққан. Бұл қорым Ертістің оң жағалауында, Павлодардан 70 км төмен жерде орналасқан. Қорым топырақпен үйілген он екі обадан тұрады. Оба үйінділері жоспары бойынша сопақша келген, диаметрі 8-30 м, биіктігі 0,3-1,2 м аралығында.

Қорымнан түрлі дәуірлерге жататын тоғыз оба қазылған. Олардың №3, 5, 6, 7, 12 обалары б.з.б. ІҮ-ІІ ғасырларға. №1-2, 4, 11 обалары ІХ-ХІ ғасырларға жатады. Ерте кезеңге жататын бес обадан 20 мола аршылған [54, с. 77]. Алынған материалдарды Ф.Х.Арсланова терең ғылыми талдаудан өткізіп, іргелес өңірлердің (Обь бойы, Іле алқабы, Шығыс Қазақстан, т.б.) ескерткіштерінен табылған заттар кешенімен салыстырған. Оның ойынша, жерлеу ғұрпы мен аршып алынған заттар кешенінің алдыңғы уақыттағы материалдармен байланысы байқалады, яғни қола дәуіріне тән көне дәстүрлер жалғастығы, оттың тазалаушы күшіне сену, сонымен қатар молада қойдың бас сүйегін, аяқтарын, терісін қалдырып кету секілді ғұрыптар сақталған. Сонымен қатар қола дәуіріндегі тұрмыстық бұйымдар мен қару-жарақтардың тұрпатына ұқсас темір заттары көптеп табылған.

Бұл ескерткіштен кейін Ф.Х.Арсланова іле-шала Бобров қорымын да зерттеді [55]. Бобров-1 қорымынан №5, 8-9, 12, ал Бобров-2 қорымынан №1-9, 11, 13 обалары аршылады. Одан алынған материалдарды және Ертіс өңіріндегі Трофимов-1-2 қорымдарының материалдарын зерделеген ғалым: ҮІІ-ҮІІІ ғасырларға жататын обалар Алтай, Сібір өңірлеріндегі түрік ескерткіштеріне ұқсастау, ал ҮІІІ-ІХ ғасырларға жататын археологиялық нысандар кешені Шығыс Қазақстан, Хакасия және Тува территориясында жиірек ұшырасады деп түйіндейді. Ф.Х.Арсланова түркі заманында Павлодарлық Ертіс қорымдарындағы обалардағы ер адам қабірлеріне малдың көбіне бас сүйек пен аяқтары сынды жекелеген сүйектері қойылғандығына баса назар аударады [56, с. 110-111]. Мұндай жерлеу ғұрыптарының ерекшеліктері арқылы Ф.Х.Арсланова әрбір өңірде тіршілік еткен тайпалардың өзіндік этникалық айырмашылықтарын көрсетуге талпынды.

Осыдан кейін Ф.Х.Арсланова Өбе, Қараоба сынды бірқатар ескерткіштерді зерттеп, тың мағлұматтар ала бастайды. Алғашқы аталған археологиялық нысаннан қола дәуіріне жататын материалдардың шығуы ғалымның тікелей өзінің зерттеу нысандары ауқымын кеңейте түсті. Осы кездері ол қола дәуірінен бастап дамыған орта ғасырларға дейінгі ескерткіштер кешенін зерттеумен кеңінен шұғылдана

бастады. Оны ерте темір дәуірінде тіршілік еткен тайпалар мен халықтардың да мәдениеті қатты қызықтырған еді. Бұл кезеңдерді ғалымға біртұтастықта тану тән еді.

Негізінен алғанда, Ф.Х.Арсланованың Қазақстанда жүргізген белсенді ғылыми зерттеулерін екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Алғашқысына Өскемен педагогикалық университетінде қызмет етіп жүрген кезі кірсе, кейінгісіне Шығыс Қазақстан облыстық өлкетану музейінің шақыруымен 1980-1987 жылдары осы өңірде зерттеулер жүргізуін жатқызған жөн. Екіншісі ғалымның Ресейде тұрып, сонда ғылыми-педагогикалық жұмыстармен айналысуымен сипатталады. Бірақ, қай жерде жүрмесін Ф.Х.Арсланова Қазақстан археологиясының проблемаларын қарастырумен үнемі шұғылданып отырды, оның сауалдары зерттеушінің негізгі ізденістер аясын құрады. Әсіресе археологиялық мол мағлұматтарды Ф.Х.Арсланова 1964-1974 жылдары Өскемен педагогикалық институтында жұмыс істеп жүрген кезінде осы жоғары оқу орнының археологиялық экспедициясын басқарып жүрген кезінде жинастырды. Жыл сайын далалық практиканы мүмкіндігінше пайдаланған зерттеуші қола дәуірінен бастап дамыған орта ғасырларға дейінгі мерзімді қамтитын көптеген ескерткіштер ашып отырды. Олардың кейбірінде қазба жүргізсе, енді кейбіріне тек сипаттама жасаумен шектелді. Әрбір археологиялық барлау кезінде ондаған ескерткіштер ашып отырды. Айталық, 1965-1967 жылдары Өскемен педагогикалық институтының студенттерін археологиялық практикадан өткізу кезінде Ф.Х.Арсланова Предгорненск, Шемонаих және Тавр аудандарынан түрлі дәуірлерге жататын 23 қорымды тауып, бірқатарында қазба жұмыстарын жүргізеді [57, с. 43]. 1969 жылы Ұлан ауданы Ленинка ауылы маңынандағы Қызылтас қорымы ашылады (З.Самашев). 1972 жылы Ұлан ауданы Точки ауылы қасынан «мұртты» оба табылады [58, с. 117]. 1972-1973 жылдары Ленинка ауылы жанындағы Қызылтас-1 қорымының қола дәуірі қоршаулары қазылды. Асубұлақ кен орнынан кездейсоқ табылған қола дәуірінің бұйымдары ғылыми талдаудан өтті [59, с. 119]. Тізе берсе, мұндай зерттеулер ауқымы кеңейе түседі. Айта кететін бір жайт, Ф.Х.Арсланова экспедициясының белді мүшелерінің бірі Ленинка ауылы мектебінің сол кездегі

мұғалімі З.С.Самашев та болған еді. Ол бірнеше жыл Ф.Х.Арсланова басқарған археологиялық экспедиция құрамында жұмыс істеп, жартас суреттері жайында іргелі зерттеулер жүргізді.

Ерте темір дәуірі де әрдайым ғалымның назарында болды. Ондағы бірқатар проблемаларға қатысты өз ойын білдірді. Әсіресе «мұртты» обалар Ф.Х.Арсланованың зерттеу нысандарының бірі болған еді. Ғалымның оны зерделеуге арналған бірнеше мақалалары бар. 1965 жылы Шығыс Қазақстан Шемонаих ауданындағы Зевакино ауылы жанындағы түрлі дәуір ескерткіштерін қамтыған қорымнан төрт «мұртты» оба, 1969 жылы Ұлан ауданы Ленинка ауылы маңындағы Қызылтас қорымынан тағы да төрт «мұртты» оба, 1972 жылы осы аудан аумағындағы Точки ауылы жанынан бір «мұртты» оба тауып, оның бесеуінде қазба жұмыстарын жүргізген. Зевакино қорымынан екі оба, Ұлан ауданы жерінен үш оба қазылған [60, с. 116-117]. Қабірлерден алынған заттарға (қыш ыдыс, сүйек қапсырмалы құрылымы күрделі садақ, темір жебе ұштары, семсер, кісе белдік, әшекейлер) карап, зерттеуші ескерткіштерді б.з. III-Ү ғасырларына жатқызған [61, с. 28-29]. Сондай-ақ автор мұндай ескерткіштердің хронологиясын әлі де нақтылай түсу қажет екендігін ескертеді. Сайып келгенде, Ф.Х.Арсланова кезінде М.Қ.Қадырбаев ғылыми айналымға енгізген осы тасмола мәдениетінің немесе «мұртты» обалардың сол кездегі шығыстағы шекарасын белгіліп берген еді.

Әлемдік тарихнамада кеңінен танымыл болған өте құнды жәдігерлердің бірі ерте темір дәуіріндегі Есік обасындағы «Алтын адам» екендігі белгілі. Мұнда қазба жұмыстары 1969 жылы басталған болатын. Қазба жұмыстарына Б.Нұрмұханбетов басшылық етті. Мұндағы далалық қазба жұмыстарының өзіндік тарихы бар. Археологтар Б.Нұрмұханбетов пен А.Загороднийдің айтуынша: соңғысы бөлім лаборанты қызметінде жүріп, 1970 жылы 4 сәуірде К.А.Ақышевпен бірге осында келеді. Бұл кезде Есік обасына инженер-реставратор В.И.Садомсков, суретші Т.В.Воробьева, фотограф О.В.Медведев, ҚазМУ студенті Ә.К.Ақышев та келген болатын. Барлығы бірігіп қызу жұмысқа кірісіп кетеді. 6-сәуірде Тянь-Шань шыршасы бөренелерінен жасалған лақыт толық аршылады. 9-сәуірде жабын бөренелер

алынады. Жерлеу камерасының аршылуы жайында мән-жайды олар «Алтын адамға» жол» атты мақалаларында тәппіштеп сипаттап жазған [62]. Бұл археологтардың айтуынша: асықпай отырып қабірді аршыған кезде алғашқыда лақыттың батыс жағындағы көптеген қыш құмыралар анықталған. Одан кейін қыш ыдыстардан шығысқа қарай жатқан мүрденің бас сүйегі, онымен бірге алғашқы алтын бұйымдар шыға бастаған. Мүрде денесін мұқият тазалай бастаған кезде алтын тоғалар, қапсырмалар, мойнынан үш рет айналдырылған алқа, белінен белдік қапсырмалары шыққан. Келесі күні таң ата жұмыс қайта жалғасқан. Бұл күні қыштан, күмістен және ағаштан жасалған ыдыстар, бас киімнің алтын қалдықтары, ішінде қола айнасы бар боқша, алтын қаңылтырмен қапталған қамшы, саптары алтын сыммен көмкерілген темір семсер мен қанжар, алтын жүзіктер, т.б. алынады. Нәтижесінде төрт мыңнан астам алтын заттар, сердолик пен пастадан жасалған жиырма алты моншақ, отыз бір қыштан, күмістен, ағаштан дайындалған ыдыстар, күміс қасық, ағаш ожау алынған. Соңғысы авторлардың иікірінше, қазақтар қымыз сапырғанда қолданатын бұйымдарға өте ұқсас [63, с. 62-63]. Кейіннен «Алтын адамды» К.А.Ақышев бірнеше еңбектерінде талдап шығып, ғылыми анықтамасын жасады [64]. Оның бірегей туынды екендігін дәлелдеп, толымды түрде сипаттап берді. Осы киім үлгісіндегі әшекей бұйымдар жайы Ә.К.Ақышев [65] еңбегінде сараланған, онда автор күрделі дүниетанымдық жүйенің мәні мен мазмұнын ашты. Қазіргі таңда «Алтын адам» тек қана Қазақстан археологиясының ең жарқын ескерткіші ғана емес, сонымен қатар адамзат өркениетінен ойып тұрып орын алар жауһар іспеттес нысан да болып табылады.

1967 жылы Петропавл педагогикалық институты мен облыстық тарихи-өлкетану музейлерінің негізінде Г.Б.Зданович Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясын жасақтайды. 1974 жылдан бастап экспедиция құрамында ерте темір дәуірін зерттейтін отряд жұмыс істей бастайды. Оның жұмысы М.Қ.Хабдуллина есімімен тығыз байланысты. Бұл археолог 1967-1992 жылдар аралығында Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы анықтаған 300-ден астам обалық топтар мен жекелеген обалардың 250-ден астам обасын аршуға қатысты. Олардан алынған мағлұматтарды өзінің «Далалық Есіл

өңірі ерте темір дәуірінде» атты монографиясында жан-жақты сипаттап берді [66]. Зерттелген ескерткіштер арасынан Ақ-Тау каласы, Борки-1-2, Карлуга-1 қоныстары, Кеңөткел қорымдары мен қоныстары эталондық ескерткіштер қатарына енді. Сондай-ақ Кенес, Жаксы-Жаңғызтау, Бірлік, Явленка, Бектеңіз, Ступинка, Боғанаты, Ақшиат, Покровка, Саркара, Қарсақ, Қара-Оба, Ұлубай, Обалы, Шилі, т.б. ескерткіштер материалдары ғылыми талдаудан өтті. Автор тасмола мәдениетінің жергілікті нұскаларын анықтады.

Өткен ғасырдың 60-жылдары Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы қола ғасырымен бірге ерте темір дәуірінің ескерткіштерін де көптеп зерттеді. Мысалы, 1966 жылы экспедицияның обаларды зерттейтін отряды (жетекшісі М.Қ.Қадырбаев) Шет ауданындағы Талды өзенінің аңғарындағы Қызылқой, Қорғантас (Баянауыл маңы), Қараоба (Қарқаралы өңірі) қорымдарын зерттеді. Соңғы екеуінен «мұртты» обалар анықталды. Ал Ә.Х.Марғұлан қол астында жұмыс істеген Жезқазған отряды сақ заманына жататын патша обасын, бірнеше ұсақ обаларды қазды [67, с. 293-294]. М.Қ.Қадырбаев отряды осы кездері ерте темір дәуірін зерттеуде зор жетістіктерге қол жеткізді. 1967-1968 жылдары Балқаштың солтүстік-шығыс бөлігіндегі қорымдар зерттелінді. Олар Қотанемел-1, 3, Жалғызтау, Тесіктас-1-2 сынды қорымдар еді.

Бұл кездері төрт отряд шығарған Жетісу археологиялық экспедициясы (жетекшісі К.А.Ақышев) Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аумағында зерттеулер жүргізді. Экспедицияның отрядтары Кеген, Талас, Арыс өзендері алаптарында және Алакөл ойпатында барлау және қазба жұмыстарымен шұғылданды. Кеген отряды (жетекшісі К.А.Ақышев) Кетпен тауы маңындағы кейінгі усунь заманына төрт қорымнан 35 оба мен тас қоршаулар аршыды. Арыс бойынан орта ғасырлық қоныстар мен қалалар орны анықталған. Талас отряды (жетекшісі А.Г.Максимова) Ұзынбұлақ қойнауынан 25 оба, Қараша қойнауынан 23 оба, Қызыл-Қайнар қойнауынан обалардың екі тобын аршыған аршыған. Бұлардың тек бірен-сарандары ғана қола дәуіріне жататын еді. Қалғандары усунь заманымен мерзімделінеді. Шөлтөбе отряды орта ғасырлық қонысты зерттесе, Алакөл

отряды (жетекшісі Г.А.Кушаев) қола ғасыры ескерткіштерімен бірге Көксай, Арасан-2 сынды қорымдардың нысандарын қазған еді [68, с. 294-300]. Ал 1979 жылы Қазақстанның Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы ұйымдастырған Жетісу археологиялық экспедициясы 1979 жылы Кеген өзені алқабынан усунь заманына тән көптеген ескерткіштерді тапқан болатын [69, с. 439-440].

XX ғасырдың 60-80 жылдары Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының мүшелері (М.А.Итина, Н.Н.Вактурская, Л.М.Левина, т.б.) ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеуде біршама табыстарға қол жеткізді. Егер негізгі жұмыстарды қысқаша қайыра болсақ, онда М.А.Итина қола дәуіріне қатысты күрделі проблемаларды қозғаса, Л.М.Левина ерте темір дәуіріндегі мәдени кешендерді қарастыруда үлкен ғылыми жетістіктерге жетті деуге болады. Айталық, 1972 жылы Баланды қаласының жанындағы Сеңгірқаладан шірік-рабат типіндегі ыдыстар тапты [70, с. 449]. 1973-1984 жылдар аралығында Жетіасар-2, 12 қалаларын жүйелі түрде зерттеп, жетіасар мәдениетінің ғылыми орнын анықтады [71]. Алынған мағлұматтар ежелгі кангюйлердің мәдени-тарихи дамуын айғақтап берген еді.

Шамамен осы уақыттарда Қазақстанның батыс өңіріндегі ерте темір дәуірінің ескерткіштері де жүйелі түрде қарастырыла бастады. Мұнда Г.А.Кушаев, Б.Ф.Железчиков сынды ғалымдардың атқарған қызметтерінің рөлі жоғары екендігін олар туралы естеліктер де растайды [72; 73]. Мәселен, 1966 жылы Батыс Қазақстан аумағында КСРО ҒА Археология институты мен Орал педагогикалық институтының біріккен археологиялық экспедициясы жұмыс істеп, Орал мен Елек өзендері аралығын зерттеді. Барлау кезінде Жымпиты, Чапаев және Шыңғырлау аудандарынан 40 шақты оба топтары анықталынады. Шалқар көлі мен Лебедевка ауылы маңынан да қызықты қорымдар анықталды. Ашылған қорымдардың басым бөлігі савромат және сармат заманындағы ескерткіштері еді. 70-жылдардың екінші жартысында Орал педагогикалық институтының археологиялық экспедициясы Белогорка, Вишневая Балка, Көшім-1, Қособа, Базартөбе-1, Лебедевка, Мамай, Рыбный Сакрыл-1 секілді көптеген ескерткіштерді зерттеді. Экспедицияның Мамай

отрядын Г.А.Кушаев, Лебедевқа отрядын Б.Ф.Железчиков басқарған болатын. Мұндағы жоспарлы түрде жүргізілген іс-әрекеттер нәтижесінде сармат мәдениеттеріне жататын мол ақпараттар жинақталды.

Батыс Қазақстанда КСРО ҒА Археология институтының Волга-Оралархеологиялықэкспедициясы(жетекшісіЛ.Л.Галкин) да қатарынан бірнеше жыл жұмыс істеді. Бұл экспедицияның негізгі жұмыстары ортағасырлық қалаларда атқарылғанымен, кей жылдары ерте темір дәуірінің де ескерткіштерін зерттеді. Мысалы, экспедиция мүшелері 1978 жылы Маңғыстаудағы Сарыташ маңынан қола және ерте темір дәуірлеріне жататын обалар тобын анықтады [74]. Ал 1980 жылдардың алғашқы жартысында Маңғыстаудағы Бәйте қойнауынан ерте темір дәуірінің үш обалар тобын тапты. Мұндағы екі «патша» обасының жанынан 30-дан астам тас мүсіндер анықталған болатын [75]. Кейіннен Бәйте кешендері бірқатар мамандар тарапынан (Ольховский, т.б.) кеңінен ғылыми талдаудан өтті. 1990 жылдар бас кезінде Ресей Ғылым академиясы Археология институтының қызметкерлері (В.Ю.Зуев, Р.Б.Исмагил) Маңғыстаудан Бәйте типіндегі 40-тан астам ғұрыптық кешендер (Қонай, т.б.) тапқандығын мәлімдеді.

XX ғасырдың 70-жылдары Ертіс-Қарағанды каналының салынуына байланысты осы жоба бойынша археологиялық экспедиция ұйымдастырылды. Оның негізгі жұмыстарын М.Қ.Қадырбаев жүргізіп, қола ғасыры мен ерте темір дәуірінің бірқатар ескерткіштерін ашты. Мысалы, 1972 жылы Нұра өзенінің сол жағалауындағы Жыланды қорымынан ерте сақ заманына жататын екі қабір аршиды [76]. Қалғандары қола дәуірімен мерзімделінген еді.

1973-1974 жылдары М.Қ.Қадырбаев басқарған Қазақ КСР ҒА-ң Ақтөбе археологиялық экспедициясы Ақтөбе облысы өлкетану музейінің қызметкерлерімен бірге облыс аумағында Хлебодароский кеңшарының жерінде зерттеу жүргізді. 1974 жылы төрт жерде қазба жұмыстарын жүргізілген болатын. Ерте темір дәуіріне жататындары Сынтас және Бесоба секілді савроматтық-сарматтық обалар тобы, Қатынадыр сілемдеріндегі «мұртты» обалар топтары еді. Бұл қорымдардан сүйектен (қасық, т.б.), металдан жасалған сан алуан бұйымдар алынды [77].

1976 жылы Бесобаның соңғы бес обасы, Сынтастың екі обасы қазылды [78]. Алынған материалдар кешені (аршылған абыз әйел қабірі, т.б.) бірегейлігімен ерекшеленді. Ескерткіштердің біразы б.з.б. V ғасырмен мерзімделді. Сонымен қатар Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының М.Қ.Қадырбаев басқарған Ақтөбе отряды 1980 жылдары Мәртөк ауданындағы Нагорный қорымында зерттеулер жүргізді [79]. Бұл қорымнан да мол археологиялық деректеме алынды. Бұлармен қоса М.Қ.Қадырбаев Жалғызоба, Күміссай, Ор мен Елек өзендері аралығындағы Үсіп-1-2 қорымдарын зерттеді.

1970-1980 жылдары Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (жетекшісі К.А.Ақышев) ерте темір дәуірі ескерткіштерін де зерттеуге кеңінен ат салысты. Айталық, 1969-1972 жылдары экспедицияның Қаратау отряды (жетекшісі М.Қ.Қадырбаев) ежелгі дәуірге жататын жартастас суреттері мен обалы қорымдарды зерттеумен шұғылданды. Зерттеуге дейін Ақсүмбе мен Шолаққорған арасындағы телімде оншақты ғана қорымдық ескерткіштер тобы анықталса, отряд жұмысының барысында олардың саны әлденеше есе артты. Далалық ізденістер барысында 10 зираттан (Қызылжар, Сүйіндік-1-2, Қарақуыс, Құсшы, Қозмолдақ, т.б.) 65 оба қазылды. Алынған мағлұматтар кангюй заманы мен ерте орта ғасырлық кезеңдердің мәдениетінен хабардар еткен еді. Ал 1974 жылы осы экспедицияның обаларды зерттейтін отряды (жетекшісі Б.Нұрмұханбетов) Отырар жазирасы мен Арыс өзенінің төменгі сағасында зерттеулер жүргізді. Біздің заманымыздың алғашқы ғасырларына жататын жер бетіне пахса құрылысы бойынша соғылған тікбұрышты немесе сопақша тұрпаттағы сағана-тамнан «ванна тәрізді» жерлеу камералары Алтынтөбе мен Марданкүйіктен анықталған. Аршып алынған заттар арасында Ерте Хань (б.з.б. 205 жыл – б.з. 9 жылы) әулеті дәуіріне жататын жеті монета табылған. Үшеуінің беткі жағында салмағы көрсетілген. Табылған бұйымдар бойынша ескерткіштер I-IV ғасырлармен мерзімделген [80, с. 492]. Ал 1975 жылы экспедицияның бағдарлы-ізвестіру (маршрутно-поисковый) отряды (жетекшісі А.К.Ақышев) Қаратау сілемдерінің батысындағы Бесарық, Алтысу, Егізқора қойнауларында барлау жұмыстарын жүргізіп, неолиттік жұрт-орындарын, обалы қорымдар мен петроглифтер

шоғырын табады. Бесарықтан бірқатар қорымдар анықталған. Олардың арасында 80-нен астам обалар мен сақиналы қоршаулардан тұратын Қобыланды зираты ерекшеленеді. Және де Алтысу мен Егізқорадан Жетісудағы Бесшатыр қорымындағыдай «патша» обалары анықталған [81]. Осы жылы экспедицияның Бесарық отряды (жетекшісі С.М.Ақынжанов) Жанақорған ауданындағы Талап кеңшарының жеріндегі Бесарық маңындағы Тұрғанбай және Бүркітті қорымдарында қазба жұмыстарын жүргізді. Тұрғанбай қорымынан усунь заманына тән ескерткіштер анықталған. Бүркітті зиратынан ерте түрік кезеңіне тән «мұртты» обалар аршылған [82]. 1976 жылы экспедицияның обаларды зерттеумен шұғылданатын отряды Темір стансаның солтүстік жағында орналасқан Қырқескен қорымын зерттеп, 27 қабір аршыды. Олар б.з. II-IV ғасырларымен мерзімделген [83]. Аталмыш отряд 1977-1980 жылдары Көкмардан маңындағы некропольді зерттеп, оның Көкмардан қаласымен бір мезгілге, яғни III-IV ғасырларға жататындығын анықтап берді [84]. 1979 жылы экспедицияның Ойық тобы (жетекшісі А.К.Ақышев) Түркістан ауданындағы Ойық бөгені аумағында зерттеу жүргізіп, Дәуленбайтөбе зираты мен қонысынан б.з. I-III ғасырларына және III-IV ғасырларына жататын бұйымдар жинастырып алды [85]. Экспедицияның Отырар-құйрық отряды (жетекшісі К.М.Байпаков) 1980 жылдары Оңтүстік Қостөбе қаласында зерттеу жүргізіп, III-IV ғасырларға жататын тұрғын жайлар мен баспаналарды анықтады [86]. Сөйтіп, негізгі археологиялық ізденістері Отырар мен Отырар алқабында болған Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы ежелгі Қазақстан тарихын зерделеуге қомақты үлес қосты деуге болады. Әсіресе кангюй мәдениетіне қатысты мол мағлұмат жинақтады. Аталған экспедиция әлі күнге дейін К.М.Байпаков жетекшілігімен осы өңірде зерттеу жұмыстарын жалғастырып келеді. Кейінгі жылдары экспедиция мүшелері тарапынан Ұлттық Стратегиялық «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша бірқатар ескерткіштердің материалдары толықтырылды.

Ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеуге көп үлес қосқан археологиялық экспедициялардың бірі Шұлбі археологиялық экспедициясы болып табылады. Экспедиция басшылығы

(А.Г.Максимова, С.М.Ақынжанов) өз жұмыстарын кешенді түрде жолға қойып, адамзат тарихи дамуындағы әрбір мәдени-тарихи кезеңдер бойынша жоспарлы түрде зерттеумен шұғылданды. Жаңадан салынатын құрылыс орнында тас дәуірінен бастап кейінгі орта ғасырлар аралығына дейінгі ескерткіштер кешенін 1970 жылдар соңы мен 1980 жылдар бас кезінде зерделеген бұл экспедицияның отрядтарына тиесілі ізденістердің басым бөлігі ғылыми жинақта жарияланған [87]. Мұнда ерте темір дәуіріне жататын біршама археологиялық нысандардың (Құлажорға кешені) ерекшеліктері, мәдени-тарихи рөлі, алынған бұйымдардың жай-жапсары, ескерткіштер хронологиясы мен кезеңдестірілуі өрбітілген. Еліміздің шығыс өңірінде кешенді зерттеулерге қатарынан бірнеше жыл мұрындық болған аталмыш экспедицияның археология тарихнамасында рөлі зор болып қала бермек.

1980 жылдар ортасында Шымкент педагогикалық институтының археологиялық отряды (жетекшісі А.Н.Подушкин) облыс аумағындағы Алтынтөбе, Қаратөбе археологиялық кешендерін зерттегендігі белгілі. Қоныс пен қорымнан тұратын Алтынтөбе кешенінің алғашқы нысаны ерте орта ғасырларға жатса, кейінгісі (зираты) б.з. I-III ғасырларына жатады. Ал Сайрам ауданындағы Қаратөбе қонысында 1984 жылы қазба жұмыстары басталып, нәтижесінде IV ғасырларға жататын қыш ыдыстар алынған. Сайып келгенде, бұл археологиялық отряд пен Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы жұмысының 1990 жылдарға дейінгі негізгі қорытындылары К.М.Байпақов пен А.Н.Подушкин монографияларында баяндалған.

1985 жылдан бастап ҚазМУ археология және этнография кафедрасы жасақтаған Ә.М.Оразбаев жетекшілігіндегі экспедиция республиканың шығыс өңірлерінде зерттеу жұмыстарын бастады. Бұл жұмыстарды ұйымдастыруда Ә.М.Оразбаевтың рөлі зор болған еді. Ол 1976-1978 жылдары Шу ауданындағы Жетіжар-1 қорымын зерттеген. Қорымнан 70 оба анықталып, жоспары түсірілген. Қазылған обалар (№13, 21, 43, т. б.) материалдары бойынша қорымды Ә.М.Оразбаев б.з.б. V-III ғасырларға жатқызған. Сонымен қатар ол 1985-88 жылдары Шығыс Қазақстан, ал 1989-1990

жылдары Семей археологиялық экспедицияларын басқарып, энеолит, қола және ерте темір дәуірлерінің ескерткіштерін қазды. 1985 жылы археологиялық барлау жұмыстары кезінде Шығыс Қазақстан мен Семей облыстары (қазіргі таңда ШҚО – *авт.*) аумағынан қола және ерте темір дәуірлерінің ескерткіштері табылады. Шығыс Қазақстан облысының Больше-Нарым ауданындағы «Шығыс сакина» жолы бойында барлау жүргізіледі. Далалық ізденістер барысында Серебрянка қаласынан шығысқа қарай 60 км жерде жатқан ерте темір дәуірінің ескерткіштері анықталынады. Тавр ауданындағы қола дәуірінің Қойтас қорымынан обалар қазылады. Оны 1910 жылы В.И.Каменский ашып, біраз обаларында қазба жүргізсе, 1983 жылы Шүлбі экспедициясына тиесілі отрядтардың бірі зираттан екі қоршау қазған болатын. Ә.М.Оразбаев экспедициясы 124 оба-қоршаудан және қоршаудан тұратын зираттың жоспарын түсірді. 10 қоршауда қазба жүргізді. Сонымен қатар Ұлан ауданындағы 20 моладан тұратын Баймұрат қорымынан қола дәуірінің үш қоршауын және кейінгі уақытқа жататын бір оба аршыды. 1986 жылы 15 оба қазылған. Қатон-Қарағай ауданындағы Черновая-1, 3 қорымдарынан ерте темір дәуіріне жататын обалар аршылған. Мұндағы кейбір қабірлерде мүрде тас жәшікке, енді бірінде ағаш астау-табытқа қойылған. Бұған қарап, зерттеушілер ескерткіштерді темір дәуірінің ең ерте кезіне, яғни б.з.б. VIII-VI ғасырларға жатқызған. 1988 жылы Күршім, Марқакөл өңірлерінде жүргізіліп, ерте темір дәуірінің бұрын белгісіз болып келген 26 қорымы анықталған. Олардан 487 оба есепке алынған. Күршім ауданынан Сарыкөл-1-2, Бәйгетөбе-1-2, Түлкілі сынды қорымдар анықталған. Марқакөл ауданындағы Айор қорымы зерттелген обаларының (№1-4) материалдарына қарай б.з.б. VIII-V ғасырлармен мерзімделген. Есепке алынған Марқакөл ауданындағы қорымдар (Горное, Бестөбе, Архиповка, Қалжыр, Бала Қалжыр, Қараоба, Успенка, Бобровка) да мұндағы ерте темір дәуіріндегі тарихи дамудан хабардар етеді [88].

1985 жылы Челябинск мемлекеттік университетінің археологиялық экспедициясы Обь-Арал теңізі каналы құрылыс жобасы бойынша Торғай облысынан өтетін аумақтан Қарсақбас зиратын зерттеді. Ол қорым Ақшығанақ ауылынан оңтүстік-

батысқа қарай 15 км жерде. Барлығы 18 обадан тұрады. Қызықты материалдар (әшекейлер, т.б.) №2 обадан алынған. Бұлар бойынша ескерткіш б.з.б. VI ғасыр соңы мен б.з.б. V ғасыр бас кезімен мерзімделді.

1984 жылдан бастап қатарынан бірнеше жыл Ақтөбе тарихи өлкетану музейінің экспедициясын С.Ю.Гуцалов басқарды. Бұл экспедиция негізін М.Қ.Қадырбаев көмегін пайдаланып В.В.Радиононов құрған болатын. 1984-1985 жылдары С.Ю.Гуцалов басқарған топ Болғарка-1-2, Қызылжар, Жаман-Қарғалы-2 қорымдарын зерттеді. Музей қызметкерлері 1986 жылы Ақтөбе педагогикалық институтымен бірлесіп, оның археологиялық экспедиция ұйымдастыруына мүмкіндіктер жасады. Нәтижесінде, 1986-1993 жылдар аралығында Атпа-1-2, 4, Жаман-Қарғалы-1, Целинный-1, Шығыс Құрайлы-1, Танаберген-2, Ұрқаш-1 секілді көптеген ескерткіштерді зерттегендігі мәлім. Алынған мағлұматтар осы өңірге тән ерте темір дәуіріндегі тарихи үрдістерді жаңғыртуға мүмкіндік берді [89, с. 8-9].

1990 жылдардан бастап Қазақстан археологиясында жана кезең басталды. Бұл уақыттардан бастап бұрынғы идеологиялық қыспақтардан түгелдей ада болған отандық археологтар өз ізденістерінде ерте көшпенділер мәдениетіне шынайы баға бере бастады және заманауи талаптарға сай технологияларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына кеңінен енгізді. Сонда да болса қоғамда болып жатқан өзгерістер, экономикалық дағдарыс далалық ізденістердің кең қанат жаюына кедергі келтірген болатын. 1990 жылдар орта тұсынан бастап зерттеу ісіне қолайлы жағдай туындады. Мұны атқарылған далалық ізденістер аясы да растай түседі. Ендігі кезекте шетелдік әріптестермен (Ресей Федерациясы, Франция, Германия, Италия, т.б.) біріккен археологиялық экспедициялар жасакталына бастады. Олар тас дәуірінен бастап кейінгі орта ғасырларға дейінгі кезеңдерге жататын ескерткіштер кешенін зерттеді.

Ресейлік ғалымдар 1991 жылы Елек жағалауындағы Покровка-2 қорымында зерттеулер жүргізді [90]. Әйтсе де, мұндай біріккен экспедициялар ғылымға жаңа леп бергенімен, отандық археологтардың тәуелсіздік жылдарындағы ғылыми жұмыстары ерте темір дәуірі бойынша негізгі ізденістерді

құрайтындығын айта кеткен жөн. Мұны еліміз тәуелсіздігін жариялаған уақыттан бергі ізденістер де нақты көрсетіп отыр. Мәселен, 1990 жылдар бас кезінде Орал педагогикалық институтының археологиялық отряды зерттеулерін жалғастыра берді. 1992 жылы Тұңғыш ескерткіші, 1993 жылы Қарашығанак қорымы зерттелінген болатын [91].

Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының экспедициясы 1990 жылдар ортасында Қордай өңіріндегі 16 обадан тұратын Бетқайнар қорымында қазба жүргізіп, сак заманына жататын мол материалдар жинақтады [92]. Бұл қорымдағы жекелеген обалардан алынған кейбір бұйымдар Жетісу сактарының Грек-Бактрия әлемімен мәдени-экономикалық байланыс орнатқандығын нақты көрсетіп берді.

1989 жылдан бастап ҚазМУ археология және этнография кафедрасының археологиялық экспедициясы өз жұмыстарын бұрынғы Семей облысында жалғастырды. Осы кезде экспедиция мүшелері Ақсуат ауданында (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы) Ащылы-1, Ақтүбек-1 қорымдарынан ерте темір дәуірінің обаларын аршыды. Түйемойнақ тауының оңтүстігінде орналасқан Ащылы-1 қорымы алты обадан тұрады, олардың үшеуі (№3-5) қазылған. Алынған материалдары бойынша қорым б.з.б. VI-V ғасырлармен мерзімделінген. Ақтүбек қорымы осы зираттан батысқа қарай 8 км жерде. Ол 41 обадан тұрады. Арасынан қазылғандары төрт оба. Бұл қорымның материалдары жетісулық усуньдерге жақын болғандықтан, кешен б.з.б. III ғасыр мен б.з. III ғасыры аралығымен мерзімделген [93]. Сонымен қатар экспедиция кейбір мүшелері Тарбағатайдың солтүстік беткейлеріндегі Сынтас, Шалқақ, Сөк-2, Жыланды-2, Байғали-4 секілді қорымдардан шыққан бірлі-жарымды «мұртты» обалардың да кейіннен сипатамасын берді [94]. Бұлардың көпшілігі 1992-1995 жылдары Ақсуат, Жарма, Аякөз, Мақаншы, Абай аудандарынан ашылған ескерткіштер қатарында еді. 1996-1997 жылдары көне дәуір археологиясы тобы (жетекшісі Ә.Т.Төлеубаев, жауапты орындаушы Ғ.Қ.Омаров) Тарбағатай ауданы Көкжыра елді мекені маңында зерттеулер жүргізді. Алғашқы жылы Тұяқ ата қорымынан 5 қола дәуірі қоршауын, Ақсуат пионер лагері жанынан 1 ерте темір дәуірінің обасын аршыды. Келесі жылы

Көкжырадан 30 км оңтүстік-шығыста орналасқан Базар шаты қорымынан 4 оба, 4 қоршау қазылды. Базар шаты обалары ерте темір дәуіріне жатқызылған [95]. Жалпы алғанда, ҚазМУ ерте көшпенділерді зерттейтін археологиялық экспедициясы 1989-90, 1998 жылдары Тарбағатай теріскейіндегі Тебіске, Базар, Қарғыба өзендерінің алаптарынан усунь дәуіріне жататын 70-тен астам қорғандарды анықтады. Олардың арасынан Құлбабас қорғандар тобы табылған заттары бойынша ерекшеленеді [96].

1980 жылдар соңында республиканың батыс аудандарында тас дәуірінен бастап кейінгі ортағасырлық қала мәдениетін кешенді түрде зерттеген Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі З.С.Самашев) жұмыс істей бастады. Ондаған жылдар бойы экспедиция отрядтары ежелгі және ортағасырлық ескерткіштерді зерттеумен айналысып келеді. Осы аралықта тас, энеолит, қола және ерте темір дәуірлерінің ескерткіштері көптеп ашылған. 1990 жылдардан бері қарай зерттелген ескерткіштер саны арта түсті. Әлемдік тарихнама жаңа мәліметтермен толықты. Зерттелген бірегей археологиялық нысандар қатарына ерте темір дәуіріне жататын Бәйте типіндегі кешендерді, Аралтөбе, Дықылтас, Қызыл-Үйікті қосуға болады [97; 98; 99; 100]. Соңғы аталған ескерткіш Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша кейінгі жылдары кенінен қарастырылды. Осы кездерден басталған ғылыми ізденістер сармат мәдениеттеріне қатысты сүбелі ашылулар жасады. Дәлірек айтсақ, Аралтөбе ескерткішінен екінші «Алтын адам» аршып алынды [101].

1990 жылдар бас кезінде Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтында А.З.Бейсенов жетекшілігімен Сарыарқа археологиялық экспедициясының негізі қаланып, Орталық Қазақстанда жұмыс істей бастады. Бастапқыда, яғни 1988-1990 жылдары А.З.Бейсенов жеке топ құрып, бүлінген, жойылып кетуге шақ қалып тұрған Баянауыл ауданындағы ескерткіштерді зерттеумен шұғылданды. 1994-1997 жылдары қаражаттың жоқтығы салдарынан зерттеулер тоқтатылды. 1998 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Баянауыл, Қарқаралы өңірлерінен б.з.б. ҮІІ-І ғасырларға дейінгі уақытпен мерзімделген бірнеше ескерткіштер ашылып, осы өңірлердегі ерте темір дәуірі жайлы таным-түсініктер аясы толығына түсті [102]. Экспедиция

мүшелері зерттеген бірегей ескерткіштер қатарына 1990 жылдар орта тұсынан бастап қарастырылған Қорғантас типіндегі нысандар да жатады [103]. Сонымен қатар Сарыарқа археологиялық экспедициясының мүшелері ерте темір дәуіріндегі сак қоныстарын (Сарыбұйрат, Едірей-1, 3, Керегетас-2, Түйетас, Қызылсуыр-2, т.б.) және Павлодар облысындағы (Майкөбен-1-3, Бірлік, Сабындыкөл, Сати), Қарақаралы өңіріндегі (Едірей-3, Нүркен-2, Қабақши), Шет ауданындағы (Аксу-Аюлы-3), Ақтоғай жеріндегі (Беғазы, Беғазы-10, Қаратал-5) зираттарын зерделеп, ескерткіштер топографиясына, құрылысы мен жерлеу-ғұрыптық ерекшеліктеріне, қыш ыдыстарының сан алуан жайттарына назар аударды [104; 105; 106]. Алынған мағлұматтар кейінгі орта ғасырлар мен жаңа замандағы қазақтардың да сактарға ұқсас қыстаулар тұрғызғандығын аңғартты.

1994-2004 жылдар аралығында Қазақ-Америка археологиялық экспедициясы мүшелері (К. Чанг, К.М.Байпақов, т.б.) Жетісу жерінде ерте темір дәуірінің ескерткіштерін зерттеді. 1994-2000 жылдар аралығында Талғар шағын ауданынан ерте темір дәуірінің 40 шақты қоныстары ашылып, олардың бірқатарында радиокарбон мерзімдемесі (датировка) алынған болатын. Бұл қоныстарды адамдар ұзақ уақыт мекендегендігі, кейбірінде ерте ортағасырларлық кезеңде де тіршілік жанданып тұрғандығы анықталған болатын. Осы жылдар аралығында Түзусай, Цыганка-8, Талғар маңындағы кешендер, Талдыбұлақ ескерткіштері, т.б. қарастырылып, сак және усунь заманындағы археологиялық дереккөздері толығы түсті [107]. Кейінірек атқарылған жұмыстар қорытындысы К.М.Байпақовтың [108] «Жетісу мен Алматы аумағындағы сак пен үйсіндердің қоныстары» атты монографиясында жан-жақты баяндалды.

1990 жылдардың екінші жартысынан бастап Павлодар археологиялық экспедициясы (жетекшісі В.К.Мерц) да ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеуге ішінара үлес қосып келеді. Мәселен, экспедиция отрядтарының бірі Шідерті стансасының жанынан тасмола мәдениетіне жататын молаларды аршып, біршама бұйымдар алған. Материалдары бойынша шідертілік мола б.з.б. VIII-VII ғасырларға жатқызылған [109].

1998 жылдан бастап Шығыс Қазақстан өңіріндегі Берел қойнауында З.С.Самашев басқарған археологиялық экспедиция

жұмыс істей бастады. Бұл өңірде бірқатар ғалымдар (Радлов, т.б.) әр жылдары зерттеу жүргізгендігі белгілі. З.С.Самашев экспедициясының қазба жұмыстары барысында сақ көсемі жерленген астау-табыт, безендірілген жылқы, т.б. сан алуан құрал-саймандар алынған. Археологтардан басқа берелдік материалдарды түрлі сала мамандары (генетика, палинология, антропология, т.б.) ғылыми талдаудан өткізуге ат салысты. Нәтижесінде ерте темір дәуіріндегі тайпалар мен халықтардың өзіндік мәдениетіне сүбелі үлес қосылды. Берелдік материалдарға мол әдебиет арналған, бірнеше монографиялар, ондаған мақалалар жарияланған [110; 111; 112]. Экспедиция жұмыстарының негізгі қорытындыларының бірін Ғ.А.Базарбаева жасады. Ол 1998-2006 жылдары берелдік обалардан аршып алынған материалдарды ғылыми талдаудан өткізіп, ерте көшпенділердің өнеріндегі анималистік бейнелерді қарастырды [113]. 2004-2006 жылдар аралығында Берел қорымы Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында зерттелген. Бағдарлама ескерткіштерді жүйелі түрде зерттеуге кеңінен әсерін тигізді. Жаңадан бірнеше обалар аршылып, ғылыми ақпарат легі толығы түсті.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ұйымдастырған Есіл археологиялық экспедициясының (жетекшілері: бастапқыда К.А.Ақышев, кейіннен М.Қ.Хабдулина) 1998-2004 жылдардағы зерттеулері де нәтижелі болды. Экспедиция осы уақыттар аралығында Ақсу, Софиев, Тасқора, Қоянбай, Аққайрақты секілді бірқатар қорымдарды ашты. Бұл қорымдардағы «мұртты» обаларды А.Н.Свиридов [114] өз мақаласында сипаттап берді де, ескерткіштердің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталды. Тасқора және Тасқора-1 ескерткіштері 1998 жылы ашылды, ал 1999-2001 жылдары аталған нысандарда кең көлемде қазба жұмыстары жүргізілген. Қоныстардан шыққан материалдарды ғылыми талдаудан өткізген М.Қ.Хабдулина мұндағы керамика қола дәуірінің соңғы кезіндегі нұр-доңғал қышыдыстарымен генетикалық байланыста екендігін дәлелдеген [115, с. 198].

1998 жылы отандық археологтар барнауылдық әріптестерімен бірігіп, Қазақ-орыс археологиялық экспедициясын (жетекшілері З.Самашев, А.А.Тишкин) ұйымдастырып, 1998-2000 жылдары

Марқакөл өңіріндегі Былғары-табыты ауылы маңындағы Айнабұлақ-1-4, Жаңғызтөбе, Бәйгетөбе, Қопа-1, Былғары-табыты-1 секілді қола дәуірінен соңғы орта ғасырларға дейінгі мерзімді қамтитын қорымдарда зерттеу жүргізген [116]. Негізгі ізденістер қорытындысы «Жоғарғы Ертістегі Айнабұлақ археологиялық ескерткіштер кешендері (Шығыс Қазақстан)» деп аталатын монографияда жарияланды [117].

2000 жылдардан бері қарай ерте темір дәуіріне жататын көптеген жекелген обалар Қазақстанның түкпір-түкпірінен ашылды. Олардың ашылуында отандық археологиялық экспедициялар бұрынғыдай елеулі рөл атқарып қала берді. Солардың бірі ретінде Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты мен Павлодар мемлекеттік университетінің археологиялық орталығы жасақтаған экспедицияны атауға болады. Бұл экспедиция мүшелері (А.Бермағамбетов, Г.Т.Әмірғалина) 2003 жылы Павлодар облысы, Май ауданы, Қызыл Еңбек ауылы жанындағы қорымды зерттеген. Қызыл Еңбек қорымында 2001 жылы Павлодар облыстық өлкетану музейі мен ҚарМУ-ң бірлескен археологиялық экспедициясы қазба жүргізген болатын. 2003 жылғы маусымда қазылған обадан құнды материалдар (найза мен жебе ұштары, темір пышақ, дулыға мен сауыт қалдықтары, қола қазан, сүйек тарақ, темір үзеңгі, ағаш леген, антропоморфты пластина, т.б.) алынған [118]. Мамандар обаны б.з.б. V-VI ғасырлармен мерзімдейді.

2003-2004 жылдары Алматы кешенді археологиялық экспедициясына (жетекшісі К.М.Байпақов) тиесілі отряд (жетекшісі А.А.Горячев) Бұтақты-1 археологиялық кешенінде (1996 жылы анықталған) зерттеулер жүргізіп, ол орналасқан телімнің топографиялық жоспарын түсірді. Бұл қорымнан ерте темір дәуірі мен орта ғасырлар кезеңіне жататын 15 қабір анықталған. Сондай-ақ кешеннен сақ заманына жататын тұрақ аршылған [119, с. 49-51]. А.А.Горячев өз кезегінде 1996 жылы Жетісу археологиялық экспедициясы (Марьяшев, Горячев) ашқан Жетісудағы Түрген қойнауын бірнеше жылдар бойы зерттеп, ерте темір дәуіріне қатысты мол мағлұматтар жинастырған. Бұл зерттеуші осы маңдағы Қызылбұлақ-4 қорымынан (№1, 2 оба), Түрген-2 кешенінен (№1-6 обалар) аршып алынған заттарды сипаттап шыққан. Радикөміртекті зерттеудің

қорытындысы бойынша Түрген-2 археологиялық кешені б.з.б. III-I ғасырларға жатқызылған [120]. Айта кететін бір жайт, мұндағы бірқатар ескерткіштерді (Қызылбұлақ-1, т.б.) Қазақ-Америка археологиялық экспедициясы да зерттеген болатын. Алынған мәліметтер бұрынғы зерттеулер қатарын толықтырды. Түрген шатқалында 2008 жылы жұмыстар өз жалғасын тапты. Ендігі кезекте Түрген зиратының 2-тобындағы молалар зерттеу нысанына айналды [121].

2003 жылдан бастап ҚазҰУ археология және этнология кафедрасының археологиялық экспедициясы Зайсан өңіріндегі Шілікті алабында зерттеуін бастады. Қазіргі таңда ол Шілікті археологиялық экспедициясы (жетекшісі Ә.Т.Төлеубаев) деп аталынады. Алғашқы жылы экспедиция Бәйгетөбе обасында зерттеу жүргізді. Одан үшінші «Алтын адам» шыққандығы туралы айтылып та жүр [122]. Мамандардың айтуынша, Шілікті жазығында 200-дей үлкенді-кішілі обалар есепке алынған. Мұнда экспедиция мүшелерінің қажырлы еңбектерінің арқасында жүйелі түрде сақ заманының обалары зерттелініп келеді. Алынған материалдар ерте темір дәуіріндегі мемлекеттілік, жерлеу ғұрпы, заттық мәдениет, т.б. мәселелерді нақтылауға мол мүмкіндік беріп отыр. 2004 жылдан бастап Шілікті алқабы Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша зерттеліп келеді. Бұл өз кезегінде осындағы патша обаларын жан-жақты зерттеуге мол мүмкіндіктер жасап отыр.

Осы бағдарлама аясында зерттеліп келе жатқан ескерткіштер қатарына Сырдария өңіріндегі шірік-рабат мәдениетіне жататын археологиялық нысандар (Шірік-Рабат, Баланды, т.б.) да кіреді. Мұнда зерттеу жұмыстарын Шірік-Рабат археологиялық экспедициясы (жетекшісі Ж.Қ.Құрманқұлов) жүргізіп келеді. Қазіргі таңда алынған материалдар Сырдария өңірінің тұрғындары антикалық елдермен мәдени-экономикалық байланысқа кеңінен түскендігін нақты дәлелдеп отыр. Қазба барысында алынған мағлұматтар (грек тіліндегі жазулар, т.б.) ауқымы өте кең. Мұндағы кесенелер өзіндік сәулет өнерімен ерекшеленеді. Ескерткіштерден алтыннан, сүйектен, темірден жасалған бұйымдардың шығуы, керамика сынықтарының көптеп табылуы мұнда мәдениеті мен өнері жоғарғы қарқынмен дамыған тайпалар тіршілік еткендігін аңғартады [123].

Аталған бағдарламаға сай жергілікті билік өкілдері мен ғылыми мекемелердің басшылығы жүргізген оң саясаты бойынша, яғни солардың қаржыландыру нәтижесінде зерттелінген ескерткіштер де жеткілікті. Бұлардың қатарына енетін Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтының археологиялық экспедициясы (жетекшісі А.Н.Подушкин) Ордабасы ауданындағы Қылышжар қорымында зерттеулер жүргізіп, №1-4 обаларды аршыды. Жерлеу құрылыстары мен табылған бұйымдарына қарап, мамандар ескерткішті б.з.б. III-I ғасырлармен мерзімдеген және де бұлар кангюй тайпаларына тиесілі [124].

Сондай-ақ Алматы қаласының әкімдігі қала аумағындағы Ұлжан ықшам ауданында орналасқан обалар тізбегін зерттеуді қаржыландырды. Онда Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының екі экспедициясы (жетекшілері К.М.Байпаков, З.С.Самашев) қазба жұмыстарын жүргізген болатын. Мұнда тізбектеле орналасқан 5 оба анықталған. Олардың арасындағы №3 обаны З.С.Самашев экспедициясы, қалғандарын К.М.Байпаковтың Ұлжан археологиялық отряды аршыды [125].

2000 жылдардан бастап Орал өңірінде Батыс Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (жетекшісі К.М.Байпаков) өз жұмысын бастады. Оның отрядтары тас дәуірінен бастап кейінгі орта ғасырларға дейін уақытқа жататын көптеген ескерткіштерді ашып, зерттеді. Оның обаларды зерттейтін отряды (жетекшісі Ж.Қ.Құрманқұлов) 2001 жылы Қырық-Оба-2 қорымын, сол жылы Ақтөбе отряды (жетекшісі А.Бисембаев) Шыңғырлау ауданындағы Елекшар-1, 2001-2002 жылдары Басшилі қорымдарын зерттеген [126]. Кейіннен далалық жұмыстар жалғасып, осы және басқа қорымдардан зерттелінген обалар саны арта түсті [127]. Әйтсе де бұл өлкеде зерттеу жүргізіп жүрген ғалымдар арасынан іргелі еңбек жазған С.Ю.Гуцаловты ерекше атап кетуге болады. С.Ю.Гуцалов кейіннен іргелі монографиясында осында атқарылған негізгі жұмыстар аясын қорытындылап берген еді [128]. Автор монографиясында 456 жерлеу-ғұрыптық ескерткіштер материалдарын пайдаланған, олардың 130-дан астамын зерттеуге тікелей қатысқан.

2008 жылы Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жоғарыда аталған ескерткіштердің бірқатарында

зерттеу жұмысы өз жалғасын тапты [129]. Тасмола, шірік-рабат секілді археологиялық мәдениеттер жайындағы мағлұматтар толықты. Жетісу (Ұлжан қорымы, т.б.), Маңғыстау (Тасбас, т.б.), өңірлердегі ескерткіштер зерттеліп, археология тарихы тың мағлұматтармен толыға түсті.

Қорыта келе айтарымыз, ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеуге көптеген археологиялық экспедициялар ат салысты. Алғашқыда ресейлік, одақтық көлемдегі археологиялық экспедициялар республика аумағында жұмыс істесе, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Қазақ КСР ҒА ұйымдастырған археологиялық экспедициялар далалық ізденістерге қатыса бастады. Нәтижесінде ерте темір дәуірінде өмір сүрген тайпалар мен халықтардың мәдениеті әдебиеттерде жарқын көрініс тапты. Тәуелсіздік тұсында жаңадан құрылған археологиялық экспедициялар, бірлескен экспедициялар да зерттеу ісіне методологиялық тұрғыдан азды-кемді жаңа қарқын берді. Ерте темір дәуіріне жататын ескерткіштер қола ғасыры археологиялық нысандарымен бірге де қарастырылды. Мұны алдыңғы тараушадан да нақты көруге болады.

Тараушаны қорытындылап өтсек, біз ежелгі Қазақстан тарихының кейбір қырларын зерттеуге өзіндік үлес қосқан басты-басты археологиялық экспедициялар тарихына тоқталдық және де ең негізгі деген археологиялық нысандарды атап кетумен ғана шектелдік. Мұнымен бірге жекелеген зерттеушілердің де сүбелі үлесін бағамдап кетуге талпындық. Келешекте осы бағытта іргелі зерттеу жұмыстары жүргізілуі керек деген ойдамыз.

Сайып келгенде, Қазақстанда археология ғылымының өзіндік даму тарихы бар. Ол ұзын-сонар тарихи жолдан өтті. Академик К.М.Байпақов Қазақстанда археологияның дамуын мынадай кезеңдерге бөледі: 1. XIX ғасыр ортасынан 1917 жылға дейін; 2. XX ғасырдың 20-40 жылдары; 3. 1946-1960 жылдар; 4. 1960-1970 жылдар; 5. 1980-1991 жылдар; 6. 1991 жылдан бергі уақыт [130, 13-39]. Біз оны толық қолдай отырып, соңғы кезеңді 1991-2003 жылдар мен одан кейінгі Мемлекеттік «Мәдени мұра» сынды бағдарламамен астасып жатқан кез сынды екі кезеңге бөлуді ұсынамыз. Археология дамуына табиғи байлықтарды зерттеу, одақтық құрылыстар, тың және тыңайған жерлерді игеру секілді іс-шаралар да

өзіндік әсерін тигізіп отырғандығын да айта кеткен жөн. Оған табиғи байлықтарды зерттеу, одақтық құрылыстар, тың және тыңайған жерлерді игеру секілді іс-шаралар да өзіндік әсерін тигізіп отырды. Әсіресе тәуелсіздік жариялаған уақыттан бергі кезеңге отандық археология тарихнамасы жаңа сатыға, жаңа белеске көтерілді. Идеологиялық қыспақтарсыз көне тарихымызды жазуға мол мүмкіндік туды. Көне заман тарихын зерттеген кезде археологиялық материалдар мен жазба дереккөздері өзара үйлесімділік те тауып келеді. Археология ғылымының дамуына республиканың әрбір түкпірінде ғылыми-зерттеу орталықтарының ашылуы да өз септігін тигізген еді. Бұған шетелдік әріптестермен бірлесіп құрылған археологиялық экспедицияларды да қосуға болады. Дегенмен негізгі жұмыстарды отандық археологтар атқарды. Олармен бірге көне дереккөздерін талдаған отандық шығыстанушы-мамандардың да еңбектері зор екендігін айта кеткен жөн.

Жоғарыда аталған археологиялық экспедициялардың ізденістері мен қол жеткізген табыстары көне тарихымызбен тығыз байланысты. Өйткені жасалынған жұмыстар легімен көне тарихымыздың қалтарысты тұстары да айқындалары анық. Тарихи-археологиялық ойдың дамуынан ежелгі Қазақстан тарихы жаңғырары мәлім.



## ҚОРЫТЫНДЫ

Соңғы мәліметтер бойынша Қазақстан аумағында 500-дей палеолиттік, 50 шақты мезолиттік, 800-ге жуық неолиттік (үңгірлік тұрақтардан бастап, теріліп алынған жекелеген материалдарға дейін) ескерткіштер орны анықталған. Бүгінгі таңда археологиялық ізденістердің кең қанат жаюы және осының нәтижесінде тың материалдардың көбеюі тас ғасырының көптеген мәселелерін, тақырыптық, хронологиялық, концепциялық қырлары жаңа теориялық-методологиялық тұрғыдан пайымдауға, зерттеу әдіс-тәсілдерін нақтылауға сұранысты арттырып отыр. Бұл жағдай мамандардың ғылыми ізденістеріне, қол жеткізген нәтижелеріне тарихнамалық зерттеу жүргізуді, тас ғасыры тарихындағы «ақтаңдақтарды» анықтауды қажет етеді.

Көп жағдайда зерттеушілер ғылыми жұмыстарында жаратылыстанудың тас ғасырын зерттеуге аса қажетті, әсіресе, оның абсолюттік мерзім, мәдени қабаттағы фауна анықтамасы, кесіндідегі палинология сипаттамасы жөніндегі мәліметтерінің мардымсыздығы, сонымен қатар кей кездерде археологиялық материалдардың да ондаған жылдардан кейін жариялануы көпшілік назарына ұсынылып отырған бұл еңбектің танымдық және тағылымдық маңыздылығын нақтылай түседі.

Отандық археология ғылымы тәуелсіздік жылдары жаңа ғылыми сатыға көтерілді, бұл салада сан алуан мәліметтер жинақталды. Жоғарғы кәсіби деңгейде жазылған бірнеше еңбектер жарық көрді. Алайда тарихнамалық ізденістердің кенжелеп қалуы Қазақстанның ежелгі заман тарихын зерттеу бағыттарын белгілеуде тұсау болары күмән туғызбайды.

Жер шарының түкпір-түкпірінде адамның пайда болуы, қалыптасуы мен дамуының өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтары бар. Оңтүстік, батыс және орталық бөліктерінде алғашқы адамның палеолиттік тұрақтары көптеп ұшырасқан Қазақстан территориясы алғашқы адамдардың пайда болуы мен қалыптасуы аймағына жатады. Оны нақты анықтауға

археологиялық ізденістер көп мүмкіндік береді. Шаруашылық құрал-саймандарының ұқсастығы, байырға адамдар тұрмысы мен діни наным-сенімдері, тас құралдарының дамуындағы ерекшеліктер мен ортақ белгілер тас дәуірі мәдениеттері бір бастаудан басталатындығын, әрі оның терең тамыры бар екендігін дәлелдейді.

Қазақстан тас ғасыры ескерткіштері алғаш рет ашылғанына да бір жарым ғасырдай уақыт өтті. Оларды зерттеуді біздің ойымызша негізгі төрт кезеңге бөлуге болады. *Біріншісі* – революцияға дейінгі кезең. Бұл кезеңдегі тас дәуірін зерттеуге әсер еткен қоғамдық үрдістерге келсек, біріншіден – бұл патшалық Ресейдің Қазақстанды шикізат базасына айналдыруы, екіншіден – әр аймақтарда ғылыми мекемелердің құрылуы еді. Яғни, Патшалық Ресей тұсында аталмыш дәуір мұраларын Орыс географиялық қоғамы, Орынбор мұрағаттық ғылыми комиссиясы, Түркістан археология әуесқойлары үйірмесі сынды мекемелер зерттеді. Бұл қоғамдық бірлестіктер мүшелері А.Белослюдов, Ф.Н.Педащенко, И.А.Кастанье, С.Рычков, А.Симонов, И.Т.Пославский, П.С. Назаров, Г.Н.Кириллин, В.Андрусов, М.А. Кирхгоф басқа жұмыстармен айналыса жүріп тас дәуірі материалдарын да жинастырды. Дегенмен, олардың ізденістері бірлі-екілі артефактілер төңірегінен аспады. Жасаған хабарламалары қысқаша түрде жарияланды.

Бұл жағдай одан кейінгі кезеңдерде де біршама уақыт сақталып қалды. *Екінші кезең* революциядан кейінгі және XX ғасырдың 40- 50-ші жылдарына дейінгі уақытты қамтиды. Ескерткішті зерттеу біршама ілгерілегенімен, оның хронологиясы, құралдар техникалық-типологиясы, т.б. мәселелер тиянақты жасала қойған жоқ. Кеңес үкіметі республика табиғи байлықтарын игеруді бастағанда, елімізге түрлі сала мамандары ағылып келуі тас дәуірін зерттеуге едәуір ықпал еткен болатын.

М.П.Грязнов, М.Н. Комарова, П.С.Рыков, В.А.Селевин, С.И. Руденко, И.В.Синицын, А.А.Марущенко, А.Ф.Соседко, П.Драверт, Б.Н. Граков секілді ғалымдар көптеген голоцендік ескерткіштер тапты. Олардың кейбіреулерінен шыққан заттар түрлері біршама көбейгенімен тас ғасырына арнайы зерттеулер ұйымдастырыла қойған жоқ. Әйтсе де бұл кезеңдегі тас дәуірін зерттеумен айналысқан түрлі сала мамандарының ізденістері

еліміздің әр түкпірінен жинақтала отырып, кейінгі зерттеулерге бағыт-бағдар бергендігімен құнды.

1946 жылы Ғылым академиясы құрылғаннан кейін, археология бөлімі Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының ашылуы, отандық археология негізін қалап, бұдан кейінгі зерттеу жұмыстарына тың серпін әкелді. Сөйтіп, тас ғасырын зерттеудің үшінші кезеңі басталды. Әлі де болса біраз уақыт геолог, ботаник, т.б. ғылым салаларының мамандары (А.Л.Яншин, Г.Е.Чернявский, И.С. Загороднов, А.Н.Формозов, А.А.Рыжкова, Г.А.Ярмак) да бірлесе кимыл көрсетті. Археологиялық экспедициялар (Орталық Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қаратау палеолит отряды) ұйымдастырылып, тас ғасырын зерттеу негізі толығымен қаланды. Елеулі жұмыстар жүргізген ғалымдар – Ә.Х.Марғұлан, Н.В.Валакунский, С.С.Черников, А.А.Формозов, Е.И.Ағеева, К.А.Ақышев. Олармен бірге Г.А.Ярмак, Х.А.Алпысбаев, А.Г.Медоев, М.Н.Клапчук есімдерін де атауға болады. Жер-жерден көне дүние мұралары туралы мағлұматтар көбейіп, Қазақстан жерін алғашқы қоныстану, тас құралдар типологиясын жасау, ескерткіш жасын анықтауға жаратылыстану ғалымдарының әдістерін қолдану, индустриялар эволюциясын ашуға мүмкіншіліктер қалыптасты.

Осы кезеңдегі келесі буын өкілдері ретінде 1970-1980 жылдардан бергі тас дәуірі проблемаларын шешуге үлкен үлес қосып келе жатқан Ж.Қ.Таймағамбетов, Б.Ж.Аубекеров, В.Ф.Зайберт, О.А.Артюхова, В.С.Волошин, В.Н.Логвин есімдерін атауға болады. Бұл зерттеушілер ашқан ескерткіштер де жоғарыда аталған мәселелерді жан-жақты әрі тереңдете қарастыруға орасан зор ықпал тигізді. Аталған ғалымдар еңбектерінде тарих принципі мен тарихи объективтілікке және субъективтік ой-пікірлер мен объективтік факторлардың тепе-теңдігіне ұдайы сүйеніп отыруға тырысты. Нәтижеде әрбір дәуір ерекшеліктері, ескерткіштер шоғырланған аудандардағы олардың арақатыстығы (корреляция), т.б. жайттарға байланысты ғылыми-объективтік тұжырымдар айтылады.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі уақыт (1991-1992 жылдардан бергі кез) тас ғасыры ескерткіштерін зерттеудің төртінші кезеңі болып табылады. Көптеген ескерткіштер

материалдарына нақты сараптамалар мен болжамдар қасалынды. Осы кезеңге тән нәрселердің бірі – халықаралық археологиялық экспедициялардың құрылуы. Бірнеше мамандар ірігіе отырып, тас дәуірінің ескерткіштерінің коллекцияларына жоғары дәрежедегі ғылыми талдаулар жүргізді. Канадан объектілер ашылып, тас дәуіріне қатысты мәліметтер саны артты. Археологтардың ізденістері палеонтолог, палеопедолог, гидролог т.б. мамандардың ғылыми пайымдауларымен кеңірек ұштаса түсті. Бұл өз кезегінде біршама «ақтаңдақтардың» орнын толықтырғанымен, әлі де зерттелетін бірқатар мәселелердің бар екендігін аңғартып отыр.

Қазіргі таңда тас дәуірін зерттеудің өзіндік әдіс-тәсілдері салыптасқан. Айталық, тас ғасыры ескерткіштері мен құрал-саймандарын зерттеу әдістемесіне келер болсақ, отандық палеолиттану проблемалары дәстүрлі әдістемеге сай зерттеледі. Бірақ республиканың көп бөлігін шөлді және шөлейтті аймақ алып жатқандықтан ескерткішті зерделеудің өзіндік методологиясы қалыптаса бастады. Ол белгілі бір жүйелі іс-әрекеттерден тұрады: 1) тас дәуірі кешендеріне археологиялық галдау жүргізу; 2) кешендердің адам өміріндегі қызметіне қарай қоныс, тұрақ, т.б. деп бөлу; 3) статистикалық-салыстырмалы галдау жұмыстарын атқару; 4) артефактыларды үстіңгі қабатындағы дефляциясы бойынша (өте қатты, орташа, жаңадан күскен) жіктеу; 5) «аралас» немесе «ашық» жатқан кешендер материалдарын стратиграфиясы сақталған ескерткіштер құрал-саймандарымен салыстыра отырып зерделеу; 6) іргелес өңірлердің археологиялық нысандарымен өзара байланысын ашып көрсету.

Тас құралдардың да негізгі түрлерін ажыратып көрсетуге болады. Республика аумағындағы Бөріқазған, Тәңірқазған, Қазанғап, Ақкөл, т.б. ежелгі палеолит объектілерінде ұшырасатын негізгі тас бұйымдары шапқы, бифас, унифас, үлкен көлемді тас жаңқа, дөрекі жасалған шапқы, дөңгелек бұйым, өзектас тұрпатты шапқы болып табылады. Мұнымен қатар клектон типіне, леваллуа тас тілігіне жақын құралдар да жеткілікті. Шикізатқа байланысты әр өлкеде тас индустриясының өзіндік ерекшелігі де ұзақ жылдар бойы қалыптасқан-ды. Мысалы, Қошқорған-Шоқтас кешендерінде микроиндустриялық тас

бұйымдары жасалды. Оған басты себеп болған осы өңірдегі шағын тас жыныстарынан тұратын шикізат көздері еді. Көптеген тұрақтардың негізгі технологиялық кескіні жаңқалау үрдісінде ұзынша дайындама (заготовка) жасау бағытына бет бұрғаны байқалды. Индустриялар жинағындағы леваллуа-мустье мен жоғарғы палеолит кескіндерінің үйлесуі, кейбір технологиялық және типологиялық белгілердің қайталануы жана дәуірге өтудің ақырын да бірқалыпты эволюциялық процесс болғандығын көрсетеді. Аталмыш дәуірлердегі материалдардың көбі (Ш.Уәлиханов атындағы тұрақ, Семізбұғы кешендері, Шүлбі, Саяқ, Шақбақата-1, Құдайкөл-1,2, Өнежек-1, т.б.) жергілікті мустьемен тікелей генетикалық байланыста болғандығы дәлелденген. Оларға леваллуаға қарағанда параллельді өзектастар жаңқалануының арта түсуі, түрлі түзетулер, кескіштерге қарағанда көбірек кездесетін түзетілген тас тілікшелік жаңқалау үрдісін айтуға болады. Жапырақ тәрізді бифас индустриясы да (Мұғалжар-1,3, Батпақ-7, Түйемойнақ-1, Вишневка-4,6, т.б.) ұзақ уақыт сақталып келді.

Жоғарғы палеолиттің соңғы сатысындағы материалдар (Шақбақата-2, Құдайкөл-3, Қанай, Пещера, Шүлбі, Аққыр, Мүзбел-3, Сарысу-5,6, т.б.) ертеректегі технокешендердің бірқалыпты дамуының тікелей куәгері іспеттес десе де болады. Оларға параллельді жаңқалау, сына тәрізді және кесілген өзектастан шағын тас тіліктерін, сонымен қатар ұсақ үлгілер алу тән еді. Құралдар арасында кейде екі жағы өңделген қырғыштар, тас жаңқа мен тас тілікшелерінен жасалған қырғыштар кездеседі. Жапырақ тәрізді бифастар мен найза ұштары сиректеу болса да ұшырасады.

Жоғарғы плейстоценнің соңғы кезінде пайдаланылған технокешендер негізін призмалық және сына тәрізді тасөзектен алынған онша нақты жасала қоймаған тас тіліктер мен тілікшелер құрайды. Бұл кезде пайдаланылған еңбек құралдары біртіндеп кішірейе бастаған. Мөлтек құрал-саймандар өзегін шеті онша үшкір емес тас тілікшелері, шағын үшкіртастар, тас бұйымдар, т.б. құрайды. Мұндай индустриялардың генетикалық түбірі жоғарыда аталған кешендерде ұшырасады да, ерте голоцендік мәдениеттерде өзінің жалғасын табады. Әлемдік тарихнамада ұзақ жылдар бойы мезолит, неолит және энеолит дәуірлерінің

археологиялық материалдары айқын түрде бейнеленбей, неолит ауқымымен бірге қарастырылып келді. Мезолит ескерткіштері ХХ ғасырдың 60-80-ші жылдарынан бастап ғылыми айналымға ене бастады. Қазіргі тандағы ізденістер мезолит индустриясы жергілікті кейінгі палеолиттен бастау алатындығын айғақтап отыр. Әйтсе де, шекаралас жатқан көрші өлкелерді мекен еткен тайпалардың шаруашылықта өзара ықпалы болып тұрғандығын жоққа шығаруға болмайды. Кейбір жағдайда мезолит индустрияларында (мысалы, Қаратау) Орта Азия мәдениеттерінің ықпалы да байқалады.

Зерттеушілер алдында тұрған күрделі мәселелердің қатарына хронология, кезеңдеу, ескерткіштер корреляциясын анықтау сынды ауқымды жұмыстар кіреді. Республиканың барлық аймақтарындағы мезолит индустриясы тас тілікшелі-жаңқалы артефактыларымен сипатталады. Ерте мезолит ескерткіштері (Солтүстік Қазақстан) қыстырма қалақшалары шағындау болып, олардың геометриялық түрінің болмауымен, кескіштер дөрекілеу жасалуымен сипатталады. Кейінгі мезолитте мөлтек тас тілікшелері көп қолданыла бастайды. Оңтүстік, Батыс, ішінара Солтүстік Қазақстанға геометриялық шағын қалақшалар тән. Мұндай еңбек құралдарының кейбіреулері (қалақша, тас тілікше, т.б.) Сартан уақытында көптеп ұшырасады.

Зерттеушілердің ғылыми ізденістерінде кездесетін «ерте голоцен», «мезолит», т.б. терминдер ескерткіштер хронологиялық тобын дәл анықтауға едәуір кедергі келтіретіндігін айта кеткен жөн. Қазақстанда мезолитті жеке дәуір ретінде қарастыру барысында негізгі пайымдаулар тас құрал-саймандарының технологиялық көрсеткіштеріне сай құрылады. Олар стратиграфиялық, палеоэкономикалық материалдармен ұштастырылады. Мейілінше толық зерттелген кешендер Солтүстік Қазақстан (Тельман-14 а, Виноградовка-2, 12, т.б.) мен Қаратау жотасындағы (Шахантай, Соркөл-1,2) ескерткіштер деуге болады.

Неолит ескерткіштерінің зерттелу тарихын негізге ала отырып, біз жоғарыда тас дәуірінің зерделену тарихын кезеңдерге бөлген болатынбыз. Өйткені палеолит пен мезолитке қарағанда бұл дәуірге жататын ескерткіштер саны әлдеқайда көп. Сондықтан да онымен айналысқан революцияға дейінгі

қоғамдық бірлестіктер жұмысы осы дәуір зерттелу тарихымен тығыз байланыста қарастырылды.

Тас тілікше мен жаңқа неолит дәуіріндегі еңбек құралдарының негізін құрады. Екі жағы өңделмеген тас құралдары пайда болды. Симметриялы трапециялар да кең тараған. Неолит дәуірінің әлі де болса кезеңделуі мен хронологиясы шешілмей, кенже қалып келеді. Көптеген ескерткіштерден жинақталған тас жабдықтарына жеткілікті талдау жасалынбай, тек қысқаша мағлұмат ретінде ғана жариялануы оған кері әсерін тигізіп отырса керек. Ғалымдардың көбі ескерткішті ерте, орта, кейінгі кезеңдерге бөліп қарастырмай тек неолит деп бөлумен шектеледі. Неолит дәуірінің қалыптасуын зерттеушілердің көпшілігі керамика шығуымен тікелей байланыста қарастырады. Дегенмен, керамикасы жоқ тұрақтар (Арыс1,2, Бескотан, Таскотан, т.б.) мен қыш ыдыстары бар ескерткіштер (Қараүңгір) кейде бір аймақтан ұшыраса береді. Бұлаққа негізделген Сарыарқа өлкесіндегі неолит заманындағы археологиялық нысандарда керамика өте сирек ұшырасады. Сол себепті де шартты түрде бұл археологиялық кезеңдерді – керамикасыз, керамика шыққанға дейінгі, ерте керамикалық неолит, т.б. деп бөлуге болады. Болашақтағы арнайы зерттеу нысаны ретінде неолиттің кейінгі дәуірлер шаруашылығының тигізген ықпалы, неолит дәуіріндегі тас құралдарының эволюциясы, неолит дәуіріндегі тайпалар рухани мәдениеті кешенді түрде қарастырылуы керек деген пікірдеміз.

Қазақстан территориясын адамзат баласының алғашқы қоныстануы жұртшылық назарын көптен бері өзіне аударып келеді. 1957 жылғы ұжымдық «Қазақ ССР тарихының» 1-томында адам баласы еліміздің аумағында бұдан 100 мыңжылдықтар шамасында қоныстанған деп жазылса, 1980 жылғы ұжымдық еңбекте алғашқы гоминидтердің шелльге дейінгі кезеңде қоныстанғаны айтылды. Бұл өз кезегінде сол уақыттардағы палеолиттік ескерткіштер деңгейінің зерттелуінен де хабар берген еді. Қазіргі таңда жылма-жыл зерттелінін келе жатқан тас ғасыры нысандарының саны артуда. Соған байланысты ежелгі адам қоныстануына, жеріміздің түкшіртүкпірлеріне таралу динамикасын анықтауға қатысты мәліметтер

де шоғырлана түсуде. Дегенмен, бұл сауал әлі ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің пікір-таласын тудыратындығы анық.

Республика жерін ежелгі адамдар КСРО территориясында адамзаттың пайда болуы мәселесі тұрғысында өрбіді. Оған С.Н.Замятин, Г.Дебец, П.Якимов, П.Борисовский, М.Урысон, В.Алексеев, А.Формосов, т.б. археологтар мен антропологтар қалам тартып, өз пайымдауларын жазды. Оларды әсіресе қатты толғандырған проблеманың бірі адамзаттың байырғы Отаны қай жер деген сұрақ еді. Ұзақ пікірталастан кейін ғалымдар екіге жарылды. Олардың бір тобы (М.Урысон, И.Иванова, В. Алесеев, т.б.) адамзаттың байырғы Отаны Африка десе, келесі топтағылар (Г.Е.Смит, П.Сушкин, т.б.) оны Орта Азия деп есептеді.

Қазіргі республикада жеріндегі ежелгі гоминидтердің қоныстануы жайлы Х.А.Алпысбаев, Ж.Қ.Таймағамбетов, А.Г.Медоев т.б. ғалымдар өз ойларын білдірді. А.П.Окладников, В.А.Ранов т.б. мамандар Орта Азияға батыс (Алдыңғы Азия) және шығыс (Шығыс Азия) өңірлердің ықпалы бар деп санайды. Олардың пайымдаулары археологиялық және жаратылыстану ғылымдарына негізделгендіктен әлі өзектілігін жойған жоқ.

Республика жерін қоныстануға қатысты А.Х.Алпысбаев тұжырымына келсек, зерттеуші қоныстану кем дегенде негізгі екі орталықтан – Оңтүстік Азия және Оңтүстік-Шығыс Африка арқылы жүрген деп пайымдады.

Ал, А.Г.Медоев Қазақстанда ең алғашқы адам Маңғыстау мен Қаратау жотасында плиоцен кезеңінде өмір сүрген деп топшылады. Ол осыдан 2 млн. Жылдай бұрын Азия жерінде адам әулеті жабайы патшалықтан адамдық қалыптасуға ойысқанын, даму автохтондығын алғаш рет болжам етті. Зерттеуші кезінде В.И.Громовтың Азия түкпірінде адам баласы Батыс Еуропаға қарағанда ертеректе пайда болды деген ойын қолдады. Оны В.С.Волошин да қолдай келе республика территориясын адам баласы бұдан 1,5 млн жылдан астам бұрын қоныстанды деді. Әзірге бұл ғалымдардың пікірі археологиялық материалдармен тиянақты негізделген жоқ.

Әйткенмен, Қазақстан жерін адам баласы бұдан 1,5-1 млн жылдаршамасында мекен етті деу археологиялық мағлұматтармен сай келеді. Зерттеушілердің көбі республика аумағын осыдан 1 млн жыл бұрын ежелгі адамдар қоныстанды деген тұжырым-

мен келіседі. Мұны XX ғасыр соңындағы археологиялық мағлұматтар да қуаттайды. Сонымен қатар палеоархеологиялық материалдар, негізінен, Қазақтан жері ойкуменге кіретіндігін аңғартады. Республиканың барлық тарихи-мәдени өңірлері болмаса да, оған міндетті түрде Қаратау жотасы кірген секілді.

Сондай-ақ, отандық тарихнамада археологиялық мәдениеттерді бөлу де аздап күмән тугызады. Мамандардың (Ю.Чиндин, т.б.) есептеуіне қарағанда, кезінде тас дәуірін зерттеумен шұғылданған кейбір археологтар белгілі бір тұрақты «мәдениет» ретінде көрсетіп отырған. Айталық, палеолиттік «арыстанды», «саяк», «құдайкөл» мәдениеттері бір ғана тұрақ бойынша алынған. Голоцен дәуіріндегі мезолиттік «шағала» түрлі мәдени ескерткіштерді қамтыса, неолиттік «усть-нарым» тек бір ескерткішпен шектелген. «Атбасар», «маханжар» мәдениеттерінің материалдары ғана әзірге толыққанды зерттеліп отыр. «Ойық», «төлес», «хвалын» мәдениеттері де айтылады. «Кельтеминар» мәдениетінің батысқазақстандық нұсқасы аталудан қалды. Каспийдің солтүстігіндегі «сероглаз» мәдениетінің орны әлі анықталған жоқ. Бұл соңғы аталған мәдениет қазақстандық іргелі ғылыми басылымдарда тіптен аталмайды.

Кейбір белді де бірегей ескерткіштер атауымен (Усть-Нарым, Жаңашілік, т.б.) де бірге «мәдениет» сөзін кездестіруге болады. Дегенмен, мәдениет ретінде кез келген тас дәуірінің тұрағын жеке көрсете беру орынсыз. Кез келген тұрақ материалдарына «күшейте» маңыз берудің оң әсерінен кері әсері мол екендігі белгілі.

Сонымен қатар нақты түсіндірусіз «қазақстандық палеолит мәдениеті» немесе белгілі бір аймақтарға тән «...палеолит мәдениеті», «қарасор мәдениеті», «қазақстандық микролит мәдениеті», «микролиттер мәдениеті дәуірі», «ұқсас индустрия», «индустриялар кешендері» секілді терминдер орын алған. Олардың арақатынасын, мән-мағынасын тереңдете ашып көрсету де археологтар алдында тұрған басты міндеттердің бірі болып табылады.

Келешектегі ізденістерде энеолит дәуірі ескерткіштерін кешенді зерделеу қолға алынуы қажет. Себебі кейбір аймақтардан (Жетісу, т.б.) энеолиттік нысандар мүлдем ашылмаған.

Нәтижесінде тас дәуірінен қола дәуіріне өту кезеңі толымды түрде сипатталынбай калуда.

Отандық тарих ғылымында қазақ халқының этникалық тұтастығының кайнар-бастаулары кем дегенде қола дәуірінде қалыптаса бастағандығы туралы соңғы жылдары жиі айтылып жүргенімен, оны ізденістерінде қозғаған қоғамтанушы мамандар бұл тарихи-мәдени кезең сауалдарына қатысты көп тереңдей алмай жатады. Бұл қола дәуірі туралы мағлұматтардың ғылыми тұрғыдан жүйеленбей жатуынан, алынған мәліметтердің ұрпақтан ұрпаққа жеткізілмей жатуынан туындап отырған жағдай екендігі белгілі. Сол себепті де, дәуірді дәйекті пікірлер арқылы тәуелсіздік құндылықтары аясында зерделеу, тамыры тереңде жатқан қазақ халқының мүддесі тұрғысындағы ғылыми талдаудан өткізу отандық тарихнаманың алдында тұрған міндеттерінің бірі екендігі анық.

Жалпы алғанда, *шартты түрде* Қазақстанда қола дәуірін зерттеуді үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең – патшалық Ресей тұсында жүргізілген зерттеулер. Бұл кезде археологиялық нысандар жайлы мағлұматтар шоғырлана бастады. Оған әсерін тигізген фактор – Қазақстан табиғи байлықтарын іздестіру еді. Табиғи ресурстарды іздеп-табуға байланысты кен орындары зерттеліп, нәтижесінде олардың жанындағы бірқатар қола дәуірінің нысандары туралы ақпараттар жүйесі қалыптасты. Екінші кезең – кеңестік. Бұл уақытта Қазақстан археологиясы қалыптасып, алыс-жақын елдерге таныла бастады. Оны екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Оның *біріншісі*, Қазақ КСР Ғылым академиясының құрылуына дейінгі кез; *екіншісі* – осы ғылым мекемесі құрылып, Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы жасақталған кезден бастап, КСРО ыдырағанға дейінгі уақытты қамтиды. Бұл кезеңде археологиялық зерттеулерге бірнеше факторлар әсер етті. Олар: табиғи байлықтарды іздестіру және өндіру, түрлі одақтық көлемдегі құрылыстар салу, тың және тыңайған жерлерді игеру, гидроэлектр стансаларын тұрғызу, т.б. Үшінші кезең – тәуелсіздік тұсы. Оның алғашқы жылдарында қаржы тапшылығынан қола дәуірі ескерткіштерін зерттеу біршама бәсеңдеді. Аталған уақытта кеңестік идеологиядан ада болған зерттеушілер бұрынғыдай тар таптық мағынадағы қыспақтан шығып, тәуелсіз елдің

археология ғылымын әлемге танытты. Далалық ізденістерге бұл уақытта тың серпін берген фактор – Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы. Ол 2004 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. 2007 жылдан бастап бағдарламаның екінші кезеңі басталды. Сірә, зерттеушілер тәуелсіздік тұсындағы Қазақстан археологиясының дамуын болашақта осы бағдарламадан бастап жеке кезең ретінде көрсете бастауы мүмкін.

Қазіргі уақытта дәстүрлі археология әдістері жана әдіс-тәсілдерді, технологияларды енгізусіз археологиядағы тарихилық сатыларын, теориялық мәселелердің деңгейін нақты шешіп көрсете қоймайды. Интерпретациялық, тарихи және теориялық деңгейдегі озық әлемдік әдістерді меңгеру үшін ең алдымен экологиялық, палеозтнологиялық және жүйелеу ұстанымдарына ерекше назар аудару қажет. Бұларды қолдана отырып, қола дәуіріндегі сан қырлы миграциялық процестерді анықтауға болады. Өйткені қоғам дамуы, шаруашылық қаракеттердің қалыптасуы, соған байланысты археологиялық мәдениеттердің орнауы, мәдени-экономикалық даму, қоршаған ортаға көзқарас, әлеуметтік және мәдени бейімделушілік, түрлі экономикалық және этникалық белгілер ең алдымен экологиялық ұстанымға, географиялық факторларға барып тіреледі. Мұны ескермеген жағдайда көне археологиялық мәдениеттердің шығу тегін, дамуы тарихын, миграциялық үрдістердегі орнын, басқа мәдениеттермен кірігуін, қалдырған қолтаңба-ізін толыққанды баяндай қою мүмкіншілігі шектеулі.

Отандық тарихнамада осы мәселелер көкейкесті дүниеге айналып отыр. Әсіресе қола және ерте темір дәуірлерімен мерзімделінетін археологиялық мәдениеттердің қалыптасуын, даму тарихын, олардың хронологиялық шегін анықтауда ғалымдар арасында пікір алшақтығы өте көп кездесіп жатады. Мәдениеттерді анықтап белгілеуде тарихи-мәдени өңірлердегі және белгілі бір дәуірлердегі әлеуметтік-экономикалық даму ескерілуі керек. Белгілі бір өңірлерге таралған археологиялық мәдениеттердің орнын және алыс-жақын этно-мәдениеттермен байланысын анықтауға бір ғана емес, бірнеше жайттар қарастырылуы қажет.

Қола және ерте темір мәдени-тарихи кезеңдерге ортақ мәселелердің бірі -кен көздерінің болуы және оны өндіріп, шаруашылықта пайдалану Қазақстанның барлық аймақтарында бірқелкі емес еді. Алдымен кен көздері мол аймақтар дамыды. Кен көздері жоқ өңірлер мен кенді өңірлер даму сатысы әрқалай болғанымен, бірте-бірте металға деген сұраныстың күшеюіне байланысты даму деңгейі де бір-біріне жақындай түсті. Тайпалар арасындағы мәдени-экономикалық қарым-қатынастарды қыш ыдыстар бөліктері, т.б. артефактілер да нақты айғақтайды. Белгілі бір өңірлерде кен көзін өндіруге машықтану тайпалар арасындағы әлеуметтік-экономикалық дамуды күшейтті де, археологиялық мәдениеттер ареалының кеңі түсуіне алып келді. Қоғамда болған өзгерістер де (қақтығыстар, соғыстар) археологиялық мәдениеттерге тікелей әсерін тигізіп отырды. Ежелден баюдың көзі болған соғыстар екі тарапқа да ауыр зардаптар әкелді. Екі жақ адам ресурстарынан айрылды. Қола ғасыры және ерте темір дәуірі ескерткіштерінен алынған қару-жарақ түрлеріне, қоныстардағы баспаналардан шыққан өрт қалдықтарына ерекше назар аудару қажеттілігі де осыдан көрінеді.

Түйіндеп айтқанда, ежелгі Қазақстан кезеңінің мыңдаған ескерткіштері, сан алуан археологиялық мәдениеттері Еуразия көне тарихының құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстан ежелгі кезеңі туралы отандық археологтардың еңбектері арқылы әлем жұртшылығы қазақ халқының сан ғасырлық тарихы бар екендігін, оның тамыры тереңде екендігін танып білуде. Сондықтан да ілкі замандарды зерттеген мамандардың еңбектері дүниежүзілік рухани-ғылыми мұраның қомақты да салихалы бөлшегі болып қала береді.



## ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

- АН – Академия наук  
АО – Археологические открытия  
ВДИ – Вестник древней истории  
ГАИМК – Государственная Академия истории материальной культуры  
ҒА – Ғылым академиясы  
ИАЭт – Институт археологии и этнографии  
Изв. – Известия  
ИИАЭ — Институт истории, археологии и этнографии  
КазНУ – Казахский Национальный Университет  
КСИА – Краткие сообщения Института археологии  
КСИИМК – Краткие сообщения Института истории материальной культуры Академии наук СССР  
МИА – Материалы и исследования по археологии СССР  
МН-АН – Министерство Науки-Академия Наук  
ММТМА – Мемлекеттік материалдық тарих мәдениеті академиясы  
НАН – Национальная Академия наук  
РАН – Российская академия наук  
РА – Российская археология  
РГО – Русское географическое общество  
РҒА – Ресей ғылым академиясы  
СА – Советская археология  
СБ – Сібір бөлімшесі  
СЭ – Советская этнография  
ТАЭИ – Тарих, археология және этнология институты  
ТД – Тезисы докладов  
ТИИАЭ – Труды института истории, археологии и этнографии  
Тр. – Труды  
УрО – Уральское отделение  
ФАН – Филиал академии наук  
ХАЭЭ – Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция / Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

### *Бірінші бөлім бойынша*

1. Монгайт А.Л. Археология Западной Европы. Каменный век. -Москва: Изд-во «Наука», 1973. -355 с.
2. Формозов А.А. Очерки по истории русской археологии. -Москва: Наука, 1984. -127 с.
3. Генинг В.Ф. Очерки по истории советской археологии (У истоков формирования марксистских теоретических основ советской археологии. 20-е - первая половина 30-х годов). -Киев: «Наукова думка», 1982. -225 с.
4. Мартынов А.И. Историография археологии Сибири. Учеб. пособие. -Кемерово, 1983. -76 с.
5. Пряхин А.Д. История советской археологии (1917 – середина 30-х гг.). -Воронеж: Изд-во Воронеж ун-та, 1986. -284 с.
6. Каримова Г.Р. Археологическое изучение Афганистана и проблемы каменного века Афгано-Таджикской депрессии. Автореф. дисс. канд. ист. наук. -Душанбе, 1996. -25 с.
7. Бобров В.В. Историография и современное состояния изучение социальной организации древних обществ в археологии // Социальная организация и социогенез первобытных обществ. Теория, методология, интерпретация. -Кемерово, 1997.
8. Деревянко А.П., Петрин В.Т., Зенин А.Н., Таймагамбетов Ж.К., Гладышев С.А., Цыбанков А.А., Славинский В.С. Каменный век Казахстана. Исследования Российско-казахстанской археологической экспедиции в Казахстане (1998-2001). -Новосиб., Изд-во Ин-та археол. и этнографии СО РАН, 2003. -184 с.
9. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана: Уч. пос. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2006. -356 с.
10. Деревянко А.П., Таймагамбетов Ж.К., Нохрина Т.И., Бексеитов Г.Т., Цыбанков А.А. Индустриальные комплексы северо-восточной части хребта Каратау (Южный Казахстан). -Алматы: Қазақ ун-ті, 2007. -342 с.
11. Археологическая карта Казахстана. Реестр. -Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1960. -450 с.
12. Маргулан А.Х. Сочинения. В 14 томах. Т.1. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана / составители Д.А.Маргулан, Д.Маргулан. -Алматы: Атамұра, 1998. -400 с.

13. Маргулан А.Х., Агеева Е.И. Археологические работы и находки на территории Казахской ССР (с 1926 по 1946 гг.) // Известия АН КазССР, Серия археол., 1948. Вып. 1, -С.125-135
14. Илларионов В.Г. Опыт историографии палеолита СССР. -Горький, 1947.
15. Формозов А.А. Начало изучения каменного века в России. – Москва: Наука, 1984. -127с.
16. Джуракулов М.Д. История изучения каменного века Средней Азии. Автореф. дисс. канд. ист. Наук. -Самарканд, 1966. -28 с.
17. Алпысбаев Х. Некоторые вопросы изучения памятников каменного века в Казахстане // По следам древних культур Казахстана. -Алма-Ата: Наука, 1970. С.227-240
18. Алпысбаев Х.А. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. -Алма-Ата: Наука, 1979. -208 с.
19. Костина Д.М., Савельева Т.В. Археологические исследования в Южном Казахстане (1970-1980). -Алма-Ата: Наука, 1984. -41 с.
20. Медоев А.Г. Геохронология палеолита Казахстана. -Алма-Ата: Наука, 1982. -64 с.
21. Волошин В.С. Из истории изучения палеолита Сары-Арки. // Казахская цивилизация, 2001. -№1. -С.98-114
22. Таймагамбетов Ж.К. История изучения палеолита Казахстана // Актуальные проблемы историографии древнего Казахстана. -Алма-Ата: Наука, 1989. -С.22-40
23. Деревянко А.П., Таймагамбетов Ж.К., Нохрина Т.И., Бексеитов Г.Т., Цыбанков А.А. Индустриальные комплексы северо-восточной части хребта Каратау (Южный Казахстан). -Алматы: Қазақ ун-ті, 2007, -342 с.
24. Алпысбаев Х. Некоторые вопросы изучения памятников каменного века в Казахстане // По следам древних культур Казахстана. -Алма-Ата: Наука, 1970. -С.227-240
25. Таймагамбетов Ж.К. История изучения палеолита Казахстана // Актуальные проблемы историографии древнего Казахстана. -Алма-Ата: Наука, 1989. -С.22-40
26. Таймагамбетов Ж.К. Палеолитическая стоянка им. Ч.Ч.Валиханова. -Алма-Ата: Наука КазССР, 1990. -128 с.
27. Таймагамбетов Ж.К. Палеолит Казахстана (основные

проблемы). Дисс. на соискание ученой степени док. ист. наук в форме научного доклада. –Новосибирск, 1993. -53 с.

